

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Философия және саясаттану факультеті**

Садырова М.С.

**ӘЛЕУМЕТТАНУ ТЕОРИЯЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ
ДАМУ БАҒЫТТАРЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ**

Электрондық оқу құралы

Алматы 2013

Кіріспе	5
1. Қазіргі заманғы социологиялық теориялар.....	6
1.1 Социологияның объектісі мен пәні туралы қазіргі көзқарастар	8
1.2 Әлемнің ғылыми суретінің өзгеруі және әлеуметтану	
1.3 Қазіргі заманғы социологиялық теориялардың даму кезеңдері	8
1.4 Социологиялық теориялардың типологиясын беру өлшемдері	10
1.5 Жаһанданудың қазіргі теориялары.....	11
1.6 Құрылымдық теориялардың даму бағыттары.....	40
1.7 Социологиядағы модернизация теориялары.....	59
1.8 Әлеуметтік өзгерістер теориясының даму бағыттары.....	62
1.9 Әлеуметтенудің социологиялық өлшемдері.....	75
1.10 Социологиядағы әлеуметтік бейімделу теориялар.....	81
1.11 Діни сенімдерді зерттеудің қазіргі бағыттары.....	85
1.12 Білім беру социологиясының теориялық негіздері.....	97
2. Социологиядағы әлеуметтік стратификация мәселелері.....	108
2.1 Әлеуметтік құрылымның түсінігі және элементтері.....	108
2.2 Социологиядағы әлеуметтік топтар түсінігі	110
2.3 Социологиядағы страта ұғымы	119
2.4 Әлеуметтік құрылымдағы негізгі топтардың сипаттамасы.....	120
2.5 Қоғамның әлеуметтік құрылымын зерттеудегі стратификациялық көзқарастар.....	123
2.6 Маркстың әлеуметтік құрылым туралы туралы көзқарасы	123
2.7 Макс Вебердің әлеуметтік құрылым туралы концепциялары	126
2.8. Қазіргі Батыс социологиясындағы әлеуметтік стратификация теориясы	132
2.9 Ресей және Қазақстандық социологтар әлеуметтік құрылым туралы.....	144
2.10 Социологиядағы орта тап теориялары.....	147

2. 11 Жастарды зерттеудің осы заманғы әлеуметтанулық	
теориялары.....	150
2.12 Социологиядағы кедейлік мәселесі.....	153
2.13 Социологиядағы кәрілікті зерттеу мәселесі.....	163
2.14 Батыс ғалымдары әлеуметтік мобильділік туралы.....	179
2.15 Әлеуметтік құрылымның даму болашағы.....	191
3 Социологиядағы теңдік және теңсіздік мәселелері	194
3.1 Теңсіздікті өлшеу мәселесі.....	196
4 Гендерлік зерттеулердің қазіргі мәселелері.....	199
4.1 Отбасы мен әйелдердің гендерлік мәселелерін зерттеудегі	
әдістер, мектептер, бағыттар.....	203
4.2 Индивидтің, отбасының репродуктивтік мінез-құлқын әлеуметтік	
демографиялық зерттеулердің негізгі бағыттары	205
4.3 Қоғамдағы отбасының репродуктивтік мінез-құлқын	
зерттеу мәселелері.....	207
4.4 Қазақстандағы гендерлік саясаттың институционалдануының	
негізгі кезеңдері	226
4.5 «Жыныстың жаңа психологиясынданы» гендерлік	
нанымдарды зерттеу.....	233
5 Қазіргі кездегі миграция мәселелері.....	235
5.1 Қазіргі қоғамдағы көші-қон үрдістерінің артуы.....	235
5.2 Көші-қонды зерттеудің социологиялық бағыты.....	238
6 Инновация социологиясы социологияның жаңа бағыты	247
6.1 Әлеуметтік инновациялар: ерекшеліктері, құрылымы, типтері	251
6.2 Инновациялық мінез-құлық экономикалық социологияның	
категориясы ретінде	252
7 Экономикалық социологияның өзекті мәселелері.....	256
7.1 Адам капиталы концепциялары.....	256

7.2	Социологиядағы жұмысбастылық мәселелері.....	257
7.3	Қазіргі қоғамдағы іскер адамдардың рөлі	262
7.4	Мамандықты таңдау және мамандықты ауыстырудың жұмысбастылыққа әсер.....	266
7.5	Қазақстанда еңбек нарығының әрекет етуінің ерекшеліктері	277
7.6.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	282

КІРІСПЕ

Қазіргі кезде Қазақстанның білім беру жүйесінде келелі өзгерістер жүзеге асырылуда. Жаңа мамандықтар бойынша мамандар даярлау жоғары оқу орындар алдына ашылған мамандықтар бойынша оқу әдістемелік құралдар даярлау міндетіне қояды. Социология мамандығы бойынша мамандар даярлау Қазақстанда жиырма жылдай уақыт бойында даярланып келеді. Абай атындағы Қазақтың ұлттық педагогикалық университетінде социология бойынша доктрантура 2008 жылы, магистратура 2010 жылы ашылды. Университет алдында социология мамандығы бойынша білім алушыларды толыққанды оқу әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету. Қазақстанда Р.Б. Абсаттаровдың, К.Ү. Биекеновтың, Қ.Ғ. Ғабдуллинаның, т.б. ғалымдардың социология пәнінің жалпы мәселелерін қамтитын бакалавриат деңгейінде білім алушыларға арналған оқулықтары мен талдау жасалады, әлеуметтік стратификация, инновация, гендер теорияларының қазіргі даму бағыттары сарапталады. Оқулық жоғары оқу деңгейінен кейінгі социологиялық білім беру деңгейінде кешенді түрде жазылған алғашқы оқу құралы болып саналады.

1. Қазіргі заманғы социологиялық теориялар

1.1. Әлеуметтанудың объектісі мен пәні туралы қазіргі көзқарастар

Бірінші тәсіл бойынша әлеуметтанудың зерттеу объектісі – тұтас алғандағы қоғам. Пәні–қоғамдық жүйе ретіндегі қоғамның даму заңдылықтары. Әлеуметтануға деген бұндай көзқарастың негізін қалаған О. Конт. Бұл идеяны шетелдік ғалымдар Дж. Маркович, Н. Смелзер, Н.Луман қайта жаңғыртты. С.С. Фролов 1996 жылғы «Социология» оқулығында осы тәсілді ұстанады.

Екінші тәсіл өкілдерінің айтуынша, әлеуметтану тұтас қоғамды емес, оның бір бөлігін - әлеуметтік қатынастар саласын зерттейді деп көрсетеді. Бұл әлеуметтану ғылымына деген қарама-қайшы, күрделі көзқарас. Себебі, «әлеуметтік қатынастар» түсінігімен мыналарды бейнелеуге болады:

- қоғамдық өмірде пайда болатын барлық адамдар арасындағы өзара әрекетті.
- адамдардың экономикалық, саяси, және мәдени қатынастарынан шеңберінен тыс өзара әрекетті.
- Ауқымды топтар арасындағы қатынастарды.
- Барлық әлеуметтік топтар арасындағы қатынасты.
- Қоғамдық өмірдің мемлекет реттемейтін азаматтық қоғам институттарын құрайтын адамдар мен топтар арасындағы өзара әрекеттер.
- Тікелей және сырттай сипаттағы адамдардың біріккен қызметі барысында туындайтын адамдар арасындағы өзара байланыс.
- Индивидтердің тек өмір сүруінің микроортасын құрайтын индивидтердің өзара байланысын.
- Адамдардың отбасылық-тұрмыстық өмірдегі қатынастарын.

Әлеуметтік қатынастарды түсіну және көрсетудің әртүрлілігіне байланысты әлеуметтану ғылымының құрылымы түсіндіріледі. Г.В. Осипов әлеуметтанудың объектісі ретінде қоғамда әртүрлі орын алатын қауымдастықтардың өкілдері болып саналатын адамдардың өзара әрекетін сипаттайтын әлеуметтік байланыстар мен қатынастардың жиынтығын қарастырады. Әлеуметтанудың пәні ретінде осы байланыстар мен қатынастардың әрекет ету және өзгері заңдылықтары алынады. Ж.Т. Тощенконь пікірінше, әлеуметтанудың зерттеу объектісі болып азаматтық қоғам; пәні ретінде оның қалыптасу, даму және әрекет ету заңдылықтары алынады. В.Г. Харченко пәннің объектісі ретінде тұлға қатынастарының

жүйесі ретінде танылатын әлеуметтік өмірді, ал пәні ретінде қоғамдық қатынастардың субъектісі рөліндегі тұлғаның толығы және эволюциясы заңдылықтары алынады. Э. Гидденстің айтуынша, әлеуметтану қоғамдық өмірдің субъектілілерінің әлеуметтік тәжірибесін зерттеу мен айналысады деген ой айтады.

1. әлеуметтанудың ерекшелігі туралы дискуссияны барлық саладағы ғалымдар жүргізуде.
2. әлеуметтану жас ғылым.
3. нақтылықтың әлеуметтік түрінің күрделілігі мен айрықшалығы. Әлеуметтанудың ерекшелігі адам санасын, дамудың айрықша диалектикасы мен факторларыны қосатындығында. Бұл әлеуметтанудың адам мен қоғамның өмірлік күшінің дамуының ұлттық-мәдени, әлеуметтік-тарихи контекстерге байланыстылығын көрсетеді.
4. ХХ ғасырда болған және қазір өтіп жатқан әлеуметтік процестердің динамизмі, әлеуметтік өтулердің өзектілігін зерттеу, олардың себептерін анықтау пәннің объектісі мен пәні туралы көзқарастарға өзгертулер енгізеді.
5. Пән туралы дискуссиялар оған жаңа серпін береді.

Пәнге деген жаңа бағыттың мәні мынада: әлеуметтану әлеуметтік қатынастарды да тұтас қоғамның өмірін де зерттеуге бағытталған. Әлеуметтік қатынастар қоғамдағы басқа қатынастарға енген қатынастар және олардың жүйелік тұтастыққа өзара байланыстылығын қамтамасыз етеді. Әлеуметтанудың пәні ретінде бұл салардың заңдылықтары емес, олардың өзара ықпалы алынады.

Макроәлеуметтану мен микроәлеуметтану өзара байланысты. 1). Зерттеу клеткасы ретінде әлеуметтік актордың әрекеті алынады. К. Маркс, М.Вебер, Т.Парсонс, Р. Мертон; П. Бурдьё, П. Штомпка. 2). Адам жатақханасының формалары зерттеу клеткасы - әлеуметтік қауымдастық. Осы негізде әлеуметтануға мынадай анықтама беруге болады: әлеуметтану әлеуметтік әрекеттер, адамдардың және топтардың мінез-құлқы туралы пән. Әлеуметтік қауымдастықтардың, олар арасындағы қарым-қатынасты, әлеуметтік институттарды, қоғамдық жүйелерді, әлеуметтік өмір субъектілерінің өзарабағыныштылығын, олардың өмірлік кеңістікке, өмір сүруді жүзеге асыру құралдарына қатысты олардың өмірлік күштерін зерттейді.

1.2. Әлемнің ғылыми суретінің өзгеруі және әлеуметтану

Әлемнің дамуының осы кезге дейінгі басты тенденциялары: индустриализм, рационализм, индивидуализм, экономизм, демократия. Бұлардың негізгі мақсаты өмірді сақтап қалу, баю, қанағат алу, тұлғаның құқықтарын қамтамасыз ету, индивидтің еркін дамуы.

Әлемнің 5 ғылыми суреті және оны тану тәсілдері бар: 1. Схоластика. 2. механикалық, 3. статистикалық, 4. жүйелік, 5. диатропикалық (нақтылық жәрмеңке ретінде суреттеледі). 6. синергеникалық. Г. Галилей әлемді мәтін, шифр, кітап ретінде бейнеледі. Н. Ньютон оны сағат, күрделі машина ретінде көрді. В. Варнадский әлемді организм ретінде зерттеді.

Диатропикалық суреттемеде қатарлар салыстырылады. Соның нәтижесінде зерттелуші объектінің байынылған бейнесі жасалады.

Негізгі жүйелі парадигмалар: функционализм, құрылымдық, құрылымдық функционализм, институционализм. Әлемді диатропикалық талдау интерпретациялық парадигмаларда, яғни түсінуші әлеуметтануда, символдық интеракционализмде, феноменологияда және этнометодологияда көрініс табады. М. Вебер түсіндіруші әлеуметтанудың негізін салушы. әлеуметтік өмірді түсіну тек адамдардың өзі өзінің әрекеттерін қалай түсінетінін социологтар ұққанда ғана мүмкін. Символдық интеракционализм бойынша адамдардың әлеуметтік өмірі әртүрлі символдардың көмегімен болатын өзараәрекетке байланысты. (Мид). Феноменология бойынша, қоғам адамдардың рухани өзара әрекетінің нәтижесі.

1.3. Қазіргі заманғы социологиялық теориялардың даму кезеңдері

Қазіргі заманғы социологиялық теорияларды қарастырғанда ең алдымен ХХ ғасырдың басы мен ХХ ғасырдың 70-ші жылдары арасындағы теорияларды қарастырамыз. Бұл қазіргі заманғы социологиялық теориялардың қалыптасуының **бірінші кезеңі**. Ұйымдасқан капитализм және мемлекеттік монопалистік капитализм теориялары осы кезеңді сипаттайтын теориялық бағыттардың бірі болды. Бұл кезеңде менеджралдық қоғам теорияларынан корпоративтік қоғам теорияларына өту байқалады.

Социологиядағы менеджралдық теорияны дамытушылар Торнстейн Веблен меншіктің болмауы және инженерлер революциясын ұсынса, Адольф Берль, Гардинер Минз, Джеймс Бернхэм менреджерлер революциясы теориясында осы идеяны дамыта түседі.

Менджералдық қоғам теориясын сынға алушы екінші бағыттың өкілдері **корпоративтік капитализм** теориясының қалыптасуына алып келді. Бұл бағыттың көрнекті өкілдері Чарлз Райт Миллз, Уильям Уорнер, Уильям Уайт болып табылады. Олар корпоративтік қоғам және автономдық адам, ұйымдасқан адам теорияларын қалыптастыра отырып социологиядағы қоғам және жеке тұлға теорияларына елеулі үлес қосты.

Осы кезеңде қалыптасқан күрделі теориялық бағыттардың бірі **бұқаралық қоғам теориялары** болып табылады. Хосе Ортеги-и-Гассет, Дэвид Рисмен, Эдвард Шилз, Герберт Блумер бұқаралық қоғам құрылымына жан жақты сипаттама берді.

Тоталитарлық қоғам теорияларының қалыптасып дамуы осы кезеңге сай келеді. Эрнста Юнгер, Вернер Зомбарт, Ханн Арендт, Карл Мангейм осы теориялық бағыттың көрнекті өкілдері болып табылады. Олар тоталитарлық қоғамның идеологиялық жобаларын жасап, осы қоғамға жан-жақты сипаттама берді. Әсіресе социалистік тоталитарлық теорияларды атап өтуге болады.

Қазіргі заманғы социологиялық теориялардың қалыптасуының **екінші кезеңі** ХХ ғасырдың ортасы. Бұл кезеңі индустриалдық қоғам теориясының қалыптасуы және дамуымен сипатталады. Бұл бағыттың көрнекті өкілдері

Макс Хоркхаймер, Теодор Адорно, Герберт Маркузе, Роберт Блонер, Гарри Брейверман, Раймон Арон. Индустриалдық қоғамға жан жақты сипаттама беріле отырып, аталған қоғамдағы индустриалдық еңбектің ерекшелігі мен жұмысшы табының рөліне, дамыған индустриалдық қоғамның даму мүмкіндіктеріне ерекше назар аударылды.

Қазіргі заманғы социологиялық теориялардың қалыптасуының **үшінші кезеңі** XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басын қамтиды. Бұл кезеңдегі әлемдік деңгейдегі қоғам өмірінде болған әлеуметтік өзгерістер мен өтулер жаңа социологиялық теориялардың қалыптасуына серпін болды. Бұл кезеңдегі басты ілімдер постиндустриалдық қоғам, ақпараттық қоғам, постмодернизм, жаһандану теориялары. Индустриалдық қоғам теориясын дамытушылар Дэниел Белл мен Ален Турен. Ақпараттық қоғам теориясын дамытушылар Олвин Тоффлер, Франко Ферраротти. Ақпараттық қоғам теориялары өндіріс, еңбек және коммуникацияның жаңа қырларын зерттеуді ұсынады. Постмодерндық социология мәдениет саласын және жеке адамның бойындағы қайта құруларды зерттейді. Бұл теорияларда тәуекел қазіргі қоғамның іргелі және жүйелі сапасы ретінде қарастырылады. Ақпараттық қоғам теориялары жаңа нақтылықтарды сипаттай отырып өндіріс, еңбек және коммуникация салаларын басым зерттеуді ұсынады. Пост модернистік теория мәдениет саласын және жеке тұлғаның бойында болып жатқан өзгерістерді зерттейді. Тәуекел бұл теорияларда қазіргі қоғамдарға тән іргелі және жүйелі сипаттама ретінде қарастырылады. Сонымен қатар бұл теориялардың бәрі қазіргі қоғам мен бұрынғы қоғам типтері арасындағы сабақтастықтың жоқ екеніне, тарихи жинақталған мазмұнды толық жоққа шығарылуына баса назар аударады. XX ғасырдың аяғындағы постмодернизм және жаһандану теорияларының кейбіреуі әлеуметтік өмір туралы және оның өмір сүру тәсілдері туралы іргелі мәселелерді алға қояды. Әлеуметтік тәртіп пен әлеуметтік әрекеттің іргелі негіздері туралы сұрақтар туындады. Қазіргі заманның әлеуметтанулық теорияларын жасау тек соңғы үш онжылдықтағы дамыған процестерді ғана емес XIX ғасыр мен XXI ғасырға дейінгі болған өзгерістерді ескергенде ғана мүмкін.

1.4. Социологиялық теориялардың типологиясын беру өлшемдері

Ресей социологтары социологиялық теориялардың типтерін анықтаудың екі өлшемін көрсетеді: теорияның типі және деңгейі. Сонымен қатар бұндай өлшемдердің қатарына мыналарды жатқызуға болады:

- Аймақтық өлшем. Қазіргі кезде социологияны мейнстрим (негізгі ағым) және оған кірмейтін социология деп бөледі. Бұл әлемдік социологиядағы ағылшын тілі мен ағылшын-американдық социологиялық элитаның үстемдігімен байланысты. Социологияны батыстық және батыстық емес деп бөлу де орын алған. Бұл жерде қоғамды ақпараттандыруға байланысты Испан социологтарының жетістігін, Бразилия социологтары Э.Ф. Кордазонның бағыныштылық теориясы мен Э. Рейстің қоғамдық өмір социологиясын атауға болады. Қытайда, Жапонияда, әсіресе Индияда

қолданбалы социология кеңінен дамуда (Махбуб Уль Хак, Амарития Сен, А. Аппадурраи).

- Социологиялық теориялардың таралу ауқымы. Бүгінгі күні социологияның мынадай құрылымы ұсынылады: микросоциология, мезосоциология, макросоциология, социосталдық социология, әмбебап социологиялық теориялар.

- Зерттеу саласы.

- Қоғам нақтылықтарын социологиялық пайымдау деңгейі.

- Социологиялық теориялардың мазмұны.

- Социологиялық теориялардың қарқыны.

1.5. Жаһанданудың қазіргі теориялары

Жаһандану теориясын жазу мен талдамас бұрын “жаһандану” термині мен жаһандану процесі арасында айқындылықтың жоқ екендігін айта кетейік. Бұрын “жаһандану” ұғымы ғылымда дүниежүзілік тарихтың орнығуы (К.Маркс), әлемдік жалпы адамзаттық өркениет (М.С.Горбачев, Ю.А.Замошкин), әлем-жүйе (И.Валлерстайн) терминдерімен көрсетілді. Жаһанданудың қазіргі таңда кеңінен қарастырылуына қарамастан, бұл ұғымға қатысты біржақтылық жоқ. Кейбір зерттеушілер жаһандануды жиырмасыншы ғасырдың соңғы он жылдығындағы әлеуметтік өзгерістің жаңа түрі ретінде бейнелейді. Басқалары жаһандануды адамзаттың бірлікке барар жолда жүріп өткен қадамдары деп түсінеді. Үшіншілері жаһандануды тұтас әлемді қалыптастырушы процестер деп ұғынады. Келіспеушіліктер жаһандану процесі мен ұғымдарын түсінуде ғана кездесіп отырған жоқ. Бүгінгі таңда неғұрлым пікірталас тудыратын мәселе - жаһанданудың шегі, оның қоғамның мәдени және саяси жүйелеріне әсері болып отыр. Осыған байланысты бірнеше пікір бар. Мысалы, саяси ғылым саласындағы танымал американдық профессор Самуэль Хантингтонның пікірінше, экономика мен ақпарат саласындағы жақындасу, мәдени алшақтықты шиеленістіріп, жаһандық және жергілікті деңгейдегі қақтығыстарға әкеліп соғуы мүмкін. Басқа бір саясаттанушы Иммануил Валлерстайн жаһандық және жергілікті мәдениеттер арасында әмбебап пен жергілікті диалектика бар екендігіне назар аударады. Батыс ғылымында өзге де сценарийлер кездеседі. Мысалы, У.Ганнерстің ойынша, гомогенизация сценарийі (мәдени бірегейлендіру), жағдай сценарийі - бөтен, ең алдымен батыс мәдениетінің қаптауы, “перифериялық сыбайластық” сценарийі, яғни батыстық емес аймақтарда батыс мәдениетінің құлдырауы және оның сол жерлерде бұрмалануы, сұхбат және алмасу жолымен біртұтас мәдениеттің “пісіп-жетілу сценарийі” ықтимал. Алайда тұтас алғанда көп жағдайда жаһандану деп біртұтас технологиялық, ақпараттық және қаржы нарығының қалыптасуы айтылып жүр, онда ешқандай шекара жоқ және әлем біркелкі болады.

Кедергі болатын басқа бір жәйт – бұл жаһандық әлеуметтанудың зерттеу пәні не болуы мүмкін - жеке қоғамдар ма немесе жалпы адамзат қауымдастығы ма деген мәселе.

Әлеуметтануда жаһандануды әрі феномен және әрі ұғым ретінде қарастыру - батыстық қазіргі заман қалған барлық әлемге үлгі бола ала ма деген тағы бір пайымдау тудырады. Жаһандануды сынаушылар бұдан қазіргі батысты батыстық емес елдер мен мәдениеттерге телу дегенді көреді. Үшінші әлем елдеріндегі жаңғыру процесін сараптау көрсеткендей, жаһандану бүкіл әлем дамуының әмбебап және ортақ үлгісі болып табылмайды.

Ақырында, жаһандану әлеуметтану әдістерін өзгерте ме? Э.Тирикьяни сияқты қазіргі зерттеушілер әлеуметтанудағы классикалық әлеуметтану парадигмаларын кейінгі классикалықпен немесе модернистікпен алмастыру қажет деп тұжырымдайды.

Халықаралық әлеуметтанушылар қауымдастығының президенті А.Мартинеллидің пайымдауынша, жаһандану технология, қаржы, ақпарат саласындағы жаһандық тәуелсіздік пен қоғамдардың, саясат пен мәдениеттің сақталып отырған бөлінуі арасындағы қарама-қайшылық шиеленісін өршітеді. Жаһандану басқарудың жаңа нысандарын талап етеді. Мартинелли қазіргі заманғы жаһандану процесін реттеудің үш негізгі перспективасын атайды: халықаралық мемлекеттік ұйымдардың либералды интернационализмі олардың ынтымақтастық этносымен бірге; ұлтаралық бірлестіктердің жаңа әлеуметтік қозғалысының түбегейлі республикалық рухы; мульти-азаматтықтың космополиттік жобасы.

Жаһандық әлемді қазіргі әлеуметтанушылық тұрғыдан зерттеу ерекшеліктерінің бірі - жаңғыру теориясынан (соңғы он жылдықтарда үстемдік еткен) бас тарту, салыстырмалы интернационалдық саяси экономияның жаңа мектебінің пайда болуы, өйткені ол салыстырмалы жаһандық әлеуметтік дүние құрылымы мен тәртібін түсінуге мүмкіндік береді. Салыстырмалы-тарихи әдіс елдерді, ұлттарды және басқа субъектілерді сараптауда ұқсас келеді. Жаһандық әлеуметтанудың алдында тұрған басты мәселелер - жаһандық әлеуметтік қатынастар сахнасында кімдер негізгі субъект болып табылады және осыған байланысты мемлекет пен оның құрылымдарының рөлі қандай деген сұрақтарға жауап іздеу.

Жаһандық әлеуметтану сараптамасының тағы бір пәні - әлемдік нарық пен геосаяси құрылымдарды сараптау. Бұл жәйт қазіргі әлеуметтану еңбектерінде көбінесе жаһандық процестерді тауар алмасуы мен айналуына әкеліп тірегендігі үшін жиі сыналады.

Жалпы жаһандану туралы пікірталастарды төрт пайымдауға шоғырландыруға болады: аймақтық немесе өркениеттік; академиялық; идеологиялық; және жыныстық ерекшеліктер мәселесін қозғайтын пайымдау.

Аймақтық немесе өркениеттік пайымдауға, жаһандануға басты көңіл бөлінбейтін пайымдаулар жатады. Бұл жерде мынадай мәселе көтеріліп отыр: Үшінші әлемнің көптеген елдерінде ең алдымен нақты өркениеттер мен мәдениеттердің ерекшелігін ескеретін жеке бірегей тұжырымдама жасау қажеттілігі белсенді түрде талқыланады. Жаһандану теорияшыларының өздері осы елдер ғалымдарының Үшінші әлем елдерін сараптау мен

бейнелеудің осы тектес ұмтылыстарын жергілікті теориялар мен тұжырымдамалар деп белгілейді. Сонымен бірге жоғары дамыған елдер авторларының әлеуметтану тұжырымдамаларында жаһандануға қарсы тұжырымдамалар жиі кездеседі. Мысалы, француз интеллектуалдары мен Германияның кейбір әлеуметтану мектептері жаһандануды француз және неміс қоғамдарына төніп тұрған қауіп деп есептейді. Орталық Еуропа мен Латын Америкасы елдерінің жаһандануға деген сенімсіздігі мен қауіптенуі жоғары. Академиялық пайымдауларда әдетте жаһандану белгілі бір ғылым шеңберінде қарастырылады, жаһандану сараптамасының ең жарқын мысалы оның экономика пәні шеңберінде зерттелуі болып табылады, осы тектес әдісті, экономикалық дамудың ерекше нұсқасын Иммануил Валлерстайн ұсынды. Жаһанданудың идеологиялық пайымдаулары әдетте оған қарсы шығудан немесе оны қолдаудан тұрады. Жаһандануды жақтаушылар оны капитализмнің бүкіл әлем бойынша жеңісті жорығы деп суреттейді. Жаһанданудың қарсыластары одан әлемнің батыстық емес аймақтарында Халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік банк немесе Дүниежүзілік сауда ұйымы сияқты ұйымдар үстемдігінің орнығуын көреді.

Қазақстанның әлеуметтану ғылымы үшін жаһандану теориясының маңыздылығы неде? Ең алдымен оның тәжірибелік маңызы бар. Жаңа заман әлеміндегі кеңестік дәуірден кейінгі мемлекеттердің мүмкін-діктері мен болашағын бағалау үшін әлем-жүйе сараптамасына бет бұру көп жағынан жемісті болып табылады. Бұл әдіс әлеуметтік өзгерістерді мемлекеттік деңгейде талдауға құрылған дәстүрлі теориядан артықшылығын осыдан ширек ғасыр бұрын көрсетті, бұл халықаралық ғана емес, кейбір ішкі “эндогенді” процестерді ұғынуды шектейді. Жаһандану теорияларының кейбіреулерін егжей-тегжейлі қарастырып көрейік.

Жаһандану үдерісінің анықтамасы мен мазмұнына теориялық көзқарастар

Қазіргі әлемде болып жатқан өзгерістер жаһандану секілді үдерістермен сәйкестендіріліп қаралады. Бұл, бір жағынан, батыстың постиндустриалды елдерін әрі қарай озық дамуға жетелеп, екінші жағынан, дамушы елдердің жоғары қарқынмен өркендеуіне үлес қосатын объективті табиғи, әрі тарихи сипат алатын процесс.

Жаһандану тұжырымдамалары әлеуметтік жүйе дамуының дәйектемелерін көрсете алады. И.Валлерстайн, Э.Гидденс, Р.Робертсон, П.Штомпка, М.Элброу секілді шетелдік зерттеушілер жаһандану мәніне ерекше ғылыми қызығушылықпен зерттеу жүргізген. Олардың жұмыстарында жаһандану адамзат дамуына тұрақты және пайдалы үдеріс ретінде көрсетіліп, оның оң нәтижелер әкеліп, әлемді біртұтастыққа жетелейтіндігі айтылады.

Әлемнің жаһандық даму мәселелері ресейлік ғалымдар арасында кеңінен зерттелуде (А.Володин, А.Панарин, Н.Покровский, А.Уткин, Ю.Яковец, Р.Яновский). Олар жаһандануды ұнамды құбылыс ретінде қарап, жаһандық әлем дамуының мәселелерін қарастырады (А.Панарин, В.Рукавишников, Р.Яновский). Жаһанданудың мәнін анықтаумен қатар, ғалымдар оның

спецификалық өзіндік өлшемдерін атап көрсетеді (Н.Покровский). Оң баға берумен қатар, жаһандануды елдер мен адамдар арасындағы үлкен теңсіздік тудыратын жағымсыз үдеріс ретінде де қарастырады (А.Левашова, Ф.Юрлов). Осы тұрғыдан қарағанда, жаһандану бірполюсті әлемді құрудың негізін салатын идея ретінде көрсетіледі (В.Иноземцев).

Жаһанданудың ғылыми негізінің пайда болуы қырғи-қабақ соғысының аяқталуымен байланысты. Ол кезде әлемнің құрылымы жаңа халықаралық жүйе – жаһанданумен, яғни нарықтың, қаржының, технологияның интеграциясымен ауысқан болатын. Әйгілі американдық әлеуметтанушы Э.Гидденс жаһандануды XVIII ғасырдан бері Батыс Еуропа модернизациясына жүргізіліп келе жатқан тергеу екенін атап өтеді.

Осы мәселемен айналысып келе жатқан ғалымдар арасында жалпы «жаһандану» терминінің анықтамасы туралы да (В.Иноземцев, Р.Робертсон, В.Рукавишников, Ф.Юрлов), бұл процестің дұрыс не бұрыс екендігі туралы да бірде-бір пікір айтылмаған. Солай бола тұрса да, жаһандануды қиын да қайшылықты үдеріс ретінде санап, ешқандай күдік тудырмайтын құбылыс ретінде қарастырады (Э.Гидденс, А.Ковалев, Н.Косолапов, А.Панарин, Р.Робертсон, В.Яновский).

Жаһандану үдерісінің пайда болуы жөнінде өткір ғылыми пікірталас туындаған болатын. Тарихшылар (Ф.Бродель) жаһандануға капитализмнің көп ғасырлар бойғы дамуының бір кезеңі деген сипаттама береді. Экономистер (П.Друкер, Т.Левитт, К.Оме) жаһандану процесінің қаржылық нарықтың трансмемлекеттенген кезінен басталғанын айтады. Саясаттанушылар (С.Хантингтон, Г.Шуман) жаһанданудың пайда болуын бүкіл әлемдегі демократиялық ұстанымдар мен институттардың таралуымен байланыстырады. Мәдениеттанушылар (П.Бергер) оны мәдениеттің әмбебаптануы мен батыстануынан, өмір сүру стилі, мінез-құлық формаларының белгілі бір қалыпқа келуімен, яғни Батыс елдерінің басқа елдерге ықпал етуінің басталуымен түсіндіреді. Әлеуметтанушылар (Э.Гидденс, Д.Мелоуз) жаһанданудың басталуы Батыстың ықпалы артуымен байланысты екенін құптайды. Біздің ойымызша, жаһанданудың дамуына индустриалды қоғам дамуынан постиндустриалдыққа өткен Батыс дамыған елдері түрткі болды. Көріп отырғанымыздай, жаһандану үдерісінің басталу мерзімі туралы біржақты пікірдің болмауы сол ұғымды әртүрлі тұрғыда қарастырудың әсерінен болып отыр.

В.Л.Иноземцевтің байқауынша, XX ғасырдың 60-жылдарының соңында эпизодты түрде қолданыла бастаған «жаһандану» термині 1981 ж. алғаш рет американдық әлеуметтанушы Дж.Маклиннің бастамасымен концептуалды құрылымдардың арасына қосылған болатын. Дж.Маклин «әлеуметтік қатынастар жаһандануының күшеюінің тарихи үдерісін танып, оған түсініктемеге беруге» шақырған болатын. 80-жылдардың ортасында жаһандану тұжырымдамасы кең таралғандығы сонша, М.Уотерс «80-жылдардың мәні постмодернизм болса, 90-жылдардың басты идеясы адамзаттың үшінші мыңжылдыққа өтуі ретінде түсінілетін жаһандану процесі болуы мүмкін» деген пікір айтады. Бұл кезеңде, сонымен қатар,

теорияның негізгі терминологиялық аспектілерін Р.Робертсон дамытқан болатын.

Жаһандану теориясының классификациясын жасай отырып, оны іс жүзінде ағынды үдеріс ретінде қарастыруға болады. Бұл жағдайда жаһандануды қолданыстағы әлеуметтік теориялар көмегімен түсіндіру мүмкіндігі туралы айтыс туындап келеді. Ғалымдар арасында жаһанданудың онтологиялық мәнін әлеуметтік өзгерістер мен дамулардың бұрынғы үлгілеріне қатысты сипаттауға талпыну жиі кездеседі. Логикалық ғылымды классикалық және классикалық емес әлеуметтануға бөлу тұрғысынан қарайтын болсақ, жаһанданудың бірнеше түсіндірмесін бөліп қарастыруға болады. Соның ішінде, модернизацияның бір түрі ретіндегі глобализация (Р.Робертсон, М.Фезерстоун, Дж.Ритцер, Ф.Фухуяма, С.Хантингтон); модернизацияның жалғасы ретіндегі глобализация (Э.Гидденс, У.Бек, Ю.Хабермас); модернизациядан кейін келетін әлеуметтік жүйенің жаңа даму кезеңі (Я.Питерс, Д.Иванов).

Я.Питерс жаһандану түсінігі парадигмасының өзіндік типологиясын ұсына отырып, негізі ретінде әлеуметтік өзара байланыстың мазмұнды белгісін, іс-әрекеттің нақты әдісін және қазіргі әлемдегі өмір сүру салтын алады. Бұл, ғалымның ойынша,

біріншіден, «Өркениет қақтығысы» - әлем фрагментациясы мәдениеттік жіктелуде тамырланған (бірінші кезекте, нәсілдік және ұлттық ерекшеліктерде) өркениеттік айырмашылықтардың әсерінен сөзсіз өмір сүреді;

екіншіден, «Макдональдизация» - трансұлттық одақ көмегімен мәдениеттік гомогендену модернизация (батыстану, европалану, америкалану) астында өмір сүреді;

үшіншіден, «Гибридтену» - өзара баюға, сонымен қатар мәдениеттік дәстүрлердің пайда болуына бастайтын мәдениет аралық өзара қатынастарының кең спектрі.

Оның ойынша, барлық қазіргі заманғы мемлекеттер жаһандану үдерісіне тартылады. Ұйым стандарты ретінде қазіргі ұлттық мемлекет жаһандану формасының үлгісі ретінде көрінеді.

Әлем егемен, аймақтық бірліктерге бөлшектелген және бөлінген және олар өздері бірегей құрылған әлемнің бір бөлігін құрайды. Егемен мемлекет дегеніміз – әлемдік экономикалық үдерістің қазіргі бейнелері және әлеуметтік құндылықтардың сақтаушылары. Алайда олардың жаһандану процесіндегі орындары біркелкі емес. Кейбір мемлекеттердің қуаты жаһандану арқасында өсіп келе жатса, керісінше кейбір елдерге бұл әлсіретуші фактор ретінде көрінеді.

Тағы бір жаһандану теориясының классификациясын Н.Покровский ұсынады. Ол глобализацияның сызықтық моделін; И.Валлерстайнның «әлем-жүйелік» моделін; жаһандық мәдениеттің моделін (У.Фезерстоун, Дж.Ритцер); жаһандық қоғамның моделін (Р.Арон, Э.Гидденс); жаһандық жүйенің моделін (Л.Склэр) атап өтеді.

Жаһандану үдерісі теориялық талдауларының бірнеше түрі бар. Мысалы, И.Валлерстайн әлемдік еңбек бөлінісіне негізделген экономикалық құбылыс ретінде қарастырылатын жаһанданудың «әлем-жүйелік моделін» ұсынады. Әлемде пайда болған еңбек бөлінісі жүйесіне сәйкес экономикалық ядроға, жартылай периферияға және периферияға нақты құрылымдық бөліну көріне бастады. Мұның бәрі, жиынтығында, әлемдік капиталистік экономиканың бірыңғай жүйесін қалыптастырады. Э.Гидденске сәйкес, жаһандану модернизациямен тығыз байланысты және оны екіжақты қарастыруға болады: экономикалық жағынан (мемлекет аралық байланыстардың экономикалық жүйелену үдерісі) және мәдениет жағынан (сананың жаһандану моделінің құрылуы). Ағылшындық әлеуметтанушының ойынша, жаһандану 1990 жылдардағы жаңа әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайлардағы жаңашылдықтың табиғи жалғасы ретінде көрсетіледі. Оған қоса, ол жаһанданудың негізгі ерекшелігін атайды. Біріншіден, трансұлттық одақтар басты рөл атқарған кезде экономикалық үдерістер арасында өзара жаһандық байланыстың пайда болуы. Екіншіден, халықтар мен мемлекеттер арасында халықаралық қатынастардың жаңа жүйесінің пайда болуы. Үшіншіден, жаңа әлемдік әскери тәртіптің қалыптасуымен түсіндіріледі. Төртіншіден, әртүрлі елдер мен жер әлемінің бөліктері арасындағы айырмашылық пен еңбек бөлінісі болып табылады. Бесіншіден, «мемлекеттік глобализация».

Р.Мертонның ойынша, жаһанданудың қазіргі кезеңінің негізі тұтыныс қоғамына және постиндустриалды қоғамға өтуге себепші болған құндылық бағдардың өзгеруі болып табылады.

Жаһанданудың ғылыми-технократтық моделінің өкілдері өнеркәсіптің әлемдегі ғылым мен техника рөлінің мәнін түсінуге көңіл бөледі. Осы модель аясында В.Вернадский, М.Маклюэн және А.Кларктың жаһандану идеясының концептуалды түсіндірмелері пайда болды.

В.Вернадский жаһандану идеясы ғылыми формада тұжырымдаған «кейінгі модерннің» алғашқы ойшылы болды. Биосфера мен ноосфера – оның басты ұғымдары. Бұдан шығатыны – табиғат адамзат санасына қарсылық көрсететін объект емес, керісінше ғылыми ойлардың маңызды бөлігі. «Ғылым-табиғат» жүйесінде субъект қатысушыға айналады және ғаламдық эволюцияның белсенді факторы болып табылады. Әлеуметтік салада ноосфера постәлеуметтік қауымдастық немесе постөркендеу, социумның барынша жалпы жүйенің элементіне айналуын туындататын даму фазасын көрсетеді. Ғылым мен техниканың шексіз мүмкіндігіне сенім білдіру ноосфера тұжырымдамасын жаһанданудың тиімді баламасына айналдырады.

М.Маклюэн жаһандану түсінігіне негізгі тақырыптардың бірі – бұқаралық коммуникация рөлін дамытады. Әлеуметтік кеңістік-уақыт өзгерісінің жаңа кезеңін ол ақпараттық ағымдардың жылдамдығын өсірген электронды бұқаралық ақпарат құралдарының пайда болуымен байланыстырады. Нәтижесінде, Маклюэн атағандай, «жарылыс» пайда болады. Электронды бұқаралық коммуникация құралдары әлемді бір нүктеге бағыттайды және бір

мезетте көруді қамтамасыз етеді. Аталған логика глобализация идеясының басты аспектілерінің бірі жаһандық сана мәселесіне әкеп соғады. Бұдан жаһанданудың мәні шығады.

А.Кларк жүйелі машиналар ұйымының құрылуы есебінен іс-әрекеттің ұжымдық субъектісінің аймағын кеңейтудің болашағына назар аударады. Ағылшындық ғалым-жаратылыстанушы жалпы өркениетті дамуды күрделендіретін және жеделдететін технологиялық өзгерістердің бағытты сипаттарын ашады. Кларктың жаһандану идеясы – өркениет категориясы.

Соңғы жылдары әлеуметтік-мәдени жаракат теориясы кең тұрғыда зерттелуде. Дж.Александр, Н.Смелзер, П.Штомпка секілді әлеуметтанушылар бұл теориялық құрылыстың белгілі бір дәрежеде анализ құралына және дәстүрлі ұйымдардың жаһандану деңгейіне өту интерпретациясына айналуы мүмкін екендігін айта кетеді. Әлеуметтік-мәдени жаракат теориясы жаһандану теориясын толықтырушы және кеңейтуші ретінде түсіндіріледі.

Жаһандану әлеуметтік ұйымдармен қатар, әлем санасына да өзгерістер әкеледі. Бұл тұрғыдан қарастыратын болсақ, жаһандану қазіргі тарихи сәттің көрінісі емес, әлемдік капиталистік жүйенің эволюциялық өзгерістері үдерісінің тармақтарының бірі. Неміс әлеуметтанушысы У.Бекке сүйенетін болсақ, жаһандану қожалықтық, ақпараттық, экологиялық, техникалық, трансмәдениеттік қақтығыстар мен азаматтық қоғамның әртүрлі саласындағы күнделікті қызметтердегі шекараны жою тәжірибесі арқылы танылуды білдіреді. Жаһандануды осы жағынан түсіну қашықтықты мойындамайтын қызмет пен қатар өмір сүру сипатты трансұлттық әлеуметтік кеңістік (трансұлттық өмір формасы) құрылуына әкеп соғады.

Көптеген ғалымдардың ойынша, жаһандану – ғаламдық ақпараттық кеңістікті, әлемдік капиталдар, тауарлар мен жұмысшы күш нарығы құрылуының үдерісінде көрінетін адамдар, сонымен қатар, мемлекеттер арасындағы өзара байланыс пен өзара тәуелділіктің кеңеюі мен күрделену үдерісі (А.Володин, Э.Гидденс, А.Зотов, Р.Робертсон, А.Уткин, М.Элброу). «Жаһандану» түсінігі бүкіл әлемді, бүкіл адамзаттық ұйымдарды қамтитын үдерістерге деген шағымды білдіреді (Э.Гидденс, М.Элброу). Оған қоса, кейбір ғалымдар жаһандану априориін жағымды құбылысқа теңеп, жер әлеміндегі өркениеттің бірлікке ұмтылуы ынтымақтастыққа себепші болуы керек деген пікірді ұстанады. Жаһанданудың бұл зерттеушілері бірінші кезекте ақпараттық айырбастың дамуы туралы бірнеше есе өскен халықаралық экономикалық белсенділік туралы, кейбір жеке мемлекеттерден қуаттырақ корпорацияның жаңа рөлі туралы, «әлемнің сығылуы» симптомы туралы айтады (А.Володин, Э.Гидденс, В.Дахин, А.Зотов, Н.Косолапов, Р.Робертсон, П.Штомпка).

Бұл жағынан қарайтын болсақ, жаһандану үрдісі бүкіл әлемді құрайтын бірнеше үдерістерді анықтайды. Қоғам әртүрлі жағынан (саяси, экономикалық, мәдени) өзара тәуелді болады. П.Штомпка былай деп жазады: «Ешқандай ел өзінен-өзі жеткілікті қоғам бола алмайды. Адамзат, енді, «статикалық жиынтық», философиялық немесе идеологиялық категория бола

алмайды, ол әлеуметтік мәнге ие болып, жер әлемінде өмір сүретін барлық халықты қамтитын әлеуметтік жиынтыққа айналады»

Жаһандық үдеріске Қазақстан ғалымдары өз пікірлерін былайша білдіреді. Мысалы, экономист-ғалым А.Қошанов жаһандануды «жаңа технология мен ақпараттық жүйе негізіндегі қаржылық-экономикалық, қоғамдық-саяси және әлеуметтік байланыстарды ашық жүйеге тартушы» ретінде түсіндіреді. А.Нысанбаев жаһанданудың мәдени табиғаты мен салдарларын зерттей келе, «пайда бола бастаған бүкіләлемдік «саяси әдеп» жергілікті әлеуметтік-мәдени ұқсастықты орталықтандырған, біртекті нәрсеге айналдырады. Жаһандану мен «әлеуметтік-мәдени әртүрліліктің» өзара шарттастығын айта келе, ол жаһандануды «сәйкестік пен өзгешеліктің, универсализм мен фрагментаризмнің түсіндірілуін жинақтайтын күрделі және көпжақты үдеріске» теңейді. Көптеген жұмыстарда жаһандану Қазақстанның халықаралық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жағынан қарастырады. Қазақстандық саясаттанушы М.Лаумулин жаһандануды қару-жарақпен қамтамыз етуді бақылау туралы әртүрлі ұйымдар мен келісімдерді қосатын халықаралық-құқықтық қарым-қатынас жүйесіне Қазақстанның кіруі маңызды жағдай болып табылатын үдеріс ретінде көрсетіледі. Басқа зерттеушілер Қазақстандағы интеграциялық үдерістердің күшейтілуінің маңызын жаһандану үдерісі ретінде қарастырады. С.Кушкумбаевтың пікірінше, «интеграция үдерісінің өзі әрі қарайғы әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени модернизациясы, жаңа әлемдік шындықтардың қайта реинтеграциялану үрдістерімен тығыз байланысты».

Жаһанданудың объективті мазмұны шығу тегі әртүрлі механизмдер мен үдерістердің салдарларынан жинақталған. Ол, өз кезегінде, жаһандануды ішкі қайшылықтарға толы, алайда жүйелік жинақтық бар құбылыстар мен қарым-қатынастардың жеке әрі күрделі жүйесін қарастыруға мүмкіндік береді.

Әдебиетте жаһандану құбылысын құрайтын үдерістердің барлығының немесе кейбір бөліктерінің бірнеше бастауларын көрсетеді. Бұлар:

- адамның қожалық етуінің ұзақ мерзімді кереғар экологиялық және басқа да салдарлары;
- әлеуметтік өзара байланыстарға және әлемнің өзара тәуелділігіне әкелетін байланыстың, құрылым мен қарым-қатынастың дамуы;
- әлемдік экономика мен саясаттың алғашқы субъектілерінің пайда болуы (трансұлттық корпорациялар, мемлекеттер, билік аралық ұйымдар);
- қазіргі кездегі қызығушылықтар мен мақсаттарын қамтамасыз етуге бағытталған, алайда, ең бастысы, монополиялық бәсекеге қабілеттілік арқылы әлемдік экономикаға, саясатқа және жеке салаларға басымдық көрсетуді орнықтыруды алға қоятын субъектілердің (ең бастысы АҚШ) жеке іс-әрекеттері мен белсенділігі.

Ресей ғалымы Н.Косолаповтың ойынша, жаһанданудың негізі төмендегі жағдайлардың бірлігінде жатыр:

- капитализмнің қазіргі кездегі ең жоғарғы даму деңгейі;

- адамзаттың алдыңғы эволюцияларының ең жоғарғы материалдық нәтижелері реіндегі техносфералар;
- техносфера қажеттіліктерін қамтамсыз ету жүйесіндегі орнына сәйкес мемлекеттердің функционалды стратификациясы үдерісінің басталуы».

XX ғ. аяғындағы капитализм біртұтас әлемдік шаруашылықтың қалыптасуын аяқтап, ең бастысы, жаңа реалийге саяси хаттама керек екендігін түсініп, өзін-өзі дайындады. «XX ғ-дың басты қорытындысы және өркениет дамуының ең негізгі көрсеткіші деп техносфераның адам өмір сүруінің жасанды ортасына айналуын санауға болады». Ғалымның пікірінше, техносфера жаһандану құбылысы мен үдерісінің бірнеше жағынан қарастырғандағы материалдық негізі ретінде қызмет етеді. Ол халықаралық еңбек бөлінісінің, кооперацияның, әртүрлі қызмет түрлерінің интерүлттануының жеткілікті көлемі негізінде пайда болады. Ол өмірге шақырады және экономика, ғылым, мәдениеттің барлық салаларында жаңа жаһандық өзара байланысқан түрлер мен қызмет типтерін дамытады; мемлекет аралық шекараларға қарамай, оған қажетті қаржылық ағымдар мен ұйымдасқан құрылымдарды туғызады; жаһандық маңызға ие көптеген дәстүрлі мәселелерді шешеді; өзіндік экологиялық және басқа да жаһандық салдардарды туғыздырады. Ол техносфераның сыртқы әлеммен функционалды байланыстарының жүйесіндегі орны арқылы мемлекеттердің иерархиясын қалыптастырады; мемлекетті жаңа жаһандық байланыстар мен тәуелділіктер жүйесіне қарай бейімдеп, мемлекеттің дәстүрлі егемендігін жойып, осы жағдайлар негізінде мемлекеттің орнын өзгертеді. Зерттеушінің пікірінше, «техносфера оны қамтамсыз етудің топтасқан шеңберлерін қалыптастыруға ұмтылдырады. Мұндай топтар:

- бір-бірімен белгілі бір құрылымдық байланыстағы барынша дамыған (постөркениеттік) мемлекеттердің жиынтығы ретінде техносфераның өзін;
- даму деңгейіне немесе техносфераға өте маңызды қызметтерді атқаруына байланысты техносфераға кіруге үміткер елдерді;
- техносфераға энергоресурстар мен шикізат көздері ретінде қажетті елдерді;
- техносфераға қатысты қызметтерін бірдей экономикалық және өзге де жағдайларда және де бірдей практикалық нәтижемен басқа да елдер мен аймақтар жасай алатын (бірге немесе бөлек) орын басушы елдерді;
- техносфераның өмір сүруіне және қызметіне (қазіргі кезде немесе мүлдем) қызығушылық танытпайтын елдерді;
- техносфераға қазіргі кезде және болашақта да қарсы болып қала беретін елдерді туғызады.

Аталмыш модель белгілі бір дәрежеде И.Валлерстайнның (Wallerstein) атақты капитализм генезисіне ұқсайды. Генезис қазіргі капиталистік жүйені тудырған кейбір елдердің әлеуметтік-экономикалық үдерісінің өзгерістері деңгейінде сананың мүмкіндіктерін мойындамайды. Оның теориялық конструкциясында елдер көлемді әлемдік жүйелер элементтерінің екі типін орындайды: таза саяси сипаттағы байланыстар негізіндегі әлемдік

империяның орталықтандырылған редистрибутивті жүйелер типінде және ерікті байланыстағы нарықтық типке негізделген, алайда құрамына тәуелді периферия да енетін мемлекеттердің орталықсызданған (капиталистік) жүйелері. Кейінірек XX ғасырда белгілі бір дәрежеде индустрияланған елдерді сипаттау үшін И.Валлерстайн периферия түсінігін енгізді. Олар орталық экономикаға бағына отырып, белгілі бір дәрежеде саяси орталықтануға, және де азаматтық-саяси ұйымға қол жеткізді. Олардың қатарына оңтүстік Европа елдерінің көпшілігі, кейбір Латын Америка елдері (Аргентина, Бразилия, Чили) және де Оңтүстік Корея енгізілді. «Орталық», «жартылай периферия», «периферия» секілді ұғымдар кең қолданыста қолданыла бастады.

И.Валлерстайнның қазіргі елдерді орталық, жартылай периферия және периферия елдерге бөлуі немесе Н.Косолапов ұсынған техносфераның топтасқан шеңберлері кестесіне сәйкес посткеңестік елдердің де «белгілі бір шеңберді қамтитынын» болжауға болады. Қазақстанға келетін болсақ, тіпті, қазіргі Ресей де тек «үшінші шеңберге» ғана үміткер бола алады, яғни олар қазіргі кезде техносфераға энергоресурстар мен шикізат көзі ретінде қажет. Біздің ойымызша, Қазақстан әлі субъект бола алмайды, ол сыртқы күштерге қажетті экологиялық және табиғи ресурстардың ерекше кешені ретінде жаһандану объекті ғана бола алады. Алайда қазіргі кездегі көптеген дамушы елдердің ең басты міндеті егемендігін сақтау болып табылады. Өйткені, капитал мен еңбек иелері елден елдерге еркін көше алатын мүмкіндік алған жағдайда (техникалық қиындықтарсыз емес болса да, бәрібір еркін) өмірі мен қызметіне жақсы жағдай жасалынатын жерлерге қарай жаппай көшу құбылысы көрініс табады. Негізінде бұл жағдай бұрыннан көрініс табуда: 1990 жылдардың басында капиталар мен мамандардың Қазақстаннан Ресей мен алыс шет елге көшуі – бәріне белгілі дәлел. Бұл заңды үдеріс: кез келген елдегі кішкентай ауылдардан гөрі қарапайым қалалардың үлкен мүмкіндіктер беретіндігі секілді «әлемдік қала» әлемнің периферийлік аудандарына қарағанда жұмыстың үлкен таңдауын, еңбекке жақсы жағдайлар, өмірдің өзіндік өрнегі мен сапасы секілді жағдайлар туғызады. Бұрын халық ауылдан қалаға көшетін болса, қазіргі кезде ірі қалалардан ғылым, мәдениет, білім мен іскери белсенділіктің әлемдік орталықтарына қарай көшу белең алған. Бұл мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық басқаруларды тиімді жүргізуі және дамытуымен байланысты; ол жоғарылаған сайын, халықтың белсенді бөлігінің өзіндік қалыптасу мүмкіндіктері мен өмір сүру сапасы жоғары елдерге көшу мүмкіндігі жоғарылайды. Соған қарамастан, жаһандық үдерістері объективтілігінің салдары, жаһандық қарым-қатынас ішіндегі жүйелердің бағыттаушы күштерінің өсуінен құтылуы, біздің ойымызша, ел дамуы болашағы тұрғысынан қарағанда мүмкін емес және зиянды. Жүйеге қарай ыңғайлану және елді дамыту жағынан оның мүмкіндіктерін пайдалану маңыздырақ. Біздің болжамымызша, демократизация үдерісі дамушы елдер техносферасына қайта кірушілерге тең (тең құқылы) жағдай жасауға көмектеседі.

Бірдей мүмкіндіктер, еркін бәсекелестік, даму жағдайындағы диспропорцияны жеңу, реттелген өсу туралы риторикаларға қарамастан, Батыстың қазіргі жағдайды сақтап қалуға деген құлшынысын байқауға болады. Жаһандану үдерісі, транұлттық одақтарды құру оның қолына бақылаудың қуатты күшін, шыдамдылықты, керек кезінде потенциалды бәсекелестің ликвидациясын да бере алады.

Әлем жаһандануының қиын да кереғар жағдайларында мұндай қиындықтардан шығу ұлттық-мемлекеттік білімді сақтап қалу және дамыту арқылы ғана жүзеге аса алады. Өйткені адамның қарапайым санасында ұлттық мемлекеттер қоғам ұйымдарының әмбебап формасын құрайды.

Бір жағынан, ұлттық-мемлекеттік организмдердің өзара әрекеті, өзара ықпалдастығы, өзара тәуелділігі қарқынды сипат ала бастайды. Екінші жағынан, ХХІ ғасырда ақпаратты-технологиялық даму, өндіру және айырбастау үдерісіне енген әлсіз және дамушы елдер үшін бір ғана шынайы жол аймақтық интеграция аясында өзін-өзі тәуелсіз мемлекет етіп тағайындау болмақ. Мұндай локализацияның негізін тарихи жады, әлеуметтік-мәдени дәстүр, діл, экономикалық және саяси дамудың ерекшеліктері құрайды.

Қазіргі жағдайға келсек, ұлттық организмдердің өзара ықпалдастығы күштілерді күштірек, әлсіздерді одан әрі әлсірете түседі. Бұл кезде ұлттық дамудың стратегиясы шешуші қызмет атқарады. Қазақстанда, мысалы, ол «Қазақстан-2030» стратегиялық даму бағдарламасы. Ол елдің ішкі дамуын арттырып қана қоймай, халықаралық саясатта берік байланыс орнатуды мақсат етеді. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, қатаң протекционизм мен сепаратизм әсерінен әлемдік нарыққа қатыса алмайтын елдер артта қалады. Бұл жағдайда бір ғана шешім ұлттық-мемлекеттік білімнің болашағын ақпараттық-технологиялық революция негізінде қарастыру болып табылады. Бұл кезде ерекше мәселелер тууы ықтимал, мысалы, әлемдік нарықтағы технологияға қол жеткізу құралдары ретінде экспортты қолдану, ірі инвестициялардың ғылымға, технологияға, жоғары білім алуға мүмкіндіктерін іздеу.

Бұдан шығатыны, жаһандану Батыстың батысқа ұсынған дамудың неолибералды моделі деуге болады. Батыстық даму моделінің дәстүрлі қоғам экономикасына шипалы ықпалы туралы айтып не сеніп керек емес шығар. Көптеген дамушы елдер дамудың бұл неолибералды моделін қабылдай алмайды, өйткені оның бүкіл халықтың негізгі деген қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндігі жоқ.

Жаһандану мәселелері туралы пікірталастар үшінші жолдың қалыптасуына түрткі болды. Ол Батыстың белгілі бір саяси күштерінің жаһандануының, әлемдік еркін нарықтың, ақпараттық ашықтық пен осы нарықтың электронды формада қызмет етуінің қалыптасуына айтқан жауабы болды. Э.Гидденс жаһандану мәселелерімен айналысатын ғалымдарды скептиктер мен радикалдарға бөледі. Біріншілері жаһанданудың жаңа нәрсе әкелгенімен келіспейді және «жаһандану» термині әлемдік экономика өсуінің үрдісін байқатады дейді. Радикалдар су жаңа үдеріс туралы баяндап,

еркін нарық глобализациясы, жаһандандудың экономикаға бағынбай, қоғамға, мемлекетке, адам өміріне ықпал ететін әлем дамуының басты үрдісіне айналатындығын айтады. Жаһанданду туралы тым жағымды және тым қарсы пікірлермен қатар, жаһандандуға трансформалттық реакция да кездеседі. Трансформалтшылдар дегеніміз - жаһандандуды әлеуметтік трансформацияның жаңа типіне жатқызатын зерттеушілер, бірақ оны аяқталмаған тип деп есептейді және объективті жағдайлар, қазіргі әлеуметтік үдерістердің біркелкі еместігі әсерінен де, кемшіліктерін түзеуге бағытталған саясат салдарының әсерінен де өз сипатын өзгерте алады дейді. Олар үшін жаһанданду объективті құбылыс, Батыстың бес жүз жылдық өркендеуінің қорытындысы және басқа әлем елдерінің бұл үдеріске жауабын көрсететін модернизация (Э.Гидденс, Й.Мени, Дж.Несбит).

Көптеген Батыс елдері дамудың үшінші жолын таңдайды. Э.Гидденс және үшінші жолдың басқа да жақтаушылары негізі индустриаландыру болып табылатын көптеген батыстық емес елдерге таралған қазіргі қоғамды жаһанданду нәтижесінде құрылатын қоғаммен салыстырғанда дәстүрлі қоғам деп атауға болады деп есептейді. Жекелеген елдердегі либералды реформалар олардың модернизациясының бір бөлігі болып табылса, нарықтың жаһандық либерализациясы жаңа модернизацияның құрамды бөлігіне айналады.

Жаңа (жаһандық) әлемге енуді жаңа модернизация деп атайды, өйткені оның заңдылықтары бұрынғымен сәйкес келеді. Батыс шақыруына модернизациямен жауап қатпаған елдер тәуелді бола бастады, өздеріне тән абыройына қарамастан артта қалған елдерге айналды, артта қалған елге айналған соң, ол абыройынан да айрылды.

Үшінші даму жолының өкілдері, негізінде, жаһандық, еркін нарыққа өту, соның негізінде жаңа қоғам құруды қамтамасыз ететін Батыс модернизациясының жаңа сатысын ұсынады. Осы арқылы үшінші жолды жақтаушылар жаһандандудың жаңа шақыру екенін мойындайды, сонымен қатар, олар мұны әлеуметтік саясатпен, барабар жаңа жағдаймен байланыстыруды қалайды. Батыс елдерінің бұл даму вариантын қолдануын саяси модернизацияның жаңа деңгейі ретінде көруге болады.

Қорытындылағанда айта кететін бір жайт, жаһанданду құбылысын құрушы көздер дегеніміз - адамның қожалық ету салдарынан, байланыстың дамуынан және трансұлттық одақтардың пайда болуының әсері.

Жаһанданду капитализмнің дамуымен тығыз байланысты. ХХІ ғасыр басына қарай капитализм өз қызметі аясына бүкіл әлемді тарта отырып, біртұтас әлемдік қожалықтардың құрылуын аяқтады. ХХ ғасыр аяғында экономикалық өсудің, халықтың кепілді болашағын қамтамасыз етудің қабілетсіздігін айқындаған үлкен дағдарыс орын алды. Халық әлеуметтік ұйымдардың автономдылығы мен әмбебапталған стандарттардың легитимділігі жағынан мақсатшыл бола бастады. Бұл жаңа саяси символдардың өсуіне және мәдени тиімділіктің гүлденуіне түрткі болды. Басты саяси символдарға әрқайсысы жаһанданду тәжірибесін инстуциялайтын

адам құқығы, әлемдік масштабтағы әлеуметтік орта, либералды демократизация, тұтыну құқығы, космополитизм жатты.

Қазіргі постәлеуметтік елдерге жаһандық әлемде өз орнын табу өте қиын, өйткені олардың көпшілігінде нарықтық қарым-қатынастардың белсенді өсуі мен демократизация үдерісі соңғы он-он бес жылда ғана дамып келеді. Қиын да қайшылықты жағдайдан шығудың бірден-бір амалы жекелеген елдердің ерекшеліктеріне қарай (ұлттық мемлекеттер) және халықаралық серіктестікке сүйенген өз даму моделін қалыптастыру болып табылады.

Батыстың дамыған капиталистік елдерінің жаһандануға беретін жауабы үшінші жол концепциясы болып табылады. Бұл жерде жаһандану әлеуметтік трансформацияның бір түрі ретінде көрініс табады. Жаһандық әлемге ену жаңа модернизация деп атала бастады, сондықтан да модернизацияның танымал және жақсы құрастырылған теорияларына сүйене отырып, постәлеуметтік елдердегі қазіргі әлеуметтік үдерістерді зерттеу мүмкін болып табылады.

Жаһандануды қалай бағаласақ та, ол қазіргі өмір сүрудің дәлелі бола алады. Әлеуметтік ғылым үшін жаһандану ұғымының маңызы бүкіл әлемді бір жерге жинақтайтын үдеріс – жаһандық жүйеге назар аудартуында. Жаһандануды зерттеу жалпы әлеуметтік-ғылыми мойындаудың бір бөлігі болып табылады. Одан шартты бірліктер мен талдау дәрежелерінің (жеке, жалпы, социеталды, ұлттық, халықаралық) әлеуметтік тәжірибе мен ұйымдардың жеке аясы болып табылмайтындығы, тек қана өзара байланысатындығы шығады.

Рональд Робертсонның мәдени центристік теориясы

Жаһанданудың ең танымал теорияларының бірі Рональд Робертсонның (АҚШ) мәдени центристік тұжырымдамасы болып табылады. Робертсон әлеуметтанушылар арасында алғашқылардың бірі болып “жаһандану” терминін қолдана бастады. Робертсонның басты жорамалы, мемлекеттердің халықаралық жүйесі Толкотт Парсонстың атақты AGIL схемасы шеңберінде бейнелене алады дегенге келіп саяды. Робертсон теориясының мәдени центристігі мемлекеттер ықпалдасуының басты бағытын мәдени жүйеленудің орнығуы деп есептеуінен көрінеді.

Робертсон қазіргі замандағы әлем жаһандануының мынадай сатыларын көрсетеді: А кезеңі немесе жаңадан пайда болу кезеңі, ол XV-XVIII ғасырлар деп көрсетілген. Жаһандық әлемнің пайда болуына Еуропада діни тұтастықтың бұзылуы, бүкіл планеталық әлем картасының пайда болуы, астрономиядағы гелиоцентристік жүйе және адамзат туралы алғашқы мәліметтер әсер етті. Б кезеңінде жаһандық жүйе пайда болды (1750- 1850). Бұл кезеңде халықаралық дипломатия жүйесі орнығып, азаматтық ұғымы түпкілікті қалыптасады, мәдени салыстырмалылық жүреді: халықаралық көрмелер пайда болады, еуропалық емес елдерге енген халықаралық коммуникация жүйесі дүниеге келеді. В кезеңі жаһандық әлемнің шарықтау сатысы ретінде түсіндіріледі (1875-1925). Бұл кезеңде әлемді төрт жүйелену:

экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени жүйелену ретінде ұғыну айқындала түседі және ортақ күнтізбе қабылдау іске асады. Алғашқы халықаралық сайыстар (Олимпиадалар) мен мәдени фестивальдер заңды түрде бекітіледі. Г кезеңі гегемония үшін күрес кезеңі (1925-1969). Бұл екінші дүниежүзілік және “қырғи-қабак” соғыстар кезеңі, әлемдік саяси-құқықтық жүйенің қалыптасу кезеңі. Робертсон адам құқықтарын қорғау саясатының қалыптасу мәселесіне зор көңіл бөледі. Бұл кезең сонымен бірге “үшінші әлем” тақырыбының пайда болуымен маңызды. Және соңғысы, Д кезеңі - белгісіздік кезеңі (1969 жылдан осы кезге дейін). Сыртқы кеңістікті зерттеу кезеңі, бұл жерде ғарыштық зерттеулер, адам құқықтары туралы халықаралық пікірталастардың шығуы және кейінгі материалистік құндылықтарды насихаттайтын пайымдаулардың таралуы туралы сөз болып отыр. Жаһандық феминистік және экологиялық қозғалыстардың пайда болу сатысы, шын мәніндегі жаһандық бұқаралық-медиа, ғарыштық коммуникациялар дүниеге келеді. Халықаралық қатынастар күрделілене түседі.

Энтони Гидденстің жаһандану теориясы

Энтони Гидденс - теориялық әлеуметтану мәселелерін зерттеуге зор үлес қосқан қазіргі заманғы ірі әлеуметтанушылардың бірі.

Гидденс, Р.Робертсон секілді, жаһандануды жаһандық модернистік жобаның бір бөлігі деп тұжырымдап, оның басты үш ерекшелігін бөліп көрсетеді:

(1) кеңістік пен уақыттың өзгеруін ол іс-әрекеттің белгілі бір кеңістікке үйреншікті болуының азаюы және әлемдік ауқымдағы оқиғалардың үндесуі деп түсінеді, бұл жерде әңгіме жаһандық коммуникацияның пайда болуы жайында болып отыр;

(2) әлеуметтік институттар жергілікті жерлерден (“орындардан”) қол үзсе “жеміссіз” болып қалады. Тек үлкен жүйелер ғана өзгеріп қоймайды, сондай-ақ әлеуметтік тәжірибенің жергілікті және тіпті жеке астарлары өзгереді, бұл қақтығыс пен әлеуметтік жіктеудің жаңа жүйелерін тудыратын көптеген карама-қайшылықты процестерді білдіреді. Басқа сөзбен айтқанда, Гидденс Валлерстайнға қарағанда жаһандануды таза экономикалық процесс және феномен ретінде түсіндірмейді;

(3) әлеуметтік білімнің әсері, тәжірибелік білімге деген бағдар өсе түседі. Қазіргі әсерлі қоғамның өзін Гидденс жүрісін жылдамдата беретін күйме бейнесінде елестетеді. Осы заманғы институттардың бәрі әмбебаптылық жағына қарай өзгереді: капитализм, индустриалану, қадағалау, күштеу құралдарын монополиялау, халықаралық еңбек бөлінісі, әлемдік әскери тәртіптің қалыптасуы. Жаһандану тек қана әлемдік капиталистік жүйені экспансиялау мен мәдени біртектіліктің орнығуынан ғана тұрмайды. Әрине, Гидденс стандарттау үрдісінің әсіресе түрленім нысанында болатынын көрсетеді, себебі капиталистік өндіріс пен бөлу қазіргі заман институттарының басты құрамдас бөліктерін қалыптастырады.

Энтони Гидденстің жаһандану теориясындағы басты нәрсеге - модернистік жергілікті әдет-ғұрып пен дәстүрге тигізетін ықпалына, жергілікті және жаһандық диалектикаға назар аудару қажет. Гидденстің ойынша, жеке

адамның таңдау мүмкіндігі жоқ әлеуметтік мәжбүрлеу жағдайы ретіндегі іс-әрекетке ешқашан ортақ бола алмайды. Таңдаудың болмауы әрекеттің оған берілетін жауаппен алмастырылғанын білдірмейді. Агенттілік тікелей немесе жанама түрде құрылымның бір бөлігі болуы мүмкін. Перифериядағы іс-әрекеттің әлем-жүйені ұстап тұруда өмірлік маңызы бар. Гидденс жеке адамдарды өзінің салдары бойынша жаһандық болып табылатын әлеуметтік ықпалды жүргізушілер ретінде көрсетеді. Дәл осы сарында жергілікті өзгерістер мәселесі кеңістік пен уақыттағы байланыстардың кеңеюі ретінде ұғынылатын жаһанданудың бір бөлігі болып отыр.

Сонымен, біз Энтони Гидденстің жаһандану теориясы, мәселен Валлерстайнның әлемдік жүйелік сараптау теориясына қарағанда жоғары деңгейдегі жеке-дара агенттілікті баса көрсететінін байқаймыз.

Эммануил Валлерстайнның әлем-жүйе теориясы

Жүйелілік сараптау әлемі теориясын қарастыруды әлемдік-жүйелік сараптаудың басты жорамалдарын талдаудан бастаған тиімді болады:

1. Әлем-жүйе перспективасы “ұлттық мемлекет” уақытына қарай “дамитын” “салыстырмалы түрде автономды “қоғам” екендігін теріске шығарады.

2. Ұзаққа созылғандық - әлемдік жүйенің басы, жалғасы, соны бар уақыттық арақатынасы.

3. Қазіргі әлем-жүйе бүкіл жер шарын алып жатыр және әлемдік капиталистік экономика болып табылады.

Ф.Бродельдің идеяларына айтарлықтай сүйенген Валлерстайн бұрын әлеуметтанушылар негізсіз түрде елемей келген “ішкі” және “сыртқы” факторлардың бағыныштылығы мен өзара тәуелділік қатынастарын неғұрлым айқындай түсті.

Валлерстайн өзінің жүйелік сараптау әлемі теориясында әлемдік капиталистік экономиканың негізгі сипаттарын жасады:

1. Капиталдың үздіксіз жинақталуы - оның қозғаушы күші.

2. Капиталдың жинақталуы орталық-периферия сызығы бойынша бөлінуге сәйкес кеңістікте сараланған.

3. Жартылай периферия құрылымды түрде өмір сүреді.

4. Ақысы төленбеген еңбек әлемдік капиталистік экономика өмірінде үлкен рөл атқарады.

5. Капиталистік әлем-жүйе халықаралық жүйемен қарым-қатынаста болады.

6. Қазіргі әлемдік экономиканың қайнар көзі XVI ғасырда жатыр.

7. Географиялық жағынан ол Еуропада басталып, кейін бүкіл әлемге тарайды.

8. Дербес мемлекеттер гегемондар болады.

9. Мемлекеттер, этникалық топтар мен шаруашылықтар ұдайы пайда болып, қайта жаңғырып отырады.

10. Жүйені бір мезгілде күйзелтетін және қолдап отыратын жүйеге қарсы қозғалыстар болады.

11. Нәсілшілдік пен сексизм іргелі, ұйымдастырушы және тәртіпке келтіруші принциптер болып табылады.

12. Әлем-жүйе өмірі орта мерзімді тізбекті ырғақпен, сондай-ақ ұзақ ғасырлық үрдістермен белгіленген.

Жаһандану сараптамасының ең маңызды қағидалары ретінде Валлерстайн мыналарды бөліп көрсетеді:

1. Жаһандану процесі модернизациямен қатар жүреді. Оған мемлекеттер арасындағы интернационалдық байланыстардың “эконо-микалық жүйелеу процесі” мен сананың жаһандық мәдениетінің пайда болуы кіреді.

2. Жаһандануға планетада бар барлық жеке-дара байланыс-тардың жүйелі өзара іс-әрекеті кіреді.

3. Кеңістік тарылып, уақыттық айырмашылықтар азайды. Жаһандық өзгерістерге кеңістіктің феноменологиялық қашықтауы мен уақыттың жинақталуы кіреді.

4. Планетаны мекендеушілер әлемге біртұтас нәрсе ретінде қарады.

5. Әмбебаптылық пен саяси бейтараптық ендігі жерде ескірді.

6. Тәуекел мен сенім жаһандық деңгейде кеңейді.

7. Жаһандану - әлеуметтік өмірдің, әлеуметтік жүйенің прогрессивті мәдениеттендірілуінің бір қыры. Жаһандық мәдениет туралы мәселе көтерілгенде, еуро-американ әлемі өз мәдениетін қалған әлемге еріксіз түрде енгізетіндігі туралы тағы да бір рет қайталаудың қажеті жоқ. Бірақ, Валлерстайн жаһандануды басқаша түсінеді, ол оны жаңа жаһандық мәдениеттің пайда болуы, әрбір нақты мәдениеттерде жаңа әлеуметтік астардың шығуы деп ұғынады. Валлерстайн мәдени үйлестіруші жүйе деп белгілеген геомәдениет ұғымын енгізеді, әлем-жүйе осыған қызмет етеді. Геомәдениет бірде-бір тарихи жүйе онсыз өмір сүре алмайтын нормалар мен құндылықтарды тудырады. Осыған байланысты аудитория алдына мынадай сұрақ қоюға болады: бұл жерде геомәдениеттегі бірнеше мәдениеттер туралы немесе оның шеңберіндегі әр түрлі мәдени саясаткерлер туралы сөз болып отыр ма? Валлерстайнның өзі үшін либерализм, консерватизм, радикализм - үш түрлі идеология емес, консервативті және радикалды бағыттағы идеологиялық бір отбасы болғанын атап өту қажет. Ұлтшылдық пен интернационализм, әмбебаптылық пен саяси бейтараптық арасындағы айырмашылықтар - модернизмнің тарихи географиясының құрамдас бөлігі, капита-листік дамудың саяси және интеллектуалды пейзаждарының тұрақты ерекшеліктері. Солай бола тұрса да, әлемнің біртұтастығы туралы жорамал қазіргі әлемде болып жатқан нәрселерді түсінуді жеңілдетпейді.

Валлерстайн үшін әлем-жүйе ең алдымен экономикалық жүйе екендігіне қарамастан, әлем-жүйе теориясын бейнелеу мен сарап-тауда ол мәдениет пен ұқсастықтың жаһандық қырларына үлкен көңіл бөледі. Капиталистік әдіснама оларды тарихи байланыстыра отырып, мәдениет пен экономика арасындағы өзара байланыс проблемасын өзінше шешеді. Капитализм мәдениетті “экономикалан-дырудан” басталады. Әлем-жүйенің қозғаушы қисыны капиталдың жинақталуынан басталады. Экономика - модерннің негізгі бөлігі, ал экономикалық адам - ұтымды субъектінің ішкі мәні.

Капитализм құндылықтар жүйесі болып табылады, ақша адамдарды бір қауымдастыққа біріктіреді. Мәдени кодтар ақша және тауар секілді капитал айналымына енгізілген. Сондықтан мәдени нысандар капиталды ұдайы өндірудің күнделікті процесінде орныққан.

Жалпы, көріп отырғанымыздай, тарихи-әлеуметтану әлемінің жүйелік пайымдаулары мәдени ерекшеліктерді назардан тыс қалдыра отырып, ең бастысы экономика саласының ролін жиі қарастыра отырып, осы саланы зерттеуге шоғырланады. Кейбір жағдайларда экономикалық тұрғыдан анықталмаған факторлар ескерілмейді. Сондықтан жүйелік сараптау әлемі, жаһандық өзгерістерді ұғынудың өркениеттік тәсілдеріне қарама-қайшы емес, керісінше оларды толықтырады. Әлеуметтанудағы ең өзекті тақырыптардың бірі - “құрылым-қызметкер” пікірталасында бұл тәсіл, тәуелсіз және оны барлық деңгейде – жеке адамнан бастап халықаралық ұйымдарға дейін қамтитын тарихи жүйенің жеке даму қисыны бар деп шешеді.

Сонымен, әлем-жүйе орталығы дамыған елдер болып табылады, бұл Валлерстайнның антропологтар сынаитын осал жерін көрсетеді. Бұл жерде әңгіме Валлерстайнның жаһандану процесіндегі периферияны елемей тураны болып отыр. Валлерстайнның жаһандану процесі бүкіл әлемді қамтитындығы туралы; периферия елдері әлем-жүйе өзегінің елдеріне қарсы тұра алмайтындығы туралы; біртіндеп әр түрлі елдер арасындағы мәдени айырмашылықтар жойылатындығы туралы тұжырымдары сын үшін тағы да бір объект болып шығады. Сонымен бірге әлем-жүйе тәсілінің перспективасы, үлкен жүйеге кіретін қауымдастықтар қалайша үлкен жүйелерден қорғанып, қызмет ететіндігін зерттеу болып табылады.

Жалпы алғанда, Валлерстайнның әлем-жүйе теориясы мен Гидденс пен Робертсонның жаһандану теориялары арасында белгілі бір айырмашылықтар бар екендігін атап өту қажет. Көріп отырғанымыздай, мысалы, Валлерстайн жаһандануды негізінен экономикалық феномен деп түсінсе, Гидденс пен Робертсон жаһандануды тек экономикалық процестермен ғана ұқсастырып қоймай, өз сараптамаларында оны оқшаулау, мәдениет және ұқсастық процестерімен байланыстырады.

Мануэль Кастельс: ақпараттық экономика және жаһандану процесі

Мануэль Кастельс - қазіргі әлемдегі ең беделді әлеуметтік ойшылдар мен зерттеушілердің бірі, АҚШ-тың Калифорния университетінің (Беркли) профессоры. 1996-1998 жылдары М.Кастельс өзінің қазіргі әлем туралы көп жылдық зерттеулерінің қорытындысы болып табылатын іргелі үш томдық монографиясын жариялады: “Information Age: Economy, Society and Culture, Vol. 1-3 Oxford: Blackwell Publishers, 1996-1998”. 2000 жылы Мәскеуде Кастельстің “Ақпараттық дәуір: экономика, қоғам және мәдениет” атты еңбегінің алғашқы томы орыс тілінде жарық көрді.

Кастельстің ақпараттық экономика мен жаһандану процесі туралы көзқарастарын талдауды оның қолданатын ұғымдарын анықтаудан бастаған жөн. Біз үшін ақпараттық экономика, ақпараттық технологиялар ұғымдары үйреншікті болып табылатындығы белгілі. М.Кастельс информационализм, ақпараттық экономика сияқты ұғымдарды қолданады. Кастельстің

информационизмі, мәдениет пен институттардың сан алуандығына қарай әр түрлі формада көрініс табатын жаңа әмбебап әлеуметтік құрылымның пайда болуын білдіреді. Бұл жаңа әлеуметтік құрылым немесе өз кезегінде ХХ ғасырдың соңындағы өндірістің капиталистік әдісінің қайта құрылу нәтижесінде қалыптасқан информационизм. Соңғы жиырма жылда бір мезгілде қалыптасқан экономиканы Кастельс ақпараттық және жаһандық деп түсінеді. “Ақпараттық - өйткені бұл экономикадағы (мейлі, ол фирма, аймақ немесе ұлт болсын) агенттер мен факторлардың өнімділігі мен бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте олардың білімге негізделген ақпаратты жасау, өңдеу және тиімді пайдалану қабілетіне байланысты. Жаһандық - себебі, өндіріс, тұтыну және тауарлар мен қызмет көрсетулердің айналымы сияқты экономикалық қызметтің негізгі түрлері, сонымен бірге оны құраушылар (капитал, еңбек, шикізат, басқару, ақпарат, технологиялар, нарық), тікелей экономикалық агенттерді байланыстыратын тармақталған желіні қолдану арқылы жаһандық көлемде ұйымдастырылады және, соңғысы, ақпараттық және жаһандық - өйткені жаңа тарихи жағдайларда өнімділіктің белгілі бір деңгейіне жету мен бәсекелестіктің болуы тек жаһандық және өзара байланысты желінің ішінде ғана мүмкін”. Жаһандық желі, Кастельстің ойынша, осындай жаңа экономиканың пайда болуына қажетті материалдық базаны қамтамасыз еткен ақпараттық технологиялар саласындағы революция нәтижесінде тек ХХ ғасырдың соңғы ширегінде ғана пайда болды. Бұл бастапқы пікірлер еді.

Кастельстің жаһандық экономика туралы көзқарастары ерекше қызығушылық тудырады. Кастельстің пайымдауынша, жаһандық экономика - бүкіл планета ауқымында, нақты уақыт режимінде біртұтас жүйе іспетті қызмет ете алатын экономика. Өндірістің капиталистік әдісі уақыт пен кеңістіктің шегінен өтуге тырысып, үздіксіз дамыды, алайда тек ХХ ғасырдың соңына қарай негіздемесі ақпараттық және коммуникациялық технологиялар болып табылатын жаңа инфрақұрылым негізінде ғана әлемдік экономика шын мәнінде жаһандыққа айналды. Шындығында да тарихта алғаш рет капиталды басқару, нақты уақыт режимінде жұмыс істейтін жаһандық қаржы нарықтарында үздіксіз жүзеге асады: әрбір секунд сайын электронды режимде бүкіл әлем бойынша миллиардтаған долларларға келісімдер жасалады. Басқаша айтқанда, капитал ағымдары жаһандық сипатқа ие болып, сонымен бірге жеке экономиканың қызметіне тәуелсіз бола бастайды.

Еңбек нарығы, Кастельстің пайымдауынша, кішкентай, бірақ та дамып келе жатқан кәсібилер мен ғалымдар бірлігін қоспағанда, жаһандық болып табылмайды. Алайда еңбек, Кастельстің пікірінше, үш арна арқылы жасалатын жаһандық ресурс болып табылады: (1) фирмалар машық, шығын немесе әлеуметтік жағдайларға байланысты еңбек ресурстарын табу үшін әлемнің кез келген жерінен өз орнын таңдай алады; (2) фирмалар кез келген жерде жан-жақтан жоғарғы білікті жұмыскерді өзіне тарта алады, егер де жоғары жалақы ұсынса, ол оған қол жеткізеді; (3) адамдар өз қалауымен

жоқтықтан, соғыстан және балаларының қамын ойлап әлемнің кез келген нүктесінен кез келген нарыққа бара алады.

Ғылым, технология мен ақпарат та жаһандық ағымдарға жинақталған. Мысалы, жаһандық өзара байланысты жүйеде білім алмасу ғылымның жылдам даму шартына сәйкес келуімен қатар интеллектуалды жеке меншікті бақылауға кедергі болады.

Тауарлар мен қызмет көрсетулер нарығы, еркін сауда мен тамыр-таныстыққа шектеу қоятындығына қарамастан, барған сайын жаһанданып жатыр. Әрине, бұл барлық фирмалар өз өнімдерін бүкіл әлем бойынша сатып жатыр деген сөз емес, алайда ол шағын немесе ірі фирманың стратегиялық мақсаты өз өнімдерін бүкіл әлем бойынша сату екендігін көрсетеді. Сонымен бірге, Кастельстің ескертуі бойынша, мысалы, мемлекеттік қызмет немесе бөлшек сауда сияқты жеке салаларды ұлттық мемлекеттер мәдени не институционалды құралдар арқылы әлемдік бәсекелестіктен қорғайды.

Сонымен, Кастельстің пікірінше, қазіргі ақпараттық экономика жаһандық режимде жұмыс істейді. Бірақ ешқандай халықаралық экономика бұлай жұмыс істемейді. Кастельстің пікірінше, халықаралық экономика жаһандық болып табылмайды. Ол жаһанданудың қандай шектерін көреді? Біріншіден, Кастельстің пікірінше, тіпті өндірістің стратегиялық маңызды салалары мен ірі фирмалар үшін нарық толық ықпалдасудан әлі алыс. Екіншіден, қаржылық ағындар валюталық және банк операцияларын іске асыру ережелерімен шектелген; иммиграциялық бақылау мен адамдар ксенофобиясы нәтижесінде еңбектің жинақылық деңгейі төмендеуде; аса ірі ұлттық корпора-циялар өз активтерін бұрынғыша тарихи отанында орналасқан стратегиялық командалық орталықтарда ұстайды.

Кастельстің жаһандану процесін сынаудағы тағы бір оңтайлы жері - мемлекеттің белсенді позициясын және жаңа экономиканың құрылымы мен серпінді дамуына әсер ететін ұлттық үкіметтердің маңызды рөлін елеспескермеу деуге болар еді. Қазіргі таңда, Кастельстің пікірінше, дербес мемлекеттер немесе, мысалы, Еуропалық Одақ секілді осы тектес мемлекеттердің одағы өмір сүргенге дейін, толығымен ықпалдасқан ашық әлемдік еңбек, технологиялар, тауарлар мен қызмет көрсету нарығының пайда болуын болжауға болмайды. Оның үстіне, БҰҰ-ның Ұлттық шеңберден тысқары корпорациялар жөніндегі орталығы өткізген зерттеулер нәтижесі көрсеткендей, корпорациялардың мемлекетке тиісті болуы корпоративті мінез-құлыққа толығымен сәйкес келеді. Мысалы, жапондық аса ірі ұлттық корпорациялар, негізгі қаржылық және технологиялық активтерін өздерінде ұстай отырып, жапон үкіметі тарапынан жан-жақты қолдау көрді. Бұл еуропалық аса ірі ұлттық фирмаларға да қатысты. Мәселен, немістің аса ірі ұлттық алпауыты Фольксваген Германияны біріктіру міндетін іске асыру үшін Батыс Еуропа елдеріндегі инвестиция көлемін қысқартып, тәуекелге бел буып, Шығыс Германиядағы қаржы істеріне ақша салды.

Саяси стратегия құралы ретінде экономикалық бәсекелестікті белсенді түрде пайдаланатын ұлттық мемлекеттер мен ұлттық үкіметтер болғанға дейін,

жаһандық экономика ішінде аймақтық жіктелу тудыратын маңызды экономикалық аймақтар арасында шекаралар да болады.

Жаһандық экономиканы Кастельс басты үш өңірге бөледі: Солтүстік Америка, Канада мен Мексиканы қоса, Еуропалық Одақ және Азия-Тынық мұхиты өңірі, бұл өңірлердің әрқайсысында өзінің ықпал ету орталығы бар. Әлемнің басқа өңірлерінің бәрі осынау байлық, билік, ықпал ету мен технологиялар үшбұрышының айналасында иерархиялы және асимметриялы өзара байланысқан желіге топталады. Сонымен бірге түрлі елдер өз жағалауларына капитал, еңбек пен технологияны тарту үшін өзара бәсекелеседі. Өңірлерге бөлінген жаһандық экономика ұғымы Кастельс үшін қарама-қайшы болып табылмайды. Осыған байланысты Кастельс, өңірлерге іштей бөліну ақпараттық/жаһандық экономиканың жүйелі сипаттамасы деп есептейді, өйткені мемлекет институты экономикалық жүйемен емес, қоғам арқылы пайда болады. Сонымен Кастельс былай деп қорытады: “Ақпараттық экономикада тарихи қалыптасқан саяси институттар мен неғұрлым жаһандық экономикалық агенттер арасындағы өзара іс-әрекеттің күрделі процестері ерекше маңызға ие болады”.

Кастельс жаһандық экономикадағы бәсекелесе алатын көздерді қарастырады. Жаһандық экономиканың құрылымы көбіне экономикалық агенттер мен жергілікті құрылымдар арасындағы мынадай негіздемелердегі бәсеке арқылы анықталады:

(1) Кастельс “ғылым - технология - өндіріс - қоғам” жүйесі ретінде түсінетін технологиялық қуаттылық, бұл жерде әңгіме әрбір деңгей үшін білім беру жүйесі маманданған адам ресурстарының қажетті мөлшерін қамтамасыз ететін, біртұтас құрылым ішіндегі ғылымның, технологияның, менеджмент пен өндірістің байланыс-тылығы туралы болып отыр.

(2) Еуропалық Одақ, АҚШ, солтүстік америкалық сауда өңірі мен Жапония сияқты ірі, ықпалдасқан және бай нарыққа жол ашу.

(3) Өндіруші жақтың өндірістік шығындары мен мақсатты нарықтағы бағалар арасындағы айырмашылық

(4) Жаңа жаһандық экономикадағы бәсекелесе алу мүмкіндігі ұлттық және ұлтаралық институттардың елдердің немесе қарамағындағы өңірлердің даму стратегиясын басқара алудың саяси мүмкіндіктеріне айрықша байланысты.

Аталған факторлар, бірге әрекет ете отырып, жаңа жаһандық экономика жағдайындағы фирмалар, аймақтар мен елдер арасындағы бәсекелестік нысаны мен серпінін анықтайды, сөйтіп осы арқылы халықаралық еңбек бөлінісінің жаңа жүйесіне енеді.

М.Кастельс Ресей мен бұрынғы кеңестік республикалардың экономикасына бөлек тоқталып өтеді. Осыған байланысты М.Кастельстің 1984 жылдан бастап КСРО-ға бірнеше рет келгендігін, ал 1992 жылы көктемде Ресей Федерациясының Үкіметі шақырған сарапшылар тобын басқарғанын ескере кету қажет. Халықаралық экономиканың күрделіленуі мен қайта құрылымдалуына, басқасын былай қойғанда, Кеңес империясының

құлауы және бұрынғы кеңес республикаларының біртіндеп жаһандық экономикаға қосылуы әсер етті.

Кастельстің пікірінше, Ресей экономикасы басқа да кеңестік республикалардың экономикасы сияқты әлемдік экономикалық жүйемен, капиталдардың, тауарлар мен технологиялардың әлемдік айналым жүйесімен байланыссыз дами алмайды. Кастельстің пайымдауынша, әлсіз, бірақ та дамыған капиталистік елдер мен халықаралық қаржы институттары тарапынан қолдау көрсетілген кездегі нарықтық экономикаға өту шет ел капиталының бұрынғы командалық экономикада әрекет етуіне мүмкіндік беретіндей макроэкономикалық саясат жүргізуді білдіреді. Мұны біздің тәжірибеміз айқын көрсетіп отыр.

Ресейдегі шет ел капиталы Ресей экономикасына мүмкіндігінше аз кірісіп, энергетикалық және табиғи қорларға, сондай-ақ тиімді қаржылық мәліметтерге қол жеткізуге бағытталады.

Ресейдің жаһандық экономикамен байланысын қоса алғанда, оның нарықтық экономикаға өту серпінінің мәнін Кастельс аса зор көлемде капиталдың бастапқы жиналуы немесе қарапайым сөзбен айтқанда, жаһандық капитализмнің терезесі тең әріптес болуға ұмтылатын ескі аппаратшылар табының Ресей байлығын тонауы деп біледі. Сауда базасы ретінде киоскілердің квазиформальды емес экономикасы, аштан өлмеу үшін бақшада көкөніс өсіру - Кастельс Ресейдің нарыққа көшуінің тіректері деп біледі. Толығымен жаһандастырылған Ресейдің шағын бөліктері мен жергілікті экономикаға тартыла бастаған халықтың басым бөлігінің арасындағы өсіп отырған алшақтықтың Ресейде қарсылықсыз дамуы екіталай. Орыстардың жады осыншама қысқа екендігіне мен сенбеймін дейді Кастельс.

Қорыта келгенде, М.Кастельстің ақпараттық жаһандық экономикасы туралы мынадай түйін жасауға болады. Жаһандық экономиканың құрылымы тұрақты архитектураның өзгермелі геометриямен ұштасуы арқылы сипатталады. “Жаһандық экономика архитектурасы, басты үш экономикалық өңір төңірегінде ұйымдастырылған және өнімді, гүлденген, ақпаратқа бай салалар мен экономикалық және әлеуметтік құнсызданған, жағдайы нашар салалар арасындағы қарсы тұру белдігі бойынша алшақтай түсетін, ассиметриялы өзара байланысты әлемді бейнелейді”.

Осынау айқын архитектура шеңберінде, жаһандық экономикаға өзгермелі геометрия енгізетін бәсекелестік пен өзгерістердің серпінді процестері жүреді. Төрт позиция төңірегінде құрылған халықаралық еңбек бөлінісінің жаңа құрылымының пайда болуы туралы мәселе көтеріліп отыр. Бұл позициялар: ақпараттық еңбекке негізделген жоғарғы құнды өндірушілер; төмен жалақылы еңбекке сүйенетін жоғарғы ауқымды өндірушілер; табиғи қорларға негізделетін шикізат өндірушілері; және еңбегі құнсызданған басы артық өндірушілер.

Қазіргі әлем - көбінесе шекарасы жоқ әлем, аумағы мен арақашықтығын, өзінің бұрынғы маңызын жоғалтқан әлем, уақыт өз жүрісін жылдамдататын

әлем. Бұрын айлар мен жылдар кететін болса, енді бірнеше сағат қана жұмсалуды мүмкін.

Жергілікті және жаһандастырылған қоғамдар тұрғысынан алғанда ең маңызды мәселе қалыптасып келе жатқан жаһандық қоғам мен ұлттық-мемлекеттік құрылымдар арасындағы қатынас үлгісінің проблемасы болып табылады. Байқап отырғанымыздай, бұл жерде барлығына болмаса да, көптеген елдер үшін әрекет етудің қандай да бір ортақ үлгісі жоқ. Жаһанданып жатқан әлем мен ұлттық-мемлекеттік құрылымдар арасындағы қатынастар қалайша орнығатындығы, көбіне қоғамның типі, оның экономикасының даму деңгейі, қолда бар ресурстары, оның творчестволық әлеуеті арқылы анықталады. Жаһанданып жатқан әлем мен қандай да бір ұлттық-мемлекеттік құрылымның қатынасы, көбіне оның сыртқы әлеммен қарым-қатынасының сипатына байланысты белгіленеді.

Жаһандануда қақтығысудың күшті үшқындары болады. Бұл жерде, мысалы, адамзат қауымдастығының саяси және әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіндегі “күлдыраулар”, өмір сүру қалпы, болмыстың басты мәселелеріне қатынас туралы сөз болып отыр. Жаһандану тудыратын шиеленістің маңызды көздерінің бірі, жаһандану процесіне қатысушылардың әлеуетті мүмкіндіктеріндегі айырмашылықтар. Қалыптасып келе жатқан әлем негізінде кез келген ру мен тап құрылымының орнығуындағы теңсіздік сияқты классикалық фактор жатыр. Рөлдердің бөлінуін белгілейтін бастапқы мүмкіндіктердің теңсіздігі, жаһанданудың ұтқан мен ұтылғандар арасындағы болашақ жанжал отын тұтатады. Жаһанданудың дамуындағы тағы бір осал жер - мемлекеттік институттар, саяси құрылымдар. Жаһандану мәселесін зерттейтін ғалымдардың барлығының дерлік мойындауынша, ең күрделі проблема адамзаттың мәдени сан алуан болуында. Самуэль Хантингтонның келешектегі өркениеттер қақтығысы туралы танымал тезисін жақтаушылар көп, алайда түрлі мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы әрекеттестікті орнықтыру мен түсіністікті сақтау - адамзат үшін неғұрлым тиімді жол екені даусыз.

Интернационалдандыру дәуірінде жаһандық қауымдастықтар элитарлық әлеуметтік-кәсіби топтардан тұрды. Бұлар ірі саясаткерлер мен интеллектуалдар, халықаралық шенеуніктер мен дипломаттар, уағыздаушылар мен барлаушылар, сыртқы әлемге бағытталған басқа да мамандық өкілдері болды. Бүгінгі таңда халық жаппай жаһандану процесіне тартылуда. Мысал ретінде бүкіләлемдік интурист желісін пайдаланушы 304 миллион адамды келтіруге болады. Әрине, дүние жүзін қамтыған электронды желінің тығыздығы елдер мен континенттер бойынша мүлдем біркелкі емес. Өткен ғасырдың 90-жылдарының аяғында Интернетті пайдаланушылардың 88 пайызы дамыған елдерде тұрған, ал олар әлем халқының 15 пайызын құрайды. Планета тұрғындарының 5 пайызын құрайтын АҚШ пен Канадада Интернетті пайдаланушылардың 50 пайыздан астамы шоғырланған.

Ақырында, тағы да бір маңызды тақырып - жаһандық даму акторларының мәселесі. Әңгіме жаңа әлемдік тәртіпті жай ғана кезекті халықаралық

катынастар жүйесі ретінде емес, азды-көпті тұтас әлемдік құрылысты қалыптастыру туралы болып отыр.

Әлемдік құрылыстың қазіргі маңызды жүйе құраушы сипаттамасы мынаған келіп саяды: жер шарының 15% халқын құрап отырған Батыс әлемдік қордың, сауданың, өндірістің, тұтынудың 70%-дан астамын бақылап отыр, бұл дүние жүзі бойынша көптеген бағдарламалары бар Дүниежүзілік банк, Халықаралық валюта қоры, НАТО сияқты қазіргі әлемді бақылау мен басқарудың күшті механизмдерімен ұштасады.

Сонымен бірге жаһандану акторларын нақты бір нысанда орнықтыру қиынға соғады. Бұл жерде АҚШ пен Еуропа арасындағы қарама-қайшылықтар, Батыс Еуропа елдері ішіндегі теке тірестер, Жапонияның талаптары және осыған байланысты АҚШ-тың немесе Еуропа мемлекеттерінің реакциясы туралы айтылып отыр. Қазіргі әлемді зерттеушілер қалыптасып келе жатқан әлемдік тәртіпті “жаңа әлемдік тәртіпсіздік” деп атауы кездейсоқ емес.

Э.Гидденстің, Р.Робертсонның, М.Кастельстің жаһанданудың қазіргі заманғы әлеуметтану тұжырымдамаларын сараптау жаңа заманның жаһандану процесіндегі мынадай құрамдарды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

1. Жаһандық сатыға өту барысындағы өзгерулердің ауқымдылығы мен кешенділігі. Әлеуметтанудағы сараптауға бұл құрам әлеуметтанушының әлеуметтік өзгерістердің кеңістіктік және географиялық өлшемдеріне назар аударғанын білдіреді.

2. Жаһандық құндылықтар жергілікті немесе өзіндік құндылықтар тұрғысынан басым болады, бұл жаһанданудың жергілікті қауымдастықтардың ең терең құрылымдарына енуінен көрінеді. Оның үстіне “жаңасы” – жаһанданумен, ал “ескісі” жергілікті әлеммен байланыстырылады, Жаһандану және жергілікті ету процестері қоғам архаизациясы сияқты процеспен қабат жүреді. Бұл жерде примордиалды, бұрынғы феномендердің қайта өрлеуі, этникалық, нәсіл және жыныс секілді феномендердің маңызының өсуі туралы сөз болып отыр. Жалпы қазіргі заман қоғамдарында тең түрде ұтымдылық сияқты фрейдтік ід орын алған мозаикалық әлеуметтік үлгілер қалыптасуда.

Сонымен, жаһанданудың тамыры, жоғарыда көрсетілгендей, ғасырлардың немесе тарихтың тереңінде жатыр, дегенмен жаһандану негізінен - жиырмасыншы ғасырдың феномені. Қоғамдық және әлеуметтік ғылым мамандары әлі де ұзақ уақыт бойы өткен жиырмасыншы ғасыр туралы пікірталаста болады. Алайда оның басты қорытындыларының түбегейлі қайта қарастырылуы екіталай: адам құқықтарының басты маңызы бар, демократия тиранияға қарағанда күштірек, нарық командалық экономикаға қарағанда өзінің тиімділігін дәлелдеді. Тарихи түрде жасаушы және белсенді үгіттеуші Батыс болып табылатын осы құндылықтар мен нұсқамалар жүйесі қазіргі заманда мойындалып, кең қолдау тапты және бүгінгі таңда жаһанданудың идеялық іргетасын құрайды.

1.6. Құрылымдық теориялардың даму бағыттары

“Қайраткер - құрылым” теориялары қазіргі қоғамды зерттеудің құралы ретінде

Қазіргі әлеуметтану теориясындағы шешуші проблемалардың бірін “қайраткер - құрылым” дилеммасы құрайды.

“Қайраткер - құрылым” теориялары құрылымдық теориялар тобына жатады және қазіргі қоғам қызметін түсіндіруде тиімді теориялардың бірі болып табылады. Әңгіме қоғамды жаңаша түсінуде болып отыр. Әлеуметтану тарихында макротеориялардың әлеуметтік құрылымдар сараптамасына баса назар аударған кезең болды, содан кейін сараптаманың басты мысалы жеке адамдар болып табылатын шағын көзқарас негізгі деп саналатын кезең келді. Белгілі бір мөлшерде әлеуметтік құрылым теориясы берілген көзқарас төңірегінде екі көзқарастың қосылуының бір мысалы ретінде қарастырылуы мүмкін. Бірақ құрылымдық теориялар қоғамды түсіндірудің басқа принциптеріне негізделген.

Қазіргі заман теорияларында “қайраткер - құрылым” әлеуметтік жүйелер ұғымына жатқызылады. Әлеуметтік жүйелер - көптеген өзара әсер етушіліктер мен номинациялардың көмегімен органдар мен құрылымдарды, жаһандық және жергілікті, объект пен пәнді біріктіруші. Әңгіме жүйелердің біріктіретіндігі және құрылым мен оның бөліктері арасындағы айырмашылықтарды жоққа шығаратындығы, олардың саланы көрсетпейтіндігі, бірақ оны басқа объектілер тұрғысынан иемденіп алатындығы, тұрақтылық пен мәңгілікті қамтамасыз ететіндігі туралы болып отыр. Әлеуметтік жүйелер ұғымы қоғамның құрамдас бөліктерін - оның иерархияларын, топтарын, деңгейлерін біршама тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді.

Маргарет Арчердің морфогенез теориясы

Әлеуметтану үшін маңызды болып табылатын “құрылым - қызмет” проблемасын қарастыратын белгілі және беделді теориялардың бірі Маргарет Арчердің морфогенез теориясы.

Морфогенез теориясымен танысудың басында алдыңғы еңбектерде айтылған М.Арчер идеяларының кейбір принципті қағидаларын қарастырайық:

(1) Әлеуметтанушы бір жағынан құрылымды (немесе мәдениетті), екінші жағынан қызметті талдамалық тұрғыдан ажырата білуі керек. Бұл - әлеуметтік өмірдің екі жағы. Бұларды ажырамас бірлікте көрсетуді Арчер конфляционизм деп атайды. “Conflation” сөзі “біріктіру”, “қосу” және екі мәтінді бір мәтінге біріктіру деген мағынаны білдіреді. Конфляционистер кез келген қызмет құрылымданған, ал құрылымдар қызмет арқылы іске аспаса олар өмір сүре алмас еді дейді деп көрсетеді Арчер. Бұл жерде үш қисынды мүмкіндік бар. Кейбір авторлар қызмет дегеніміз құрылымның эпифеномені деп есептейді. Ал енді біреулері құрылым қызметтің эпифеномені болып табылады дейді. Бірінші жағдайда “жетілу” “жоғарыдан төмен” болып отыр,

яғни қызмет құрылым тұрғысынан автономиядан айырылады; екінші жағдайда “төменнен жоғары”, яғни құрылым қызмет тұрғысынан автономиядан айырылады. Үшінші мүмкіндік: құрылым да, қызмет те автономиядан айырылып, жетілу ортасымен жүреді.

(2) Конфляционистер әлеуметтік өмірді уақытпен өлшеуді ұмытады деп есептейді Арчер. Уақыты жағынан құрылымдар құрылымдаушы қызметтің алдында тұрады емес пе!? Ал егер қызметтің нәтижесінде құрылым пайда болса, онда ол келесі қызметті анықтайды. Арчердің мәдениеттің орны мен әлеуметтік теорияларға арналған еңбегі “Мәдениет және қызмет” “әлеуметтік ықпалдасу” мен “жүйелі ықпалдасу” арасындағы талдамалық айырмашылықтарға негізделген мәдениет саласындағы “рөлдер” мен адамдардың талдамалық айырмашылықтарына басты назар аударады. Арчер “part is people” дихотомиясын қолданады. Біріншісін белгілі бір ұғымында құрылым деген мағына беретін “рөлдер” деп аударуға болады, екіншісі жай ғана “адамдар”, яғни әсер етуші тірі жан. Бір жағынан мәдениет, идеялар әлемі тиісінше логикалық жүйелікті талап етеді деп жалғастырады Арчер. Таза мағыналық тұрғыдан идеялар байланысы кездейсоқтық емес. Енді бір жағынан бұл идеялар мәдениеттің компоненттері болып табылады, дегенмен, осылай бола тұрса да, олар адамдарға жүктеледі және соның арқасында себеп-салдарлы келісім пайда болады.

Морфогенез теориясында Маргарет Арчер морфогенез және морфостагис ұғымын енгізіп, оны М/М көзқарас деп белгілейді. Әңгіме әлеуметтік нысандардың құрылуы мен өмір сүруі турасында болып отыр. Арчер әлеуметтік құрылымда да, мәдениетте де қолданылатын үш топтық тізбекті бөліп көрсетеді: құрылым әсер етушілердің өзара әсер етуіне жағдай жасайды, бұл өзара әсерлер өздерінің ішкі ерекшеліктеріне сай жүзеге асады; нәтижесінде жаңа немесе сырты өзгерген ескі құрылым пайда болады. Арчердің реализм және морфогенез теориясының философиялық базасы қазіргі заманғы ағылшын реализмі, негізінен Р.Бхаскар тұжырымдамасы болып табылатын әлеуметтік онтологияның түбегейлі мәселелеріне арналады. Арчер Бхаскардың философиялық реализмі әр түрлі әлеуметтік теориялардың ортақ тұғырнамасы ретінде таныла алады, онымен қоса Бхаскар әлеуметтік әсердің өзгермелі үлгісі (ӘӘӨҮ) өзінше бір теория ретінде ұсыныла алады деп есептейді. Бхаскардың ӘӘӨҮ-нің негізгі тармақтары:

(1) “Мен қоғам жеке адамға келіп қосылмайды деп ойлаймын және ...жеке адамдар мен қоғам арасындағы өзара байланыс үлгісінің жалпы сұлбасын беремін...

(2) ...әлеуметтік нысандар кез келген интенционалды акт үшін керекті жағдай туғызады,

(3) ...әлеуметтік нысандардан бұрын ықтимал зерттеу объектілері ретінде олардың автономдығы негізделген...

(4) ...олардың нақтылығы әсер ететін күшке негізделген

(5) Әлеуметтік нысандардың бастапқылары әлеуметтік әсердің түрі өзгерген үлгісін жасап шығару үшін бастапқы нүкте ретінде қарастырылатын болады...

(6) ...әлеуметтік нысандардың әсер етуші күші адам қызметімен жүзеге асады деп тұжырымдаймын”

Арчер құрылым мен қызметті байланыстырушы үлгі туралы айтылған 1-тармақтың М/М көзқараспен өте мәндес келетіндігін және олардың арасындағы айырмашылықтарды қарастырудан гөрі байланыстарды көздейтіндігі туралы жазады.

2-тармақ. Мұнда Арчер әлеуметтік нысандар кез келген интенционалды акт үшін керекті жағдай туғызады деген мәлімдемеге үлкен сақтықпен қарайды және ондағы табиғаттан түбегейлі алшақтауды қарастыра отырып, М/М көзқарасында табиғи өзара әсерлер мақсаттылық үшін керекті және жеткілікті жағдайлар жасай алады деп мәлімдейді.

3-тармақ таразының басын басқа жаққа бұрады. Темпоралдылық - М/М көзқарасының ажырамас құрамы. Бұл оның бірінші аксиомасында бекітілген: “құрылым оның түрін өзгертетін қызметтен өрбиді”. Осыған байланысты кез келген әлеуметтік зерттеуде бастапқы кезең бар дегенді айтуға болады және онда “әлеуметтік құрылым мен мәдениеттің кейбір қасиеттері стратегиялық жағынан маңызды және уақыты жағынан созылмалы болып келеді, олардың ішінде нақты әлеуметтік жағдайлар орын алуы мүмкін шекті белгілейді деп жорамал жасалынады. Бұл тұжырымды негізге ала отырып, қызметтік көзқарас осы жағдайлардың табиғатын және олардың іс-әрекетке қалай әсер ететіндігін зерттеуге көмектесе алады. Ол құрылым мен мәдениеттің элементтері шындық ретінде алынатын кейбір бастапқы кезеңнен бастау керек болатын дамудағы процесті зерттеуде болмаса, ол әлеуметтік құрылым мен мәдениетті сол қалпында түсіндірмейді”. Арчер әлеуметтанушы қандай да болсын процесті зерттеуге кіріспес бұрын алдымен ол процестің артықшылығы неде екенін дәл ажырата білуі қажет деп есептейді: түрінің өзгеруінде ме, әлде ұдайы өсуінде ме? Морфогенез және морфостазис шындығында түрінің өзгеруі мен ұдайы өсу ұғымдарына өте жақын: төрт терминнің бәрі де алдымен “дейін”, сонан кейін өзінің “соң” деген түсінігін игеру құбылысы жүретін процестерді білдіреді. Сондықтан да әлеуметтік құрылым туралы “енді оны адамдар агент тәрізді шығарады деп айтуға болмайды. Дұрысында біз олар оны ұдайы өсіреді және түрін өзгертіп отырады деуіміз керек. Басқаша айтқанда, егер қоғам жаратылып қойған болса, онда кез келген адамдық іс-тәжірибе ...оның тек түрін өзгерте алады; адамдар іс-әрекетінің бар жиынтығы өмір сүріп отырған қоғамды не қолдай, не оны өзгерте алады. Арчер терминологиясында морфогенез дегеніміз қашан да морфостазис түрінің өзгеруі. Сонымен түрін өзгерту үлгісі өзінің еңбекке жарамдылығын дәлелдей алуы, яғни әлеуметтік талдау тәжірибелері керек ететін жұмысты орындауы үшін М/М көзқарасы құрылым мен қызметті талдамалық ажыратуды қолдау қажеттігін талап етеді.

Әлеуметтіктің өзіне тән ерекшелігі қызметке байланыс-тылығында. Адамның қызметінсіз қоғамда еш нәрсе пайда болмайды, үнемі өмір

сүрмейді және өзгере алмайды. Мұнымен бәріміз де келісе аламыз: табиғи болмысқа қарағанда әлеуметтік болмыстың жетіспейтін жақтары бар.

Әлеуметтік құрылым және олардың адам қызметімен қарым-қатынасы туралы Арчер трактаты қоғам бір дәуірден келесі дәуірге әрдайым ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын қолдаушы қызметтің көмегі арқылы өтіп отырады деген пікірге саяды. Арчер қоғамды үлкен отбасы ішінде мұрагерлік жолмен берілген және өткеннің ізі қалған көйлек кейпінде елестетеді. Ол көйлек жамау-жамау, кей жерлері белгілі бір мақсатпен біресе қайып тігілген, біресе сөгітілген, бірнеше рет аударылып тігілген, ақырында бүгінгі күні бұл көйлекте бастапқы тігілген кезіндегіге қарағанда тым аз материя қалған. Пішімі де мүлдем өзгерген. Ескіден әжелердің немересінің неке көйлегіне тіккен шілтері тәрізді бір нәрсе ғана қалған. Бізге бұл көйлек бейнесі не үшін керек? – деп сұрайды Арчер. Ол мынау үшін керек оның тігісі бар, демек оның дербес бөлшектерін зерттеуге мүмкіндік бар, яғни қашан және қандай өзгерістер жасалынды, оны кім жасады, оған мұрагерлер қалай қарады деп өзімізден сұрауымызға болады. Арчер қоғамды салыстырмалы түрде алғанда дербес және уақыты жағынан тұрақты құрылымдардың ансамблі түрінде түсінуге болады деп көрсетеді. Бұл тұжырымды растау мақсатында ол мынадай дәлелдер ұсынады.

(1) әлеуметтік құрылымдар қазіргі немесе бұрынғы уақыттағы қызметтің арқасында өмір сүріп отыр.

(2) баяғыда өтіп кеткен ұрпақтардың тұжырымдары (идеялар, сенімдер, ниет, өзара келісімдер мен мойындаулар) қазіргі әлеуметтік құрылымдарда маңызды рөл атқаруын жалғастыруда;

(3) әлеуметтік құрылымдар көп жағдайда бұл дүниеде жоқ адамдардың басынан өткізген бұрынғы іс-әрекеттері нәтижесінің мәні болып табылады (дәл осылайша, уақыттан қашу арқылы әлеуметтік құрылымдар sui generis-ке айналады). Олардың келесі қызметіне күш түсіретін автономды таратушы ретіндегі қызметі тек осылай сақталады. Дәл осы әлеуметтік құрылымдардың өз әсерін сақтай алу тәсілі секілді М.Арчер М/М көзқарасын теориялық тұрғыдан ұғындыруға тырысады.

Егер біз әлеуметтік құрылымдар бұрынғыдан қалған “күштер”, “үрдістер”, “транс фактілік” және “жасайтын механизмдер” ашық жүйеде (мысалы, қоғамда) қажетсіз болып қалуы мүмкін деген қорытындыны қабылдасақ, онда бұл құрылымдар мен әрекет етушілердің күнделікті феноменологиялық тәжірибелері арасында бөліну болуы керек. Құрылым мен қызмет жиі немесе, әдетте, “синхронды емес”. Осыдан келіп біз талдамалық дуализм құрылымдарының эмерджентті қасиеттерінің синхронды еместігінен және әрекет етушілердің көкейтесті тәжірибесі себепті логикалық қажетті нәрсеге айналатынын айта аламыз. Бұл бір нәрсенің екі жағы екенін ескеру қажет: бір жағынан per se әлеуметтік құрылымның қасиеттері анықталады, екінші жағынан тәжірибе тұжырымдалады. Сонымен Арчер құрылым мен қызметті бөлу мүмкіндігін көреді.

Түрінің өзгеруі мен морфогенез бейнесін талдағанда Арчер Бхаскардың ӘӘӨҮ-нен бас тартады және пікір таластырады. Бхаскар өзінің “Шындықтың

жаңаша бейімделуі” (1989) еңбегінде мынадай түбегейлі өзгертулер енгізеді: біріншіден, 1 және 2 нүктелерде құрылымдық қасиеттердің алдымен эмерджентті пайда болуы, содан кейін (қазіргі кездегі) әсері, бұрынғы әрекеттердің әдейі жасалмаған салдары және қазіргі таңдағы іс-әрекеттің мақұлданбаған жағдайлары түсіндіру түрінде көрсетілген. Екіншіден, әрекет етушілердің өз әлеуметтік әлемін түсінулері құрылымдық қасиеттердің әсерімен шектелгендігі анықталды. Үшіншіден, ендігі жерде процесті уақыт кезеңдеріне бөлу шешуші рөл атқаратын болды. Арчер Бхаскардың осы үш анықтамасына сүйене отырып морфостазис/морфогенезистің өзі жасаған үлгісін ұсынады:

Құрылымдық келісім

Т 1

Мәдени-әлеуметтік өзара іс-қимыл

Т 2

Т 3

Құрылымды өңдеу (Морфогенезис)

Құрылымды ұдайы өсіру (Морфостазис)

Т 4

Маргарет Арчер М/М көзқарасының негізгі теориялары:

(1) Құрылым өзінің түрін өзгертетін әрекеттен қажеттілікке байланысты уақыты жағынан бұрын болады.

(2) Қажеттілікке байланысты құрылымды жасау уақыты жағынан оның түрін өзгертетін әрекеттерден біршама кеш болады екен.

Арчердің дуализмінің талдамалық сипаты бар және ол қоғамды құрылымдауға тартылған процесті ашу мен түсіндіру уақыт ішінде орын алуы үшін теориялық жағынан қажетті болып табылады.

Қорыта келе, ӘӘӨҮ мен М/М көзқарасы арасындағы ұқсастық реализмнің өзінен бастау алады деп айтуға болады. Дарашылдық сияқты, холизм де тиісінше әлеуметтік дүниені айқындайтын онтология болып табылады, ал кейін оны қалай түсіндіру және зерттеу керектігі жөнінен нұсқаулар беріп отырды, дәл сол сияқты шынайы әлеуметтік онтология да әлеуметтік шындықтың басты анықтамасы ретінде оның тереңдікке, стратификация мен пайда болуға бейімділігін іс жүзіне асыратын әдіснамалық шынайылықты білдіреді.

Формальды түрде шынайылық түсіндіруші үлгіге жақын. Түсіндіруші үлгі жасаушы механизм ретінде алдыңғы құрылымдарды мойындайды. Олардың әсер етуші билігі және соған сәйкес міндеттері бар басқа объектілермен қарым-қатынасы олардың стратификацияланған әлеуметтік дүние деп аталуында. Сондай-ақ, осы құрылымда болып жатқан жаңағы объектілердің қарым-қатынасының болжауға келмейтін, бірақ түсіндіруге болатын нәтижелерін қоғам деп атасақ та болады.

Энтони Гидденстің құрылымдық теориясы

Энтони Гидденс - біздің заманымыздағы аса ірі әлеуметтанушы-теоретиктердің бірі. Гидденстің теориялық құрылымдарында әлеуметтану

классикасы (К.Маркс, М.Вебер, Э.Дюркгейм) жаңа теория құрылысы үшін бастапқы нүкте болып табылады. Гидденс негізгі назарды қоғамның таптық құрылымы мәселесіне аударады.

Энтони Гидденс үшін қоғамның таптарға бөлінуі қазіргі қоғамды сипаттайтын іргелі белгі болып табылады. Сонымен қатар Гидденс үшін таптық қатынастар топтарды қалыптастыруда тек базис қана, топқа қатыстылықты анықтауға арналған “Құрылымдық негіз”. Сонымен бірге Гидденс білімнің әлеуметтік қатынастарды айқындайтындығына көңіл аудара отырып, әлеуметтік қатынастардың субъективті сәттерін атап көрсетеді.

Гидденстің ойы бойынша, қазіргі заман қоғамының екінші іргелі сипаттамасы - “модернге іштей тән рефлексивтілік”. Рефлексивтілік “модерн” дәуірі қоғамының сипаттамасы ретінде Гидденске әлеуметтану теориясын құруға болатын негіз ретінде көрінеді. Осыған байланысты ол былай деп жазады: “Бәсекелес теориялық көзқарастардың сан алуандығына қарамастан, кейбір ортақ тақырыптар табуға болады”. Солардың бірі сөз етіліп отырған көптеген мектептер, структурализмді және структурализмнен кейінгілерін қоспағанда, адам әрекетінің белсенді рефлекторлық сипатын атап көрсетеді деген ұғымнан құралады. Бұл олардың адам әрекетін жеке адамдар не бақыламайтын, не түсінбейтін күштердің нәтижесі деп қарайтын дәйекті келісім үрдістерін теріске шығаруда бір пікірде екенін білдіреді. Бұған қосымша (бұған структурализм сияқты, структурализмнен кейінгілері де кіреді) олар тілдің және когнитивтік (танымдық) қабілеттердің әлеуметтік өмірді түсіндіруде түйінді маңызын мойындайды. Тіл нақты күнделікті қызметте жүзеге асады және белгілі бір мағынада осы шындықты айқындап отырады. Ақырында жаратылыстану ғылымдарының эмпирикалық философиясының әлсіреп бара жатқан мәнінің, әлеуметтік ғылымдар үшін де терең салдары бар екендігін мойындауға тура келеді. Әңгіме тек дәйекті келісімді ұстанғандар айтатын әлеуметтік және жаратылыстану ғылымдарының әлі де бір-бірінен қашықта екендігінде ғана емес. Қазіргі уақытта біз жаратылыстану философиясының әлеуметтік теорияның жаңа мектептері мүдделі болып отырған, әсіресе тіл және мағынасын түсіндіру құбылыстарын ескеру керектігін көріп отырмыз.

Қазіргі қоғам жағдайында әрекет және оны қоршаған орта жайлы әлеуметтік-ғылыми білім, әлеуметтік білімге қатысушылардың (агенттердің) игілігі болып отыр. Бұл білімді іс жүзінде өзара іс-әрекетке қатысушылардың бәрі белгілі бір дәрежеде бөлісетіндіктен, жеке-дара болудан қалады.

Гидденстің құрылымдану теориясының басты санаты ретінде әлеуметтік агент ұғымы алынады. Гидденстің түсіндіруі бойынша агент тұжырымдамасы күрделі, бұдан кейінгі теориялық конструкциялардың негізі және көзі болуға тиіс, сонымен қатар тек стратификациялық үлгі тұрғысында суреттелуі мүмкін. Бұл үлгіге үш стратификациялық деңгей кіреді: іс-әрекеттің негізделуі, іс-әрекетті ұтымды ету және іс-қимылдың рефлексивті мониторингі. Іс-әрекеттің негізделуі агентті іс-қимылға итермелейтін саналы және саналы емес тілектерді білдіреді. Негізделу іс-қимылдың өтуімен тікелей байланысты емес, ол агент ерекше әдеттен тыс жағдайға тап болғанда

ғана көрінеді. Сондықтан да көптеген “кертартпалы” іс-әрекеттер тікелей негізделмеген. Іс-әрекетті ұтымды ету бәрінен бұрын жағдайды білдіретін нәрсе емес, агенттерге іштей тән нәрсе: “Мен іс-әрекетті ұтымды ету деп жеке адамдардың ескішіл және әуре-сарсаңсыз өз қызметі негіздемелерінің тұрақты “теориялық түсінігін” қолдап отыратын қабілетін түсінемін” деген қабілет процесін білдіреді. Іс-қимылды ұтымды ету өзара іс-әрекетке қатысушылардың бір-біріне деген өзара құзыретіне қатысты келісімдерін білдіреді. Адамдар не істейтіндерін біледі және олар әдетте немен айналысатындарын түсіндіріп бере алады. Әңгіме “модерн” жағдайында агент рефлексиясы әлеуметтік әрекет құрылымның маңызды құрамына айналатындығында болып отыр. Гидденс, бір жағынан, әлеуметтік және жүйелі ықпалдасудың айырмашылығынан, екінші жағынан, құрылымдану ұсынған жүйе мен құрылым айырмашылығынан көрінетін құрылымды, яғни жүйе және іс-әрекет арасындағы айырмашылықты қабылдайды. Гидденс өзінің құрылымдану теориясында бұл пікірлердің редукационизмдігін, әлеуметтік субъект пен объект дуализмін жеңуге тырысады. Қазіргі замандағы әлеуметтік іс-әрекеттің рефлексивті сипаты Гидденс еңбектерінде іс-әрекет, жүйе және құрылым ықпалдасуының мүмкіндігі ретінде көрінеді. Агенттің институционалдану процесін ұғынуы бұл процестің өтуін сипаттауға мүмкіндік береді, ал агенттің өзінің іс-әрекетіне қатысты тұрақты рефлексиясы ықтимал ықпалдасу тәсілін көрсетеді. “Әлеуметтік жүйе құрылымдануын талдау - интегративті ережелер мен құралдарды қолдану арқылы, сонымен қатар ойда жоқ себеп-салдармен байланыс арқылы ұйымдастырылатын және өзара іс-қимылмен ұдайы өсіп отыратын жүйе тәсілдерін зерттеуді білдіреді”. Бұдан біз құрылымдану теориясының негізгі міндеті әлеуметтік шындықтың объективті және субъективті жақтарын “дуальдылық” ретінде, яғни “дуальдық” ұғымдардың кіріспесіне негізделген, жүйені, іс-әрекетті және субъектіні тұжырымдайтын әлеуметтік феноменнің бұл сипаттамаларының бірін-бірі толықтыруы және қосбірліктігі, сараптау екенін көреміз.

Іс-қимыл рефлексивті мониторингі - өзіндік жеке іс-әрекеттердің, өзге адамдардың іс-әрекеттерінің, сонымен іс-қимылдың физикалық және әлеуметтік шарттарының тұрақты және үздіксіз бақылануы. Іс-әрекеттің рефлексивті мониторингі сонымен қатар агенттердің тек қана жеке іс-әрекеттерді бақылап қана қоймай, басқа агенттерден де осындай бақылауларды күтетіндігін білдіреді. Жеке адам тұлғасына қосымшада негізделу деңгейі санасыз дәлелдерге, жеке адамның танымдық қабілетіне, жеке адамның әрекет жасауға ұмтылысына айналады. Ұтымды ету деңгейі тәжірибелік сана деңгейі, ал іс-қимылдың рефлексивті мониторингі пайымдаушы сана деңгейі болып шығады.

Қызмет және құрылым: Джеффри Александердің жаңа функционализмі

Жиырманшы ғасыр түгелімен – оның бірінші жартысы да, екінші жартысы да әр түрлі әлеуметтік мектептердің теке тіресімен өтті. Әсіресе бұл функционализм, құрылымдық көзқарас және соңғы он жылдықтағы белсенді парадигма тәрізді ағымдарға қатысты. Кезінде Толкотт Парсонс бір-біріне кереғар келген әр түрлі ағымдарды және жаңа синтетикалық теория тәртіптерін үйлестіруге тырысқаны мәлім. Алайда Парсонс еңбектерінен кейін шыққан, микропроцесс сараптамасына көбірек көңіл аударуды қажет ететін символикалық интеракционизм, қазіргі қоғамдағы сараптама объектісі мен пәнін экономикалық жүйелер, мемлекет және әлеуметтік таптар сияқты макроэлементтер құрауы керек деп түсіндіретін қақтығыс теориялары Парсонстың синтетикалық көзқарасына үлкен қауіп төндірді.

XX ғасырдың 80-жылдарының аяғында синтетикалық әлеуметтік теорияның негізін американдық әлеуметтанушы Джеффри Александер басқаша қаламақ болды.

Өзінің жаңа функционализм теориясында Джеффри Александер қызмет пен тәртіп, мәдениет пен әлеуметтік құрылым өзара байланысты бола алатын синтетикалық теория жасауға тырысты.

Жаңа институционализм теориясы

Әлеуметтанудың негізгі пәні қоғам болып табылады, жоғарыда қарастырылған теориялар қоғамға тұрғындардың әлеуметтік-топтық құрылымы ретінде талдау жасайды. Бұл тарауда біз қоғамға оны құрайтын институттар тұрғысынан талдау жасайтын теорияларды қарастыратын боламыз. Бірақ бұл екі жоба тұтас бір нәрсені білдіреді және бір-бірімен органикалық байланыста.

Тағы да айта кететін жайт, тарихи тұрғыдан қоғамды зерттеуде әлеуметтану ғылымында екі бағыт қалыптасты: құрылымдық-жүйелі және субъективті-мінез-құлықтық. Құрылымдық көзқарасты жақтаушылар қоғамды әлеуметтік жүйе ретінде қарастырады, ал әлеуметтанудың пәні - әлеуметтік институттар деп есептейді. Мұнда қоғам объективті өмір сүретін және жеке адамдарға тәуелді емес институционалдық құрылым деп түсіндіріледі. Басқаша айтқанда, біз қоғам сараптама-сының институционалдық немесе жүйелі деңгейін қарастырамыз.

Эмиль Дюркгейм атап көрсеткендей, әлеуметтануды институттар, олардың генезисі және жұмыс істеуі туралы ғылым деп пайымдауға болады.

Екінші бағыт – субъективті-мінез-құлықтыққа келер болсақ, ғалымдар қоғамға оны құраушы топтардың жиынтығы ретінде талдау жасайды, ал зерттеудің негізгі пәнін тұлғааралық интеракциялар, адамның күнделікті қызметі мен іс-әрекеті құрайды.

Одан әрі біз институттарды зерттеудегі қоғамның құрылымдық-жүйелі сараптамасы шеңберінде жасалатын үрдістерді қарастырмақпыз.

Бірінші үрдіс институттардың әлеуметтік ғылымдарды барған сайын көбірек зерттей бастауына негізделеді. Алғашында институттар негізінен заң туралы ғылымда зерттелді. Кейінірек институттар әлеуметтік ғылым

сараптамасы пәніне енгізілді. Жиырманшы ғасырдың басында институттарды экономистер зерттей бастады. Экономика ғылымында институттар мінез-құлықтың үлгілері мен нормалары ретінде қарастырылады. Институционалдық зерттеулер сонымен қатар тарихта, философияда, антропологияда, экологияда және экономика тарихында да орын алады.

Институттарды зерттеудегі екінші үрдіс әлеуметтік институттардың жоғары дәрежелі және жалпы тәртіптер көріністері түріндегі сараптамадан тұрады және мұнда институттар қоғамдық көріністерді реттеушілер ретінде түсіндіріледі. Мысалы, Толкотт Парсонс қоғам ықпалдасуы мен тұрақтылығының негізгі факторы институттар екенін айтқан болатын.

Екі көзқарас та қазіргі заман ғылымында институттардың рөлін түсінуші ғалымдар саны өсіп келе жатқанын көрсетеді.

Нил Флигстайнның жаңа институционализм теориясының сараптамасы

Беркли университетінің (Калифорния, АҚШ) әлеуметтану профессоры Нил Флигстайнның түсіндіруіндегі институционализмнің жаңа теорияларының сыни рефлексиясын қарастырайық.

XX ғасырдың 90-жылдарында тек әлеуметтік ғылым ғана емес, сонымен қатар экономикалық, саяси ғылымдар да “жаңа институционализм” теориясына қанық болды. “Жаңа институционализм” теориясының негізін салушылар арасында көптеген келіспеушіліктер болды, бірақ институттар туралы ортақ түсініктер де орын алды. Ол институттарды ресурстардың бірдей етіп бөлінбеуін қолдай отырып, белгілі бір билік етуші топтардың өзара іс-қимыл ережелерін ұсынуына мүмкіндік беретін әлеуметтік конструкциялар ретінде түсіндіруінен тұрады. Мұнда жалпы теориялардың екі тобын бөлуге болады, біріншісінде әлеуметтік факторлар мен институттарды құру процесіне қатысушылар институттардың маңызды құраушысы болып табылады; екіншісі әлеуметтік институттарды әлеуметтік құрылым ретінде негізінен түсіндіруге күш салады.

Қазіргі заман ғылымында “жаңа институционализмнің” төрт түрін бөліп көрсетуге болады:

- тарихи институционализм;
- ұтымды таңдау институционализмі;
- экономикалық институционализм;
- әлеуметтану институционализмі.

Қазіргі заман ғылымында ғалымдар “институт” ұғымының мағынасын түсіндіруде бір шешімге келе алмай отыр. Бірқатар ғалымдар институт ұғымын әлеуметтік қатынастарды анықтап, мұндай қатынастарға қатысушылардың рөлін түсіндіретін, сонымен қатар қатысушылардың өзара әрекет ету процесін әрекет ету нұсқаулығы мен қалған қатысушылардың іс-әрекетін түсіндіру әдісі арқылы бақылайтын ұжым мағынасында түсінеді. Енді бір теоретиктер “институт” ұғымы аясында арнайы ойлап табылған заңдар мен ережелер, үшіншілері - ұжым арқылы орындалатын және бөлек-бөлек топтардың келісіміне қол жеткізу арқылы жүзеге асырылатын

формальды емес ережелер түріндегі нормалар жиынтығы, төртіншілері – өзінен-өзі болатын нәрсе сияқты қабылданатын жүйе деп түсіндіреді. Көріп отырғанымыздай зерттеушілер арасында бұл мәселе тұрғысынан ортақ бір шешім жоқ. Бұл “жана институционализмнің” негізін салушылар өз әріптестерінің теорияларын жақсы біле тұрса да, әдетте арадағы келіспеушілік туралы пікірталасты шешу мүмкін емес деп санайтындығынан көрінеді. Мұнымен қоса, “институт” феноменін түсінуде белгілі бір келісушіліктер немесе сәйкес келетін тұжырымдар да бар. Әңгіме барлық үлгінің қалай болған күнде де “кеңістік”, “сахна” немесе “ойын” деп аталып жүрген оқшау әлеуметтік білімнің пайда болу проблемасымен байланыстылығы туралы болып отыр. Бұдан әрі институционализмнің барлық үлгісі институттарды әлеуметтік конструкциялар түрінде түсінетіндігі туралы айтуға болады. Басқаша айтқанда, жаңа институционализмнің көптеген авторлары институттарды әлеуметтік субъектілердің немесе акторлардың ықпалының нәтижесі деп түсіндіреді. Үшіншіден, өзара іс-қимыл және институттар пайда болғанға дейін болған ресурстарды бөлу ережелері ықпал ету көздері болып көрінеді және де әлеуметтік субъектілер мінез-құлқының үлгілерімен үйлесе келіп, институттарды ашудың және ұдайы өсірудің негізі болады.

Жаңа институционализм теоретиктері институттарды тудыратын және ұдайы өсіріп отыратын “өзара әсер ету ортасын” түсіндіруде де бір-бірімен қиылсады. Негізгі көңіл аудартатын мәселелер мұндай әрекет ету алаңдарының пайда болуы, олардың қалай тұрақтылығын сақтайтындығы және түрінің өзгеретіндігі болып табылады. Мұнда институциаландыру ережелер абстракциядан алаңдарда өзара әсер етуші бір үлгінің нақты бастауына айналатын процесс ретінде түсіндіріледі.

Институттар қандай жағдайда және қалай пайда болады?

1. Мысалы, Флигстайнның пайымдауынша, институттар әлеуметтік субъектілер тобы қақтығыстық сипаттағы әлеуметтік іс-қимылға қосылған кезде пайда болады. Өзара іс-қимылдың мұндай түрінің көбіне саяси сипаты болады және негізінен ресурстарды қайта бөлу (немесе бөлу) жолындағы күреспен байланысты. Басқа сөзбен айтқанда, көбінесе институттар қоғамдағы дағдарысты жағдайлардың нәтижесінде пайда болады.

2. Институттар жекелеген топтар басым жағдайға жету үшін басқаларға өз ережелерін күштеп таңған кезде пайда болады.

Институттар қоғамның тұрақсыздығы салдарынан пайда болған кездер де бар. Әңгіме түрлі әлеуметтік топтардың немесе акторлардың жағдайды түзеуді өз мойындарына алып, қоғамға жана бағыт-бағдар ұсынуы туралы болып отыр.

Акторлар туралы жеке мәселе. Жаңа институционализм теориясындағы акторларды негізінен жаңа ережелерді орнату мақсатында процеске қатысушы басқа адамдарды өзіне тарта алатын белсенді әлеуметтік субъектілер деп түсіну керек. Бұл тұрғыдан Флигстайн “әлеуметтік талант” ұғымын енгізеді. Әлеуметтік талант – өз тобының мүшелері мен басқа да топтың мүшелерін бір бағытқа тарту әдістерін пайдалана алатын тұлға.

Мұндай таланты барлар басқа қатысушылардың іс-әрекетіне түсініктеме береді және өз тобының позициясы негізінде жағдай туралы азды-көпті өз түсінігін “ынтымақтастық” орнату үшін пайдаланады. Неше түрлі ғылымдар мен теориялар әлеуметтік талант дарыған адамдардың сырын ұғуға тырысып келді.

Бұл проблема әлеуметтік ғылымның маңызды теориялық дилеммаларының бірі - құрылымдар мен әрекет етуші тұлғалар туралы мәселені шешеді. Мұнда рефлексия пәнін әлеуметтік өзара әрекет етуге қатысушыларда бар таңдау жиынтығының құрылымдану дәрежесі мен олардың өзара әрекет ету барысындағы іс-әрекеті мен позициясын анықтайтын ережелер құрайды.

Әлеуметтік және саяси ғылымдар негізінен бұл процеске қатысушылардың позициясына баса назар аударады. Экономика ғылымы әрекет етуші тұлғалардың таңдай алу мүмкіндігі бар екендігін және ол көп жағдайда процеске қатысушылардың іс-әрекеті мен нәтижесін алдын ала айқындайтындығын көрсетеді.

Жалпы алғанда, жаңа институционализм теориялары сараптама пәні ретінде әлеуметтік құрылымдарды, олардың пайда болуы мен олардың құрылуындағы адамдардың ролін қарастырады. Осылай бола тұрса да, веберлік және маркстік бағыттағы әлеуметтік құрылымның классикалық теориясымен салыстырғанда, жаңа институционализм теориялары әлеуметтік құрылымды ережелер жиынтығымен анықталатын бір-біріне қатысты бағытталған әр түрлі ресурсты топ қызметінің сахнасы деп түсіндіріледі. Мұнда қоғамдық ғылымдардың арасында жаңа классикалық экономика айтарлықтай алға жылжыған. “Классикалық емес экономика ғылымы өз сараптамасында нарықтық алмасу арқылы қолда бар ресурстарды оңтайлы бөле алатын, нақты артықшылықтары мен ең үздік ақпараты бар, мейлінше пайдаға бағытталған нарыққа қатысушыларға негізделеді. Кейін олар ұйымдар мен қағидалар жер-жерде қызмет ете отырып, нарықтың жұмыстағы қиыншылықтарды жеңуге көмектесетіндігіне көңіл аударады. Мәселен, Марч пен Симон ережелер шектелген ұтымдылық пен жеке мүдделер проблемасын шешуге жәрдемдеседі деген қорытындыға келді. Егер, мысалы, фирмалардың иесі барынша пайда табу мақсатында ұйымдастырылса, ал олардың қол астындағылары өздерінің қожайындарының мейлінше табыс табу межесімен сәйкес келмейтін өзге мақсаттарды көздейді. Шектелген ұтымдылық фактісі барлық деңгейдегі фирмалардың жұмысын қадағалау міндетін күрделілендіреді. Демек, фирмада аталған факторлардың кері әсерлерін жоя алатын құрылым болу тиіс. Барлық деңгейдегі қызметкерлерді ұтымды қадағалау үшін орталық аппараттың нақты қойылған міндеті, стандартты рәсімдері мен қарапайым ережелері болуы тиіс, бұл өз кезегінде шешім қабылдау процесін жеңілдетеді. Нәтижесінде жоғарғы жақтағы басшыларға төменнен келіп жатқан тәртіпсіздік туралы дабылдарға лезде жауап қайтаруға мүмкіндік беретін анық әлеуметтік құрылым дүниеге келеді.

Д.Норт пен Р.Артурдың ойынша, саяси және экономикалық институттар, мысалы, кездейсоқ түрде пайда болады немесе оңтайлы нәтижелерге қол жеткізуге септігін тигізбейді. Мәселен, бірсыпыра елдердегі жеке меншіктің кейбір нысандары бір саланың тиімділігін арттыру мақсатында емес, тарихи жағдайдың еркі бойынша пайда болады. Артурдың пікірінше, технологиялар көбінесе осы технологияларды ұстап тұратын ұйымдар, ережелер мен рәсімдер болғандықтан, басым жағдайға ие болады. Қандай да бір фирма қызмет ете бастаған кезде оған қыруар қаржы жұмсалғандықтан, одан да көп шығынға батпау үшін ештеңені де өзгертпеу керек екендігі анықталады.

Саяси ғылымда жаңа институционализмнің екі теориясы пайда болды: тарихи институционализм және ойын теориясымен байланысты ұтымды таңдау теориясы. Тарихи институционализмді жақтаушылар саяси процестер мен шиеленістерді талдау барысында үкіметтердің рөлі жете бағаланбайды деп есептейді. Мысалы, Телен мен Стейнмо үкімет институттары қоғам өміріне қалайша араласатындығын, әр түрлі елдердегі саяси дәстүрлер мен әлеуметтік-саяси процеске қатысушылар атқаратын рөлдер, саяси партиялар мен идеологиялар қайсыбір қоғам құрылымындағы сан алуан топтардың саяси мінез-құлқына қалай әсер ететіндігін анықтауға тырысады. Стейнмо мен Теленнің тұжырымдауы бойынша, белгілі бір жағдайларда субъектілердің артықшылықтары эндогенді болуы мүмкін, қарапайым тілмен айтқанда, адам немесе әлеуметтік топтар оқиғалардың дамуына қарай өздеріне не керек екенін ұғына бастайды, бұл әр түрлі одақтардың пайда болуына әкеліп, нәтижесінде қайсыбір әлеуметтік процестің институционалдануы жүзеге асады. Тарихи институционализмді жақтаушылар мен ұтымды таңдау теориясын ұстанушылар арасындағы пікірталастың басты қайнар көзі процеске қатысушылар іс-әрекетінің дәлелі мен институттардың бұл іс-әрекеттердің сипаты мен бағытына әсер ету деңгейіне байланысты мәселе болып табылады. Тарихи институционализм теориясын жақтаушылар, өмір сүріп отырған ұйымдар, институттар және саяси перспективалар басты рөл атқарады деп есептейді.

Ұтымды таңдау теориясын қолдаушылар саяси институттардың неліктен өмір сүретіндігін түсінуге тырысады. Олардың пайымдау-ларының мынадай сипаты бар: өз мақсаттарын көздеуші, ұтымды жеке адамдар әрдайым ұжымдық іс-әрекеттер саласында дилеммаға тап болады. Институттар осы дилеммаларды шешу үшін барлығына да тиімді болатындай “сен-маған, мен-саған” деген принцип бойынша ақылға сыйымды ымыраға қол жеткізу үшін қажет.

Ойын теориясы халықаралық қатынастар жөніндегі әдебиеттерде кең қолданылады, бұл арада үкімет басты міндеті қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылатын біртұтас субъектілер ретінде анықталады. Әр түрлі үкіметтердің мүдделері бір жерден шыққан кезде келісімдер, өзара әрекет ету ережелері дүниеге келіп, кейін институттар пайда болады. Жалпы ойын теориясы ұтымды әрекет етуші жеке адамдардың өз мүдделерін бейнелейтін институттарды қалайша орнықтыратындығын ұғынуға тырысады.

Бұл екі теорияның ұқсастығы нақты нәтижелерге жетудегі институттар мен саяси ұйымдардың маңыздылығын түсінуге келіп саяды. Ал айырмашылықтары – егер ол жағдайлық әлеуметтік рөлдердің жемісі болса және егер өтіп жатқан дағдарыс барысында әрекет етуші адамдар өздерінің кім екендіктерін қайтадан ұғынуға дайын болса, басымдықтардың мазмұнын анықтауға келіп тіреледі.

Әлеуметтануда ұйымдардан сыртта өмір сүретін әлемді әлеуметтік конструкция деп есептейді. Скотт пен Мейер не болып жатқандығы және алдын ала сенімділікпен не деп айтуға болатындығы және қандай шаралар ұйымның өмір сүруіне септігін тигізді, қайсысы жоқ дегендерге қатысты қоршаған орта жеткілікті түрде нақты дабылдар жіберетіндігіне күмәнданады. Бұл арада институт алаңды құрылымдайтын және әлеуметтік процестерге қатысушылардың жолда кезігетін кедергілерді жеңуіне жәрдемдесетін мағына ретінде ұғынылады. Дәл институттар алаңдағы акторлардың позицияларын айқындап, процестің қалған қатысушыларының іс-әрекетін барабар түсіндіріп және ұғынуға қажетті ережелермен қамтамасыз етеді. Әлеуметтануда белгісіздік жағдай бөлек суреттеледі. Ұйымдастыру-шылық өзгерістердің, белгісіздіктің факторы, бәсекелестердің белсенділігі - мұның бәрі нақты ережелер мен мағына болған жағдайда ғана құрылымданады. Бұл түрғыдан келгенде бүкіл қоғам үшін ережелер жүйесін орнықтыратын.

Социологиядағы қақтығыстар теориясы

Қақтығыстар теориясы – адамзат әрекетінің әр түрлі салаларында туындайтын әр түрлі жанжалдар құбылыстарымен жұмыс тәжірибесін бейнелеу, зерттеу және дамытуда теориялық, әдіснамалық, әдістемелік бағыттарды біріктіретін ерекше пәнаралық сала болып табылады. Әлеуметтануда әлеуметтік қақтығыстардың зерттелуіне негіз қалаған, яғни қақтығыстарды зерттеудегі алғашқы кезең Л. Гумплович, Г. Ратценхофер, У. Самнер, А. Смолдың және т.б. есімдерімен байланысты. Олар ХІХ ғасырдағы әлеуметтану ғылымы мен әлеуметтік психологиядағы әлеуметтік-дарвинистік бағытты ұсынушылар болып табылады. Бұл мектептің бағытына сәйкес қақтығыс күреспен сәйкестендіріледі, ол өз кезегінде әлеуметтанулық өзара әрекеттесудің формасы ретінде қарастырылады. Алайда, «күрес» ұғымын қолданудағы белгісіздік пен ауысушылық бұл түсініктің әлеуметтану терминіне айналу жолында кедергі болды, дегенмен «қақтығыс» ұғымы теоретикалық баяндауларында барған сайын орнықты орынды иеленіп отыр.

Шынайы өмірде қақтығыстан қаша алмайтынымызға көнуге тура келеді. Олай болса, егер жанжалды оқиғаларды шешуге мүмкіндік болса, оның зиянкестігін мейлінше азайту керек. Ол үшін жанжалды және оны реттеу әдістерін зерттеу қажет. Онымен “қақтығыстану” ғылымы айналысады. Қақтығыстану адамдар пікірі арасындағы қатынастарды емес (бұл идея мен теория жанжалды болар еді), пікірлер мен ұсыныстар қақтығысында болатын

адамдардың мінез-кұлқы мен өзара әрекеттестіктерін қарастыратынын білген жөн.

Қақтығыстың негізгі теориялары

“Ағарту” ғасыры жанжалдардың табиғатына қатысты көзқарастарға іс жүзінде маңызды өзгерістер әкелмеді. Тек XIX ғасырдың екінші жартысында ғана жанжалдар әлеуметтану, тарих, психология және құқықпен қатар арнайы зерттеу пәндері қатарына ұсынылды. Жанжалтану ғылымының ғылыми негіздерін бірінші кезекте Чарльз Дарвин, Огюст Конт, Герберт Спенсер, Карл Маркс, Макс Вебер, Эмиль Дюркгейм, т.б. сияқты атақты ғалымдар жасады.

Ч.Дарвин нәтижесі әлеуметтік дарвинизм тұжырымдамасы болған биологиялық эволюция теориясын ұсынды. Оның жақтастары қоғам дамуын қоғамдық іріктеудің биологиялық заңы деп түсіндірді.

К.Маркс жанжалдың қайнар көзін адамдардың өздерінің материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін болатын күресінен көрді. Мәселенің қойылуына сәйкес қоғам экономикалық, әлеуметтік, саяси және идеологиялық сияқты әлеуметтік кіші жүйелерден тұратын тұтастай интегралды жүйе ретінде көрінеді. Олардың барлығы бір-бірінен объективті тәуелділікте және келісімде болады. Ең маңызды рөлді негізгі жеке меншікке қатысты белгілі бір факторы мен материалдық өндіріс болып табылатын экономикалық кіші жүйе алады. Әлеуметтік жүйенің өзгеруі үдемелі қоғамдық дамудың алдындағы кезеңінде жинақталған, қарама-қайшылықтарды шешу нәтижелері ретінде оның басқа күйге ауысуын білдіреді. Басты жанжал “тарихтың сүйреушісі” ретіндегі таптық күрес болып табылады.

К.Маркс пен оның ізбасарларына қарағанда Э.Дюркгейм қоғам өміріндегі шешуші рөлді материалдық емес, рухани салаға жатқызды. Оның пікірінше, адамның шынайы мінез-кұлқына әсер ететін нормалардың нақтылы жиынтығы өнегелілік жанжалды реттеу қасиетіне ие.

Атақты неміс ғалымы Г.Зиммель, жанжал алауыздықтың бір түрі болса да, сол мезетте адамдарды біріктіретін және қоғамды тұрақтандыратын біріктіруші күш болып алға шығады деп санады. Жанжалтанудың қалыптасуына П.Лавров, Н.Михайловский, М.Бакунин, П.Кропоткин, П.Ткачев, М.Ковалевский т.б. орыс ғалымдары да өз үлесін қосты. Оның ішінде, П.Лавров пен Н.Михайловский өрлеудің қозғаушы және тиісінше өлшеуші тұлғасы оның өзіне теңдес кооперациясындағы жан-жақты дамуы деп санады. Осыдан келесідей тұжырымдар жасалды: қоғам мен тұлғаның арасындағы жанжалдың алдын алуға болады, өрлеуге өмір сүру үшін күрес емес, көп деңгейде адамдардың ынтымақтастығы мен өзара көмектесулері, әлеуметтік ортаның, тұлғаның қажеттіліктеріне бейімделуі қызмет етеді.

Осылайша, XX ғасыр басына таман жанжал кәдімгі әлеуметтік құбылыс ретінде ғалымдар тарапынан мойындалды. Жанжал әлеуметтануының дамуында Ральф Дарендорф және Льюис Козер үлкен рөл атқарды. Өзінің “Әлеуметтік жанжалдың қызметтері” атты кітабында Л.Козер жанжалды “құндылықтар мен белгілі бір мәртебеге, күш пен ресурстарға ие болу үшін

күрес”, қарсы адамдардың мақсаттары қарсыласты тоқтату, зиян келтіру немесе көзін жоюға жететін ретінде сипаттады. Ол әлеуметтік жанжал қоғамдық жүйенің тұтастығын бұзады, бірақ қоршаған ортаға қатысты әлеуметтік құрылымды аса икемді қылады деп көрсетті. Ол әлеуметтік жанжалды деструктивтік фактор ретінде емес, әлеуметтік дамудың, керек десеңіз, топаралық жанжал процесіндегі топтың әлеуметтік шоғырлану импульсі ретінде дәлелдейді.

Функционализм көзқарасында қала отырып, Козер өзінің еңбектерінде қоғамдағы жеке адамдардың ынтымақтастығына баса назар аударды.

Бұған мүлдем қарама-қарсы көзқарасты неміс әлеуметтанушысы Р.Дарендорф ұстанды. Ол үшін қақтығыс – қақтығыс әлеуметтануының орталық санаты болып табылады. Адамзат қоғамы, оның пікірінше, жанжалдасқан екі жақтың (таптар) арасындағы өзара әрекеттестік жүйесі ретінде дамиды. Жанжалдар шарасыз және қажетті. Олардың болмауы - “таңқаларлық және жат” құбылыс. Ол таптық антогонизм туралы маркстілдік білімді дұрыс деп мойындады, бірақ бұл антогонизм ХІХ ғасырда Батыс Еуропаға тән болған деп санады. Ал ХХ ғасырдың постиндустриалды қоғам жағдайында плюрализм және демократия принципі бекітілген кезде әлеуметтік жанжалдың “арнаулы” механизмдері жасалады. Ол жанжалды реттеудің жеңіл нысандары. Жанжалды “шешу”, яғни оны толығымен жою. Ал бұны істеуге болмайды, олар барлық иерархиялық жүйенің салдары ретінде барлық жерде өмір сүреді. Алайда бұл оларды реттеуге болмайды дегенді білдірмейді. Бұл үшін кем дегенде үш жағдай болу керек: біріншіден, құндылықтық ұстанымның бар болуы, өзгешелікті мойындау және жанжалдасқандардың қарсы тұруы; екіншіден, тараптардың ұйымдасу деңгейі ұйымдасу дәрежесінен қаншалықты жоғары болса, келісім-шарттардың орындалуы және келісімге жету оңай болады; үшіншіден, белгілі бір ереженің өзара тиімділігі, оларды орындау жанжалға қатысушы тараптар арасындағы қатынастарды сақтауға немесе ұстап тұруға мүмкіндік береді.

Қақтығыстардың қызметінің позитивтілігі тек белгілі жағдайда ғана, яғни қақтығыстың өткірлігімен, топ арасындағы мінездемелік қатынастар, қақтығыс пайда болатын әлеуметтік құрылымдағы қатыгездікпен іске асады. Маркс, Зиммель, Дарендорф, Козердің еңбектері негізінде бүгінгі таңда қақтығыстар әлеуметтануы пайда болды. Қақтығыс теоретиктерінің жетістіктері «Қақтығыстар теориясы ерекше ойдың мектебі ретінде жоғалуына әкелді. Оның түпнұсқалық аргументациясы барлық жерде қабылданған: барлық әлеуметтанулық теориялар әлеуметтік өмірдегі қақтығыстың кең таралуы туралы жеткізуге міндетті». Қақтығыстың заңды әлеуметтік жүйе ретінде теориялық танылуы қақтығыстарды басқарудағы шешімдерді қабылдауға ауысуына мүмкіндік берді.

1.7. Социологиядағы модернизация теориясы

Әлемдегі байлық пен биліктің тең таралмауын түсіндірудің екі негізі бар. Бұл модернизация және бағыныштылық теориялары.

Модернизация теориясы өз шеңберінде жаһандық теңсіздікті қоғамдар арасындағы технологиялық және мәдени айырмашылықтармен түсіндіретін экономикалық және әлеуметтік даму моделі. «Модернизация» ұғымы қазіргі заманға лайықтау, жаңалау дегенді білдіреді. Бұл теория ХХ ғасырдың 50-ші жылдары АҚШта жаңа технологиялардың пайда болуы мен көптеген елдердің АҚШқа жаулық тұрғыда қарауы кезеңінде қалыптасты. Модернизация теориясы өкілдері әлем бірнеше жүз жылдық бұрын кедей болды. Сондықтан индустриалдық теориялардың дамуы сапалы өзгерістерге алып келеді. Модернизация теориясына сәйкес барлық қоғам жаңа технологияларды игеруге ұмтылмайды. Модернизация джемократиялық саяси жүйе, экономикалық еркіндік, тұлғаның автономиясы, азаматтық қоғам институттары мен құқықтық мемлекет сияқты жалпы азаматтық құндылықтарға сүйенеді. Бұл үшін мәдениет инновациялардан түсетін табысқа және материалдық құндылықтарға аса маңыз беруі қажет. Модернизация теориясында дәстүр экономикалық дамудың ең үлкен кедергі деп есептеледі. Отбасы институты күшті және өткенді құрметтейтін қоғамдарда адамдардың өмір сүру деңгейінің жақсаруына әсер ететін жаңа технологияларды қабылдауға кедергі жасайтын мәдени инерция болады.

Модернизация теориясының негізін рационализм, үнемшілік, урбандану, индустриализация құрайды. Модернизация теориясы бойынша байлықтың есігі баршаға ашық. Технологиялық прогресс барлық әлемге таралатындықтан, барлық қоғамдар өндірістік қатынастар тұрғысынан дамиды. Классикалық социологиялық теориялардың негізінде **К. Поппердің** «ашық қоғам» ілімі жасалды. ХХ ғасырда модернизация ілімінің дамуына зор үлес қосқан **У. Ростоу** болды. Оның «Экономикалық өсудің кезеңдері. Коммунистік емес манифест» атты еңбегі 1960 жылы жарық көрді. Оның пікірінше, дәстүрлі қоғамнан қазіргі заманғы қоғамға өту тек экономикалық өзгерістер мен бұқаралық тұтыну және батыс демократиясына тән институттарды дамыту арқылы ғана жүзеге асады.

У. Ростоу бойынша модернизация сатылары.

У. Ростоу бойынша модернизация процесі төрт сатыдан өтеді.

1. Дәстүрлі өмір кезеңі. Бұл қоғамда өмір отбасы мен жергелікті тайпалар айналасында негізделген. Қоғам экономикалық дамудың бастапқы сатысында. Рухани өмір бай, бірақ материалдық жағынан қамтамасыз етілмеген.
2. Экономиканың көтерілу кезеңі. Адамдар дәстүрге бағыныштылықтан арылып, экономикалық дамуға әсер ететін таланттарын падалана бастайды. Нарық пайда болды, индивидуалдық, тәуекелге бару, материалдық байлыққа қол жеткізу сияқты құндылықтар бой алады.
3. Технологиялық кемелділікке қарай алға жылжу. Бұл кезеңде даму идеясы кең қанат жаяды. Экономиканың көп жақты дамуы адамдарды өндірістік технологиялардың артықшылықтарын

пайдалануға деген ұмтылысқа бағытталуына мәжбүр етеді. Қоғамда абсолюттік кедейлік деңгейі төмендеп, қала адамдарға тола бастайды. Негізгі білім баршаға ортақ болып, әйелдердің әлеуметтік жағдайы ерлерге жақындайды.

4. Бұқаралық тұтынудың жоғары деңгейі. Бұқаралық өндіріс өндірістік товарларды тұтынуды ынталандыратындықтан экономикалық даму біртіндеп өмір сүру деңгейінің артуына алып келеді. Адамдардың товарлардың көп түрлілігіне деген қажеттілігі артады. Қазіргі кезде бұл деңгейге жеткен елдер АҚШ, Жапония, Гонконг, Сингапур.

Модернизация теориясы бойынша табыс деңгейі өте жоғары елдер жаһандық экономикалық дамуда төрт түлі маңызды рөлді атқарулары керек: тұрғындар санын бақылауға көмектесу; азық-түлік өндіруді ұлғайту; өндірістік технологияларды енгізу; шетелдік көмекті ұсыну.

XX ғасырдың 60-шы жылдары модернизацияның әр адамға шаққанда энергия тұтыну көлемін (У. Мур, Д. Медоуз), жанды және жансыз энергия көздерінің сандық арақатынасын (М. Леви), ескеретін операциялық технологиялық анықтамалары беріле бастады.

Модернизация ілімінің көрнекті өкілдерінің бірі **Сирил Э.Блек**. Оның «Модернизация динамикасы: салыстырмалы тарихи зерттеу» атты еңбегінде модернизацияны білім рөлінің артуымен және интеллектуалдық өзгерістермен байланыстырады. Ол өзгерістерге бейім элитаның пайда болуына ерекше назар аударады. Экономикалық өзгерістер қолда барды және қаржыны тиімді пайдаланудан қорқын тапса, әлеуметтік өзгерістер тек әлеуметтік құрылымнан ғана емес, сонымен қатар урбанду процесінің қарқынымен, қоғамдық еңбек бөлінісінің тереңдеуімен және мамандану сипатымен айқындалады. Ал психологиялық өзгерістер жеке адамның табысқа бағыттылығымен, индивидуализмнің үстемдік етуімен сипатталады.

Қазіргі кезде модернизм тарихи процесс ретінде, қоғамды модернизациялау әлеуметтік жүйе ретінде, тұлға әрекетін модернизациялау және т.б. мәселелер модернизация теорияларының қарастыратын негізі бағыттары болып табылады.

Тәуелділік теориясы.

Тәуелділік теориясы кедей елдерді бай елдердің тарихи қанауының жаһандық теңсіздігін түсіндіретін экономикалық және әлеуметтік даму моделі. Бұл теориялық бағыттың өкілдері әлемдегі кедейлік үшін жауапкершілікті дамыған елдерге артады. Бай елдер жүйелі түрде бай елдерді өздеріне бағынышты ету үшін қанады. Бұл бұзушылық процесс көптеген жүз жылдықтар бойы созылып, әлі күнге дейін жалғасуда. Тәуелділік теориясына сәйкес кедей елдерде өмір сүруші адамдар бұрын ауқатты болған. А.Г. Франктың пайымдауынша бай елдердің дамуына көмектескен отарлау процесі кедей қоғамдардың әлсіреуіне алып келді. Тәуелділік теориясы бай және кедей елдердің экономикалық жағдайы бір біріне өзара байланысты және оларды жеке қарастыруға болмайды деген

идеяға негізделген. Прогресс жолында бір қоғам екіншісінен артта қалады деуге болмайды. Керісінше, олардың ойынша, дамыған елдердің гүлденуі дамуы оған қарағанда төмен елдер есебінен болып отыр.

Валлерстайн «әлемдік экономика» терминін енгізе отырып кез келген елдің гүлденуі не құлдырауы жалпы ортақ жүйенің салдары деп пайымдайды. Оның айтуынша әлемдік экономика бай қоғамдарға пайдасын әкелсе, әлемнің басқа бөлігіне зиянын келтіреді. Бұл үш түрлі фактормен айқындалады: Тар маманданған, экспортқа бағытталған экономика; өндірістік қуаттың жеткілдіксіздігі; сыртқы қарыз.

1.8. Әлеуметтік өзгерістер теориясының даму бағыттары

Әлеуметтануға бір бөлініс тән, оныңыз пайда болу сәтінен бастап күні кешелерге дейін қаншалықты табанды болса, соншалықты күмәнді де болып шықты. Бұл «бастапқы күнә» үшін барлық жауапкершілік өзінің ілімін «әлеуметтік статика» және «әлеуметтік динамика» деп екіге бөлген «әлеуметтану атасы» Огюст Конт (1798-1857) мойнында. Бұлай бөлудің негізіне оншалық анық емес, метафора алынған болатын, оны Герберт Спенсер (1820-1903) кейінірек едәуір анықтай түсті. Әңгіме қоғам мен биологиялық организм арасындағы ұқсастық жайында. Әлеуметтік статика деп адамзат қоғамының анатомиясын, оның құрамдас бөліктерін және олардың орналасуын (органдарымен, қаңқасы және бұлшық еттерімен бірге дене анатомиясына ұқсастырып) зерттеу түсінілді, ал әлеуметтік динамика, Конттың ойы бойынша, физиологияға, яғни, қоғамның ішінде болып жататын процестерге (дене функциялары – тыныс алу, метаболизм, қан айналуы секілді) ден қоюға тиіс болатын. Қоғамның дамуының түпкі нәтижесінде организм эволюциясының нәтижесіне (эмбрионнан кәмелетке дейін) ұқсастырылды. Оны орнықты қалпы бар, қоғамның әлдене қозғалысына қарамай-ақ байқап-бақылап талдауға болады деп топшыланды.

Герберт Спенсер де, терминологияны өзгерткенімен, сол көзқарастарды ұстанды. Оның «құрылым» мен «функцияны» бір-біріне қарама-қарсы қоюы жүз жылдан астам уақыт әлеуметтанушылық тілдің өзегін құрады. «Құрылым» ұғымы әлеуметтік бүтіннің ішкі құрылысын, яғни пошымын, ал «функция» ұғымы – оның қызметінің, яки тәсілдерін зерттеуді аңғартатын. Конт секілді, Г. Спенсер де қоғамды, онда болып жатқан процестерден бөлек, әлдене қатқыл мән,і бар, сезілетін объект деп қарастыруға болады дегенді айтады. Басқаша айтқанда, қоғамның құрылымын оның функциясынан (қызметінен) бөліп алу мүмкіндігі мойындалды.

Аталған идеялардың әдіснамалық мұрасы зерттеушілік процедуралардың екі тұрпатын бір-біріне қарама-қарсы қою болды, мұны Конт: қатар өмір сүру (яғни, белгілі бір әлеуметтік феномендердің неліктен ылғи да бірге көрінетінін анықтау) заңдарын іздеу және оларға кереғар ілесе жүру (яғни, белгілі бір әлеуметтік феномендердің неліктен басқа біреулерінің не алдынан не соңынан келетінін анықтау) деп сипаттаған. Бұл бөлу

оқулықтардың көпшілігіне мықтап енген; оларда «синхронды (яки кроссекциялық) зерттеу» - қоғам уақыттық статикалық перспективада қарастырылатын зерттеу, ал «диахрондық (яки дәйекті) зерттеу» – уақыт ағымын қамтып, әлеуметтік өзгерістерге баса көңіл бөлетін зерттеу деп анықталды. Мұндай амалдар әлеуметтік өзгерістерді осы заманғы (диахрондық) зерттеуге елеулі ықпал етті. Бұл зерттеу классикалық табиғи метафора мен соған байланысқан бөлу мен қарама–қарсы қоюды мұра етіп қабылдады, бірақ оны тікелей Конттан, Спенсерден және XIX ғасыр әлеуметтануының мэтрлерінің емес, XX ғасырдың жүйелер теориясы, функционализм, немесе құрылымдық функционализм сықылды ықпалды бағыттары арқылы қабылдады. Аталмыш бағыт аясында талдап әзірленген қоғамның жүйелік моделі органицизмге тән идеялар жиынтығын біріктіріп, қорытты. Өзгерістерді талдауда әдетте пайдаланылатын тұжырымдамалық аппарат, түгелімен ең алдымен жүйелік модельден алынады, тіпті ғалымдар мұны түсінбесе немесе өздерін жүйелік және құрылымдық – функциялық теориялардың жақтасушымыз деп санамаса да солай етіледі. Тек таяуда ғана, «жүйелік модельге», қоғамның процесс тұрғысынан, қарастырылатын «балама бейнесі» немесе морфогенетикалық көзқарас тұрғысынан қарсы қойылды да, соның салдарынан әлеуметтік өзгерістерді зерттеуде пайдаланылып келген тұжырымдамалар тиісінше модификацияға ұшырады.

Жүйелік модель әлеуметтік өзгерістер тұжырымдамасының туындысы ретінде

Жүйелер теориясының негізгі идеясына сәйкес, кешенді бүтін әрқилы өзара байланыстармен біріккен және өздерін қоршап тұрған нәрседен қандай да бір шекаралармен оқшауланған көптеген элементтерден тұрады. Бұндай жүйелердің кәдуілгі мысалдары қызметін тірі организмдер ғана емес, молекулалар, планеталар, галактикалар атқара алады. Бұлай қорытуды адамзат қоғамының әртүрлі деңгейлеріне қолдануға болады. Жүйе ретінде макродеңгейде «жаһандық қоғам» (адамзат), орта деңгейде (мезодеңгей) – ұлттық мемлекеттер мен аймақтық саяси немесе әскери одақтар, микродеңгейде – локалдық бірлестіктер, ассоциациялар, фирмалар, отбасылар, достар тобы және т. б. қарастырылады. Ол-ол ма, ондай терминдермен экономика, саясат, мәдениет секілді принципінде қилы өрістер де нобайлана алады. Осылайша, жүйелер теориясы мектебінің өкілдері, соның ішінде Талкотт Парсонс (1902–1979), «жүйе» ұғымын тек өзекті ғана емес, әмбебапта ұғым деп санады.

Тиісінше, бұл мектептің өкілдері әлеуметтік өзгерістер деп не жүйенің өзінде, не оның ішінде болатын нәрселерді түсінеді. Бірақ егер неғұрлым дәл болсақ, айырмашылық бір ғана жүйе ахуалдарының арасында орын алады, олар уақыт барысында бірінен соң бірі пайда болып жатады. Мұндай жағдайда, өзгерістер туралы айтқанда, біз біршама уақыттан соң пайда болатын нәрсені меңзейміз. Басқаша айтқанда, әңгіме аталмыш уақыт сәтінің алдында байқағанымызбен содан кейін көретініміздің арасындағы айырмашылық туралы болып отыр. Осы айырмашылықты айырып алу үшін, талдау бірлігі оның ұқсастығын қамтамасыз ететін параметрлермен

суреттелуге тиіс.

Осылайша, әлеуметтік өзгерістер тұжырымдамасы мына негізгі қағиданы қамтиды: айырмашылықтар бір ғана жүйенің әрқилы уақыттық сәттерімен ахуалдарына қатысты болуға тиіс. Стандартты анықтаманың жақсы мысалы мынадай болады: «Мен бүтін ретінде қарастырылатын әлеуметтік жүйенің сөзсіз болатын кез-келген өзгерісін әлеуметтік өзгерістер деп білемін».

Өзгерістер түрпаттары сан алуан және оларға жүйенің нақ қандай қырлары, фрагменттері мен өзгерістері қамтылғанына қарай ажыратыла алады. Жүйенің ахуалы өздігінен алғанда бір шамада болмайды ғой, ол көптеген құрамдас бөліктер ахуалының қорытылған, жиынтық нәтижесі болып табылады. Олардың ішінде мыналар бар:

- 1) ақтық элементтер (адами индивидтердің, олардың қарекеттерінің және тағы басқаларының саны мен сан алуандығы);
- 2) элементтердің өзара байланысы (әлеуметтік байланыстар, берілгендік пен адалдық қатынастары, ықпалдастық, айырбастар және т.б.);
- 3) жүйе элементтерінің бүтін ретіндегі қызметі (әлеуметтік тәртіпті сақтау үшін белгілі бір қарекеттердің қажеттігі);
- 4) шекаралар (қамту өлшемдері, қатарға тарту принциптері, индивидтерді топқа қабылдау немесе ұйымға қамтуды бақылау шарттары және т.б.);
- 5) кіші жүйелер (мамандандырылған салалардың, секциялардың, бөлімшелердің және т.б. саны мен сан алуандығы);
- 6) орта (табиғи жағдайлар, басқа қоғамдармен көршілік, геосаяси жағдай).

Тек кешенді ықпалдастық арқылы ғана жүйе әлдене ортақ сипаттамаларға ие болады: тепе-теңдік немесе шатқаяқтық, консенсус немесе келіспеу, жарасым немесе алауыздық, кооперация немесе жанжал, бейбітшілік немесе соғыс, гүлдену немесе дағдарыс.

Түпкілікті бастапқы компоненттер мен өлшем бірліктеріне бөлшектенгенде жүйе моделі бірқатар өзгерістерге ұшырайды. Олар мыналарда байқалады:

құрамда (бір топтан басқа топқа ауысу, өсімінің ашаршылықтан туындаған кемуі, әлеуметтік қозғалыс қызметінің тоқтатылуы, топтың ыдырауы және т. б.);

құрылымда (теңсіздіктің пайда болуы, биліктің даралануы, достық қатынастардың пайда болуы, кооперативтік не бәсекелестік қатынастардың орнатылуы және т.б.);

қызметтерде (жұмыстардың мамандандырылуы мен жіктелуі, отбасының экономикалық рөлінің төмендеуі, университеттердің яки мектептердің өзіне басшылық рөл алуы және т.б.);

шекараларда (топтардың қосылып кетуі немесе олардың арасындағы бәсеке, әкімшілік өшемдердің босаңсуы мен мүше болуы шарттарының демократиялануы; бір топтың басқа топқа қосылуы және т.б.);

кіші жүйелердің қатынастарында (саясаттың экономикадан басым түсуі, отбасы мен барлық жеке өмірді тоталитарлық үкіметтің басқаруы және т.б.);

айналадағы ортада (экологиялық жағдайдың нашарлауы, жердің сілкінуі,

кара өлім не СПИД вирусының індеттері, халықаралық биполярлық жүйенің қосылып кетуі).

Кейде өзгерістердің жекелік, шектеулі сипаты болады да жүйенің басқа буындарында елеулі үндестік туғыза қоймайды. Жүйенің ішінде болып жатқан әсте-әсте өзгерістерге қарамастан, оның бүтіндігі сақталып, түбегейлі өзгерістерге ұшырамайды. Мысалы, демократиялық саяси жүйенің күші жүйенің бүтіндігі мен тұрақтылығын шайқалтпайтын жекелеген реформалардың арқасында қыр көрсетуді тайсалмай қарсы алатын, қиындықтарды еңсере алатын және жанжалдарды асқындармайтын қабілетінде жатыр. Бейімделу модификациясының мұндай түрпаты жүйенің ішіндегі өзгерістердің көрінісі болып табылады. Басқа бір жағдайларда өзгерістер жүйенің барлық компоненттерін (немесе бері салғанда болмаса негізгілерін) қамтып, оның түгелімен өзгеруіне жетелейді де, жаңа жүйеге бұрынғы жүйеден принципінде өзгеше қарауға мәжбүр етеді. Бұны әлеуметтік революциялардың көпшілігі тамаша бейнелейді. Түбегейлі (өзгерістердің) аталмыш түрпатын жүйенің өзінің өзгеруі деп атауға болады. Өзгерістердің осының екі оқиғасы арасындағы шекара тым бұлдыр. Жүйенің ішіндегі өзгерістер біртіндеп қордалана береді де, сайып келгенде жүйенің өзінің өзгеруіне ұласады. Әдетте, әлеуметтік жүйенің өзіндік ерекше шектеулері, «табалдырықтары» болады, оларды аттап өтіп (баяулығы, қауырттылығы және дер кезінділігі жағынан олардан басым түсіп) ішінара, жекелеген өзгерістер бүтін жүйенің түрпатын өзгертіп жібереді де, «сан жағынан» ғана емес, «сапа жағынан» да өзгерістерге жетелейді. Барлық тирандар мен диктаторлар қоғамдық наразылықтарды басып жаныштау тек белгілі бір сәтке дейін ғана нәтиже беретінін және олардың билігінің баяу эрозиясы сөзсіз демократияға жол ашатынын ерте ме, кеш пе байқайды.

Әлеуметтік өзгерістердің оқулықтардан табуға болатын анықтамаларынан байқайтынымыз, авторлардың көпшілігі әлеуметтік өзара байланыстардағы, қоғамдық компоненттердің ұйымдастырудағы және олардың арасындағы байланыстардағы құрылымдық өзгерістерді, шешуші өзгерістер деп санайды:

«Әлеуметтік өзгерістер дегеніміз қоғамды ұйымдастыруда, ойлау жүйесі салтында және тәртіп үлгілерінде уақыт өте келе болып жататын өзгерістер».

Әлеуметтік өзгерістер дегеніміз «уақыт ағымында индивидтер, топтар, ұйымдар, мәдениеттер мен қоғамдар арасындағы қатынастарда байқалатын өзгерістер деген сөз».

«Әлеуметтік өзгерістер тәртіптік үлгілердің, әлеуметтік өзара байланыстардың, институттар мен әлеуметтік құрылымдардың уақыт аясында алмасып отыруы» болып табылады.

Бәлкім, құрылымдық өзгерістерді жеке бөліп көрсету олардың өзгерістердің басқа түпаттарына қарағанда, жүйенің ішінде - оның жеке компоненттерінде ғана емес, оның өзінің өзгеруіне жиірек алып баруынан өрбитін шығар. Әлеуметтік құрылым қаңқа секілді бірдеңе, қоғам соған «бекітіледі» және ол сонда қимыл жасауға қабілетті, әрі ол өзгергенде,

барлық басқаларыда сөзсіз өзгеруге тиісті.

Бұрынырақ атап өткеніміздей, жүйе ұғымы әлеуметтік күрделіліктің макро-, мезо- және микро- сықылды әрқилы деңгейіне қолданыла алады. Тиісінше, әлеуметтік өзгерістер де макродеңгейде (халықаралық жүйелер, ұлттар, мемлекеттер); мезодеңгейде (корпорациялар, саяси партиялар, діни қозғалыстар, ірі ассоциациялар), микродеңгейде (отбасы, қоғамдастықтар, жұмыспен қамтылған топтар, кликалар, достар топтары) қарастырылады. Бұндай жағдайда негізгі мәселе – осынау, әртүрлі деңгейлерде болып жатқан өзгерістер қалай салғастырыла алады деген мәселе болып шығады. Бір жағынан, әлеуметтанушылар өздеріне мынадай сұрақ қояды: микрооқиғалардың макроэффектілігі қандай (мысалы, сатып аларманның тәртібіндегі өзгерістер ақшаның күнсыздануына қалай ықпал етеді, күнделікті өзгерістер өркениятты немесе мәдениетті қалай өзгертеді), екінші жағынан, оларды макрооқиғалардың микроэффектілігі қызықтырады (мысалы, аларманның революция отбасылық өмірді қалай өзгертеді, экономикалық дағдарыс достық қатынастарға қалай ықпал етеді). «Әлеуметтік өзгерістер индивидтердің қызметінің нәтижесінде болады. Демек, құрылымдық өзгерістер теориялары макроөзгергіштер индивидтердің сарындары мен таңдауына қалай ықпал ететінін және, өз кезегінде, осынау таңдау макроөзгерткіштерге қалай ықпал ететінін көрсетуге тиіс»

Өзгерістер кешендері: динамикалық тұжырымдамалардың күрделіленуі

Әлеуметтік өзгерістер тұжырымдамалары әлеуметтік динамиканың өте ұсақ «атомдарын» – жүйенің ахуалындағы, немесе оның кез-келген компонентіндегі жекелеген өзгерістерді қамтиды. Бірақ бұндай өзгерістер оқшауланған түрінде ілуде бір болады, әдетте олар басқалармен байланысты, сондықтан әлеуметтану неғұрлым күрделі, кешенді тұжырымдамаларын талдап әзірлеуі, олардың көмегімен сондай байланыстардың тұрпатты пошымдарын талдауға болады.

Олардың ең маңыздысы өзара ықпал ететін өзгерістердің салдарларын суреттейтін «әлеуметтік процесс» идеясы болып табылады. Әлеуметтік процестің классикалық анықтамасын Питирим Сорокин (1889-1968) берді: «Процесс деп қозғалыстың, модификацияның, өзгерістің, алмасып келудің немесе «эволюцияның» кез-келген түрі, қысқасы, зерттеліп жатқан аталмыш объектінің кеңістіктегі орнының өзгеруі болсын, не оның сандық тұрғыдағы немесе сапалық тұрғыдағы сипаттамаларындағы модификация болсын, бәрібір, белгілі бір уақыт ішіндегі кез-келген өзгерісі, түсініледі». Бұл тұжырымдама жүйенің өзіне қатысты (оның шеңберінде болып жататын және оны бүтін ретінде өзгертетін) өзгерістерді неғұрлым дәл анықтауға көмектеседі. Олар не бір-бірімен кездейсоқ байланысқан (бері салғанда біреуі: екіншісінің жай ғана ілесе жүретін немесе оның алдында келетін фактор емес, ең болмағанда ішінара каузалдық шарты болып табылады деген мағынада), не белгілі бір уақыт ішінде бірінен соң бірі келеді. Макродеңгейден және микродеңгейге қарай жүретін процестер индустрияландыруды, кенттендіруді, жаһандануды, дінді мемлекеттен

бөлуді, демократияландыруды, соғысты ұлғайтуды, әлеуметтік қозғалыстардың жұмылдырылуын ерікті ассоциациялардың ғайып болуын, жойылуын, фирмалардың тарауын, достар топтарының бөлектеліп шығуын, отбасындағы дағдарысты қамтиды. Бұл арада тағы да микро және макропроцестердің байланысы туралы принципті маңызды теориялық сұрақ көлденендейді.

Әлеуметтік процестердің ішінен әлеуметтанушылар олардың өзіндік ерекше екі пошымбөліп алды да, олар көптеген он жылдықтар бойы солардың басты өздерінің назарында болған айрықша екі түрін бөліп көрсетеді. Біріншіден, бұл жүйеге өз бастан берілген әлуатті ашып көрсететін пошым - «әлеуметтік даму». Аталмыш жағдайда әңгіме бағытталған процесс туралы болып отыр, онда жүйенің бірде-бір ахуалы ешқандай алдыңғы сатыда қайталанбайды, ал кейініректегі сатыда қандай да бір өрісте неғұрлым жоғары деңгейге көтеріледі (мысалы, құрылымның яки экономикалық көрсеткіштердің жіктелуі, технологиялардың ілгерілеуі яки халық санының өсуі байқалады). Мұның үстіне, жүйе дәйекті әлдене баршаға ортақ ахуалға жақындай түседі (мысалы, қоғам әлеуметтік теңдік, гүлдену немесе демократиялық өкілдік ахуалына жақындай түседі), және мұны жүйенің өзінің имманенттік (эндогендік, автодинамикалық) қасиеттері ынталандырады (ішкі қайшылықтар әлеуметтік өмірдің сапалық жағынан жаңа пошымдарының пайда болуының арқасында шешіледі; адамдарға тән жасампаздық бастау ауқымды ұйымдастырушылық инновацияларға бағытталады және т.б.). Даму теориясы, суреттеліп отырған процестердің болмай қоймайтынын, қажеттігін және бет қаратпайтынын топшылай отырып, өзгерістерге фаталистік және механикалық көзқарасқа оңай көшеді, оған сәйкес өзгерістер адами қарекеттерге тәуелді емес, адамдардың қатысуынсыз жасалады және күн ілгері белгіленген финалға жетелейді. Бұдан әрі біз даму идеясы басты идеяға айналған және «девелопментализм» немесе даму теориялары деген атаумен біріктіріле алатын теорияларды қарастырамыз. Бұған эволюционизм (Конттан Парсонсқа дейін) мен тарихи материализмнің (Маркстен Альтшуллерге дейін) барлық түрлері кіреді.

Әлеуметтанушылар ерекше көңіл бөлетін әлеуметтік процестің басқа бір пошымы бұл – «әлеуметтік цикл». Ол кездейсоқ болмағанымен, онда белгілі бір нақты бағыт болмайды. Жүйе бір немесе басқа сатыда болатын кез-келген ахуал болашақта пайда болуы мүмкін, және де аталмыш ахуал, өз кезегінде, бір кездерде де болып өткен ахуал. Бұл қайталау жүйенің өзінде негізі жатыр және өзінің табиғатын осындай өзіндік ерекше тербеліс ырғағында ашады. Қысқа уақыттық интервалда аралығында өзгерістер болады, бірақ, ұзақ уақыт барысында – болмайды, өйткені жүйе бастапқы ахуалына қайтып оралып отырады. Бізде әлі адамзат тарихын әлеуметтік циклдар терминдерінде түсіндіретін өзгерістер циклдық теорияларын (Шпенглерден Сорокинге дейін) таныстыруға мүмкіндік болады.

Адамзат ақыл-ойының бүкіл тарихындағы (тек әлеуметтану тарихында ғана емес), бәлкім, ең даулы, бірақ сонымен бір мезгілде, ең ықпалды идеялар санатына «әлеуметтік прогресс» идеясы жатады. Аксиологиялық,

құндылықтық өлшемдерді әлеуметтік дамудың объективті де бейтарап категориясына сыналып енгізіп, ол соны қатаң ғылыми, бейтарап есептен нормалар мен нұсқаулар саласына алып кетеді. «Прогресс» деп біз бағытталған процесті айтамыз, ол процесс жүйеніне неғұрлым артық жақсы ахуалға (немесе, басқаша айтқанда, бақыт, бостандық, гүлдену, әділдет, абырой, білім және т.б. сықылды этикалық тұрғыдағы белгілі бір құндылықтардың іске асуына) не толып жатқан әлеуметтік утопияларда суреттелген, қоғамның мінсіз ахуалына барған сайын сөзсіз жақындата түседі.

Прогресс идеясы бір немесе басқа автордың көзқарасына, оның дүниетанымына сәйкес ондай қоғам қалай көрінуге тиіс екендігін бәрінен жиі белгілейді. Бұндай теория өзінің ықыласын не болуы керектігімен емес, барымен шектейтін ғылым саласынан тыс жатқаны айдан анық. Дегенмен, бірқатар жағдайларда прогресс идеясы категориялық, сипаттамалық статусқа ие болады: ол кейбір құндылықтар адамзат тарихында іске асырылып қойған және жалпы алғанда қоғам сөзсіз жақсылық жағына қарай өзгереді деген ойды орнықтырады, (осынау жақсыны бір немесе басқа автор жақсы түсінетініне қарай). Бұндай, тарихи оптимизмге толы мәлімдемелер уақыт тезіне ұшырайды, өкінішке қарай, олар бұған сирек төтеп береді (біз бұл тақырыпқа 2-тарауда оралып соғып, аталмыш идеяның салтанат құруы, оның жақындағы теріске шығарылуы және оны құтқару мүмкіндіктері туралы әңгімелесеміз).

II. Штомпка бойынша осы заманғы кісі әлеуметтік өзгерістер жүйесінде

II. Штомпка «Әлеуметтік өзгерістер социологиясы» атты еңбегінде қазіргі заманды ұйымдастырушы төмендегі принциптерді қалыптастырады:

1. Индивидуалдық адамның орталық рөлін беркіту ретінде;
2. Еғбек саласында басым көрінетін жіктелу;
3. Есеп пен басқарудың де персоналдануы ретінде рационалды;
4. Экономизм әлеуметтік өмірдегі экономикалық белсенділіктің басымдылығы ретінде.
5. Экспансия/жаһандану кеңістікте басып алу аймақтарының кеңеюі ретінде.

Қазіргі жағдайлар, дау жоқ, адам кісілігіне өз таңбасын басады. Біз «кенттелудің, индустрияландырудың, бұқаралық ақпарат құралдарының және күшейіп келе жатқан белсенділіктің адамға ықпалы, қажет десеңіз, «ықпалының құны» құны туралы айта аламыз. Сондай-ақ, осы заманғы қоғамның тиімді қызмет атқаруының алғышарттары болып табылатын кісіге арналған нұсқаулар, сапалар, құндылықтар, дағдылар қалыптасуда», яғни институциялық және ұйымдастырушылық деңгейлер мен кісілік деңгейдің өзара ықпалы жүріп жатыр. Кейбір авторлар «кісілік синдромды», «осы заманғы менталитетті» (ділді) немесе «осы заманғы адам моделін» бөліп алуға тырысты. Бұл саладағы классикалық зерттеу 70-жылдары дамудың әлеуметтік және мәдени қырларын бойынша Гарвард жобасының атынан жүргізілді. Дамып келе жатқан алты елді (Аргентина, Чили, Үндістан, Израиль, Нигерия және Пәкстан) салыстырмалы зерттеу осы заманғы кісінің

талдаушылық моделін жасап шығуға мүмкіндік берді. Оған мынадай белгілер тән.

1. Эксперименттерге, инновацияларға және өзгерістерге ділі ашықтық. Бұл әрқилы пошымда білдіріле алады: олар - «жаңа дәріні ішуге немесе сауықтырудың жаңа әдісіне жүгінуге, жол жүрудің жаңа құралын немесе ақпарат құралын пайдалануға, некелесу салтанатының жаңа пошымын немесе жастарды оқытудың жаңа түрпатын қабылдауға дайын тұру».

2. Пікірлер плюрализміне және тіпті сол плюрализмді қуаттауға дайын тұру. «Осы заманғы адам әртүрлі көзқарастардың орын алатындығын мойындауға қабілетті. Ол басқалардың көзқарасы дүниені өзінің көруін өзгертеді деп қорықпайды. Ол сондай-ақ тіпті қоғамдық пікір жоғарыдан қалыптастырылуға тиіс деп санамайды».

3. Өткен шаққа емес, осы және келер шаққа бағдарлану, уақытты үнемдеу, тиянақтылық.

4. «Осы заман адамының өзінің өмірін ол жасайтын кедергілерді өзінің еңсеретіндей етіп ұйымдастыра алатынына сенімділігі». Бұл табиғатты бағындыру мүмкіндіктеріне де, саяси, экономикалық және басқа әлеуметтік мәселелерді бақылау мүмкіндіктеріне де қатысты.

5. Қоғамдық өмірде де, жеке өмірде де көздеген мақсаттарына жету үшін болашақ қарекеттерді жоспарлау.

6. Әлеуметтік өмірдің реттелетіндігіне және болжана алатындығына сенім (экономикалық заңдар, сауда ережелері, үкіметтік саясат), бұл қарекеттерді реттеуге мүмкіндік береді.

7. Бөлудің әділеттілігі сезімі, яғни «ақы төлеу жағдайға тәуелді емес, қайта мүмкіндігінше шеберлік пен үлеске сәйкес екеніне сенім».

8. Пошымдық білім алу, оқытудың жоғары құндылығы.

9. Басқалардың, соның ішінде статусы төмен, немесе кемірек билікке ие адамдардың абыройын сыйлау.

«Біздің зерттеуіміздің негізгі гипотезаларының бірі, - деп жазады Инкелес, - осынау сапалар өзара байланысты екендігі. Егер адам бойында осы аталған белгілердің бірі болса, онда басқалары да сөзсіз табылады. Басқаша айтқанда, біз жекелеген осы заманғы сипаттамалар бұйырған адамдар туралы ғана емес, осы заман адамы деп атау орынды болатын адамдар туралы да айтуға болатындығына сенеміз».

Адамзат әлемінде болып жататын өзгерістерді зерттегенде, оларды соған тартылған адамдардың қалай түсінетінін, атап айтқанда, сол бұл процестерден туындайтын нәтижелер қалай қабылданатынын ескеру маңызды. Біздің түрпаттауымызға субъективтік факторды енгізе отырып, біз сол арқылы қосымша үш өзгерістердің түрпатын бөліп аламыз, олар субкатегориялар, не тіпті морфогенезис, немесе өзгерістің репродукциясы ретінде қарастырыла алады.

1. Тануға, болжап айтуға және олардың мақсатын анықтауға болатын процестер. Роберт К. Мертонның сөзін басқаша айтып, оларды «жария» процестер деу дәлірек болар еді. Мысалы, жол қозғалысы ережелерін реформалау жол апаттары санын азайтады; валюта айырбасын заңдастыру

кара базарды жояды; бөлшек сауданы жекешелендіру тұтыну заттарымен камтамасыз етуді кеңейтеді.

2. Танып алу жағымды немесе жағымсыз деп қабылдау олардың қажетті немесе қажетсіз екенін анықтау мүмкін емес процестер. Тағы да Мертондық нұсқауынан айнамай, оларды «латентті» «жасырын» деп атайтын боламыз. Оларда өзгерістер мен оның нәтижелері кенеттен бой көрсетеді және жағдайға қарай құпталады немесе құпталмайды. Мысалы, адамдардың көпшілігі индустрияландырудың тіршілік өрісіне нұқсан келтіретінін ұзақ уақыт бойы түсінген жоқ. Экологиялық сана дейтініміз – салыстырмалы түрде күні кеше пайда болған феномен.

3. Адамдар процестерді тани алады, оның ағымын қабылдай және ол белгілі бір эффект береді деп үміттенсе, бірақ бәрібір өз үміттерінде толық қателесе алады. Процесс адамдардың есептеріне кереғар болып шығады және өзге, кейде тіпті қарама-қарсы нәтижелер береді. Біз мұндай жағдайда Мертон мен Кендалл қабылдаған терминге сүйене отырып, «бумеранг-процесс» туралы сөз етеміз. Мысалы, насихат науқаны, ол қорғаныстық механизмдерді жұмылдыра және теріс ыңғайдағы реакцияны туындата отырып, өзі жоюға бағытталған қатынасты күшейтуі мүмкін; инфляцияны ауыздықтау үшін қолданылған фискалдық реформалар рецессия мен инфляцияның күшеюін одан туғызуы мүмкін; пайданы ұлғайту ұмтылысын туындаған бәсекенің шиеленісуінің салдарынан оның деңгейі төмендеп кетуі мүмкін.

Өзгерістер тұрпаттары сан алуан және оларға жүйенің нақ қандай қырлары, фрагменттері мен өзгерістері қамтылғанына қарай ажыратыла алады. Жүйенің ахуалы өздігінен алғанда бір шамада болмайды ғой, ол көптеген құрамдас бөліктер ахуалының қорытылған, жиынтық нәтижесі болып табылады. Олардың ішінде мыналар бар:

- 1) ақтық элементтер (адами индивидтердің, олардың қарекеттерінің және тағы басқаларының саны мен сан алуандығы);
- 2) элементтердің өзара байланысы (элеуметтік байланыстар, берілгендік пен адалдық қатынастары, ықпалдастық, айырбастар және т.б.);
- 3) жүйе элементтерінің бүтін ретіндегі қызметі (элеуметтік тәртіпті сақтау үшін белгілі бір қарекеттердің қажеттігі);
- 4) шекаралар (қамту өлшемдері, қатарға тарту принциптері, индивидтерді топқа қабылдау немесе ұйымға қамтуды бақылау шарттары және т.б.);
- 5) кіші жүйелер (мамандандырылған салалардың, секциялардың, бөлімшелердің және т.б. саны мен сан алуандығы);
- 6) орта (табиғи жағдайлар, басқа қоғамдармен көршілік, геосаяси жағдай).

Тек кешенді ықпалдастық арқылы ғана жүйе әлдене ортақ сипаттамаларға ие болады: тепе-теңдік немесе шатқаяқтық, консенсус немесе келіспеу, жарасым немесе алауыздық, кооперация немесе жанжал, бейбітшілік немесе соғыс, гүлдену немесе дағдарыс.

Элеуметтік өзгерістердің оқулықтардан табуға болатын анықтамаларынан байқайтынымыз, авторлардың көпшілігі элеуметтік өзара байланыстардағы, қоғамдық компоненттердің ұйымдастырудағы және

олардың арасындағы байланыстардағы құрылымдық өзгерістерді, шешуші өзгерістер деп санайды:

«Әлеуметтік өзгерістер дегеніміз қоғамды ұйымдастыруда, ойлау жүйесі салтында және тәртіп үлгілерінде уақыт өте келе болып жататын өзгерістер».

Әлеуметтік өзгерістер дегеніміз «уақыт ағымында индивидтер, топтар, ұйымдар, мәдениеттер мен қоғамдар арасындағы қатынастарда байқалатын өзгерістер деген сөз».

«Әлеуметтік өзгерістер тәртіптік үлгілердің, әлеуметтік өзара байланыстардың, институттар мен әлеуметтік құрылымдардың уақыт аясында алмасып отыруы» болып табылады.

Әлеуметтік процестің классикалық анықтамасын Питирим Сорокин (1889-1968) берді: «Процесс деп қозғалыстың, модификацияның, өзгерістің, алмасып келудің немесе «эволюцияның» кез-келген түрі, қысқасы, зерттеліп жатқан аталмыш объектінің кеңістіктегі орнының өзгеруі болсын, не оның сандық тұрғыдағы немесе сапалық тұрғыдағы сипаттамаларындағы модификация болсын, бәрібір, белгілі бір уақыт ішіндегі кез-келген өзгерісі, түсініледі». Бұл тұжырымдама жүйенің өзіне қатысты (оның шеңберінде болып жататын және оны бүтін ретінде өзгертетін) өзгерістерді неғұрлым дәл анықтауға көмектеседі. Олар не бір-бірімен кездейсоқ байланысқан (бері салғанда біреу: екіншісінің жай ғана ілесе жүретін немесе оның алдында келетін фактор емес, ең болмағанда ішінара каузалдық шарты болып табылады деген мағынада), не белгілі бір уақыт ішінде бірінен соң бірі келеді. Макродеңгейден және микродеңгейге қарай жүретін процестер индустрияландыруды, кенттендіруді, жаһандануды, дінді мемлекеттен бөлуді, демократияландыруды, соғысты ұлғайтуды, әлеуметтік қозғалыстардың жұмылдырылуын ерікті ассоциациялардың ғайып болуын, жойылуын, фирмалардың тарауын, достар топтарының бөлектеліп шығуын, отбасындағы дағдарысты қамтиды. Бұл арада тағы да микро және макропроцестердің байланысы туралы принципті маңызды теориялық сұрақ көлденеңдейді.

Әлеуметтанушылар ерекше көңіл бөлетін әлеуметтік процестің басқа бір пошымы бұл – «әлеуметтік цикл». Ол кездейсоқ болмағанымен, онда белгілі бір нақты бағыт болмайды. Жүйе бір немесе басқа сатыда болатын кез-келген ахуал болашақта пайда болуы мүмкін, және де аталмыш ахуал, өз кезегінде, бір кездерде де болып өткен ахуал. Бұл қайталау жүйенің өзінде негізі жатыр және өзінің табиғатын осындай өзіндік ерекше тербеліс ырғағында ашады. Қысқа уақыттық интервалда аралығында өзгерістер болады, бірақ, ұзақ уақыт барысында – болмайды, өйткені жүйе бастапқы ахуалына қайтып оралып отырады. Бізде әлі адамзат тарихын әлеуметтік циклдар терминдерінде түсіндіретін өзгерістер циклдық теорияларын (Шпенглерден Сорокинге дейін) таныстыруға мүмкіндік болады.

Адамзат ақыл-ойының бүкіл тарихындағы (тек әлеуметтану тарихында ғана емес), бәлкім, ең даулы, бірақ сонымен бір мезгілде, ең ықпалды идеялар санатына «әлеуметтік прогресс» идеясы жатады. Аксиологиялық,

құндылықтық өлшемдерді әлеуметтік дамудың объективті де бейтарап категориясына сыналып енгізіп, ол соны қатаң ғылыми, бейтарап есептен нормалар мен нұсқаулар саласына алып кетеді. «Прогресс» деп біз бағытталған процесті айтамыз, ол процесс жүйеніне неғұрлым артық жақсы ахуалға (немесе, басқаша айтқанда, бақыт, бостандық, гүлдену, әділдет, абырой, білім және т.б. сықылды этикалық тұрғыдағы белгілі бір құндылықтардың іске асуына) не толып жатқан әлеуметтік утопияларда суреттелген, қоғамның мінсіз ахуалына барған сайын сөзсіз жақындата түседі.

Тиісінше өзгеріс үстіндегі объект бейнесі де өзгерді. Қоғам (топ, ұйым және т.б.) қатаң, «қатты» жүйе ретінде емес, көбіне, өзара қатынастардың «жұмсақ» алаңы ретінде қарастырыла бастады. Әлеуметтік нақты болмыс байланыстардың, үйірсектіктің, тәуелділіктің, айырбастың, жеке адалдық қатынастарының жүйесі бар индивидаралық (кісі аралық) нақты болмыс ретінде көрінеді. Басқаша айтқанда, ол өзіндік ерекше қоғамдық орта немесе адамдарды бір-бірімен жалғастыратын болып табылады. Ондай кісі аралық өріс үнемі қозғалыста болады, ол кеңейеді және тарылады (мысалы, индивидтер оған енгенде немесе тастап кеткенде), күшейеді және әлсірейді (өзара байланыстар сапасы өзгергенде, мысалы, танысудан достыққа айналғанда), қоюланады және тозаңданады (мысалы, онда жетекші пайда болғанда немесе жетекші өзінің позициясын басқаға бергенде), өрістің басқа сегменттерімен араласып кетеді немесе олардан алшақтайды (мысалы, коалициялармен федерациялар пайда болғанда немесе адамдар жай ғана бас қосқанда). Әлеуметтік қатынастардың «өзіндік ерекше, өмір үшін принципінде маңызды түйіндері», кешендері, тоқайласулары бар, оларды біз жіктеуді үйрендік және олар туралы айтқанда біз материалдандыру тіліне жүгінуге бейімбіз: біз оларды топтар, қоғамдастықтар, ұйымдар, ұлттық мемлекеттер деп атаймыз. Олардың нақты объект сапасында тіршілік етуі – иллюзия. Нақты нәрсе топтар деп аталатын тұрақты ұзақтық емес, топтасу мен қайта топтаудың тұрақты процестері; тұрақты ұйымдар емес, ұйымдастыру мен қайта ұйымдастыру процестері; құрылымдар емес, «құрылымдау» процестері; пошымдар емес, қалыптастыру; қатып қалған модельдер емес, өзгергіш «кескіндір».

Бүгінде әлеуметтану әлеуметтік өзгерістерді туындататын «жалғыз ғана», «басым» факторларды абсолюттендіруді жоққа шығарып қана қоймайды, оларды жаңадан да анықтайды. Қазір өзгерістердің экономикалық, технологиялық, немесе мәдени себептерін басым себептер ретінде айту қате және оның ахуалды қарабайырландыру болып табылады, өйткені барлық осынау категориялардың ту сыртында нақты себептік күштер, атап айтқанда, тек қана - адамдық қызмет деген кәміл сенім кеңінен таралған.

Оның элементтерін Е. Х. Каррдың шексіз прогресс туралы доктринасынан табуға болады. Оны қысқаша Кристофер Лэш былай сипаттайды: "Тарихтың аяқталуын көрсетпей-ақ, ол (Карр) адамдар, өздері күн ілгері көре алатын жақсаруларды, бұл орайда шектеулер туралы ойлап

жатпастан және мақсаттарға жетуге жақындаған сайын оларды алға қойып, әлі де күтуге хақылы деп санайды". Осынау қағидаларды егжей-тегжейлі талдап алудан бұрын мен сұрақты басқаша – прогресс өлшемінің мазмұны мен оның логикалық статусы туралы – қойғым келеді. Әлдекім прогресс өлшемдері абсолютті, тұрақты, жан-жақты, яғни басқаша айтқанда, өзгермейтін өлшемдер дей алады. Бұл өлшемдер бізді болып жатқан процестерді бағалауға болатындай сырттай тәуелсіз шкаламен қамтамасыз етуге тиіс деп топшыланады.

Барлық әлеуметтік процестердің ұзақтығы бар, олар уақыт ішінде өтеді. Қысқаша айтқанда, әлеуметтік өмір уақыт барысында созылып жатады. Уақыт та кеңістік секілді, әлеуметтік өмірдің әмбебап тіні болып табылады. "Біз барлық әлеуметтік өзара ықпалдастықтың конституциясы мұра ретінде алатын кеңістік-уақыттық қатынастарға жармасуға тиістіміз... Ықпалдастықтың орын алып отырған модельдері кез келген уақыт аясында орналасқан". Уақыт «біздің өміріміздің әрбір қырында импликацияланған» адамди нақты болмыстың етене өлшемі болып табылады. Осынау онтологиялық фактылар эпистемологиялық салдарларды ілестіре келеді: олар "әлеуметтік ғылымдардың субъективті материясы ретінде уақыттың орталықтануына яки Гидденс тұжырымдаған, "уақытты әлеуметтік теорияға кіріктіру" себебі қызметін атқарады.

Сондай-ақ, уақыт әлеуметтік өзгерістермен де неғұрлым тығыз байланыстыекендігі айдан анық. Уақытты өткізудің өзі және уақыт идеясын өзі нақты болмыс табиғатының өзгеруінен өрбиді.

Әлеуметтік өзгерістерде уақыт екі мағынада көрінеді. Ең алдымен, ол оқиғалар мен процестерді өлшеудің, олардың ығы-жығы ағынын адам бағдарын тауып әлеуметтік қарекетін үйлестіре алатын болатындай етіп реттеудің өзіндік бір сыртқы шеңбері қызметін атқарады. Бұл - "сан жағынан алынған уақыт", оны сағаттар мен күнтізбелер сияқты ыңғайлы аспаптар көрсетеді, олар бізге қилы әлеуметтік оқиғалардың салыстырмалы ағынын, жылдамдығын, аралықтарын, ұзақтығын ұқсастыру, индивидтер мен топтар жасайтын сансыз қарекеттерді рет-ретімен байланыстыруға немесе, бөлуге мүмкіндік береді. Егер профессор мен студенттер белгіленген бір аудиторияда шамамен бір сәтте жиналмаса, ал оның алдында лекция тыңдаған одан бұрынырақ шығып кетпесе, академиялық лекция мүмкін болар ма еді? Егер имам мен діндарлар шіркеуге бір мезгілде келмесе, діни рәсім болар ма еді? Егер машинист, жолсеріктер және жолаушылар бір мезгілде, бір платформада жиналмаса, пойыздың аттандырылуы мүмкін бе? Адамзат қоғамы неғұрлым күрделілене түскен сайын уақыттық тәртіп пен үйлестірудің маңыздылығы соғұрлым арта түседі. Қазіргі қоғамда бірде-бір ұйым уақытты ескермей жұмыс істей алмас еді. Үлкен фабриканы жұмыс ауысымдарынсыз, темір жолды не авиакомпанияны күн тәртібінсіз, мейрамханаларды жұмыс сағатынсыз елестетіп көріңіз. Уақыт өлшеуіш құралдардың ойлап табылуы мен барлық әлеуметтік өзгерістер - оқиғалар мен құбылыстар - осы сыртқы шеңберлерге орналастырыла алатын болса, яғни біз "уақыттағы оқиғалар" туралы айта аламыз.

1.9. Әлеуметтенудің социологиялық өлшемдері

Қазақстан қоғамы дамудың жаңа кезеңіне аяқ басты. Өтпелі кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени қайта құру процестері жаңа әлеуметтік құбылыстар мен әлеуметтік процестердің пайда болуына және әлеуметтік топтар, жеке тұлғалар арасындағы қарым-қатынастардың сапалы өзгерістеріне алып келді. Әлеуметтік өзгерістер жеке тұлғаның әлеуметтену процесін және әлеуметтенуге әсер ететін факторларды терең зерттеу қажеттігіне алып келді. Қазаргі кезеңде қоғамның дамуына жаһандану бір жағынан, өркениеттік даму екінші жағынан әсер етуде. Қоғамның міндеті өз дамуында тек ұлттық өркениеттік дамумен ғана шектеліп қалмай, өркениеттік дамудың да қарқынынан қалмау.

Жемісті әлеуметтену қоғамдағы дамудың және тұрақтылықтың көрінісі. Содықтан да қоғам дамудың бір сатысынан екінші сатысына өту кезінде адамның және әлеуметтік топтардың мінез-құлқында әртүрлі бағыттар орын алады. Адамдардың әлеуметтенуінің қалыпты процесінде терең өзгерістер, бетбұрыстар пайда болды. Адамдардың құндылықтары, дүниетанымдары мен мотивтері қоғамдағы қайта құрудардың нәтижесінде жаңа қырларға ие болды. Қоғамдағы жеке меншікке негізделген экономикалық құрылымды қалыптастыру процесі жүруде. Жеке меншік институтының қалыптасуы жеке тұлғалардың экономикалық әлеуметтенуін социологиялық тұрғыдан зерттеуді қажет етеді. Экономикалық әлеуметтену адамның ішкі экономикалық сана-сезімінің, мотивтерінің және сыртқы экономикалық өзгерістердің әсерінің көрінісі болып табылады. Нарық, ақша, табыс адамдардың әлеуметтік құндылықтарының иерархиясының бас жағынан орын алып отырған кезде, біз әлеуметтік топтардың мінез-құлқының сан-алуан түрін кездестіре аламыз. Мысалы, қазіргі кезде элитарлық білім алу тек әлеуметтік-мәдени ғана емес, экономикалық құндылық та болып табылады. Білім адамның болашақ өмірінің, мансабының, әлеуметтік жағдайының, яғни бір сөзбен айтқанда, әлеуметтік статусының деңгейінің көрінісі болып табылады. Сонымен қатар ақылы білім берудің кредиттік жүйесінің енгізілуі де адамның экономикалық әлеуметтенуіне өз әсерін тигізеді. Қазіргі кезде адамның қалыптасуы жекетұлғалық құндылықтар мен мотивтердің өзгеруіне және сол өзгерістерге бейімделу деңгейіне байланысты. Әлеуметтік бейімделу екі жақты процесс. Бір жағынан, ол адамның өзгерістерді тану, қабылдау, қажет ету, көну сияқты қасиеттеріне байланысты. Консерватор адам өзгерісті қаламайды, өзінің үйренген жағдайын өзгерткісі келмейді. Бірақ, сыртқы жағдай өзгерістерге алып келеді. Бұл жерде біз әлеуметтену процесінің күштеу арқылы, адамның мәжбүр болуы арқылы жүзеге асу мысалын көреміз. Қазақстанда 2004-2005 жылдардан бастап, индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы қабылданды. Ендігі жерде экономиканың дамуының кластерлік әдісі, инновациялық іс-әрекетке мән беру экономиканың дамуының басты бағыты болып есептеледі. Ал инновациялық өзгерістерді

енгізу жаңа білімді игеруді, жаңа мінез-құлық түрін қалыптастыруды, адамдардың осы өзгерістерді қабылдау, оған бейімделу жылдамдығын қажет етеді. Біз кез-келген инновацияны әлеуметтік топтардың және адамдардың әртүрлі типтерінің бір деңгейде және қарама-қайшылықсыз қабылдайды деп айта алмаймыз. Себебі, инновация адамнан еңбектің жаңа түрін меңгеруді, қосымша білім алып, кәсіби деңгейін көтеруді қажет етеді. Сонымен қатар, инновация еңбектің мазмұнының, сапасының, еңбекке және жұмыскерге қойылатын талаптардың өзгеруіне алып келеді. Бұл жерде адамның екінші кезектегі әлеуметтенуіне жаңа жағдайға бейімдеу институттарының болуы не болмауы, әлеуметтену жағдайлардың қолайлы не қолайсыздығы әсер етеді. Мамандық, жас, жыныстық, территориялық ерекшеліктер адамның осы аталған өзгерістерге бейімделуінің әртүрлі көріністеріне алып келеді. Нарыққа көшу, бір жағынан адамның іс-әрекетіне еркіндік берсе, екінші жағынан, сол еркіндікті пайдалану мүмкіндіктеріндегі алшақтықтарға, кедергілерге алып келді. Адамның әл-ауқаты мен дамуы мәселесі мемлекеттік деңгейден адамның өзінің деңгейіне алып келінді. Ал біздің қоғамның адамы мемлекеттің қамқорлығына, бағыттауына үйреніп қалған. Яғни, әрқашан адамның әлеуметтенуінде сыртқы фактор, мемлекеттің жоспарлы саясаты әсер етіп отырды. Бұл толық жұмысбастандықтан, материалдық деңгейі төмен отбасыларына деген мемлекет тарапынан болған қамқорлықтан, тегін орта және жоғары білім беруден көрінеді. Ал қазіргі кезде адамның білімнің, еңбектің түрін таңдау мүмкіндігі артты. Ал, еңбек нарығы тек қана білікті, қазіргі еңбектің түрін жете меңгерген, психологиялық жағынан мамандық талаптарына сай келетін, дені сау, адамгершілік және басқа да мамандық бойынша жұмыс істеу талаптарына сәйкес жеке қасиеттерге ие тұлғекті ғана жұмыспен қамтамасыз етеді. Бұл жерде студент жастардың кәсіби әлеуметтенуі кәсіби білім беру стандарттарының заман талабына қаншалықты дәрежеде жақындатылғанына, жоғары оқу орындарындағы өндірістік және педагогикалық практикалардың беретін нәтижелеріне байланысты. Бұл жерде жоғары оқу орындары мен өндірістік ұйымдардың тығыз байланысы кәсіби әлеуметтенуге өзінің тиімді нәтижесін береді.

Жеке тұлғаның әлеуметтенуі сонымен қатар әлеуметтенудің қазіргі өзгерістерді қамти отырып жасалған әлеуметтік технологияларға да байланысты. Мысалы, кредиттік оқу жүйесіне көшу студенттен де, оқытушыдан да осы өзгерісті танып-білуді, қабылдауды және іске асыруды қажет етеді. Бұл жерде мемлекет тарапынан осы жүйені енгізудің студенттерге, оқытушыларға, менеджерлерге арналған технологияларын жасау бұл процестің енгізілуіне, осы процеске бейімделуге тиімді әсер етеді. Мысалы, кредиттік оқу жүйесіне байланысты оқу-әдістемелік кешенді жасау методикасы бойынша нұсқаулардың болуы, заңдық-құқықтық нормативтердің енгізілуі бұл бағыттағы әлеуметтену процесін жеңілдетеді.

Әлеуметтену процесіне ақпараттық жүйедегі өзгерістер әсер етеді. Қазіргі заман ақпараттар заманы. Ақпаратты таратудың техникалық түрлерінің дамуы, БАҚ-ның ролі артуда. БАҚ адамның әлеуметтенуіне

олардың өмірінің барлық кезеңінде әсер ететін бірден-бір күш. Ақпараттар жүйесі адамның танымын арттыра отырып, оның дүниетанымын, мотивтерін, мінез-құлық түрін қалыптастыруда белсенді роль атқарады. Сондықтан да ақпараттар таратудағы бостандық біржақты позитивті роль ғана атқарады деп айта алмаймыз. Зорлық-зомбылықты, соғысты, сексуалдық ашық көріністерді насихаттайтын фильмдер мен хабарлар балалардың және жастардың психикасына ғана әсер етіп қоймайды, сонымен қатар олардың адам ретінде қалыптасуына, өмірлік ұстанымдарының өзгеруіне де әсер етеді. Адам өмірде де өзі ұнатқан, қажет ететін құбылыстардың, қатынастардың болғанын қалайды. Ол үшін өзі не істеді, мүмкіндіктері бар ма, әлде жоқ па, ол туралы әлі тұлға ретінде қалыптасу барысындағы жастар ойлана бермейді. Бұл жастарға тән максимализмнің әсері. Жастарға орта және кәсіби білім берумен қатар қоғамдағы болып жатқан процестерді әмбебап қабылдай алатындай, қоғамдық процестерге тез бейімделіп, араласып кетуге қабілетті болып шығуына қажетті қасиеттерді қалыптастыру керек. Жастардың әлеуметтік бейімделуі әртүрлі әлеуметтік институттардың бірлескен жұмыстарының көрінісі болып табылады. Жас маманның кәсіби бейімделуінің жемісті өтуі оның жұмыс орнына, жұмыстың мазмұнына қатынасына, ынтасына және мамандық пен кәсіби білімнің сәйкес келуіне байланысты. Бұл жерде ұйым басшысының, ұжым мүшелерінің жас маманды қабылдау деңгейі де бейімделу процесінің жылдамдығына әсер етеді. Сонымен қатар жас маманның жеке тұлғалық қасиеттері, яғни, ашықтығы, қатынасқа дайындығы, кәсіби біліктілігін көрсете білуі, ұжымдағы қарым-қатынас нормаларын қабылдауға ұмтылуы не ұмтылмауы да бейімделудің сипатына әсер етеді. Ал, орта жастағы адамдар арасында инновациялық процестерге бейімделу деңгейі бірқалыпты дей алмаймыз. Жас ерекшеліктеріне қарай бұл топқа жататын жұмыскерлерге жаңа ақпараттар толқынын қабылдау, меңгеру біраз қиыншылықтар тудырады. Себебі, жаңа ақпарат адамның білімін қайта жетілдіруді, бұрынғы қадыптасқан кәсіби дағдылардан алыстап, жаңа дағдыларды меңгеруді, қажет болса басқа мамандық бойынша кәсіби білім алуды қажет етеді. Бұндай іс-әрекетке орта жастағы адамдардың көбі дайын деп айта алмаймыз. Сонымен қатар, денсаулық, отбасылық және басқа жеке тұлғалық жағдайлар да жаңа процестерге адамның бейімделуіне әсер етеді. Жаңа процестерге бейімделу адамнан материалдық, қаржылық шығынды да қажет етеді. Бай таптың өкілдері болмаса, орта, кедей топ өкілдерінің мамандықтың жаңа қырларын меңгеруге шығаратын қаржысы жетпейді. Бұл жерде мемлекеттің, өндірістік кәсіпорындардың, қоғамдық ұйымдардың бағдарламалары бойынша арнайы мамандықты жетілдіруге бөлінетін қаржылардың ролін баса көрсетуге болады.

Тұлғаның әлеуметтенуінің дәрежесіне әсер ететін фактордың бірі – тілдік бейімделу, адамның тілді меңгеру және қолдану деңгейі. Қазақстан қоғамының қазіргі даму кезеңінде тілдердің дамуының бірнеше бағыттары қалыптасып отыр. Біріншіден, мемлекеттік тіл статусына ие қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту. Бұл бағытта қазақ тілінің мектеп, жоғары оқу орны

көлемінде оқытылуы, іс-қағаздардың қазақ тілінде жазылуына біртіндеп көшу шаралары жүргізілуде. Бұл процесс тұлғаның әлеуметтенуіне де өзіндік әсер тигізуде. Қазақ тілінде сөйлей алмайтын қазақтардың қазақ тілін меңгеруге деген мотивтері өзгеруде. Біреулер, мансап не қызметтік қажеттіліктен, яғни, жұмыссыз қалмау үшін қазақ тілін меңгеруге ұмтылса, кейбірулерде, саналы ұмтылыс, патриоттық сезім болуы мүмкін. Үшінші бір топ, бұл процесті мүлдем қабылдамай, қарсы шығады. Осы жоғарыда көрсетілген үш топтың өкілдерінің тілдік әлеуметтену деңгейі әртүрлі. Сондықтан да тұлғаның әлеуметтенуі тек адам сол сыртқы өзгерістерді қабылдап, өзі жаңа процесті жасауға тікелей қатысқанда ғана жемісті болады. Адамның әлеуметтенуінің көрсеткіштерінің бірі – тұлғаның орыс тілін және шет тілін (ағылшын) меңгеру деңгейі. Қазақсанда тұратын халықтың басым бөлігі орыс тілін өз деңгейінде меңгерген. Орыс тілін білмейтіндер қатарына кейбір алыс ауыл тұрғындарын, оралмандардың басым бөлігін жатқызамыз. Орыс тілін білмеу аталған топ өкілдерінің әлеуметтенуіне, олардың қоғамдық процестерге бейімделуіне біраз қиындықтар тудырады. Себебі, біздің қоғамда ақпарат алу, қарым-қатынастың барлық түрі орыс тілінде жүзеге асырылады. Сондықтан да оралмандарды тілдік бейімдеу курстары керек ақ. Олардың көпшілігі өз құжаттарын реттеу үшін аудармашы жалдауға мәжбүр. Ал, тіл білмегендіктен өзінің мамандығы бойынша жұмысқа орналаса алмай, жоғары оқу орындарында, мектептерде білім алудың жоғары деңгейіне жете алмай жүргендер қаншама. Тілді жетік білмеу не тіпті түсінбеу қарым-қатынаста, адамның жетілу процесіне біраз кері әсерін тигізеді. Ағылшын тілін білмеу жастардың біліктілік деңгейінің жоғарылығына қарамастан, элитарлық білім алудағы, гранттық бағдарламаларға қатысудағы, шет елдерде белгілі болуына тосқауыл болады. Бұл да қоғамдағы адамдар арасындағы мүмкіндіктердің әртүрлілігіне алып келеді. Сондықтан да бізде ағылшын тілін жете білетіндерді, шетелдік білімі бар адамдарды қоғамнан озық тұрғандар ретінде қабылдаймыз. Аталған жағдай әлеуметтену барысындағы құндылықтардың әртүрлілігіне де алып келеді. Шетелде білім алып келген жас мамандар өз біліктілігін, идеяларын қазақстандық қоғамда жүзеге асырғысы келеді. Бірақ, біздің қоғам бұл идеяларды қабылдауға материалдық және адамгершіліктік тұрғыдан да дайын емес. Шетелдік тәжірибелерді қазақстандық қоғамға бейімдеу механизмдерін енгізу адамдардың әлеуметтену процесінің қарқынына әсер етеді. Бұл жерде әлеуметтік технологияларды жасау жеке тұлғалардың әлеуметтену процесінің жеңіл өтуіне, жаңалықтарды қабылдау және оған бейімделу жолдарының тиімді болуына ықпал етеді.

Әлеуметтену процесі сонымен қатар тұлғаның өзінің даму ерекшеліктерінің де нәтижесі болып табылады. Адамның әлеуметтену ортасының сапасы оның белгілі тұлғалық сипатқа ие болуына алып келеді. Бұл жерде біз адамның туа біткен қасиеттерінің қоршаған ортаны қабылдау мен оған бейімделуіне бірден – бір әсер етуші фактор ретінде қараймыз. Адам ортаны өзінің көргені, қабылдауы, қызығушылықтарына,

икемділіктеріне қарай әртүрлі қабылдайды. Табиғаттың сұлулығын әркім әртүрлі қабылдайды. Суретшінің сұлулықты сипаттауындай басқа адамдар сипаттай алмайды. Әртүрлі кәсіби топтардың болуы да осы осы жеке тұлғалық ерекшеліктердің, жеке қызығушылықтардың нәтижесі. Екінші жағынан алсақ, таңдаған мамандық адамның әлеуметтенуіне тікелей әсер ететін факторлардың бірі. Сондықтан да жоғары оқу орындарында кәсіби мінез-құлықты және жеке тұлғалық белгілерді қалыптастырудың әлеуметтік технологиялары жасалса, адамның жалпы әлеуметтену процесі жемісті өтеді деп айтуға болады. Қазіргі кезде қазақстандық қоғамда іскер адамдарды қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуде. Сондықтан да іскер адамдарға тән белгілерді түлектердің бойында қалыптастыру маңызды міндет. Іскер адам кәсіби біліктілігі жоғары, психикалық тұрақты (стрестік жағдайларға төзімді), адамгершілік қасиеттерге ие, дені сау, креативтік тұрғыдан ойлайтын, белсенді, үнемі жаңалыққа ұмтылушы тұлға ретінде сипатталады. Қазіргі қоғамды әрі қарай дамытуды қолына алатын және болашақ өзгерістерді көре алатын белсенді, жаңалыққа ашық адамды қалыптастыруда қоғамдағы әлеуметтік институттардың ролі жоғары.

Қорыта айтқанда, қазіргі кездегі тұлғаның әлеуметтенуінің экономикалық, саяси, мәдени, әлеуметтену моделдерін зерттеудің өзектілігін көреміз. Әлеуметтенудің біртұтас моделі жоғарыда аталған моделдердің жиынтығы болып табылады. Әлеуметтенудің өзіндік және аймақтық, топтық түрлері Қазақстан қоғамында көрініс тауып отыр. Әлеуметтену моделдерін жасауда тұлғаның әлеуметтену ортасын, жекетұлғалық ерекшеліктерін, қоғамдағы алатын позициясын, атқаратын әлеуметтік ролдерін ескеру керек. Біз тек қана әлеуметтенудің нақты топқа, тұлғаға қатысты моделдерінің стандарттарын қалыптастырудың әлеуметтік технологияларын жасау арқылы ғана адамдардың әлеуметтік процестерге бейімделуін сәтті өткізуін қамтамасыз ете аламыз. Әлеуметтену тек қана қоғамдық институттардың қызметінің нәтижесі емес, ол адамның жеке тұлғалық қасиеттерінің, қызығушылықтарының, өзін сол топпен бірдей санау деңгейінің де көрінісі. Сондықтан да тұлғаның әлеуметтенуінің әржақты, күрделі, нәтижесі әртүрлі процесс екенін ескеру керек.

1.10. Социологиядағы әлеуметтік бейімделу теориялары

Әлемдік социология бейімделу мәселелерімен XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басынан бастап айналыса бастады. Әлеуметтік бейімделу теориясының негізін қалаушылар Г.Спенсер, М.Вебер, Г.Тард, Л.Бристол, У.Томас және басқалар. «Бейімделу» сөзі латын тілінде: «adaptare», яғни «икемделу» дегенді білдіреді. Социологияда әдістемелік тәсілге байланысты әртүрлі түсіндірілді.

Г.Спенсердің «органикалық эволюционизм» теориясы шеңберінде бейімделу индивидтің өмір сүру жағдайлары мен факторларының өзгеруіне қатысты икемделу реакциялары ретінде пайымдалды. Ол бейімделудің үш жағын бөліп көрсетті:

1. Физикалық ортаға экологиялық бейімделу,
2. Әлеуметтік бейімделу;
3. Әлеуметтену не индивидтердің «мәдени бейімделуі».

«Психологиялық интеракционизма» өкілдері Г. Лебон, Г. Тард бейімделу деп индивидтің әлеуметтік ортамен тиімді өзара қатынас орнату тәсілін түсіндірді. «Құрылымдық эволюционизм» тұрғысынан бейімделу әлеуметтік объектілердің құрылымының даму динамикасына сәйкес субъектінің санасы мен мінез құлқының көпжақты ауысуы ретінде көрінеді.

«Құрылымдық функционализм» өкілдері Т. Парсонс пен Р. Мертон бейімделуді әлеуметтік құрылымның элементтерінің өзара әрекетін реттеу жолымен оның дисфункциясын жоюдың процесі және нәтижесі ретінде қарастырады.

Э. Гидденс, Ю. Хабермас өздерінің бейімделудің «интегративтік рационализм» моделінде бейімделуді әлеуметтік әрекет субъектілерінің коммуникативтік негізде өздерінің әлеуметтік жүйелердің әрекет ету және даму жағдайларымен өзарақатынасын реттеу тәсілдерін «рационализациялау» ретінде суреттейді.

Әлеуметтік бейімделу адамның қоғамдық мәні мен қоршаған нақтылық арасындағы байланыстырушы буын болып табылады және көп функционалды сипатқа ие. Біріншіден, ол адамның табиғат пен әлеуметтік ортамен өзара әрекетін оңайлатын қажетті жағдай және құрал болып табылады. Екіншіден, бейімделу адамның дамуына және қоршаған ортаның жетілуіне ықпалын тигізеді. Екіншіден, бейімделу арқылы адамның әлеуметтік мәні жүзеге асырылады. Төртіншіден, бейімделу адамға қызметтің кез келген түрін меңгеруде қажет болады. Сондықтан, адамның бейімделуі күрделі әлеуметтік негізделген құбылыс болып табылады. Оған адамның бейімделу мінез құлқының үш деңгейінің, биологиялық, психологиялық, әлеуметтік, қарам қайшы бірлігі тән. Көптеген зерттеушілер әлеуметтік бейімделуді әлеуметтік субъектіні өн бойы жанында болатын үздіксіз процесс қарастырады. А. Тоффлер мынандай тезис қалыптастырды: «өмір – бұл бейімделу». Ғалымдар қазіргі кезде бейімделудің әртүрлі топтамаларын ұсынуда. В.А. Марков бейімделудің топтамасын жасау үшін он негізгі өлшемдерді бөліп көрсетеді: 1) өмір сүру саласы; 2) бейімделу тәсілі; 3) бейімделу объектісі; 4) қатынастар құрылымы 5) реттелу деңгейі; 6) процестің тереңдігі; 7) иерархиялық деңгейі; 8) белгілілігі; 9) уақыттық байланыс; 10) дәлдігі.

Л.В. Корель бейімделудің топтамасы жүйесінің келесі моделін ұсынады:

1) Атрибутивтік. Бұл өлшем бойынша балама және балама емес бейімделуді бөлу ұсынылады. Балама бейімделу бейімделу субъектісі ортаның шақыруын, онда болып жатқан өзгерістердің мәнін түсініп, өзінің санасы мен мінез құлқын сол ортаға балама түрде өзгерткен жағдайда ғана пайда болады. Егер ол болмаған жағдайда балама емес бейімделу туралы айтамыз Балама және балама емес бейімделудің арақатынасы өте күрделі. Нақты уақыт аралығындағы балама бейімделу кең уақыт интервалында балама емес бейімделуге айналуы мүмкін.

2) Бейімделу барысындағы адаптанттың ішкі құрылымындағы қайта құрулардың тереңдігі мен сипаты. Бейімделу субъектісінің өзіне өзі бейімделуі ішкі бейімделу, сыртқы ортаға бейімделуі сыртқы бейімделу. Г. Тард бейімделудің екі тобын бөліп көрсетеді: 1) бір біріне және сыртқы ортаға икемделу; 2) ішкі бейімделу, әртүрлі құрылымдық элементтер мен функциялар арасындағы ішкі өзара байланысты қолдау. Ол өзінің «Әлеуметтік этюдтарында» былай деп көрсетеді: «икемделудің бірінші деңгейі қарастырылатын жүйенің өзара байланысынан көрінеді. Икемделудің екінші кезеңі оларды қоршаған жүйелермен, яғни ортамен байланыстырады.

3) Бейімделу барысында сыртқы ортадағы адаптанттың жағдайының өзгеруі. Бұл өлшем бойынша бейімделу сыртқы ортаның өзгеруінің сипатына байланысты болады. Өзгерістер біріншіден, жаңа әлеуметтік институттардың, процестердің, әлеуметтік топтардың, т.б. пайда болуына байланысты болуы мүмкін. Бұл жағдайда бейімделу инновацияға жауап болып табылады. Екіншіден, әрекет етуші институттарды модификациялау, күрделендіру не жеңілдету процестері де бейімделуді қажет етеді. Бұл жерде бейімделу қайта құруларға жауап болып табылады. Т. Парсонсқа сәйкес, инновация процесіне тікелей қатысы жоқ елдер үшін басқа қоғамдағы инновациялық процестерге қатысты төрт мүмкін болатын жауап бар. Біріншіден, инновацияны олардан күштілер бұзуы мүмкін. Екіншіден, инновацияны бейімдеу арқылы донорлар мен реципиенттердің бәсекелік қабілеттілік деңгейлері теңестірілуі мүмкін. Оның мысалы дамуы артта қалған елдердің модернизацияға қарай қозғалысы. Үшінші вариант болып қоғамның басқа қоғамдағы инновацияны қабылдамауы, өзінің ескі құрылымын салыстырмалы түрде өзгеріссіз сақтауды жалғастыруы. Инновациясыз қоғамның соңғы мүмкіндігі оның социеталдық баламалылығын жоғалтуы не инновацияны алып жүруші ауқымды социеталдық жүйенің оны өзіне қосып алуы.

4) Креативтік. Бұл өлшем сыртқы ортаға бейімделу барысында адаптанттың әлеуметтік тұғырларының өзгеруінің бағыттылығын көрсетеді.

5) Көлемділік. Ғылыми әдебиетте толық және жартылай бейімделу туралы айтылады. Толық бейімделу ретінде икемделу процестерінің барысында ортамен толық үйлесімге келу танылады. Жартылай бейімделу ретінде ортаның барлық өзгерістеріне аяқталмаған бейімделу, тек оның кейбір жақтарына ғана бейімделу танылады.

6) Шығу тегі. Бейімделу әрқаша стресс болғанымен, ғалымдар өз еркімен және еріксіз бейімделу түрлерін бөліп көрсетеді. Бұл бейімделу түрінің маңызы, адаптанттың жаңа жағдайларды меңгеруге оң не теріс бағыттылығының бейімделу процестерінің қарқынын, жылдамдығын, жемістілігін және басқа сипаттарын айқындайтынында. Адамның өз еркімен болған бейімделуде ең алдымен онда жаңа құбылысқа деген оң бағыттылық пайда болады, одан кейін мінез құлықтың жаңа балама түрі пайда болады. Ал еріксіз бейімделу адаптантқа өзінің шарттарын қатаң таңады.

7) Бейімделудің тәсілдері мен формалары. Ғылыми әдебиетте бейімделудің келесі түрлері көрініс тапқан:

1) Ассимиляция, адаптантты бейімделу барысында ортаның жұтып қоюы. 2) Аккомодация. Бұл термин әлеуметтік түрде берілетін және индивидуалдық және топтық әдеттер мен дәстүрлерде жүзеге асатын функционалдық өзгерістерді бейнелейді. Биолдогиялық және әлеуметтік бейімделу арасындағы айырмашылықты зерттеген М.Болдуэн аккомодацияны который считал аккомодацию процессом, при котором «ескі дағдылар әлсірейді және үйлестірудің жаңа тәсілдері қалыптасатын» процесс деп есептеді. Г.Тард бұл терминді екі қарама қайшы әрекеттер арасындағы қақтығысты шешуді және мінез құлықтың жаңа түрінің пайда болуын бейнелеу үшін пайдаланды. Ф.Гидденс бұл терминді қақтығыстарды шешудің әмбебап әдісі ретінде суреттейді. Қазіргі кезде аккомодация индивидтер мен топтарды татуластыру мен компромиске келтіру ретінде түсініледі.

3) Кездесулік не жауап берушілік бейімделу ортаны бейімделу субъектілеріне қарай қайта құру, ортаны бейімделу субъектісіне икемдеу. 4) Коадаптация – коррелятивтік икемделу, өзгерген жағдайларға жалпы және өзара бейімделу. Коадаптация өзіне субъектінің ортаның өзгерулеріне «тікелей» бейімделуі мен «кездесулік не жауап берушілік» - яғни ортаны бейімдеуді біріктіреді. Бейімделу бұл топтама бойынша коадаптация түсінігіне қарағанда мазмқны бойынша кең.

5) Дезадаптация – бейімделудің болмауы не жоғалуы.

6) Реадаптация – бейімделудің қайта қалпына келуі, қайта бейімделу.

7) Бейімделу сатылары. Бұл жерде бейімделудің ұзақтығы ескеріледі. Осы негізде қысқы, орта, ұзақ мерзімді бейімделу түрлері сипаталады. Қысқа мерзімді бейімделуде субъектінің ортадағы өзгеріске жауап беруі белсенді болады. Адам сондықтан да ортадағы өзгерістерге қысқы уақыт аралығында бейімделе алады. Ұзақ уақытты талап ететін бейімделулер функционалдық жүйелерді қайта құруды талап етеді. Хронология бойынша бейімделу бастапқы, аралық, аяқталу сатыларына бөлінеді. Бейімделудің алғашқы сатысына ортаға әлсіз икемделу тән. Бұл баспалдақ орта мен адаптант арасындағы қақтығыстармен, қарама қайшылықтармен сипатталады. Бұл кезеңде бейімделушілік мінез құлық стратегиясы қалыптасып, сана мен мінез құлықтық стереотиптерді қайта құруға деген үмтылыстар жасалады. Бейімделудің аралық кезеңі басталған бейімделушілік әрекеттерді дамытады, беркітеді. Дегенмен, көптеген жағдайда бейімделушілік мінез құлық стратегиясын өзгертуге тура келеді. Аралық бейімделу біртіндеп бейімделудің аяқталуы кезеңіне ұласады. Адаптант қоршаған ортамен үйлесім табады.

8) Бейімделу субъектісінің сипаттамасы. Бейімделу демографиялық, мәдени, саяси, әлеуметтік психологиялық, діни, әлеуметтік, технотрондық, экологиялық, экономикалық, этникалық, құқықтық деп бөлінеді. Бейімделу субъектісіне қарай тұлғаның, әлеуметтік топтардың, әлеуметтік институттардың бейімделуін сипаттауға болады.

1.11. Діни сенімдерді зерттеудің қазіргі бағыттары

Зерттеуші социолог қоғамдағы діни көзқарастарды, жалпы дінді зерттеу үшін уақытша болса да өзінің діни наным сенімдерін ұмытып, дінге әлеуметтік құбылыс ретіне қарауы тиіс. Социологты діни топтардың қалай ұйымдасқандығы (тек өз дінін ғана емес), олардың діни нормалары мен құндылықтары жеке тұлғалар мен тұтас қоғам өміріндегі діннің ролі қызықтыруы тиіс. Оның қарастыратын мәселелері дін не үшін өмір сүруде, сонау заманнан бері бүгінгі күнге дейін дін қалай сақталып келетіндігі жайлы. Сол сияқты әсіресе діни топтардың басқа қоғамдағы адамдар өріміне әсері, олардың өмірлік қағидалары мен облыстық өміріне әсері қандай тағы басқа сұрақтарға жауап іздейді.

Американ социологы Герхарт Ленски дінді: «Оның мүшелері белгілі бір салт дәстүрле мен әдет-ғұрыптарды орындаушы, адамдар тағдырын басқаратын өмір сүруге күш беретін сенімдер жүйесі» деп көрсетті (Ленски 1961). Ал, басқа социолог Р.А.Джонстоуының пікірінше, дін – адамдар тобының жоғарғы тәңірге құдшіретті деп сиынып, түсіндіруге тырысатын, іс-әрекет жасайтын сенімдер мен белгілер жиынтығы (Джонунстоун, 1975 С.20).

Социологтар діннің бірнеше элементтерін бөліп алып қарастырады. Олар ең алдымен діни топтарды және олардың қоғамдағы айырмашылықтарын зерттеуде оларды діни қауымдастықтарға бөліп қарастырады: мұсылмандар, католиктер, протестанттар, иудаистер, т.б. ұйымдар секталар.

Екіншіден, дін – күдіретті ұғыммен байланысты болғандықтан оның күнделікті өміріндегі ерекше құбылыстар мен таңғажайыптарға байланысты адамдардың белгісіз бір күшке сиынуы (қайғылы жағдайлардан аман қалу үшін, ауруынан жазылуы үшін, суды шарапқа, дәріге айналдыру т.б.). Әр дінде әртүрлі сиынатын күдіретті заттары немесе жерлері (адам болуы да мүмкін) болады. Мәселен, біздің елде сиыр күнделікті өмірде қолданылатын қажеттіліктердің бірі болғанымен үндістер үші ол күдіретті, ол Вишна құдайымен байланысты. (Сондықтан Хари УКришна сектасы мүшелеріне теріден жасалған аяқ киім киюге тиым салынған).

Үшіншіден, дін – белгілі бір сенімдер жиынтығы. Бұл сенімдер адамзат тұлғасын, қоршаған ортаны, жоғарғы тәңір күшін күдіретті деп түсіндіреді, сондықтан кейбіреулерге қоңыздың маңыздылығы президентпен тең.

Төртіншіден, дін – іс-әрекеттер мен діни ережелер жиынтығы, күдіретті деп санайтын затқа, жерге сиыну іс-әрекеті. Мәселен, шіркеудің жанынан өткен католик сиынады, мазараттың жанынан өткен мұсылман бет сипайды.

Э.Дюркгейм динит ережелерді қалыптасқан ретінде қарап, адамдар күдіретті заттарға сый құрмет көрсетуі тиіс деп есептеді. Мәселен, су күдіретті өмірде ішу үшін, шомылу үшін қолданылады, алайда, кейбір жағдайда суға сиынады.

XXғ. Социологтар Роберт Беллахтың ұсынған теориясын қабылдады. Беллах бұрынғы және бүгінгі күнгі діндерді бес категорияға бөлді: ежелгі, архаикалық, тарихи, ертедегі модерлік. Беллах бұл діннің өзіндік тұрмыстық

ерекшелігін атап көрсетті, олар өзінің дамуында барлығы белгілі кезеңнен өтуі міндетті емес, кейбір діндерге бірнеше кезеңге тән сипаты болуы мүмкін, сол сияқты қарапайым түрінен күрделі наным сенім қалыптаспайды, кейде қайтадан бұрынғы даму кезеңіне оралуы немесе мүлдем дамымауы мүмкін.

М.Вебер дінді адам жанын құтқарушы ретінде қарастырып, адам өлгеннен кейін оның жаны қандай ахуалда болады? Тозақ немес жұмақ дегеніміз не деген сұрақтарға жауап іздеп өзінің ойларын адам жанын сақтап қалу үшін не істеу керек деген мәселелерге аса назар аударады:

1. Жан өзін құтқару үшін пассивті дамуды (мистицизм) немесе өз еркін белсенді түрде басқаруды (аскетизм) талап ете ме?

2. Жан өзін осы немесе өзге әлемде құтқара ала ма? (адамның өзінің ішкі әлемі немесе о дүниеге барғанда).

Діни ұйымдар мен қауымдастықтар қай елде болсын тікелей мемлекетпен, қоғаммен тығыз байланыста, қарым-қатынаста. Іс жүзінде қоғамның барлық мүшесі дерлік діни ұйымдарға деген сый-құрметі берілгендікті, байланыстар мен қарым-қатынастарды қалыптастырады. Көбінесе діни орталықтар, мешіттер, шіркеулер мемлекет тарапынан қамқорлыққа алынған әрі мемлекеттік болып саналады.

Бәрімізге белгілі, қазіргі заманғы қоғамдық ахуалдың ерекшелігі бұрынғы атеистік стереотиптердің ескерілуі. Бұл тенденция жастар арасында өзіндік белгісін байқатты.

Өткізілген зерттеу қорытындысы жастардың дінге деген көзқарасын былайша анықтады: 8,8 пайыз жастар дінге сенушілер белгілі қауымдастық құрамына еніп, діни салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды сақтайды, ал 41,2 пайыз жастар өздерінің дінге сенетіндігіне, алайда діни өмірге белсенді түрде қатыспайтындығын айтты. Жалпы осы жауап берген дінге сенуші жастар тобының жиынтығы 50 пайызды құрайды.

Сол сияқты тіпті дінге сенбейтін жастардың ішінен де екі жақтылы көзқарас байқалады, олар дінге сенбейтіндігін айтқанымен салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды қадағалауы діни наным-сенімге сенетіндігін байқатады. Санымен, 17,4 пайыз жастар өздерін дінге сенбейтіндерге жатқызады, алайда олар діни дәстүрді қадағалайды, ал 15 пайыз жігіттер мен қыздар дінге мүлдем сенбейміз, ешқандай дінге қатысымыз жоқ деушілер, олар дінге сенбегенімен дінді құрметтеуші, дінді ұстаушыларды сыйлайтындар.

Діни наным-сенімге белсенді түрде ат салушылардың жас ерекшелігіне тоқталсақ, айтарлықтай ерекшеліктер байқалада. Егер де дінді белсенді түрде жақтаушылар қатары, 26-29 жастағы жастардың арасында 7,6 пайыз құраса, 15-18 жастағылардың ішінде 17,6 пайыз дінге сенушілер байқалады. Мұнда қарап отырсақ жастардың дінге деген көзқарасы бүгінгі күні Кеңес Одағы кезінде тәрбиелеген жастардан гөрі анағұрлым өзгерген. Кеңес Одағы атеистік діни наным-сенімі бар адамдарды жексұрын немесе діншіл, халық жауы секілді көрсетсе, ал бүгінгі күні дінді, әдет-ғұрыптарды сыйлау, қадағалау кең етек жаюда. Бір жағынан алып қарағанда қазір белгілі

бір идеологияның болашаққа жетелейтін стимулдың болмауы жастар арасында кері қылмыстардың туындауына алып келуде деп айтуға болады. Қоғам мен жеке тұлға арасында қайшылықтың пайда болуы да ескі әлеуметтік нормалардың терістелуі мен жаңа нормалардың дүниеге келумен бейнеленеді. Жсондықтан жеке тұлғаның бойындағы ар-намыс, ұлт, қоғам алдында жауапкершіліктің болуы тәрбиеге де байланысты делінгенімен де, бұл тәрбиелік мәні бар діни сат-дәстүрлерді қадағалау, сенімнің болшуы жастарды кері ауыр қылмыстарды жасаудан шектеуі мүмкін.

Жастар сана-сезімінде дін жеке діни жүйе ретінде емес, табиғи мәдени орта, өмірдің ұлттық бейнесі ретінде қалыптасқан. Біршама жастар өздерін дінге сенбейтіндер қатарына жатқызғанда өздерін не христиан не мұсылман бейнесіне жатқызбайтындығын атап өтті. Осындай өздерінің діни дүниетанымдық көзқарастарына қарсы шыға отырып, өздерін белгілі бір дінге сенушілер тобына жатқызған. Сонда 22.9 пайыз жастар өздерін христиан, ал 25.3 пайызы мұсылман бейнесіне жататындығын мәлімдеді.

Жастардың басым көпшілігі дәстүрлі дінге жақын екендігі байқалады. Ислам дінін жақтаушылар жастар ортасында 56.3 пайыз этнодемографиялық көрсеткештерге сәйкес болса, православия дінінде 21.8 пайыз жастар бар екендігі байқалады, ал католиктер 1.7 пайыз, ал 3 пайыз жастар протестанттық бағытты жақтаушылар екені анықталады. (Люмерандтар, баптистер, иеговистер т.б.)

Дюркгейм діннің мынандай функцияларын бөліп көрсетеді:

1. Әлеуметтік тұтастық: дін адамдарды ортақ рәміздер, құндылықтар мен нормалар көмегімен біріктіреді.
2. Әлеуметтік бақылақ. Қоғамдағы көптеген мәдени нормалар социумда діни жақтауға ие болады. Дін саяси құрылымның өзін заңдастырады.
3. Адамзат өміріне мағына береді. Діни сенім адамдардың тұрмыс адамдық кейпін жоймауға көмаектеседі.

Діншілдік дегеніміз адам өміріндегі діннің маңыздылығын көрсетеді. Социологтар діншілдік таптық, нәсілдік және этникалық ерекшеліктерге байланыстылығын көрсетеді.

Қазіргі қоғамда діннің дамуындағы өзгерістер:

1. Секуляризация, яғни жоғары күшке деген сенімнің маңыздылығының төмендеуі, дүниені түсінудегі ғылыми негізделген бағыттың пайда болуы
2. Азаматтың діннің пайда болуы № бұл квазидіни төзімділік, яғни діншілдіктің кейбіржақтарының әлсіреуі, азаматтықтың діни боялған сапаға ие болды.
3. Постконфессионалдық қоғам адамдардың қоғамда қалыптасқан діни ұйымдардан тыс рухани жетілуге ұмтылуын көрсетеді.

Діннің кемшілігі: діни фундаментализм: діни доктриналардың консерватизмі, рационалдыққа деген оппозициялық, өмірге бейімделу, дәстүрлі діннің қайта жаңғыруы қалады.

Соңғы жылдары айқын көрінген діни сананың қайта өркендеуі /ренессансы/ діни тақыраптағы әр түрлі бағыттарға мамандардың жоғары

қызығушылығын бөлектеді. Сонымен қатар әлеуметтанулық талдаудың ерекшелігі діни құндылықтарға, конфессиялардың түрті болар ұстанымдарына, діндарлық деңгейге және т. б халықтың пікіріне сүйенеді. Қазіргі кезде әлеуметтанулық мәліметтерге негізделген осындай объективті қадамдар исламды зерттеуге өте қажет. Соңғы жылдары лаңкестік іс- әректтердің қауіптілігін кейбір экспертер осы әлемдік дінмен байланыстырады және жалпыға мәлім “ислам экстремизмі”, “мұсылмандық радикалдылық”, “ваххабизм” сияқты қолдануға орынсыз терминдерді көпшілікке жария етуде.

Қазақстанда исламның таралуы

Зерттеу мәліметтері бойынша елімізде сұраунама алынғандардың 51% өздерін ислам жақтаушылары санайды. Қазақстанда ислам ең көп тараған дін екендігі сұралғандардың 22,8% православиялық, 1,4% католиктік, 0,2% протестантық дінге кіретінін айқындап отыр. Сонымен қатар 5,2% сұралғандар өздерін атеистік деп санаса, ал 12,6% өздерін еш дінге кірмейтінін және дінге қатынасын көрсетпеген.

Олардың ішінде дінге деген көзқарас әртүрлі деңгейде көрінеді. Біреулер үшін ол мәдени не этникалық өзін-өзі бірдей санау болып саналса, біреулер үшін ол діни өмірге белсенді қатыспай ақ, ислам дінінің құндылықтарын сыйлау. Осы тұрғыдан алсақ, барлық діни жоралғыларды сақтаушылар шамамен алғанда, 18 пайыз, ал діни өмірге белсенді қатыспаушылар саны саны – 47 пайыз, діни дәстүрді сақтаушылар – 20 пайыз, діни құндылықтарды сыйлаушылар – 15 пайыз. Мемлекет өзәни дінге байланысты саясатын қалыптастырып, дамытуда осы ерекшеліктерді ескеру керек. Сонымен қатар, Қазақстанда исламның таралуы оңтүстік және батыс аймақтарда кең орын алса, солтүстік және шығыс аймақтарда діни сенімдерге салқые қанды қарау бар.

Діннің мемлекетпен арақатынасында этникалық ерекшеліктерді ескеру керек. Қазақстанда қазақтардың 82,2 пайызы исламды мойындаса, олардың ішінде 1,1 пайызы буддизм мен протестанттыққа сенетінін, 4,1 пайызы атеист екенін ескеру керек. Орыстардың 62 пайызы православтық дінибағытты қолдаса, 18,8 пайызы ешқандай діни конфессияға кірмейді. Діни тұтастық өбектерде айқын көрінеді.

Дінге ғана табыну, құлшылық ету Б. А. Малтабаровтың айтуынша мемлекеттің қауыпсыздығына әсер етеді. Автордың жүргізген зерттеулерінің қорытындысы бойынша респонденттердің 60,9 пайызы Қырғызстандағы Муна шіркеуінің қызметі мемлекеттік қауыпсыздыққа қатер төндіреді десе, респонденттердің 14,6 пайызы қатер төдірмейді деп жауап берген. Қазақстанда да Иегованың куәлары, зікіршілер, будда секталары, мұсылмандық сектанттық ағымдардың да мемлекеттік қауыпсыздық мәселесіне әсері бар екенін ескеру керек. Әсіресе террористік әрекеттерді дайындаушы, сол арқылы саяси төңкеріс не азаматтық қоғамды діни қоғамға айналдыру сияқты әрекеттерді насихаттайтын діни топтар мен ұйымдар

қоғамдағы тұрақтылық мәселесіне кері әсерлерін тигізуде. Сондықтан да Қазақстан мемлекетінде діни ұйымдардың дамуын реттеп, бақылаушы құзыреті бар ұйымдар Мемлекет тәуелсіздігіне, ондағы демократиялық процестердің дамуына кедергі келтіретін, оның негіздерін бұзу қауіпін тудыратын діни институттардың қызметін салмақты түрде талдау жүргізу керек. Қазақстанда дін мемлекеттен бөлінген дағдылы қалпын сақтауда, бірақ ҚР-ның заңдық нормалары адамдарға үждан бостандығын, яғни діни сенімдер мен іс-әрекеттер бостандығын береді. Бұр процес Бір жағынан, дінге сенуші адамдар санын; басқа діндерді қабылдау сияқты құбылыстарға алып келеді. Бұл жерде дінге сену адамдар арасындағы тұрақты, гуманизмге негізделген қарым-қатынасқа, саяси тұрақтылыққа алып келеді. Екінші жағынан, аталған процестің азаматтық қоғам құрудың негіздеріне кері әсерін тигізеді. Инновациялық процестерді, жақандану жағдайындағы өзгерістерді қабылдамау, оған қарсы әрекеттерге бару. Қазіргі кезде мынадай феномен айқын көрінуде: діннің саясаттануы және саясаттың дінденуі.

Бірінші тенденция дін иелерінің, діни ұйымдардың саяси іс-ірекетке қатысуынан, діни негіздегі саяси партиялар мен қозғалыстардың болуынан, діни ұйымдардың саяси және әлеуметтік жанжалдарды шешуге қатысуынан көрінеді. Бұл процесс дін мен мемлекеттің өзара байланысының қазіргі сипатын көрсетеді. Мемлекеттің барлық ауқымды саяси шараларын өткізуге діни ұйымдардың басшылары қатысысып, өздерінің мемлекеттік саяси элитамен ынтымақтастығын, мемлекеттің жүргізіп отырған саясатын қолдайтынын білдіреді. Қарым-қатынастың бұл бағыты елдегі ұлттық қауыпсыздық саясатына тиімді ықпал ететін көрініс.

Екінші тенденция өзінің көрінісін мемлекеттің діни факторды өзінің саяси мақсаттарын жету үшін пайдалануынан; саясатта қоғамдағы әртүрлі топтардың дінге сену деңгейін, дәрежесін ескеруден, мемлекеттік лидердердің діни ұйымдармен ашаық қатынас жасауынан, дінше сенушілердің және олардың діни ұйымдарының мемлекеттегі әлеуметтік-экономикалық және рухани міндеттегі ролін сезінуден, оқу-тәрбие ұйымдарында діни тәрбие беруге мүмкіндік жасаудан, діни ұйымдардың дінді насизаттауда мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануынан көрінеді. Бұл жерде біз қазіргі қазақсандық қоғамда діни топтың әлеуметтік құрылымда белгілі бір орын алып отырғанын, діни идеологияны бұқаралық сананың бір бөлігі екенін ескере отырып, жоғарыда аталған процестердің қоғамдағы ұлттық қауыпсыздықты ортатудағы бірден-бір фактор екенін атап көрсетеміз. Яғни, Қазақстандағы діндердің ынтымақтастығы (консолидация) ұлттық қауыпсыздықтың факторы болып есептеледі.

Өркениеттік дамудағы діннің ролі

Қазақстанда өтіп жатқан әлеуметтік процестер дінге деген көзқарастың дамуындағы елеулі істер бар екенін көрсетеді. Дін қоғамның әлеуметтік институты ретінде қайта жаңғыра бастады. Қазіргі кезде дін социумның

өміріне әсер ететін маңызды құбылыстардың біріне айналды. Қоғамда дәстүрлі діни ұйымдармен қатар дәстүрлі емес діни ұйымдар бой көрсетуде. Бұл жағдайда діннің саясаттануы процесі қоса жүреді. Дін мен саясаттың өзара қатынасының нарыққа көшу жағдайында өзгеретінін көреміз. Діни ұйымдардың азаматтық қоғам институттарымен байланысы артуда.

Дінді социологиялық тұрғыдан талдау дін феноменін әлеуметтік топтар деңгейінде де, тұлға деңгейінде де зерттеумен ерекшеленеді. Діннің қазіргі қазақстандық қоғамдағы ролі дінге сенушіліктің деңгейлері арқылы, діни сана мен адамдардың діни мінез-құлқын талдау арқылы зерттеледі. Сонымен қатар, шіркеу, мешіт, т.б. діни ұйымдардың, дінге сенуші топтардың қызметі зерттеу де діннің қоғамда дамуының динамикасын көрсетеді.

Қазіргі кезде діннің гносеологиялық, әлеуметтік, психологиялық негіздерін зерттеу және дінге деген қоғамдық ой-пікірдің қалыптасу механизмдерін зерттеу діннің даму негіздерінің дамуы әртүрлі қоғамдарда түрлі екенін көрсетеді. Қазіргі діни ұстанымдар қоғамдағы демократиялық өзгерістердің, мемлекеттік діндердің дамуына байланысты саясатының, діни бостандықтардың, діннің құқықтық негіздеулерінің көрінісі. Дінді зерттеуде социологияда діни санаға, діни іс-әрекетке, діни қалыптасуларға, діни ұйымдарға жеке-жеке тоқталуға болады. Діннің рационалдық, эмоционалдық, еріктік элементтерін зерттеу де дін социологиясының зерттеу ауқымы. Дін әдет-ғұрыпты, ұстанымдарды, мінез-құлық нормаларын интеграциялайды. Сондықтан да дін азаматтық қоғамның дамуының рухани саласына жатады. Дін тек Құдайға және о дүниелік өмірдің барлығына сенумен шектелмейді. Дін өмір сүруші қоғамды, ондағы нақты қарым-қатынастарды түсіндіруге тырысады. Дін адамның керекті қажеттіліктерінің орнын толықтырады, адамның сана-сезімін бағыттайды. Сондықтан да діни сенім адамның діни әлеуметтенуінің де сипатын анықтайды. Қазіргі қоғамда халықты:

- 1) дінге сенушілер;
- 2) дінді қолдаушылар;
- 3) дін ұстанушылар;
- 4) дінге бейтарап қараушылар;
- 5) дінге қарсылар деп бөлуге болады. Аталған топтардың азаматтық қоғамда алатын орны әртүрлі. Сондықтан да дін қоғамдық дамуда барлық топтар үшін жағымды не жағымсыз роль атқарады деп айта аламыз.

Қазіргі кезде кейбір діни ұйымдарға дінге сенбейтін адамдар өздерінің сұраныстарын, тіпті экономкалық та мақсаттарын орындау үшін қатысады. Дінге деген сұраныс қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық, мәдени жағдайлардың нәтижесінде өзгеріп отырады. Қазақстан қазіргі кезде әртүрлі дін иелерінің бір мемлекет көлемінде ынтымақ пен тұрақтылық жағдайында өмір сүруінің нақты көрсеткіші. Діндер аралығындағы байланыс, төзімділік, келісім қазіргі азаматтық қоғамды қалыптастыруға қажетті шарттардың бірі.

Дін социологиясын қалыптастыру жоғарыда айтылған мәселелерді терең қарастыруда қажет етеді. Қазіргі кезде төмендегідей мәселелер дін социологиясының зерттеу шеңберіне кіреді:

- Исламның дамуына байланысты қазіргі теорияларын зерттеу;
- Исламның өркениеттік қоғамдағы орны;
- Дін социологиясының қазіргі мәселелері;
- Нарық және дін;
- Діни дәстүрлер мен сенімдердің қазіргі көріністері;
- Діни әлеуметтенудің параметрлері;
- Исламдағы қызметтердің орны;
- Қазақстандағы әртүрлі әлеуметтік топтардың дінге сену тенденциялары;
- Жастардың дінге деген көзқарасы.

Өркениетті ел болудағы діннің кейбір маңыздылықтары

Қазіргі уақытта елімізде баянды бейбітшілік пен тұрақтылық өзара құрмет пен өзара түсінушілік орныққан. Қазақ елі әлемге дін аралық, ұлт аралық келісім және діни төзімділігі мен теңдігімен белгілі болып отыр. Бүгінде дін үлкен күш болып отыр.

Дін - әрбір халықтың рухани – мәдени дамуының қайнар көздерінің бірі. Елімізде 40 – аса конфессияға қатысты 3000 – аса діни бірлестіктер мен ұйымдар жұмыс істейді. Қазақстанда негізгі діндер ретінде сунниттік бағыттағы ислам мен христиандықтың православиялық бағыты болып табылады. Сонымен бірге, ислам мен православие ел халқының басым көпшілігінің рухани – тарихи дәстүріне ықпал - әсерін тигізетін діни қатынастарға да өзгерістер алып келді. Діннің қоғам өмірінде алатын орны мен рөлі ерекше.

Діни ұйымдар мен діни бірлестіктер, белгілі діни қайраткерлер қоғам өміріне қатысып жас ұрпақты имандылық пен адамгершілікке тәрбиелеуге үлес қосуда.

Діни бірлестіктер мен діни қайраткерлері дін аралық және ұлт аралық татулық пен азаматтық келісінің нығаюына, діни төзімділік пен елдің бірлігі үшін қызмет атқаруы тиіс.

Экстремизм мен ланкестіктің барлық көріністеріне тосқауыл қойылуы қажет. Дін және саясаттың ара қатысына аса байыпты да байсалды ыңғай болғаны жөн. Елдің рухани бірлігі мен рухани қауіпсіздігі мемлекетіміздің тұрақты дамуының тұғырының бірі. Дінді зайырлы, ғылыми тұрғыдан дамытуға көңіл бөліп, елеміздің болашағы жастардың сана – сезімі мен дүниетанымдық ұстанымдарына білім - ғылымға негізделген ислами және имандылық, құндылықтарын және ұлттық және жалпы адамзаттық мұраттарды сіңіру қажет.

Елімізде өткізілген әлемдік және дәстүрлі діндердің бірінші съезі жаһандану заманындағы өркениеттер арасындағы үн қатысу мен өзара – сенімді қалыптастыру мен дамытуға қосылған елеулі үлес болды.

Еліміздің индустриалды және инновациялық қарқынды дамуы үшін және қоғам өміріндегі азаматтық келісім мен саяси, рухани тұрақтылықты сақтап және дамыту үшін діндер аралық түсіністік пен құрмет аса маңызды.

Ислам өркениеті аясында шығармашылығымен танымал болған ұлы даланың дана ойшылдарының мұралары ислам ой-сана мен руханияты дамытуға қосылған зор үлес.

Ислам елдерімен діни- рухани байланыстарды ел мүддесіне орай дамыту қажет.

Ислам діни- ынтымақ, достық, мейрімділік, бейбітшілік, ізгілік, бауырмалдық, бірлік, рухани тазалық, әділеттілік, адам бостандығы секілді құндылықтарды ту етіп көтереді.

Еліміздегі діндер мен қайраткерлері елдің бірлігі мен болашағы және өркендеуі үшін бірлесе қызмет жасауы қазақ қоғамының мақсат – мүддесіне сай келеді.

Дін – халықтың рухани өрлеуі мен ынтымағы жолына қызмет етуі керек.

Дін – бірінші Басшының барша үшін алдын – ала белгілеген шарттарына бағынатын көзқарастар мен іс-қарекелер. Діннің көмегімен барша маңдайға жазулы мақсаттарына жетеді. Барша дегеніміз- тайпа, қала, өлке, бәлкім, бір тұтас халық не бірнеше ұлт шығар.

Егер бірінші әмірші рақымды болып, ізгілікпен басқарса, ойлаған мұратына жетеді, оның қарамағындағылардың қай - қайсысы да шынайы шаттық сыйлайтын несібелі бақытқа кенеледі. Тек сонда ғана дін “ ізгілікті дін” аталады.

Дүние жүзіндегі белгілі дінтанушылар, философтар, социологтар, психологтар, антропологтар, тарихшылар, сонымен қатар, заңгерлер, саясаткерлер мен экономика мамандары дінді қоғамды, мемлекетті қалыптастыратын аса маңызды институт ретінде қабылдайды.

Қазақстан халқының басын біріктіретін саяси тұғырнамалар жүзеге асырылу керек. Ал оның маңызды бөлігінің бірі дін екені ақиқат. Қазір Қазақстанда дінге бетбұрыштылық екпінді түрде күшейіп келе жатыр. Халқымыз өзінің рухани бастауларына қайтадан бет бұра бастады. Сонымен қатар, сырт мемлекеттердің дін таратушы миссионер ұйымдарының өкілдері де Қазақстанға ағылып келе бастады, сөйтіп еліміз қазіргі кезде діни экспансия алаңына айналды. Бірсыпыра азаматтар дәстүрлі дініміз – Ислам дінін тастап, басқа сенімдерді қабылдады. Осының бәрі айналып келгенде, ұзақ мерзімде Қазақстанның мемлекет ретінде дамуына қауіп тигізуі мүмкін.

Ал енді зайырлық ұғымына қлар болсақ, оны мен былайша түсінемін. Зайырлықтың отаны саналатын Францияны алайық. Француз төңкерісінен кейін қалыптасқан секуларизм ұғымының мағынасына қарасақ, зайырлық бермеу деген сөз. Христиандарда, әсіресе Франция тәрізді катоик нанымдарындағы мемлекетте, католицизмде ерекше бір діни тап өкілдері бар. Олар үйленбейді, қоғаммен араласпайды, қоғамнан тыс аскеттік өмір сүреді. Олар үшін өмір сүру мәнісі жапа шегу, рухани дүниеге дін қою. Жай азаматтардан олардың мәртебесі бөлек болып есептеледі. Өздерін тікелей тәңірдің өкілдері ретінде санайтындықтан, олардың нанымдары бойынша адамның күнәсін кешіруге құқықтары бар.

Жиһандану – бұл ХХІ ғасырдың феномені. Оған қарсы тұра алатын күш бұл күнде болмай тұр. Ұғым ретінде, жиһандану негізі ұрыс нәрсе. Қалай болғанда да, тауарлардың, қызметтердің еркін алмасуы кімге болса да керек дүние. Жиһандану сондай-ақ ізгіліктің, ізгі құндылықтардың, әділеттіліктің, кедей және дамып келе жатқан мемлекеттердің құқықтарын әділетті негізде сақталуын қамтамасыз етілуін көздесе құба-құп болар еді. Өкінішке орай, қазір ұятсыздық, арсыздық, бульвар мәдениеті, жалаңаштық сипаттағы құнсыздықтар дүниежүзіне таралып жатыр. Оның таралуына жиһандану қатты септігін тигізіп жатыр. Біз қазірше дүниежүзіндегі саясатта, экономикалық қатынастарда мол ықпалы бар мемлекет емеспіз. Әзірге солай, мүмкін ертең басқаша болар. Геосаяси, геоэкономикалық орналасуымыз салдарынан үлкен мемлекеттердің ортасында тұрған мемлекетпіз. Сондықтан, жалғыз Қазақстан жиһандануға қарсы тұра алмайды. Жиһандануға қарсы тұра алатын бір ғана күш бар, ол – жеке адамдардың сана сезімін ояту. Әрбір саналы адам жиһандану арқылы келген құндылықтардың ішінен нені алу керек, нені алмау керек, өзі шешуі қажет. Егер әркім осы қабілетке ие болса, онда жиһандану адамата үлкен зиян тигізе алмайды.

Ислам діні біздің ұлт болып ұйысуымыздағы ең маңызды фактор және діни бірліктің сақталуы тікелей мемлекетіміз бен ұлтымыздың боашағын белгілейтін көкейтесті жайт.

Адамдардың діни сенімдеріне қатысты Қазақстан Республикасы Конституциясының 22-бабында былай делінген; Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар. Адамның қандай діни сезімге енуі, оның жеке басының ісі. Бұл жөнінде Президент Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан-2030 деген Қазақстан халқына жолдауында: “Әртүрлі этникалық және діни топтардың біреуіне мүмкіндік беріп, екіншісіне екіндік бермеген елдің болашағы жоқ”, - деген болатын.

Дін адам жан-дүниесінің талап-талпыныстары мен арман-мақсаттарының тоғысу нүктесі бейнесінде адам өмірінің толыққандылығын танытатын категория ретінде де қарастырылады.

Дін деп адамдардың қасиетті байланысты іздеу және табу барысында қол жеткізетін бірлестігінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін методологиялық механизмді атайды. Діннің негізінде рәсім тұр. Рәсім деп жеке тұлғаның әлеуметтік іс-әрекетін қатал қадағалаушы ережелер жиынтығын айтады. Өкімет пен азаматтық қоғам арасындағы қарым - қатынастарды реттеп, қоғамдық тәртіпті сақтауға болысқан.

Қазақстан қоғам алдындағы жауапкершілігімізді сезіне, Қазақстандағы ұлттар мен ұлыстар, діндер аралық келісімнің баға жетпес құндылықтарын басшылыққа ала, Республика Президентінің елімізде ынтымақ пен бірлікті нығайтуда, бейбітшілік пен татулықты сақтауға шақырған барлық мұраттарына қолдау көрсете отырып, халқымыздың рухани қажеттілігін қанағаттандыруға, Ислам дінінің асыл құндылықтарын өркениетті жолдармен насихаттауға қызмет етіп, дініміздің бірлігін сақтауға күш-жігерімізді жұмылдыратынымызды елімізде діни құндылықтардың

азаматтық ұстанымдары мен үйлесе өркендеуіне үлес қосу мен бірге Отанымыздың одан әрі өркендеп, гүлденуі жолында білімімізді, тәжірбиемізді, күш-қуатмызды жұмсау қажет. Ислам діні ғасырлар бойы еліміздің өркендеуіне бірлігі мен ынтымағына қызмет етіп келеді. Оның бұлжымас берік қағидалары, асыл құндылықтары халқымыздың әдеп-ғұрып, салт-сана, озық дәстүрлерімен біте қайнасып кеткен. Еліміздің тарихы Исламның тек бірлікке, достық пен ынтымастыққа қызмет ететін бейбіт те, мейрімді дін екендігіне көз жеткізді. Қазақстан тәуелсіздігі Республика мұсылмандарының рухани қажеттілігін қанағаттандыруға толық жағдай жасап отыр. Мемлекет басшылары да бұған барынша қолдау көрсетуде. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың имандылық мемлекеттің тірегі екендігін үлкен пайым парасатпен қарап, көрсетіп отырған қамқорлығы арқасында елімізде Ислам діні күннен-күнге өркен жайып келеді. Мешіттер саны мен жоғары білімді имандардың көбеюі діни басылымдармен діни әдебиеттерге жол ашуы осының айғағы. Елімізде мұсылмандардың қажылық парыздарын өтеуіне де толық мүмкіндік жасалуда. Үстіміздегі жылдың сәуір айында мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Діни басқармамен оның облыстардағы өкіл-имамдарын қабылдап, пікірін тыңдап, дін қайраткерлерін ел тыныштығы, Отан амандығы халықтарымыздың өзара татулығын сақтап дамыту сияқты ұлы мұраттарға жұмылдыруы Қазақстан мұсылмандарына деген үлкен сенім және жауапкершілік деп білеміз.

Өркениетті ел болудағы діннің атқарар қызметі орасан зор екендігін естен шығармауымыз керек.

1.12. Білім беру социологиясының теориялық негіздері

Білім беру әлеуметтануының негізі Э.Дюркгейм, М.Вебер, О.Конт және әлемдік батыс әлеуметтануының басқа да классиктерінің үлесінде. Э.Дюркгейм білімнің қызметтерін зерттеді, білімді құндылық ретінде анықтады, білімнің экономикалық және саяси процестермен байланысын қарастырды. Бұл зерттеулерде білім басқа әлеуметтік институттармен өзара әрекет ететін әлеуметтік институт ретінде қаралады. Кейінірек, Т.Парсонс білімді әлеуметтендіру институты ретінде қарастыруды және оқу орындарын әлеуметтік жүйе ретінде зерттеуді ұсынды. Білім беру әлеуметтануы мәселелері кейін XX ғасырда басқа батыс әлеуметтанушылар еңбектерінде қарастырылды. Білім беру әлеуметтануы мәселелерін өңдеуде америкалық ғалымдары белгілі бір табыстарға жетті. 1960 жылы америкалық социологиялық ассоциациясы ішінде білім беру әлеуметтануы секциясы құрылды. 1963 жылы «Білім беру әлеуметтануы» журналы шығарылды. Әрекет теориясының және әлеуметтанудағы жүйелік-функционалдық мектептің негізін қалаушы Толкотт Парсонс тұлғаның құрылымы мен оның іс-әрекеті мотивациясын талдаудағы өзінің әдісін білім жүйесі ұжымы мен шағын жүйелерді, білімнің барлық әлеуметтік институтын талдауға қолданды. Білім беру әлеуметтануының мәселері өзінің дамуын П.Сорокин еңбектерінде де тапты. «Білім мен тәрбие институттары қандай да бір

формаға ие болмасын, барлық уақытта тік әлеуметтік циркуляция құралы болып табылады», – деп жазды П.Сорокин. XX ғасырдың әртүрлі жылдарында білім беру әлеуметтануы Д.Дьюи, К.Дженкса, Дж.Колмана, Дж.Флауди, П.Бурдые, А.Смелзер, Э.Гидденс және т.б. еңбектерінде ғылыми ізденістің негізі болды. Білім беру әлеуметтануының мәселелерін қарастырған батыс әлеуметтанушылары білімнің қазіргі әлемдегі орны мен роліне ерекше назар аударды, яғни жалпы теориялық мәселелер қойды және оларға жауап табуға тырысты. XX ғасырдың соңында батыс әлеуметтанушылары білімнің нақты мәселелеріне назар аудара бастады. Мысалы, Э.Гидденс, А.Смелзер және басқа да әлеуметтанушылар кітаптарында білімнің нақты мәселелері қойылады. Қандай да бір американдық немесе ағылшын орта мектебіне социологиялық зерттеу жүргізіледі және тұжырым жасалынады, мектеп оқушылары оқуы жайында ұсыныстар беріледі. Сондай жағдайды Э.Гидденс те «Әлеуметтану» деген өз оқулығында да көрсетеді. Жалпы батыс әлеуметтануы білім беру әлеуметтануының негізгі түсініктері мен категорияларын қалыптастырды. Батыста білім беру әлеуметтануының мәні еліміздің дамуы мен өркендеуі критерийіне байланысты кәсіби білім беруге қажеттілік өскен XX ғасырдың екінші жартысында өсе түсті. Т.Парсонс бұл процесті «өндірістік», «ғылыми-техникалық», «экономикалық» және басқа да төңкерістермен бірге қоғамда өз орны бар «білім беру төңкерісі» деп атады.

Білім беру әлеуметтік институт ретінде

Әлеуметтану білімді әлеуметтік институт ретінде қарастырады. Әлеуметтік институт — бұл өздерінің нормалары мен ережелері бар, белгілі бір қызметтер атқаратын, қоғамдық өмірдің жеке салаларындағы әлеуметтік қатынастарды реттеп отыратын институционалдық мекемелер немесе ассоциациялар (ұйымдар). С.С.Фроловтың айтуы бойынша, «әлеуметтік институт — бұл мәнді қоғамдық құндылықтар мен процедураларды біріктіретін, қоғамның негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыратын байланыстар мен әлеуметтік нормалардың ұйымдастырылған жүйесі». Осылайша, әлеуметтануда әлеуметтік институт түсінігіне көптеген анықтамалар беріледі, сөйтсе де олар мазмұндары бойынша жақын. Егер де әлеуметтік институттардың маңызды жақтарын айтатын болсақ, онда келесілерді көрсетуге болады:

1. норма мен статус енгізілген еркін жүйе;
2. әдет, дәстүр, іс-әрекет, жүріс-тұрыс ережелер жиынтығы;
3. ресми және ресми емес ұйымдар;
4. қоғамдық қатынастардың белгілі бір саласын реттеп отыратын нормалар мен мекемелер жиынтығы;
5. әлеуметтік іс-әрекеттер кешені.

Білім — ол әлеуметтік институт, өйткені ол өзінің тұрақты құрылымы, статусы, нормасы, ережесі, символдары бар, автономды түрде әрекет етеді. Әлеуметтік институтқа тән, басқа да белгілері бар. Ең алдымен, білім беру институтциаландырылған, заңмен бекітіліп, мемлекет пен қоғаммен мойындалған. Білім бұл ең алдымен, келесілерді енгізетін жүйе:

1) білім беруді басқару органдары; 2) білім беру мекемелер торы (мектептер, колледждер, гиназиялар, лицейлер, кәсіптік мектептер, университеттер мен академиялар т.б.); 3) шығармашылық одақтар, кәсіптік ассоциациялар, қоғамдар, ғылыми және методологиялық кеңестер мен басқа да бірлестіктер; 4) оқытушылар мен білім алушылар үшін шығарылған оқулықтар мен әдістемелік оқулықтар; 5) білім беру бағдарламалары мен білім берудің мемлекеттік стандарттары; 6) журналдар мен жылдық басылымдарды енгізетін кезеңдік басылымдар; 7) білім беру мекемелері әлеуметтік және заңдық статусқа ие, өзінің Жарғысы және басқа да құжаттары болады. Олар ғимараттарда орналасады, жер көлемі болады, материалдық құндылықтары мен қаржыларға ие. Білім беру субъектілері мыналар: 1) білім алушылар, 2) мұғалімдер. Сонымен бірге, білім беру субъектілері мыналар бола алады: білім беру мекемелері (ұйымдар) — ішінде әлеуметтік қатынастар, нормалар, ережелер орын алатын кәсіптік белгілері бойынша біріккен адамдар топтары.

«Білім беруге байланысты адамдар әрекеттерін реттеуші және ұйымдастырушы нормалар жиынтығы білім берудің әлеуметтік институт болып табылатынына куәлік етеді»

Білім беру қызметтері

Қысқаша айтатын болсақ, білімнің кез келген деңгейде 2 негізгі қызметі бар. Олар: 1) Білім беру; 2) Әлеуметтену, тәрбиелеу.

В.И.Добреньков және А.И.Кравченко білім берудің бірнеше қызметтерін бөліп көрсетеді: 1) бір ұрпақтан екінші ұрпаққа білімді беру және мәдениетті тарату; 2) қоғам мәдениетін сақтау және жетілдіру; 3) тұлғаның әлеуметтенуі, әсіресе, жастардың және олардың қоғамда интеграциялануы; 4) тұлғаның статусының анықталуы; 5) әлеуметтік таңдау (селекция) қоғам мүшелерін дифференциациялау, бірінші кезекте жастарды, оның нәтижесінде қоғамның әлеуметтік құрылымы қайта өндіріледі және өзгереді, индивидуальды мобильділік; 6) жастарды кәсіби бағыттауды және кәсіби таңдауды қамтамасыз ету; 7) сатылы үзілісіз білім беру үшін білім базаларын құру; 8) әлеуметтік-мәдени новация, жаңа идеялар мен теорияларды, жаңалықтарды өңдеу және құру; 9) әлеуметтік бақылау (Сонда .219, 220б.). Айта кететін бір жайт, бұл орайда білім беру қызметінің екі негізгі қызметінің бөлшектенуі туралы сөз болады. Барлық оқу орындарында екі негізгі процесс орын алады — ол оқу және тәрбиелеу. Осылар білім беру орындарының қызметтері болып табылады. Мысалы мектеп үшін, ең негігі міндеттер мыналар: 1) базалық білім беру; 2) тұлғаны қалыптастыру; 3) оқушыларды кәсіптік бағдармен қамтамасыз ету.

Жоғары білім берудің социологиядағы зерттелу деңгейі

Білім берудің адамзат тарихындағы орны зор. Ол қазіргі заманғы қоғам мен мемлекет дамуының фундаменталды механизмі болып табылады. Білім берудің қоғам дамуындағы орны жөніндегі ойлар Аристотель, Платон секілді көне грек ойшылдарының, XVIII ғасырдағы әйгілі Ағартушылық кезеңнің Вольтер, Руссо, Дидро және Гельвеций сияқты атақты энциклопедист-ғалымдарының, сонымен қатар Гегель, И. Кант, Г. Спенсер, П. А. Сорокин,

П. Уорд, Д. Дьюи, К. Ясперс, Э. Дюркгейм және т.б. аты әлемге әйгілі ғалымдардың еңбектерінде кездеседі.

Білім берудің философиялық аспектілері Э.М. Андреев, П.И. Бабочкин, С.К. Булдаков, Б.С. Гершинский, О.П. Долженко, А.Ж. Кусжанова, А.Л. Маршак, Г.К. Овчинников, П.П. Панова және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылса, білім берудің модернизациясы мен информатизациясына қатысты мәселелер А.И. Арнольд, Д. Белл, Е.П. Велихов, В.И. Вернадский, Т.П. Воронина, В.В. Громов, В.И. Добренев, В.И. Жуков, Г.Е. Зборовский, М. Кастельс, Э.Г. Кочетов, Н.Н. Моисеев, В.Я. Нечаев, В.А. Садовничий, Л.В. Скворцов, Э. Тоффлер, А.И. Уваров, А.Д. Урсул сияқты ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Жоғары кәсіби білім беруді басқару стратегияларына талдаумен В.И. Жуков, Ю.Г. Волков, Е.Н. Жильцов, С.Ф. Егоров, А.В. Миронов, А.М. Новиков, И.В. Орлова, Ф.Р. Филиппов, Р.Г. Яновский, В.Н. Ярская айналысып келеді.

Қазіргі заманғы қоғамдағы білім берудің атқаратын функциялары мен оның қоғамның басқа әлеуметтік кіші жүйелерімен қатынасын В.Н. Гурченко, Э.Д. Днепров, Ю.А. Зубок, В.Г. Пряникова, З.И. Равкин, В.Г. Харчева, В.И. Чупров зерттеген. Ал білім беруге құрылымдық-функционалдық талдау жасаған Т. Парсонс, Р. Мертон, Р. Дрибин, К. Бейлиф, М. Фай, М. Арчер, Дж. Александер, П. Коломи және т.б. ғалымдар болып есептеледі.

Жоғары білім беру жүйесі дамуының экономикалық аспектілері Н.П. Литвинова, А.М. Бабич, Е.В. Егоров, Е.Н. Жильцов, Г.В. Балашов, А.Б. Дайновский, В.И. Марчинкевич, В.А. Малова, Ф.Р. Филиппов секілді ғалымдармен зерттелген.

Білім беруді басқару проблемасын өз еңбектерінде Л.К. Аверченко, Е.М. Бабосов, Е.М. Вербицкий, Н.Винер, В.И. Гладышев, В.И. Жуков, Ю.Л. Егоров, П. Карсанье, В.Г. Каменская, А.И. Ковалев, Г. Кунц, С. О'Доннел, А.В. Милехин, В.С. Лазарев, А.П. Пунев, П.И. Мухамедов, К.Ушаков, Ф.Э. Шереги, Н.И. Яблокова қарастырған.

Отандық және шетелдік жоғары білім беру жүйелерін салыстырмалы талдау Н.М. Абросимова, О.Л. Ворожейкина, А.И. Галаган, Н.И. Давыдова, С.Л. Зарецкая, Н.В. Косолапова, А.И.Ковалев, К.Н. Цейкович, Л.Н. Тарасюк еңбектерінде кездеседі.

XX ғасырдың екінші жартысында-ақ XXI ғасырда алдыңғы қатарлы елдер қатарына білім берудің тиімді жүйесін қалыптастырып, жас ұрпақтың рухани және интеллектуалды дамуына бүкіл күшін (қаржыландыру, ғылыми негізделген даму стратегиясын қалыптастыру және т.с.с.) жұмсаған мемлекеттердің қосылатыны анық болды. Мұндай мемлекеттердің қатарына Америка Құрама Штаттары мен Батыс Еуропаның дамыған елдерін жатқызуға болады.

Тіпті білім беру тиімділігінің таза экономикалық аспектісін алғанның өзінде, әлеуметтік өмірдің ешбір саласы білім берумен бәсекеге түсе алмайтынына көз жеткізуге болады. Мәселен, XX ғасырдың 30-жж. академик

С.Г. Струмилин білім берудің ұлттық табыс өсіміне қосқан үлесінің 20-30% жететінін есептеген болатын. Ал XX ғасырдың 70-ші жылдары В.А. Жаминнің есептеулері бойынша, бұл көрсеткіш 40%-ға жеткен. Осылайша, бүгін әлемдік қауымдастық мемлекеттердің экономикалық жетістіктері олардың білім беру жүйелерімен, азаматтарының сауаттылығымен, белгілі бір кәсіби сала үшін арнайы оқытылған жұмыс күшінің даярлық дәрежесі мен сапасымен анықталатынына көзін жеткізіп отыр. Осы себептен болар, соңғы онжылдарда жоғары мектеп мәселелерін зерттейтін алуан түрлі зерттеулер санының күрт артуы әлемдік қауымдастықты аса таңдандырмайды.

Білім беру саласы білім беруді, шеберлік пен дағдыны қалыптастыруды, тәжірибемен бөлісуді және осының барлығын сақтауды қамтитын көп сатылы да, көп факторлы сала.

Білім беру көптеген әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың зерттеу объектісі болып табылады. Осыған байланысты «білім беру» ұғымына түрлі анықтамалар беріліп жатады және оны зерттеудің түрлі бағыттары қалыптасады. Осылайша, Г.Е. Зборовскийдің пікіріне сүйеніп айтатын болсақ, білім беруді зерттеудің негізгі төрт ыңғайы бар: педагогикалық, философиялық, экономикалық және социологиялық ыңғайлар.

Педагогикалық ыңғайды ұстанушы зерттеушілер білім беруді ең алдымен оқу-тәрбиелік процесс ретінде қарастырады. Педагогика арнайы әдіс-тәсілдер мен педагогикалық қызметтің түрлі формалары мен құралдары арқылы оқу-тәрбие процесі барысында тұлғаны қалыптастыру мәселесін зерттеумен айналысады.

Философиялық ыңғай білім берудің даму заңдылықтарын, перспективаларын түсінуге, қазірде көп айтылып жүрген білім беру кеңістігін ұғынуға мүмкіндік туғызады. Бұл ыңғайды ұстанушылар соңғы уақытта білім беруді зерттейтін жаңа сала – білім беру философиясының қалыптасуы жөнінде сөз қозғап отыр. Алайда ғалымдар (Б.С. Гершунский, Ф.Т. Михайлов және т.б.) бұл мәселе бойынша әлі де болса бір тоқтамға келе қойған жоқ.

Білім беруді зерттеудің экономикалық ыңғайы С.Г. Струмилиннің зерттеулерінен бастау алады. XX ғасырдың 20-жылдарында бұл ғалым жұмысшылардың білім беру деңгейінің қоғамдық және индивидуалды еңбек өнімділігінің артуына тікелей әсерін зерттеген. Сонымен, экономикалық ыңғайды ұстана отырып келесідей сұрақтарға жауап табуға болады:

1. Ел экономикасы мен білім берудің арасында қандай өзара ықпал бар;
2. Білім берудің экономикалық тиімділігі қандай;
3. Білім беру өндірістің дамуына, жалпы ел экономикасының өркендеуіне қалай әсер етеді.

Экономикалық ыңғайды ұстанушы ғалымдар (Ф. Котлер, Д. Маккормик, Р. Моррис, Х. Маккей, М. Портер, Г. Болт, Р. Баззл, П.С. Завьялов, В.Д. Маркова, Р.Б. Ноздрева, В.М. Тарасевич, В.Е. Хруцкий және т.б.) білім беруді көп жағдайда қызмет көрсетудің бір түрі ретінде, ал студентті тұтынушы ретінде қарастырады.

Социологиялық ыңғай ең алдымен білім берудің қоғамдағы алатын орны мен атқаратын рөлін анықтауға бағытталған. Білім беру әлеуметтік құбылыс және процесс, әлеуметтік жүйе және әлеуметтік институт, яғни қоғамның элементі бола тұра ондағы барлық өзгерістерден тысқары тұрмайды, трансформацияға ұшырап отырады. Яғни, білім берудің қоғамның басқа да экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени салаларымен, қоғамдық құрылымдар, институттар мен ұйымдармен байланысы, олардағы білім берудің алар орны зерттеледі дегенге сайып келеді.

Социологиялық ыңғай тұрғысынан білім беру адамдардың өмір сүру бейнесінің негізгі элементтерінің бірі ретінде қарастырылып, оның еңбекке, тұрмысқа, бос уақытқа, өмір сүру жағдайы мен құндылықтық бағдарларына әсері зерттеледі. Сонымен қатар, білім берудің бұларға деген кері ықпалы қарастырылады. Білім беру социологиясы үздіксіз білім беру, білім беру саласындағы әлеуметтік комфорт пен дискомфорт, әлеуметтену және т.б. мәселелерімен де айналысады.

Сонымен социологиялық ыңғай білім беруді екі – қоғамдық және индивидуалды – тұрғыдан зерттеуге мүмкіндік береді.

Социологияда білім беруді зерттеудің негізгі үш ыңғайы бар:

1. білім беру іс-әрекет, әлеуметтік-мәдени әрекет ретінде (іс-әрекеттік ыңғай);
2. білім беру әлеуметтік жүйе ретінде (жүйелік ыңғай);
3. білім беру әлеуметтік институт ретінде (институционалды ыңғай).

Іс-әрекеттік ыңғайға сәйкес білім беру, оқу процесі тәжірибені игеру процесімен байланыстырылады. Яғни, әлеуметтенудің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады деген сөз.

Іс-әрекеттік ыңғайды ұстанушы А.П. Егоршинның редакторлығымен жарық көрген оқу құралында білім беру – бұл 1) азаматтың (оқушының) мемлекет бекіткен білім беру сатыларына (білім беру ценздеріне) жетуімен қатар жүретін адам, қоғам және мемлекет мүддесіне сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің мақсатты бағытталған процесі; 2) қоғамның ұйымдастыруы мен нормалауымен жүретін алдындағы ұрпақтың онтологиялық тұрғыдан тұлғаның генетикалық және мәдени бағдарламалармен сәйкес қалыптасуын білдіретін әлеуми маңызды тәжірибені үздіксіз беру процесі; 3) тұлғаны (ұрпақтың бір ғана өкілін) әлеуметтендіру мақсатында социум жүйесінде мәдениетті тасымалдау (трансляциялау) процесі; 4) оқыту мен оқудың (индивидуалды танымдық қызмет), тәрбиелеу және тұлғаның өз орнын анықтау мен индивидуалдылығының синтезі; 5) адамның қоғамдық өмір үшін қажет әлеуметтік тәжірибені, білім, шеберлік және дағды жүйесін игеру нәтижесі мен процесі.

В.Н. Турченко жүйелік ыңғайға сүйене отырып, білім беру социологиясының пәні ретінде білім берудің жүйелері мен кіші жүйелерінің бірегейлігін атап көрсетеді.

Институционалды ыңғайды жақтаушы Л.Н. Коган бойынша, білім беру – бұл шеберлік пен дағдыны қалыптастыру, жалпы және арнайы білімді беру және игеру процесі; ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ететін мәдениет

құндылықтарын сақтау және үлестіру жүйесі; тұлғаның белгілі бір үлгісін қалыптастыратын оқытушы және тәрбиелеуші қызмет; белгілі бір оқу циклы немесе өз бетінше білім алу нәтижесінде алынған жалпы және арнайы білім көлемі; білім беру және тәрбиелеу мекемелері жүйесінің қызмет етуін білдіріп, қамтамасыз ететін әлеуметтік институт.

Егер Л.Н. Коган білім беруді ұрпақтың әлеуметтік тәжірибесін берудің тәсілі мен нәтижесі ретінде қарастырса, Р.В. Рывкина оны тұлғаның рухани қажеттіліктерін қанағаттандыратын жеке бөлек құндылық және басқа да өмірлік игіліктерге қол жеткізудің құралы деп біледі.

Ал В.В. Герчикова білім беруді ғылыми-техникалық прогресті қамтамасыз ете алатын жоғары мамандандырылған мамандарды дайындайтын, әлеуми бірыңғай қоғамға жақындататын, қоғамның ақырында тұлғаның жанжақты дамуына негізделген рухани потенциалын қалыптастыратын бірқатар маңызды каналдардың бірі болып табылатын әлеуметтік институт ретінде қарастырады.

Ескеретін бір жайт, тек институционалды ыңғай ғана білім беруді әлеуметтік (тіпті социеталды), қауымдастық (топтық) және жеке индивидуалды деңгейде қарастыруға мүмкіндік туғызады. Институционалды ыңғайды анығырақ түсіну үшін оны жүйелік ыңғаймен салыстырып көрейік. Себебі бұл екеуі білім беру саласындағы аналитикалық, зерттеу, басқару және реформаторлық қызметте әлдеқайда жиі қолданылатын ыңғайлар болып есептеледі.

Сонымен, институционалды ыңғайдың жүйелік үлгісінен үш негізгі айырмашылығы бар. Біріншіден, институционалды ыңғай тұрғысынан білім беру қоғамдық қатынастар жүйесінің басқа құрамдас бөліктерімен тығыз байланыста болатын элементі ретінде қарастырылады. Ал жүйелік ыңғай бойынша, білім беру – бұл автономды құрылым, жеке тұрған жүйе. Яғни, институционалды ыңғай тұрғысынан білім берудің өндіріспен, ғылыммен, мәдениетпен және басқа әлеуметтік институттармен, жүйелермен арасындағы функционалды байланыстарын қарастырса, жүйелік ыңғай мұны талап етпейді, себебі білім беру мұнда жетік феномен ретінде түсіндіріледі.

Екіншіден, білім берудің институционалды сипаттамасы оны оқыту, тәрбиелеу және кәсіби даярлау салаларындағы қоғамдық өмірді ұйымдастырудың динамикалық және тұрақты формасы ретінде зерттеуге бағыттайды. Жүйелік ыңғай білім берудің ұйымдасуына емес, оның атқаратын функцияларына байланысты құрылымына көбірек көңіл бөледі.

Және, үшіншіден, институционалды ыңғай білім беру саласындағы нақты қауымдастықтардың қызметі мен өзара қарым-қатынасын зерттеуге бағытталған, ал жүйелік ыңғайға бұл тән емес. Осы ерекшелікті ескере отырып, жүйелік ыңғайдың нақты субъектілері жоқ деген қортындыға келуге болады.

Социологияда қолданылатын ыңғайлардың ешқайсысын әмбебап деп тануға болмайды. Олардың әрқайсысы социологияның ғылым ретінде қалыптасу және даму тарихында ерекше орынға ие және нақты мәселелерді шешуге байланысты туындаған болатын. Жоғарыда аталып кеткендей,

социология білім берудің алуан түрлі аспектілерін қарастырады және әрбіреуінде түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Яғни, біріншісінде тиімді деп танылған ыңғай екіншісінде жарамсыз болып қалуы мүмкін.

Жоғарыда айтылғанның барлығын ескере отырып айтатын болсақ, «білім беру» ұғымына анықтама берудің критерийлері алуан түрлі. Бұл анықтамаларда білім беру процесс, мақсат, қызмет және оның нәтижесі ретінде қарастырылған. Алайда, ұсынылған анықтамалардың басым көпшілігі білім беру – әлеуметтік институт дегенге сайып келеді.

Сонымен, білім беру (жоғары білім беру мағынасындағы) дегеніміз – бұл өзара байланысты және өзара әрекеттесуші, талапкердің білімі, шеберлігі, дағдысы мен тәртіптілігін маманның кәсіби біліктілігі мен мәдениеттілігіне айналдыратын, сол арқылы әрдайым қоғамның құрылымын жаңғыртып отыратын оқыту және тәрбиелеу қызметтерінің үздіксіз, мақсатты бағытталған, ұйымдастырылған және тұрақты жиынтығы, студенттің кәсіби маман ретінде қалыптасуына жауапты әлеуметтік институт.

Білім берудің көп жағдайда әлеуметтік институт ретінде қаралуы заңды да. Оны білім беру формаларының тарихи үлгілерінен байқауға болады. Алдымен, күнделікті өмірге қажет білім атадан балаға беріліп отырды. Еңбек түрінің кеңеюіне байланысты кәсіп пайда болды және, тиісінше, осы кәсіптің иелері басқаларды үйрететін жағдайға жетті. Осылайша, білім берудің әлеуметтік институт ретіндегі сипаттары біліне бастады. Антикалық заманда Платон және Аристотель тарихта алғашқы болып оқу орындарын ашты. Қазіргі заманғы білім беру болса күрделі инфрақұрылымы бар әлеуметтік-мәдени институт болып есептеледі. Білім берудің деңгейлеріне байланысты (мектепке дейінгі, орта, орташа кәсіптік және жоғары білім беру) тиісті мекемелер (балабақша, мектеп, колледж, жоғары оқу орны) қызмет етеді.

Білім берудің институционалды анықтамасы бүгінде шетел әріптестермен ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның да көптеген әлеуметтанушыларымен және басқа да мамандық иелерімен қолданылады. Олардың қатарында Аитов Н.А., Әженов М.С., Әбсаттаров Р.Б., Дәкенов М., Садырова М.С., Гуревич Л.Я., Нургожина А.Р., Кусаинов А.М., Каланова Ш., Чередниченко В., Елманова В.К. және т.б. социолог, политолог, педагог ғалымдарды атап өтуге болады.

Бүгінде білім берудің қоғам дамуындағы, экономиканың жоғары бәсекеге жарамдылығы мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлін түсінген мемлекеттер өз білім беру жүйелерінің осал жерлерін анықтау арқылы тиісті реформаларды жүзеге асыруға бет алды. Әр мемлекетте мұндай реформалар олардың білім беру саласындағы саясатына байланысты әр түрлі жолдармен жүзеге асады. Алайда, кез келген мемлекеттің білім беру жүйесі келесілерді қамтамасыз етуі тиіс:

- жоғары сапалы білім беруге жағдай туғызып, кепілдік беру;
- үздіксіз білім беру тұжырымдамасына сәйкес білім беру жүйесі сатыларының (мектепке дейінгі, орта, жоғары және жоғарыдан кейінгі білім беру сатылары) сабақтастығын қамтамасыз ету;

- білім берудің халықаралық сипатын қамтамасыз ету (оқушылар, зерттеушілер мен оқытушылардың мобильдігіне жол ашып, оны жоғарлату, білім беру жүйелерін ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, барынша халықаралық стандарттарға жақындату және т.с.с.);
- білім беру философиясының үздіксіз жаңғырып отыруын қамтамасыз ету (білім беру саласын демократизациялау);
- білім беруді қоғамның білім алуға тілек білдіретін кез келген тобы үшін қолжеткізімді ету;
- білім берудің мемлекеттік стандарттарын жетілдіру және т.б.

Алайда, білім беруге қойылатын негізгі талап, ол – өзінің қоғамдық-мемлекеттік институт ретіндегі сипатын сақтауы. Білім беру – қоғамдық-мемлекеттік институт дегенде, оның ашықтығы мен мемлекетіміздің кез келген азаматы үшін қолжеткізімділігін айтамыз.

II Социологиядағы әлеуметтік стратификация мәселелері

2.1. Әлеуметтік құрылымның түсінігі және элементтері

Социология ғылымының тарихында бұл мәселе өте маңызды, негізгі мәселелердің бірі. Әлеуметтік құрылым туралы социологияда әртүрлі концепциялар аз емес. Оларды топтастырғанда екі бағытты ажыратуға болады. Социологтардың бір тобы әлеуметтік құрылымды, оның элементтерін, яғни құрастырушы заттарын, процестерін нақты өмірде объективтік түрде бар деп түсіндірсе, ал екінші бір бағыттары таптарды, әлеуметтік топтарды, жалпы әлеуметтік құрылымды тек қана сананың, адамның ойының нәтижесі деп түсіндіреді. Бірінші бағыттағы социологтар *құрылымдық функционализм* деп аталатын топқа, ал екінші бағыттағылар символдық *интеракционизм* деген көзқарасты қолдайтындар тобына жатады. Әлеуметтік құрылым біртұтас әлеуметтік организм ретінде қарастырылады. Осы организмнің, дененің, құбылыстың өзі динамиканың өзгерістері, оны құрастыратын элементтерден тұрады. Ал ол элементтер болса өзара қатынаста, байланыста, бірігуде болуы негізінде олар құрылымды жасайды. Әрбір құрылымдағы бөлшектер, элементтер белгілі бір істер атқарады. Олардың атқаратын істерін, қызметін *социологияда функция* деп атайды. Сонымен, құрылымдық функционализм деген концепцияның негізін қабылдай оырып, осы концепция арқылы біздің қоғамдағы қазіргі кездегі өтіп жатқан әлеуметтік процестерді, оның ішінде әлеуметтік құрылымдағы өзгерістерді зерттеуге мүмкіндік аламыз. Қазіргі «Социология» атты оқулықтарда әлеуметтік құрылым түсінігіне әртүрлі, кейде әр мазмұнды анықтамалар жиірек кездеседі. Әлеуметтік құрылым деген ұғымды, өте кең мазмұнда пайдалануға болады. Қоғамның әлеуметтік құрылымы дегенде, кейде біз қоғамның

барлық жақтарын қамтимыз. Мысалы, қоғамның экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани т.б. жақтары, элементтері бар. Біз бұл мағынада қоғамда біртұтас құбылыс ретінде қарасақ, осы айтылған оның элементтерін, бөлшектерін құрылымды жасайтын, құрастырушылары деп түсінеміз. Социологияда қоғамды осындай түрде қарастыруды, яғни өте кең, үлкен, ауқымды түрде түсінуді социеталдық түсіну деп көрсетеді.

Қоғамның әлеуметтік жағы, дербес әлеуметтік құрылым. Осы мағынада пайдалансақ әлеуметтік құрылым дербес қоғамдық құбылыс, біртұтас, нақтылы, өзіндік бөлшектері, элементтері бар әлеуметтік организм. Әлеуметтік құрылым дегеніміз әлеуметтік топтардың, страталардың, таптардың және әлеуметтік институттардың жиынтығы, олардың байланыстары, ара қатынастары. Сонымен, әлеуметтік құрылым, біріншіден, белгілі бір элементтерден, нақты топтардан тұрады, солардың қосындысы, жиынтығы. Ол әлеуметтік топтар, олардың бірінен бірінің өзгешеліктері, айырмашылықтары бар. Екіншіден, айтылған топтар өзара қатынастарда, түрлі байланыстарда болады. Осы қатынастар, байланыстар әлеуметтік құрылым социологиясының негізгі проблемалары, мәселелері.

Әлеуметтік құрылымның басты, негізгі элементтері әлеуметтік топтар, страталар, таптар дедік. Ендігі мәселе осы топтарды анықтау, оларға дұрыс анықтама беру. Әлеуметтік топтар деген жалпылама ұғым, бұл ұғымға негізінде қоғамдағы адамдар топтарының бәрі де кіреді. Бірақ та, әлеуметтік топ деп қоғамда кездесетін адамдардың барлық тобын айта беруге де болмайды. Мысалы, кейбір адам топтарының, оларды біріктіретін, құрастыратын әлеуметтік белгілері болмауы да мүмкін. Оларды топ деп айтуға болмайды. Әлеуметтік топтың өзіндік әлеуметтік белгілері бар. Мысалы, әлеуметтік-кәсіби топ деген де ұғым бар. Ондай топтарды да біз әлеуметтік топқа да жатқызамыз, қоғамның әлеуметтік құрылымына енгіземіз. Әлеуметтік топқа кіретін үлкен топ – ол тап. Тап деген ұғымның ғылымда пайда болуы XVIII ғасыр. Осы кезеңде француз, одан кейін ағылшын ойшылдары тап деген ұғымды саяси құрылымда түсіндіру ісіне пайдаланған.

Сонымен бұл категория экономикалық, әлеуметтік топтарды белгілеуге қолданылуда. Осы ұғымның, анықтамасы тарихтан өткен әртүрлі ғалымдардың еңбектерінде берілген. Әлі күнге дейін анықтамалар берілуде. Анықтамалар әр түрлі, әр мазмұнды. Көбінесе **тап** деген ұғым екі мағынада беріледі. Біріншісі, кең мағынада. Бұл мағынада тап дегеніміз өндіріс құрал-жабдықтарына белгілі қатынасы бар, қоғамдық еңбек бөлінісінде нақтылы алатын орны бар, ерекше әдістер арқылы алынатын табыстарының өзіндік мөлшері бар үлкен әлеуметтік топтар. Осындай үлкен әлеуметтік топтар қоғамның дамуының барлық кезеңдерінде орын алған, қазіргі қоғамда да орын алады. Бірақта қазіргі Батыс социологиясында бұл мағынада қолдану

кең кездеседі. Көбінесе тап деген ұғым тар мағынада жиі қолданылады. Бұл мағынада тап дегеніміз, әлеуметтік топтар, страталар. Олардың ең басты белгілері: кіріс, табыс, мамандық, билік, білім деңгейі, мәдениет, т.б. Бұл мағынаны алғанда таптың кейбір белгілері, мысалы, меншік, қоғамдық еңбектегі орны аса маңызды емес. Әлеуметтік құрылымға кіретін топтардың бірі әлеуметтік-демографиялық топтар. Әрине, бұл топтар социологияның арнайы салаларында қаралады. Мысалы, демографиялық социологияда, не болмаса әлеуметтік демографияда. Бірақта осы топтар әлеуметтік құрылымдағы орны туралы біз қысқаша айтып кетуді жөн көрдік. Әлеуметтік – демографиялық топ дегеніміз әрі әлеуметтік, әрі демографиялық белгілері бар топ. Қоғамда олардың аттары белгілі. Олар, зейнеткерлер, жастар, әйелдер, ер адамдар. Мысалы, зейнеткерлердің өзіндік демографиялық белгілері бар. Олардың көпшілігі жасы үлкен адамдар. Олардың әлеуметтік белгілері өзіндік өмірі, тұрмысы, психологиясы, әлеуметтік жағдайы, дүниеге, өкіметке, мемлекетке көзқарасы бар. Әлеуметтік, материалдық тұрмысы да басқа топтардан айрықшалау, соған байланысты әлеуметтік, саяси қимылдары да ерекше. Социологиядағы әлеуметтік топтар түсінігі

Теңсіздіктер мен әлеуметтік стратификация проблемасы іс жүзінде әлеуметтік және философиялық теориялардың барлығының да басты назарында болады. Стратификация ұғымының қазіргі заманғы ғылыми ойлаудың санаттық аппаратындағы орнының маңызы зор.

Әлеуметтік қауымдастықтар теңсіздігі жүйесін сипаттау үшін әлеуметтануда “әлеуметтік стратификация” ұғымы пайдаланылады. “Стратификация” терминінің өзі әлеуметтануға геологиядан келген. Ағылшын тілінде “*strata*” немесе “*stratum*” сөзі алғашында геологиялық қабат деген, ал “*stratification*” сөзі қабатталу, қатталу деген ұғымды білдірген. Әлеуметтанушылар әлеуметтік теңсіздікті белсенді түрде зерттей бастаған кезде осы терминді алған, сөйтіп ол жаңа мағынаға, қоғамды белгілі бір топтарға бөлу мағынасына ие болған. Қоғамда әртүрлі құрылым болатындықтан, ондағы адамдар түрлі негіздер бойынша жіктеліп отыратын болған.

Алайда теңсіздік табиғаты туралы сөз қозғалатын кез келген ғылыми әдебиетпен алғашқы танысудың өзі стратификация процесі мен әлеуметтік жинақылық проблемалары зерттеушілер арасында осы ұғымның мазмұны мен көлеміне қатысты бірыңғай көзқарастың жоқ екендігіне көз жеткізеді. Сол сияқты әлеуметтік қауымдас-тықтарды білдіретін әлеуметтік тап, топ, страта, мәртебелік топтар сияқты талдау бірліктері де барлық уақытта бірдей баяндала бермейді.

Әлеуметтік топтар мен әлеуметтік қауымдастықтар қоғамның әлеуметтік құрылымының маңызды элементтері болып табылады.

Әлеуметтік қауымдастық - салыстырмалы тұтастығымен ерекшеленетін және әлеуметтік іс-әрекеттің дербес субъектісі болып табылатын өмірде бар, эмпирикалық белгіленетін жеке адамдардың жиынтығы. Әлеуметтік қауымдастықтарды зерделегенде бірқатар сәттерді ескерген жөн:

Біріншіден, әлеуметтік қауымдастықтар ғалымдар жіктеп бөлетін ойша құрылған абстракциялар емес. Олардың өмір сүруін эмпирикалық тіркеуге және тексеруге болады.

Екіншіден, әлеуметтік қауымдастықтар - жеке адамдардың, әлеуметтік топтардың немесе өзге де әлеуметтік құралымдардың жиыны емес, тұтас жүйелік сипаттамалары бар тұтастық.

Үшіншіден, әлеуметтік қауымдастықтар әлеуметтік қарым-қатынастар объектілері болып табылады. Бұл олардың өз дамуының және өзін-өзі ұсынуының көзі болып табылатынын білдіреді. Әлеуметтік қауымдастықтың қалыптасуы және қызмет атқаруы әлеуметтік байланыстар, әлеуметтік іс-әрекеттер мен қатынастар негізінде жүреді.

Белгілерінің күрделі жиынтығы барлық қауымдастықтарды неғұрлым кең ауқымды екі ішкі тапқа, *бұқаралық және топтық* қауымдастықтарға бөлуге мүмкіндік береді.

Бұқаралық қауымдастықтар мынадай белгілерімен сипатталады:

белгіленбеген сапалық және сандық құрамы бар неғұрлым кеңейтілген шекаралы құрылымдық бөлшектелмеген солқылдақ құралым болып табылады;

оларға жағдайға қарай өмір сүру тән, яғни олар қандай да бір қызметтің негізінде және шекарасында құрылып, қызмет атқарады, олардан тыс болуы мүмкін емес, сондықтан да тұрақсыз, бір жағдайдан екінші жағдайға дейін өзгеріп отыратын құралым болып шығады;

оларға құрамының әртектілігі, топаралық табиғат тән, яғни бұл қауымдастықтар таптық, топтық, этникалық және өзге де шекараларды бұзады;

өзінің аморфтық құралуы салдарынан олар неғұрлым қалың қауымдастықтар құрамында болуға, олардың құрылымдық бірлігі болуға қабілетсіз. Бұқаралық қауымдастықтардың типтік үлгісі қалың саяси немесе экологиялық қозғалысқа қатысушылар, эстрада жұлдыздарына бас июшілер, спорт командаларының жанкүйерлері және т.с.с.

Әлеуметтік қауымдастықтардың басқа бір маңызды түрі әлеуметтік топтар болып табылады. Әлеуметтік топ ұғымының әлеуметтануда бірнеше мәні бар. Барынша кең мағынасында ол тұтас қоғамды, тіпті барлық адамзатты қамтиды. Неғұрлым тар мағынасында бұл ұғым қоғамның ішінде белгілі бір жеке бастық, ұжымдық және қоғамдық мүдделер мен мақсаттарды жүзеге асыру үшін бірлесіп қызмет атқаратын адамдардың азды-көпті жиынтығы болып табылатын ішкі жүйені бөлу қажет болған кезде пайдаланылады. Бұл орайда “әлеуметтік топ” ұғымына адамдардың аса көп санды бірлестігі ретіндегі әлеуметтік қауымдастық және адамдардың сан жағынан салыстырғанда шағын жиынтығы ретіндегі әлеуметтік топтың өзі де кіреді (ал әлеуметтік топтардың өздері де үлкен және кіші болуы мүмкін). Бұдан әлеуметтік топты үшінші, бұдан да тар мағынасында түсіну қажеттілігі келіп шығады, ол көбінесе солай болады да.

Әлеуметтік тап - әлеуметтік стратификация теориясындағы ірі таксонометриялық талдау бірлігі. Бұл ұғым стратификация теориясынан көп бұрын пайда болған. Әлеуметтік құрылымды талдаудың маңызды принципі

таптық көзқарас болып табылады. Оның негізінде әлеуметтік қарым-қатынастар мен материалдық өмірдің әр түрлі шарттарының себеп-салдарын түсіндіру жатыр. Тіршілік ету құралдарын өндіру процесі анықтаушы болып табылып, ал оның бастау алатын жері еңбек бөлінісі болғандықтан, қоғамдық өндіріс жүйесінде әр түрлі орынды иеленетін адамдардың топтары басым әлеуметтік элементтер болады. Тап ұғымы - айтарлықтай ірі “көлемді” талдамалық бірлік, ол қоғамдағы елеулі, шегіне жеткен жалпы өзгерістерді зерделеуге арналған және қазіргі заманғы қоғамдағы “ғаламдық” өзгерістерді зерттеуге арналмаған. Сондықтан сарапшылар талдаудың неғұрлым нақты және икемді бірлігін - “страта” немесе топ ұғымын бөліп қараған. Топтар - еңбек сипатындағы айырмашылық қажеттіліктерге, оларды қанағаттандыру құралдарындағы және өндірістен тыс қызметі құрылымындағы айырмашылықтарға әкеп соғатын кезде, бөлінген және біртекті емес еңбек нәтижесінде пайда болған әлеуметтік қауымдастық.

Сонымен қатар, стратаны бөліп қарауға негіз болатын кез келген белгі емес, тек мәртебелік белгі, яғни осы қоғамда объективті түрде “жоғары-төмен”, “жақсы-жаман”, “мерейлі-мерейсіз” сияқты салыстырмалы сипат алатын белгі екені ойда болуы қажет.

Тек жіктелген, бірақ мәртебелілік емес топтарды бөліп қараудың негізін белгілердің тұтас қатары құрауы мүмкін. Мысалы, халық музыкасын ұнататындар немесе футбол командасының жақтастары көбінесе белгілі бір мәдени топтың мәртебелілік қырына қатысы жоқ өкіл ретінде қарастырылады. Алайда орын иелену қоғамда маңызды сипат алатын белгілі бір кіріс деңгейімен немесе әлеуметтік тұғырмен сәйкес келетін болса, онда бұл топтар мәртебелі болады. Бұл орайда әлеуметтік топ ұғымы - талдаудың әлеуметтік қабатқа қарағанда азырақ анықталған және белгіленген бірлігі. Кей кездері “қабат” ұғымының орнына “топ” деген ұғымды кездестіруге болады. Бірақ қабат ретінде анықтауға болмайтын, тек топ ретінде ғана анықталатын қауымдастықтар бар. Айталық, отбасы - шағын әлеуметтік топтың неғұрлым тұрпатты үлгісі. Алайда кірісі жоғары (немесе кірісі аз) отбасыларының өкілдері зерттеулерде қабат ретінде кездеседі.

Дәреже ұғымы стратификацияны талдауда шешуші мәнге ие болады. Ол страталардың өмір сүруінде бағалау факторлары: адамның қандай да бір жағдайдағы мінез-құлқының желісі, оның өзін және айналасындағыларды дәрежелеуге көмектесетін белгілерге негізделген бір нәрсеге, ұстанымдарға көзқарасы үлкен рөл атқаратынын көрсетеді.

Әлеуметтік икемділік - бұл әлеуметтік мәртебелер жүйесінде адамның жағдайының өзгеруіне байланысты әлеуметтік стратификациялар механизмі.

Адам туылғанда аскриптивті немесе туа берілген мәртебе деп аталатын өзінің ата-аналарының мәртебесін алады. Ата-аналары, туыстары және отбасына жақын адамдар баланың бойына өздерінің мінез-құлық нормаларын, тиісті және мерейлі нәрселер туралы түсініктерін сіңіреді. Алайда, адам өзі қызметінің белсенді кезеңінде бұл қабаттағы жағдайына қанағаттанбауы, одан да зорына ұмтылуы және қол жеткізуі мүмкін. Соңғы жағдайда ол қол жететін мәртебеге ие болады. Егер де адамның мәртебесі

неғұрлым мерейлі, жақсы мәртебеге өзгерсе, онда жоғарылауға икемді орын алды деуге болады. Алайда адам өмірде кездесіп тұратын күтпеген қауіп (жұмысынан айрылу, ауырып қалу, т.с.с.) салдарынан төменгі мәртебелер тобына өтуі де мүмкін - бұл кезде төмендеуге икемділік орын алады. Зерттеушілер әлеуметтік икемділіктің барлық түрлерін (ұрпақаралық, кәсіптік және т.б.) бөліп қарауға мүмкіндік беретін статистикалық рәсімдер мен көрсеткіштер жүйесін пайдаланады, бұл жалпы алғанда халық қозғалысының әр алуан түрлерін талдауға мүмкіндік береді. Тігінен орын ауыстырулардан (жоғарылау және төмендеу икемділіктері) басқа көлденеңінен орын ауыстырулар болады, ол табиғи икемділіктен (бір жұмыстан екінші жұмысқа мәртебесін өзгертпей ауысу) және аумақтық икемділіктен (бір қаладан екінші қалаға көшу) құралады.

Санасы, мінез-құлқы мен мәртебесі түйісіп отыратын, аралық жағдайда және көбіне қандай да бір себептермен өзара әрекеттес әлеуметтік топтардың біріне ұзақ уақыт бойы бейімделе алмайтын немесе бейімделгісі келмейтін адамдардың, қандай да бір әлеуметтік топтар өкілдерінің жиынтығы маргиналдар деп аталады (ол латынның *marginalis* - шетте тұрған деген сөзінен шыққан). Олардың мәртебесінің шығу тобы мен басымдық танытушы топ арасындағы шекаралық, аралық сипаты болады, сондықтан бір жақты өзін-өзі сәйкестендіруге келмейді.

Өз зерттеулерінде бұл проблематикаға соқпай өтпейтін әрбір әлеуметтанушы өзінің қоғамдық топтарға стратификациялайтын өзіндік белгілерін бөліп қараған, алайда барлық ғалымдар мұндай бөлінудің себебі әлеуметтік теңсіздікте деп есептеген. Стратификациялық белгілердің жинақталымы мен иерархиясы нақты бір қоғамның өз дамуының белгілі бір уақытындағы ерекше әлеуметтік, экономикалық, этникалық сипаттамаларына байланысты.

Бұл ретте ойда болар маңызды нәрсе, әлеуметтанушылардың бір бөлігі “әлеуметтік топ” пен “әлеуметтік қауымдастық” ұғымдарының арақатынасын анықтаған кезде біріншісін негізге алып, әлеуметтік қауымдастықты үлкен, бұқаралық әлеуметтік топ ретінде қарастырады; ал басқалары - екіншісін негізге алып, әлеуметтік топты шағын әлеуметтік қауымдастық деп есептейді. Сондықтан аталмыш ұғымдарды бөлу неғұрлым шартты түрде алынады, өйткені бұл орайда тапты да, ұлтты да, отбасын да әлеуметтік қауымдастық ретінде де, әлеуметтік топ ретінде де қарастыруға болады.

Әлеуметтік топтар бұқаралық әлеуметтік қауымдастықтардан өзгеше:

- 1) олардың кеңістікте және уақытта өмір сүруінің беріктігі мен тұрақтылығына жағдай туғызатын орнықты өзара іс-әрекетімен;
- 2) салыстырмалы түрде алғанда жоғары топтасу дәрежесімен;
- 3) құрамының айқын көрініп тұрған біртектілігімен, яғни топқа кіретін барлық жеке адамдарға тән белгілердің болуымен;
- 4) құрылымдық құралым ретінде неғұрлым қалың қауымдастықтарға кіруімен сипатталады.

Бұдан шығатын қорытынды - адамдардың топқа бірігуінің кез келгені әлеуметтік топты құрай бермейді. Күнделікті өмірде біз адамдардың субъектілер арасындағы өзара байланыстар мен өзара іс-әрекеттердің тұрақсыздығы, қысқа мерзімділігі, тарлығы тән (тобыр, тыңдармандар аудиториясы, әлеуметтік топтар және т.б.) бірлестіктерімен жиі ұшырасамыз. Олар шынтуайтына келгенде әлеуметтік топтар болып санала алмайды, сондықтан да көбіне *квазитоптар* деп аталады.

Әлеуметтанушылар “әлеуметтік топ” ұғымын әр қалай анықтайды.

Р.Мертон әлеуметтік топты белгілі бір жолмен бір-бірімен қарым-қатынаста болатын, өзінің сол топқа жататынын ұғынатын және басқа адамдардың көзқарасы бойынша оның мүшесі болып саналатын адамдардың жиынтығы ретінде анықтай отырып, оның үш айырмашылық белгісін бөліп көрсетеді - өзара іс-әрекет, мүшелік және сәйкестілік. Ұқсас анықтама бере отырып, Н.Смелзер адамның мінезін көбіне оның қандай да бір топтың адамы екендігімен түсіндіретінімізді айтады. С.С. Фролов әлеуметтік топты оның әрбір мүшесінің басқаларға қатысты белгілі бір жолмен қарым-қатынаста болатын жеке адамдардың жиынтығы деп түсінеді. Бұл анықтамада жиынтықты топ деп санау үшін қажетті екі маңызды шартты көруге болады: 1) оның мүшелері арасындағы өзара іс-әрекеттің болуы; 2) топтың әрбір мүшесінің басқа мүшелерге қатысты әрекеттерінің болуы.

Әлеуметтік топтар өзінің шамасы, саны бойынша шағын (екіден он бес адамға дейін) және үлкен болып бөлінеді. Шағын әлеуметтік топты ажырату белгілері: 1) құрам санының аздығы; 2) мүшелерінің кеңістіктегі жақындығы; 3) өмір сүру ұзақтығы; 4) топтық құндылықтардың, нормалардың және мінез-құлық үлгілерінің ортақтығы; 5) топқа кірудің еріктілігі; 6) адамның мінез-құлқын бақылаудың бейресмилігі болып табылады.

Шағын топтарды қандай түрлерге және типтерге бөлуге болады? Зерттеу мақсаттарына қарай бір емес, бірнеше түрпаттама болуы мүмкін. Егер де бізді топ мүшелерінің тұлғааралық қарым-қатынастарының тереңдік дәрежесі қызықтыратын болса, онда топтарды *ресми* және *бейресми* топтарға бөлеміз. Олардың алғашқысы - мынадай негізгі ерекшеліктері болатын ресми ұйымдардың түрлері:

- ол ұтымды, яғни оның негізінде орынды, белгілі мақсатқа қарай саналы түрде қозғалу принциптері жатыр;

- ол принципті түрде тұлғасыз, яғни жасалған бағдарлама бойынша араларында жетілген қарым-қатынастар орнайтын абстрактілі жеке адамдарға арналып есептелген. Мұндай топты, әдетте, неғұрлым жоғары деңгейдегі әлеуметтік жүйе құрайды, оның функцияларын да, құрылымдарын да береді. Мұндай топтағы көшбасшының беделі, мәртебесі тек қана оның жеке басының қасиеттерімен емес, “жоғарыдан”, сырттан алатын лауазымымен де анықталады.

Бейресми топқа келер болсақ, ол мүшелерінің бір-біріне тұлғалық, эмоционалдық икемделу қатынасының нәтижесі ретінде құрылады; ол оны құрайтын жеке адамдардың бастамасы бойынша аяқ астынан (өздігінен) жасақталады. Шағын топтардың қызметінде ұйымдардың барлық белгілері

айқын көрініс табатын болғандықтан, бейресми топтар да ресмиден тыс (ресми топтардың шеңберінде қалыптасатын) және әлеуметтік-психологиялық (кез келген жерде пайда болатын) болып бөлінуі мүмкін.

Шағын топтарды бастауыш және екінші деп бөлу тұрпаттаманың маңызды түрі болып табылады. Мұндай бөлудің салыстырмалы екендігін әуел бастан ескерте кеткен жөн. Бастауыш топ - мүшелерінің өзара байланысулары жоғары (кейде неғұрлым жоғары) жиілігімен және тығыздығымен ерекшеленетін шағын топ. Бастауыш топ көбінесе басқа шағын топтың құрамдас бөлігі болып табылады, бұл жағдайда ол алғашқы топқа қатысты алғанда екінші топ болады. Егер де біз мысал ретінде студенттік (академиялық) топты қарастырар болсақ, онда ол бірнеше топтарды біріктіретін курсқа (лекке) қатысты алғанда бастауыш топ болады.

Г.С.Антипинаның көрсеткеніндей, бастауыш шағын топтың өзіне тән белгілері мынадай: құрам санының аздығы, кеңістіктегі жақындық, өмір сүру ұзақтығы, мақсат бірлігі, топқа кіруге еріктілік және мүшелерінің мінез-құлқына бейресми бақылау. Ч.Кули ғылыми айналымға бастауыш топ ұғымын енгізе отырып, оның *интимдік*, жүзбе-жүз (face-to-face) байланысумен және ынтымақтастықпен сипатталатынын атап өткен.

Кейбір екінші топтарды, мысалы, кәсіподақтарды қауымдастықтар ретінде сипаттауға болады, олардың ең кем дегенде кейбір мүшелері өзара әрекеттеседі, біртұтас, барлық мүшелері бөлісетін нормативтік жүйесі және қандай да бір ортақ, барлық мүшелері бөлісетін корпоративтік өмір сүру мағынасы болады.

Қоғамда шағын топтар атқаратын әлеуметтік функциялар орасан, оларды басқаша бағалау мүмкін емес. Конт бір кезде қоғамның ұясы деп атаған отбасын еске алсақ та жеткілікті - бұл ылғи да шағын топ және де өзі құрамына енетін көптеген басқа топтар мен ұйымдарға қатысты бастауыш топ болады. Төменде атап өтілетініндей, сол отбасы адам тұлғасының қалыптасуында маңызды рөл атқаратын бастауыш әлеуметтендірудің басты агенті болып табылады. Дегенмен, отбасы ғана емес, өзіміз құрамына кіретін басқа көптеген бастауыш және екінші топтар да біздің өмірбаянымызда маңызды әлеуметтендіруші рөл атқарады: құрбы-құрдастар топтары, дос-жарандар, әуесқойлар үйірмелері, спорт командалары - біз дәл осылар арқылы замандастарымыз бен отандастарымыздың кең қауымдастығында қалыптасқан дәстүрлердің, нормалардың және құндылықтардың барлығын игереміз. Көптеген зерттеушілердің бастауыш түріндегі байланыстардың жетіспеушілігін адамның тұлғалық қасиеттерінің нашарлауына және тіпті девианттық мінез-құлықтарда белгілі бір сапасыздыққа апарып соғуы мүмкін деп ұйғаруы кездейсоқ емес.

Жеке адам үшін өзі жататын бастауыш топ өте маңызды *референттік* топтардың бірі болып табылады. Бұл терминмен құндылықтар мен нормалар жүйесі жеке адам үшін өзіндік эталон болатын (шынайы немесе қиялдағы) топты белгілейді. Адам әрқашан - ерікті немесе еріксіз түрде - өзінің ой-ниеттері мен іс-әрекеттерін өзі пікірлерін қадір тұтатын адамының қалай бағалайтынымен салыстырады. Жеке адам осы сәтте жататын тап та, бұрын

мүшесі болған топ та және мүшесі болғысы келетін топ та референттік бола алады. Референттік топты құрайтын адамдардың дербестелген бейнелері “ішкі аудиторияны” құрайды, адам өзінің ойға алғандары мен іс-әрекеттерінде соны бағытқа алады.

Шағын топтар теориясының айтарлықтай маңызды бөлімі ондағы *серпінділік процестерін* зерделеу болып табылады. Бұл зерттеулер микроәлеуметтану мен психологияда шағын топтардың өмір сүру және даму заңдарын сипаттауды негізге алатын өзара әрекеттес және бірін-бірі толықтыратын тұжырымдамалардан тұратын ерекше бағыт болып бөлінген. “Топтық серпін” терминінің өзін ғылыми айналымға 1930 жылдары Курт Левин енгізген. Негізгі теориялық қағидалардың бірі топтық қызметтің жүйелілік сипатын атап өтуден тұрады: тұтас алынған топ оған кіретін жеке адамдардың жай қосындысы емес, одан артық. Сонымен қатар, шағын топтарда жүретін құбылыстар мен процестерді сипаттайтын заңдар одан да ірі әлеуметтік бірліктердің серпінін сипаттауға қолданылуы мүмкін.

Топтық серпін теориясының дамуына американдық (тегі - румын) әлеуметтік психолог Джейкоб Морено маңызды үлес қосқан. Ол шағын топты зерттеудегі екі маңызды бағыттың: *әлеуметтік драманың* (немесе психодраманың) және *әлеуметтік метрияның* негізін қалаушы ретінде танымал. Әлеуметтік метрия - эмоционалдық және тұлғааралық өзара әрекеттестіктердің біртұтас “топтық өрісін” құрайтын топ мүшелерінің арасындағы байланыстарды айқындау және сандық өлшеу әдістерінің жүйесі.

Кез келген шағын топта оның туғанынан өлгеніне дейін жүретін серпінді процестерді қысқаша тізбектеп шығуға тырысар болсақ, онда мынадай негізгі құбылыстарды түйіндеуге болады:

топтық ықпалдасу - топ мүшелерінің бір-біріне лайықтанып, бейімделуі негізінде топтардың біртұтас нәрсеге айналуы;

құрылымдалу - көшбасшылар мен басқа да мәртебелік позицияларды бөліп және тиісінше сол мәртебелерге сәйкес рөлдер суретін жасай отырып ішкі құрылымның жасақталуы.

Берілген топқа тән *нормалар мен құндылықтар жүйесі* қатар дамиды; кей кезде бұл бірлескен іс-әрекеттерде, уақытты бірге өткізетін кезде қатар болатын ерекше жоралғылар жасаумен қатар жүреді. Бұл нормалар мен құндылықтарды сақтау үшін топ мүшелеріне *топтық қысым* жасалады. Ол оң және теріс әр түрлі *топтық санкциялардың* көмегімен жүзеге асырылады.

Әлеуметтік топтарды жіктеу топтарды шағын және үлкен, бастауыш және екінші деп бөлуді ғана көрсетпейді. Қоғамдық топтардың әлеуметтік жағдайлары бойынша өзгешелігі бейнеленетін қоғамның әлеуметтік құрылымының сипаттамасы тұрғысынан әлеуметтік-таптық қауымдастықтар (таптар, қабаттар); әлеуметтік-демографиялық қауымдастықтар (еркектер, әйелдер, балалар, ата-аналар және т.б.); этникалық әлеуметтік қауымдастықтар (үлттар, ұлыстар, тайпалар, ұлттық және этнографиялық топтар); әлеуметтік-аумақтық топтар (қала, ауыл, аймақ); әлеуметтік-кәсіптік

қауымдастықтар және т.б. сияқты әлеуметтік топтарды бөліп қарау ерекше маңызды.

Бұл жерде біз қоғамның әлеуметтік құрылымының күрделі екенін, бірнеше шағын құрылымдарға жіктелетінін ескеруіміз керек. Әлеуметтік құрылымның мынадай түрлері бар:

- қоғамның таптық құрылымы;
- қоғамның стратификациялық құрылымы.
- қоғамның ұлттық құрылымы;
- қоғамның кәсіби құрылымы;
- қоғамның демографиялық құрылымы;
- қоғамның территориялық не аймақтық құрылымы.

Социологиядағы страта ұғымы

Страта дегеніміз социологияға геология ғылымынан енген термин екен. Осы ғылымда страта жердің қыртысы, қабаты деген мағынаны береді. Социологтар бұл ұғым арқылы қоғамдағы топтарды белгілейді. Батыс социологтарында бұл ұғым кең орын алған. Кейбір социологтар қоғамның өзі тек қана страталардан тұрады деп, бұл ұғымның мазмұнын өте кеңейтіп жібереді. Қоғамда тек қана страталар бар, ал олар әртүрлі нақтылы аттармен белгіленуі мүмкін. Бірақ та, социологтардың біразы страта деп белгілі бір сан жағынан шағын, тіпті кіші топтарды да айта береді. Американдық социологияда страта деп кез-келген адам топтарын түсінушілік те бар. Бірқатар жағдайда страталар өте көп болып кетуі мүмкін. Страталардың өзіндік белгілері, бірінен бірін ажырататын көрсеткіштері бар. Әлеуметтанудағы әлеуметтік стратификацияның негізгі тұжырым-дамаларын қарастырып көрелік. Энтони Гидденс “стратификация әр түрлі топтардың, адамдардың арасындағы құрылымдалған теңсіздік ретінде анықталуы мүмкін” деп есептейді. Американдық әлеуметтану сөздігінде мынадай анықтама берілген: “Адамдар теңсіздіктің қандай да бір өлшемімен иерархиялық ұйымдастырылған қатарға тізілгенде әлеуметтік жіктелу әлеуметтік стратификацияға айналады”. Болгар социологы Чавдар Кюранов “Әлеуметтік стратификация тұтас қоғамдық құрылымдағы көлденең топтар жүйесін білдіреді” деп санайды. Нейл Смелзер “стратификация теңсіздіктің бір ұрпақтан бір ұрпаққа берілуіне көмектесетін тәсілдермен байланысты; бұл ретте қоғамның әр түрлі топтары пайда болады” деген ұйғарым жасайды.

Бірақ та страта тап бола алмайды, олардың тапты құрайтын белгілері жетіспейді. Социология тарихында қоғамның әлеуметтік құрылымы мәселесі ең басты, өзекті мәселенің бірі болып келеді. Бұл мәселенің мағынасы өте терең, жан-жақты. Нақты әлеуметтік құрылым қоғам дамуына байланысты өзгеріп отырады. Әсіресе осы өзгеруде мықты ықпал жасайтын құбылыс экономикалық құрылым, оның өзгеруі. Бірақ та қоғамның әлеуметтік құрылымына әсер ететін басқа да құбылыстар аз емес. Мысалы, саяси дамулар, процестер, өзгерістер. Оның ішінде мемлекеттің типтері, режимдері, биліктің түрлері әлеуметтік құрылымға өте мықты ықпал жасайды. Әлеуметтік құрылымға әсер

етегін құбылыстың бірі – рухани өзгерістер, идеология, қоғамдық сана. Әлеуметтік құрылымның жылдам өзгеріп отыратын элементтерінің бірі - әлеуметтік институттар.

Әлеуметтік құрылымдағы негізгі топтардың сипаттамасы

Жастар - демографиялық топ. Бірақта оларды тек қана жас жағынан ажырататын топ ретінде шектеуге болмайды. Жастар ерекше әлеуметтік топ. Олардың әлеуметтік белгілері, өзіндік өмір салты, психологиясы, идеологиясы бар. Жастардың алда болашағы бар, қоғамдағы, өмірдегі процестерді өзінше түсінеді, жүріп жатқан реформалар туралы олардың ерекше ой-пікірлері бар. Қысқаша айтқанда олардың әлеуметтік, рухани белгілері, ерекшеліктері толып жатыр. Сондықтанда, біз жастарды әлеуметтік топ ретінде қарастырамыз.

Әйелдер - демографиялық топқа жатады. Бұл мәселе жөнінде шыққан кітаптар, жазылған еңбектер аз емес. Бірақ та, әйелдер де әлеуметтік жағынан алғанда ерекше топ. Олардың, әлеуметтік ерекшеліктері туралы көп айтуға болады. Мысалы, әйелдердің қоғамдағы әлеуметтік жағдайы, тұрмысы, құқығы, денсаулығы, қоғамды, мемлекетті басқарудағы орны, саяси-қоғамдық ісі, еңбекке қатынасы, білім деңгейі, мамандығы, рухани өмірі, отбасындағы, бала тәрбиелеудегі ролі, т. б. Осы айтылған белгілердің бәрінде демографиялық емес, әлеуметтік белгілер, әлеуметтік көріністер. Сондықтанда, осы топтың әлеуметтік ерекшеліктерінің көбірек екендігін айта келіп, біз оны жеке бір ерекше топ ретінде қарастырамыз.

Әлеуметтік құрылымға кіретін келесі топ қала және ауыл тұрғындары. Бұл мәселені жеке қарастыруға болады.

Әлеуметтік құрылымға сословие, каста деген топтар да кіреді. Олар адамдардың шыққан тобы, бірлестігі, жиынтығы. Тарихи жағынан алғанда сословиелер таптардан бұрын пайда болды, бірақта таптық қоғамда олар таптармен бірге қоғамда орын алып жатты. Сословиелік құралымдардың кейбір қалдықтары бірқатар елдерде әлі күнге дейін орын алады. Сословие дегеніміз заңдармен құқықтық түрде, не болмаса дәстүрлер, әдет-ғұрып арқылы бекітілген және осыған байланысты ұрпақтан ұрпаққа қарай, беріліп отыратын, әлеуметтік топтың құқығы мен міндеттері.

Европада IV ғасырдан XIV ғасырға дейін негізгі стратификациялық топтар сословиелер болған. Мысалы, Францияда сословие деп әр дәрежедегі страталарды атаған. XVIII ғасырдың аяғында, Француз революциясының қарсаңында, бұл елде үш сословие болғаны тарихқа белгілі. Олар дворяндар, діни сословие және үшінші сословие деп аталатын қалың бұқарадан тұратын топтар болған. Бұл жайда айта кететініміз, тек қана дворяндар, яғни ең жоғарғы сословиеге жататындар өзінің нәсілдік, ұрпақтық құқығын сақтай алатындығы. Мысалы, әкесі дворян болса, баласы да, туған-туыстары да осы сословиеге міндетті түрде жататын. Ал қалған сословиелердің сословие деп аталғанымен де ондай құқығы болмаған. Сословиелік әлеуметтік

құрылым орта ғасырларда көпшілік елдерде орын алған. Мысалы, Ресейде үш сословие орын алған. Олар дворяндар, діни сословие, шаруалар. Соңынан бұл елде басқа да сословиелер пайда бола бастаған. Сословиелік құрылым қазақ даласында да орын алған. Қазақ жерінде хан, сұлтан, төрелер, одан кейін қожалар сословиесі болған. Бұл сословиелер үстемдік еткен, елді басқарған және олардың статусы атадан балаға көшіп отырған. Әдет-ғұрып, дәстүр бойынша, Шыңғысханнан бастап тек қана соның тұқымдары хан, сұлтан болуға, таққа таласуға мүмкіндік алатынды. Бұл ең жоғарғы сословие. Бұларда европалық, азиялық елдердегідей сословиелік белгілер мен құқықтар орын алған. Қазақ даласында көпке дейін сақталып келген әліде қалдықтары бар сословие қожалар деп аталады. Қожа әрі сословие, әрі ру ретінде қалыптасқан. Сословие ретінде қожалар (көпшілігі) діни, миссионерлік іспен айналысқан, олардың статусы өте жоғары болған. Қожалардың ісі ұрпақтан ұрпаққа жалғаса берген. Ал ру ретінде қожалар қазақтардың ру жүйесіне кірмеген. Сондықтан олар қазақтардың руы деп қарастырылмайды. Қысқаша айтқанда, қазақ даласындағы сословиелер ру дәрежесінде берілген, бірақ та олардың жоғарғы лауазымы хан, сұлтан, қожа деген сословиелік статусқа байланысты болған. Ал Европаны алсақ, онда рулық белгі сословиелерде көрсетілмеген. Қазақтың қалың бұқарасы шаруалар, байлар, кедейлер, орта шаруадағы адамдар жоғарыда айтылған сословиелерге кіре алмаған, бұлар төменгі сословиені құраған. Бірақ та, осы бұқара халық, өзінде әртүрлі, осы күнгі терминмен айтқанда, страттарға бөлінген. Халықтың өзіндік әлеуметтік құрылымы орын алған. Олар жоғарғы топ, орта топ, кедей топтар.

Әрбір сословиенің өзіндік ішкі құрылымы болады. Оның ішінде түрлі атақтар, дәрежелер, рангалар бар. Ол мәселені біз бұл жерде талдап жатпаймыз. Сословиелік жүйе 5 мың жылдай қоғамда орын алған. XVIII ғасырға дейін дүние жүзінде бұл жүйеден күшті әлеуметтік құрылымда, жүйе болмаған. Ал соңғы 150 жылдың ішінде бұл жүйе бүкіл дүние жүзінде құрып кетті десе де болады. Бірақ та, кейбір Европа елдерінде, мысалы ҰҰлы Британияда, Азия елдерінің кейбіреулерінде осы жүйенің қалдықтары осы күнге дейін кездеседі.

Каста дегеніміз социологияда әлеуметтік топ ретінде қаралады. Бұл да страта, әлеуметтік стратификацияның белгілі бір өткен тарихта орын алған элементі. Кейбір елдерде касталық құрылым өте маңызды орын алған, бірақ та онда қоғамдар өте қатал, жабық, деспотиялық қоғамдардың қатарына кіреді. Касталық құрылым көп елдерде болмаған. Бұл тарихта сирек кездесетін құрылымдардың, жүйелердің бірі. Зерттеушілердің айтуы бойынша осындай касталық жүйе Индияда және Африканың кейбір елдерінде орын алған, әлі күнге дейін сол елдерде кездеседі. Бірақта «каста» деген ұғымның мазмұнын кейбір зерттеушілер кеңірек түсіндіріп, касталық XX ғасырда біраз елдерде орын алған дейді. Осы ғалымдардың түсіндіруінде тоталитарлық режимдердің бәрінде де касталар

болды дегенді айтады. Олай болғанда каста дегеніміз белгілі дәрежесі, әлеуметтік статусы, рангасы бар жабық топ болады. Шын өзінің классикалық мәнінде каста /нәсіл/ әлеуметтік топ, ал ол топқа жату адамның шығу тегіне байланысты. Ол өзінің кастасының шеңберінен шықпайды, сол кастада дүниеге келеді, үйленеді, тұрмыс құрады, сонымен дүниеден кетеді. Бұл Кастаның өзіндік кәсібі, өмір салты, өмірге көзқарасы, психологиясы, әдет-ғұрпы, дәстүрі болуы тиіс. Әлеуметтік құрылымды қарастыратын қазіргі кезеңдегі теориялардың бірі әлеуметтік стратификация деп аталады.

Қоғамның әлеуметтік құрылымын зерттеудегі стратификациялық көзқарастар

Қазіргі социологияда көбірек көңіл әлеуметтік стратификация деген ұғымға бөлінеді. Оның себептері бар. Біріншіден, бұл XX ғасырда қалыптасқан жаңа теория, екіншіден, қазіргі дүниеде басымырақ орын алып отырған процесс, ол топтарға бөліну, яғни жіктеу процесі. Әлеуметтік стратификация деген теорияның негізгі ұғымы «страта». Кейбір зерттеушілер әлеуметтік құрылымды әлеуметтік стратификациямен теңестіріп те қарайды. Өте жақын болғанменде негізінде бұлар өзгешеліктері бар ұғымдар. Әлеуметтік стратификация дегенде біз қоғамдағы болып жатқан жіктеу, яғни ажырату процесін қарастырамыз. Әлеуметтік стратификация дегеніміз қоғамды топтарға, таптарға, стратарға бөлу, ажырату, олардың ара қатынастарын іздестіру. Әлеуметтік стратификация деген ұғым қоғамдағы айырмашылықтарға, ажыратуларға, қайшылықтарға басты назар аударса, ал әлеуметтік құрылым қоғамның тұтастығына, оның интегративтік процестеріне көбірек көңіл бөледі.

Әлеуметтік құрылымға байланысты толып жатқан теориялық, ғылыми мәселелер бар. Осы мәселелерді біз ірі социологтардың еңбектерінен табамыз. Социология ғылымының өзі жеке ғылым ретінде XIX ғасырда пайда болды. Оның негізін салушылар К. Маркс, О. Конт, М. Вебер, Э. Дюркгейм, П. Сорокин сияқты ірі социологтар. Сондықтанда біз осы айтылған ғылымдардың көзқарастарына аздап тоқталғанды жөн көрдік.

Маркстың әлеуметтік құрылым туралы туралы көзқарасы

К.Маркс әлеуметтік құрылым туралы көптеген зерттеулер жүргізген ірі ғалым. XIX ғасырда әлеуметтік стратификациялау теориясының ірге тасын қалаушылардың бірі десек те болады. К. Маркстың түсіндіруінде адам тарихында бес типті қоғам орын алады. Олар: алғашқы адамдар қоғамы, құл иеленушілік қоғам, феодализм, капитализм және ең соңғы қоғам – коммунизм. Осы қоғамдарды К. Маркс қоғамдық – экономикалық формациялар деп атаған. Әрбір қоғамның, не болмаса формацияның өзіне тән, сәйкес әлеуметтік құрылымы болады. Қоғамның әлеуметтік құрылымы К.Маркстың түсіндіруінде ол әлеуметтік топтардың жиынтығы және олардың ара қатынастары, байланыстары. Осы қатынастар, байланыстар маркстік көзқарас бойынша шешуші, айрықша роль атқарады. Әлеуметтік құрылымның ішінде ең маңыздысы таптар. Таптық қоғам қанаушылық

орын алатын қоғамнан басталады. Таптық қоғамдар деп марксизмде құл иеленушілік, феодалдық және капиталистік қоғамдарды атайды. Ал алғашқы адамдар қоғамында тап сияқты топтар болмаған, демек ол қоғамда қанаушылық та орын алмаған. Тап деп аталатын әлеуметтік топ коммунистік қоғамда жойылады. Коммунизм – бұл тапсыз қоғам. К. Маркстың нақты және терең зерттеген қоғамы капиталистік қоғам, оның әлеуметтік - таптық құрылымы. Маркстік теория бойынша әрбір қанаушылық қоғамда екі тап елеулі орын алады. Осы таптарды К. Маркс негізгі таптар деп қараған. Мысалы, құл иеленуші қоғамда құлдар мен құл иелері, феодалдық қоғамда – феодалдар мен шаруалар, капитализмде - буржуазия мен пролетариат. Осы таптардың арасында тап күресі үздіксіз жүріп отырады. Соның салдарында бір тап жеңіліп екінші тап жеңіске жетеді, ал кейде күреске қатынасқан таптардың бәрі де жеңіледі, жеңіске басқа бір жаңа тап ие болады. Бұл тап күресінің заңдылығы, бұл заңдылық барлық елдерде орын алады делінген. Капитализм қоғамында пролетариат буржуазияға қарсы тап күресін жүргізу нәтижесінде, пролетарлық революция арқылы жеңіске жетеді. Сол кезден бастап капитализм құлай бастайды, социализм орнатылады. Бұл кезеңді К. Маркс пролетариат диктатурасы деп атаған. Бірақ та, пролетариат диктатурасы әліде таптық қоғам, ол тек коммунистік қоғамның бастамасы. Сондықтан да бұл қоғамда белгілі бір мерзімге дейін тап күресі орын алады. Ал одан әрі социализм дамыған кезеңінде тап күресі жойылады, әрі қарай дамуда коммунизм дәуірінде таптар жойылып, тапсыз қоғам орнайды. Тап күресі қоғамның қозғаушы күші. Осындай күрес тек қана таптар жойылған кездерде тоқтатылады. Сонымен тап күресі заңдылық, таптар бар жерде күрес орын алады. Тап күресі экономикалық, саяси және т.б. формаларда жүріп отырады. Негізгі күрес байлар мен кедейлер арасында орын алады. Осындай күрес Грецияда және құл иеленушілік Римде орын алса, жаңа заманда, XIX ғасырда, барлық капиталистік деген елдерде орын алады. Капитализм дамыған сайын тап күресі үдей түседі. Күресуші таптардың арасында, яғни пролетариат пен буржуазияның арасында, ешқашанда ымырашылдық, келісім болуы мүмкін емес. Тап күресінің ең жоғарғы шыңы – революция. Революция арқылы буржуазияның экономикалық, саяси және идеологиялық үстемдігі жойылып, пролетариат үстемдігі орнатылады. Буржуазия тап ретінде азғындай береді, капитализмнің дағдарыстарында өзінің прогресшіл қасиеттерінің бәрінен айрылады, реакцияшыл тапқа айналады.

Капитализм, өзінің империализм деген сатысында, өте реакцияшыл қоғамға айналады. К. Маркстың әлеуметтік стратификация туралы концепциясының негізгі принциптері осындай деуге болады. Осы концепцияны Ресей большевиктері басшылыққа ала отырып 1917 жылы саяси төңкеріс, не социалистік революция деп аталатын істі ұйымдастырады. Ресейде социализм тарихы басталады. Ол тарих 74 жылға созылды.

К. Маркстың әлеуметтік, таптық құрылым туралы концепциясының көптеген позитивтік және негативтік жақтары да бар. К. Маркстың әлеуметтік құрылым, әлеуметтік стратификация туралы теориясы тарихта орын алып келе жатқан теориялардың, концепциялардың бірі деп қарастыруымыз қажет. Ол теорияның өзіндік дұрыс жақтары аз емес. Мысалы, адам тарихында орын алып келе жатқан бай тап пен кедейлер табының арасындағы тап күресін ешкімде бекерге шығара алмайды.

Тарихта орын алған, алып келе жатқан теориялардың, концепциялардың, көзқарастардың бірінің де жетіспейтін жақтары бар. Ақиқаттың ең соңғысы болған ғылыми көзқарас болған емес, болуы мүмкін емес. Осы тұрғыдан алғанда маркстік көзқарастың да кемшілігі аз емес.

Біріншіден, тап күресі міндетті түрде пролетариат диктатурасына әкеліп соқтырады деген К. Маркстың тұжырымы практика жүзінде дәлелденеді.

Екіншіден, тап күресі қоғамның қозғаушы күші деген тезистерде барлық жағдайда дұрыс емес екендігі тарихтан белгілі болды. Тап күресін абсолюттік деп есептеп, ол таптық қоғамдарда осы күрес шиеленесе береді деген тұжырым да дәлелденіп отыр. Қазіргі дүние жүзіндегі дамыған елдер таптық қоғамдар. Бірақта, сол елдерде барған сайын тап күресінің өрши түсуі іс жүзінде орын алып отырған жоқ. Керісінше, ХХ ғасыр аяғында бұл елдерде тап күресі деп аталатын құбылыстар өте сирек кездесетін болды. Әрине, әрбір елде, қазіргі кезеңде, әлеуметтік қақтығыстар, қарама-қайшылықтар, т.б. құбылыстар жиі кездесіп отырады. Осының бірі, мысалы, терроризм. Бірақта, осындай қақтығыстарды, шиеленістерді тап күресі деп айтуға біздің дәлеліміз жоқ.

Үшіншіден, маркстік теорияда күштеу мәселесі маңызды орын алады. Осыны революция деп атайды. Маркстік теорияның өзі де революционерлердің мусологиясы. Ал шын мәнісінде қоғам дамуында, адам тарихында көштеу ісі, яғни көшпен шешу ісі әрине белгілі орын алып келуде. Бірақ та, осы көштеу теориясын өте жоғары көтеру, біздің ойымызша аса дұрыс шешім деуге болмайды. Өзекті мәселелерді реформалар арқылы шешкен қоғам өшін әрине тиімді болар еді. Барлық әлеуметтік құбылыстардың дамуындағы экономиканың негіз қалаушы рөлі туралы өзінің негізгі тезисін ұстана отырып, Карл Маркс таптардың барлық негізгі сипаттамаларына сүйеніп, өзінің әлеуметтік қабаттану үлгісінің негізіне өндірістік қатынастарды алған. К.Маркс экономикалық ұйымның кез келген түрінде өндіріс құрал-жабдықтарына ие үстем тап және үстем тапқа қызмет ететін тап бар деп сендіреді. Ол сол сияқты люмпендердің - қоғамнан толық шығып қалған адамдардың болатынын да ескерген.

К. Маркс ХІХ ғасырдың ұлы ғалымы. Бірақ та, ХХ ғасырда көптеген дөниее ірі өзгерістер болды. Сондықтанда К.Маркстың теориясының біраз принциптері, заман өзгерісіне байланысты ескіріңкіреп кетті.

Макс Вебердің әлеуметтік құрылым туралы концепциялары

М. Вебердің бұл мәселе туралы көзқарасы К. Маркстің көзқарасына өте жақан деуге болады. М. Вебер де К. Маркс сияқты таптың экономикалық негізіне көбірек көңіл бөліп, тапты экономикалық категория деп төсінген. Бірақ та М. Вебердің К. Маркстен бұл мәселе бойынша айырмашылықтары бар. Біріншіден, М. Вебердің пікірі бойынша таптың белгілерін тек қана, К. Маркс сияқты, меншікпен доғаруға болмайды. Таптың көптеген әлеуметтік белгілері бар. Оның ішінде, мамандық, білім деңгейі, қызметкердің қабілеті, дипломы, т. б. белгілері бар. Екіншіден, әлеуметтік құрылымдағы маңызды мәселенің бірі статус деп аталады. Статус, престиж деген категориялар қоғамды тапқа бөлуде аса маңызды роль атқарады. Ал ондай категориялар К. Маркстың таптық құрылым теориясында орын алмайды. Жалпы осы статус деген ұғым М. Вебердің социологиясында үлкен орын алады. Әлеуметтік стратификация проблемасына қазіргі заманғы көзқарастың негізін Макс Вебер қалаған болатын, ол әлеуметтік құрылымды таптармен және оларды тудырушы меншік қатынастарымен қатар әлеуметтік мәртебе мен билік те маңызды орын алатын көп өлшемді жүйе ретінде қараған. М. Вебердің К. Маркстен айырмашылығы, ол экономиканы ұйымдастыруды стратификацияның негізі деп санамай, экономикалық сипаттамалардың бастапқылығы тезисінен бас тартты және “стратификацияның үш автономды өлшемдері” туралы өз ұғымын тұжырымдады [27].

Оның ойынша стартификациялаудың үш өлшемі бар. Олар:

1. Байлық – экономикалық статус.
2. Билік - саяси статус.
3. Мәртебе - әлеуметтік статус.

Осы үш өлшем арқылы қоғамды стратификациялауға болатындығы айтылады. Әлеуметтік тап - өте өлкен топ. Сол топқа кіретін адамдардың бәрінің де бірдейге жақын материалдық, әлеуметтік және т. б. жағдайлары болуы міндет. М. Вебер айтқандай бір тапқа жату, не жатпау, адамның өмірлік мүмкіндіктеріне байланысты. Өмірлік мүмкіндіктері бірыңғай адамдар бір тапқа жатады. М. Вебердің түсіндіруінде тап деген адамдардың тек қана нарықтық экономикаға байланысты топтары. Ал нарықтық экономика тек капитализм дәуірінде пайда болады. Жалпы М. Вебер адамзат қоғамында тек қана екі типтік қоғам болады дейді. Бірі нарықтық емес, екіншісі нарықтық қоғам. Сонымен тап деген әлеуметтік топ тек қана капитализм қоғамында пайда болады. Осы қоғамда нарықтық экономиканың ең маңызды тірегі капитал. Бірақ та нарықтық экономиканың басқа да тіректері болады. Олар – мамандық, білім, жұмыс істеу қабілеті, т. б. Капитализмнен бұрынғы қоғамда таптар орын алмаған. Ол қоғамдардағы стратификациялау процестерін сословие, каста, статус деген бөлінулерге байланысты делінеді. М. Вебердің түсіндіруі бойынша капиталистік қоғамда таптардан басқа, таптық деңгейге жетпейтін біраз статустық топтар да орын алады. Ол теңсіздіктің негізгі үш құрамдас бөлігін бөліп қарап, оларды өзара байланысты, бірақ сонымен бірге елеулі қатынастарда тәуелсіз деп есептеді: мүліктік теңсіздік, мәртебелік

мерей және билік. Билік деп адамның (немесе адамдар тобының) жоспарларды іске асыру, іс-қимыл жасау немесе белгілі бір саясатты, тіпті басқа адамдар мен топтар тарапынан болған келіспеушілікке қарамастан, жүргізу қабілетін айтады.

Стратификацияның үш тобы да бір қоғамның ішінде, бір адам материалында болады, әр түрлі конфигурацияларда, бір қоғамнан бір қоғамға және бір тарихи кезеңнен басқа бір тарихи кезеңге көшіп жүре береді.

Капитализмдегі таптарды, топтарды М.Вебер мынадай ретпен белгілейді:

1. Меншік иелері (тап);
2. Интеллектуалдар, менеджерлер, әкімшілік қызметтегі адамдар тобы (тап);
3. Ұсақ буржуазиялық тап, ұсақ бизнесмендер, т. б.;
4. Жұмысшы табы.

М. Вебер осындай қорытындыны XIX ғасыр аяғы және XX ғасыр басындағы еуропалық капитализмнің шындығына байланысты жасаған. Сонымен, тап дегеніміз М. Вебердің анықтамасы бойынша, нарықтық экономикаға байланысты адамдардың өлкен топтары. Олардың негізгі белгілері: тапқа кіретін адамдардың белгілі бір мөлшерде материалдық ресурстарға ие болуы; олардың белгілі өмір жағдайы; олардың айрықша өмір жолы. М. Вебер статустық топтарға аса өлкен көңіл бөлген. Бірақ та оларда таптық та, статустық та белгілері бар. Статустық тап деп, М. Вебер бюрократияны атаған. Нарықтық экономикаға, не болмаса товар, ақша, капитал деген категорияларға тікелей қатынасы жоқ топтарды ол статустық топтарға жатқызған. Чиновниктер қоғамының байлығына иелік етіп, өндірісті бақылауға алады, ал бірақ та олар меншіктің иелері бола алмайды. Сондықтан олар әлеуметтік тап емес. Қоғамда статустық топтардың саны өте көп болуы мүмкін, ал таптардың саны аз келеді. Әлеуметтік статус мәселесін қарастырғанда оның негізгі белгілері - әлеуметтік сыйлау, мәртебе, бедел, партиялық сыйпат, саяси бағыт кеңірек талдауды талап етеді. Әлеуметтік статустық топтардың өзіндік өмірі, тұрмысы қоғамда алатын орны, мақсаты, тіпті діні, саяси бағыттары бар.

Питирим Сорокиннің әлеуметтік құрылым туралы көзқарасы

XX ғасыр социологияның негізін салушылардың бірі, ірі ғалым, Ресейде, АҚШ-та өмірін өткізген П. Сорокин болды. Оның әлеуметтік құрылым туралы концепциясы өте маңызды, ғылыми тұрғыдан алғанда терең концепция. П. Сорокин қазіргі кезеңдегі әлеуметтік стратификация деп аталатын теорияның негізін салушы деуге болады. П.Сорокиннің стратификация теориясы жалпы қоғамды әр түрлі әлеуметтік топтарға бөлу принциптерін сипаттайтын неғұрлым салмақты тұжырымдамалардың бірі болып табылады.

П. Сорокиннің анықтамасы бойынша әлеуметтік стратификация дегеніміз адамдардың жиынтығын иерархиялық рангаларға, топтарға бөлу. Топтарды жоғарғы, орта не болмаса төмен деңгейлерге бөлу

стратификацияның негізгі талабы. Осы бөлудің негіздері - құқықты, жауапкершілікті және міндетті әр мөлшерде бөлу. Әлеуметтік құндылықтарды бір топтың иеленуі, ал екіншісі одан тыс қалуы, әр топтың әртөрлі билігі, ықпалы, беделі.

Сонымен П. Сорокин топтарды ажыратуда, жіктеуде құқық, жауапкершілік, міндет, билік, ықпал сияқты көрсеткіштердің, белгілердің өте маңызды роль атқаратындығын төсіндіреді. Қоғамдағы адамдардың топтарын ол өшке бөледі. Бірінші топты ол элементарлық яғни, қарапайым топ деп атайды. Бұл топты ажырату критеріі бірақ қана белгі болады. Мысалы, бір көшенің не бір өйдің адамдары. Бұл топтың белгісі олардың қонысы, мекен-жайы. Топтардың одан гөрі көрделісін кумулятивтік топтар деп атаған. Бұл топтың айырмашылығы, белгілері біреу емес, бірнеше. Осындай топтардың ішінде таптар аса маңызды орын алады. Таптың көптеген белгілері бар – кәсіби, идеологиялық, психологиялық, т. б. үшінші топтардың типін П. Сорокин көрделі конгломеративтік топтар деп атаған. Бұл топ элементарлық және кумулятивтік топтардың қосындысы, бірақ та өте өлкен топтар, олардың көптеген белгілері болады. Мысалы, бір елдің халқы, бөкіл адамзат, т. б. Осы айтылған топтар жабық не ашық топтар, не болмаса аралық топтар болулары мөмкін. Жабық топтар дегеніміз адам туғаннан жататын тобы, ол оның ұлты, нәсілі, жынысы, жасы. Ондай белгілер адамның өзіне байланысты емес. Ашық топтарға кіретін адамдардың қасиеттері өздеріне байланысты. Мысалы, әртөрлі, әр бағыттағы партиялар, творчестволық не спорттық қоғамдар, т. б. ұйымдар, қозғалыстар. Аралық топтар деп П. Сорокин материалдық түрмысы, мемлекеттігі, мекен-жайы, тілі, т. б. қасиеттері, белгілері ортақ топтарды айтқан.

П. Сорокин қоғамда стратификацияның үш түрі бар екендігін баяндайды. Олар: экономикалық, саяси, кәсіби стратификациялар. Экономикалық стратификацияның негізі материалдық байлық, не кедейшілік. Саяси стратификацияның негізі билік, басқарушылық, не болмаса олардың жоқтығы. Кәсіби стратификацияның негізі мәртебелі, /лауазымды/ не мәртебесіз /лауазымсыз/ еңбек, мәртебелі /лауазымды/ болашағы бар, не болмаса болашағы аз, не болмаса жоқ мамандықтар. Экономикалық стратификацияны қарастырғанда П. Сорокин қоғамның экономикалық статусындағы екі өзгеріске тоқталады. Олардың бірі - экономикалық түрмыс, екіншісі - қоғамдағы экономикалық стратификацияның көтерілу, не төмендеу мәселесі. Осы өзгерістерді, яғни экономикалық стратификациялауды П. Сорокин флуктация деген терминмен белгілеген. Флуктация дегеніміз топтың экономикалық статусының өзгерістері. Бірақ та флуктация дегеніміз заңдылық емес, бағытсыз өзгерістер. Елдердің материалдық түрмысы, табысы, байлығы өзгеріп отырады, яғни флуктацияға ұшырайды. Ұлттың, отбасының, нақтылы елдің дамуында ешқандайда заңдылық жоқ, тек флуктация орын алады. Олардың дамуында тек қана прогреске, баюға, не болмаса

кері кетуге, кедейшілікке алынған заңдылық, бағыт орын алады деп айтуға біздің ешқандай негіз жоқ екенін П. Сорокин көрсетеді.

Саяси стратификацияны да П. Сорокин осы бағытта зерттеген. Оның ойы бойынша саяси теңсіздік, саяси стратификация еш уақытта жойылмайтын құбылыс. Әр дәуірдегі, әр елдердегі саяси стратификацияны зерттей келіп П. Сорокин мынадай қорытындыларға келеді. Біріншіден, тарихтың әр кезеңдерінде, әр елдерде саяси стратификацияның биіктігі, деңгейі өзгеріп отырады. Екіншіден, бұл өзгерістерде не бір қалыпқа келтіру, не стратификацияға жоғары көтеру тенденциясы байқалмайды. Үшіншіден, саяси басқарудың бір формасынан екінші формасына көшуде ешқандай тұрақтылық байқалмайды. Мысалы, монархиядан республикаға, диктатурадан демократияға, көшу процесі тұрғылықты, заңды құбылыс емес. Саяси стратификацияның келбеті, экономикалық стратификациямен салыстырғанда, жылдамырақ өзгереді, оның өзгеру көлемі кеңірек. Төртіншіден, кез келген елде, қоғамда екі көш өнемі тартыс, көрес жағдайында. Олардың бірі саяси стратификацияны азайтуға бағытталған, екінші көш оған жол берушілер көші, яғни саяси теңсіздікті көшейтуді талап ететіндер. Кәсіби стратификация қоғамда екі формада орын алады. Біріншісі, кәсіби мамандықтардың иерархиясы, яғни мамандықтар аралығындағы стратификация, екіншісі-әрбір кәсіби мамандықтың өз ішіндегі айырмашылықтар, страталар. П. Сорокин осы кәсіби мамандықтардың ішінен мәртебесі, лауазымы жоғары мамандықтарды бөліп қарайды, бұл мамандықтарды игерген адамдардың білімі, жалпы интеллектісі жоғары екендігін көрсетеді.

Прогрестік бағыттағы дамып жатқан елдерде ашық қоғам орныққан. Ал осы процесс бәсең болса, ондай қоғамдарды жабық қоғам дейді. П. Сорокиннің осындай концепцияларынан шыға отырып, қазіргі батыс социологтары ашық және жабық қоғам деген идеологияны әрі қарай дамытуда. Жалпы П. Сорокиннің көзқарасы бойынша қоғамдағы өте катал әлеуметтік стратификация төбінде жақсылыққа әкелмейді, төменгі топтардың арасында наразылықты көшейте төседі. Төменгі страталардың жоғарыға қарай көтерілуіне жол ашылуы қажет. Ал жоғары страталарда беделін төсірген адамдардың, топтардың төмен құлай түсуін әбден қажетті деп түсіну қажет. Питирим Сорокин кез келген ұйымдасқан әлеуметтік топ әлеуметтік тұрғыдан әрқашан стратификацияланған деп есептейді. “Жазық” болатын және онда барлық мүшелері тең дәрежелі болатын бірде-бір тұрақты әлеуметтік топ болмаған және болмайды да. Жіктелмеген, мүшелері шынайы тең дәрежелі болатын қоғам - ол қиял, адамзат тарихында әлі болып көрмеген нәрсе”. Питирим Сорокиннің стратификациялық теориясының негізгі қағидасы әлеуметтік стратификациялардың нақты ипостастары көп және әр алуан болса да, олардың барлық санқырлылығы негізгі үш нысанға: экономикалық, саяси және кәсіптік стратификацияға келіп тірелуінде. Әдетте, бұл үш нысан тығыз

байланысқан, жоғары топқа қандай да бір қатысы бар адамдар бұл қабатқа, әдетте, басқа өлшемдер бойынша да қатысты болады және керісінше.

Осыны басшылыққа ала отырып, П.Сорокин әлеуметтік стратификацияның әрбір нысанын жеке-жеке талдауды ұсынады және оларды былай анықтайды:

1. Егер де қандай да бір қоғам мүшелерінің экономикалық мәртебесі тең емес, олардың арасында байлығы барлар да, жоқтар да болатын болса, онда мұндай қоғам қандай принциптермен, коммунистік немесе капиталистік принциптермен құрылғанына қарамастан, экономикалық тұрғыдан жіктелуімен сипатталады.

Егер де қандай да бір топтың шегінде беделі мен рөлі, атағы мен мәртебесі мағынасында иерархиялық әр түрлі дәрежелер болатын болса, онда бұл осы топтың өзінің конституциясында немесе декларациясында жариялағанына тәуелсіз саяси жіктелгенін білдіреді.

Егер қандай да бір қоғамның мүшелері өз қызметінің, айналысатын шаруаларының түрі бойынша әр түрлі топтарға бөлінген болса, ал кейбір кәсіптер осы ретте басқалармен салыстырғанда неғұрлым беделді болып саналатын және қандай да бір кәсіби топтың мүшелері әр түрлі дәрежедегі жетекшілерге және бағыныштыларға бөлінетін болса, онда мұндай топ бастықтары сайланатынына немесе тағайындалатынына, оларға лауазымдар мұраға қалатынына немесе жеке қасиеттерімен келетініне қарамастан, кәсіби жіктеледі. П.Сорокин өзінің теориясының көмегімен мынадай сұрақтарға жауап табуға тырысады: “әлеуметтік ғимараттың биіктігі қандай”, “әлеуметтік конустың табанынан төбесіне дейінгі қашықтық қандай”, “оның беткейлері тік пе, көлбеу ме”. Бұл сұрақтардың жауаптары әлеуметтік стратификацияны сандық бағалауға - “әлеуметтік ғимараттың” сыртқы көрінісін бағалауға көмектеседі. Оның ішкі құрылымы, оның тұтастығы - сапалық талдау пәні, ол үшін “ғимараттың ішіне кіріп, оның ішкі құрылыстарын: қатардың сипаты мен орналасуын, бір қабаттан екінші қабатқа жеткізетін лифтілер мен баспалдақтарды және басқа да бір қабаттан бір қабатқа көтерілу және түсуге арналған құрылғыларды зерделеу қажет”. Басқаша айтқанда, әлеуметтік икемділік механизмдерін зерттеумен айналысу қажет.

П.Сорокиннің жазған ғылыми еңбектері өте көп, кітаптары мазмұнды, көлемді. Осы тақырыпқа байланысты оның мынадай еңбектерін оқуға болады:

Қазіргі Батыс социологиясындағы әлеуметтік стратификация теориясы

Қазіргі кезеңдегі Батыс социологтарының көпшілігі М. Вебердің, не болмаса П. Сорокиннің социологиялық мектептерінің өкілдері. “Әлеуметтік стратификация” ұғымының теориялық-әдістемелік негізін жасауға елеулі үлес қосқан М.Вебердің, К.Маркстің, П.Сорокиннің, У.Л.Уорнердің, Д.Дж.Трейманның, Б.Барбердің еңбектері, Т.Парсонстың функционалдық мектебіне жататын әлеуметтанушы ғалымдардың жұмыстары болып табылады

Әлеуметтік теңсіздік проблемасын қақтығыстар теориясының өкілдері де назардан тыс қалдырмаған. Әлеуметтік теңсіздік жөніндегі көптеген идеялар маркстік стратификация мен таптар теориясынан алынған, онда таптық құрылымның, таптар арасындағы қатынастың, тарихтың қозғаушы күші ретіндегі таптық күрестің жан-жақты тұжырымдамасы баяндалған.

Сондықтан да, бұлардың теориялық, методологиялық принциптері осы ірі социологтардың шеңберінен асып кете алмайды. Дегенмен де, қазіргі Батыс социологиясында, оның ішінде американдық социологияда, біраз жаңалықтардың бар екендігі рас. Ол жаңалықтардың көпшілігі әлеуметтік стратификация деп аталатын теорияның және оның негізгі критерилеріне, көрсеткіштеріне т. б. мәселелеріне байланысты. Стратардың белгілері, критерилері мәселесінде социологтардың арасында біраз дискуссиялар, пікір-таластар туып отыр. Кейбір социологтар стратаны бір-ақ қана белгі арқылы айыруға болады деп есептейді. Мысалы қазіргі неміс социологы Р. Дарендорфтың пікірі бойынша страталардың негізгі көрсеткіші бедел, билік. Ал көпшілік социологтардың пікірінше страталар көптеген белгілер арқылы ерекшелене алады. Мысалы, билік, кіріс, табыс, мамандық, білім, мәдениет, мекен, жайы, корпоративтік мақсаты, т. б. Осы көрсеткіштер, критерилер қосыла отырып стратаның әлеуметтік, саяси, ішкі, сыртқы пішінін бейнелейді. Әлеуметтік стратификация теориясында қазіргі кезеңде өзекті мәселелердің бірі әлеуметтік мобильділік мәселесі. Осы мәселеге байланысты социологтар, әсіресе Батыстың дамыған елдерінде, үлкен көлемді социологиялық зерттеулер жөргізуде. Осы зерттеулердің қорытындылары бойынша сол елдің қаншалықты ашық не жабық ел екендігі белгіленеді. Жоғарыда айтылғандай Батыс социологиясындағы ең маңызды мәселенің бірі тап мәселесі. Бірақ та бұл мәселе марксистік тұрғыда емес басқа мағынада беріледі. Әсіресе, орта тап қоғамын құру, кедей таптың санын азайту, кедейшілікті бірте-бірте жеңу, т. б. мәселелері өте өзекті болып отырғаны сөзсіз. Қазіргі әлеуметтік стратификация деп аталатын, әлеуметтік құрылымды зерттейтін теорияның өзекті мәселелері аз емес. Батыс елдеріндегі әлеуметтік стратификация теориясымен айналысатын социологтардың тізімі өте үлкен. Біз тек олардың кейбіреулерін атап кете аламыз. Олар: Т. Парсонс, Б. Барбер, Э. Райт, У. Уорнер, М. Липсет, К. Дэвис, У. Мур, Д. Трейман, Э. Гидденс, А. Бурдьё, Р. Дарендорф, Р. Ротмэн, А. Инкельс, т. б.

У. Уорнердің стратификация теориясы

Стратификация туралы көзқарасы У. Уорнердің “бедел теориясында” баяндалған. Ол американдық қоғамындағы бөліп қаралған страталарды “әлеуметтік тап” деп атаған. Бірақ бұл біздің тарихи материализмнен білетін тап емес: маркстік тап меншікке қатысты берілген, ал Уорнер тапты әлеуметтік беделі бойынша, яғни осы қоғамдағы оның мүшелеріне қатысты бөледі. Алғашында ол қандай да бір тапқа көзқарас ең алдымен экономикалық өлшемдермен (өндіріс пен бөліністегі кірістер мен функциялар) анықталады деп ұйғарған, яғни, түптеп келгенде, маркстік

негізгі тезистерді басшылыққа алған. Алайда, бірінші кезеңдегі зерттеу нәтижелері оның болжамдарын теріске шығарды. Ол шамамен бірдей табыс табатын бір кәсіптің өкілдері “әлеуметтік беделінің” сипаттамасы бойынша әр түрлі деңгейде болатынын аңғарған. Беделдің адамның қоғамдағы экономикалық өлшемдерге негізделген жағдайымен қандай да бір байланысы болғанымен, әлеуметтік бедел сонда да болса бәрінен де күшті адамның өндіріс пен игілік бөлінісіндегі орнымен емес, оның осы игілікті тұтыну құрылымымен, яғни өмір салтымен, мінез-құлқымен және, түптеп келгенде, оның ұстанымдарымен байланысты. “Өмір салтының негізінде жатқан мұндай тұрақты, қайталанатын мінез-құлықтың негізінде осы әлеуметтік жиынтықтың мәдениетінде немесе кіші мәдениетінде бекітілген үлгілер болатыны айқын”. Осылайша эмпирикалық материалдың көмегімен У.Л.Уорнер іс жүзінде Макс Вебердің “мәртебелік топ” деп сипаттаған стратасын ашты. Сол кезден бастап ғылыми терминологияда адамның қоғамдағы көзқарасымен өлшенетін орнын анықтайтын “әлеуметтік мәртебе” ұғымы берік қалыптасты, оның өлшемін өз кезегінде “әлеуметтік рөл” деп санау қалыптасты.

У.Л.Уорнер “тап” ұғымының анықтамасын береді: “Тап дегенді әлеуметтік жағынан неғұрлым жоғары немесе неғұрлым төмен жағдайда болады деп ұйғарылатын және сол қоғамның мүшелері оларды тура осылай дәрежелейтін адамдардың екі немесе одан да көп жіктері деп түсінген жөн. Осы таптың мүшелері жұбайларын өз табының ішінен таңдауға тырысады, бірақ та қоғамның құндылықтары жоғары не төмен орналасқан топтан жұбай таңдауға жол береді. Сонымен таптық жүйе балалардың ата-аналары жеткен мәртебеге ие болатынына кепілдік береді. Таптық қоғам құқықтар мен артықшылықтарды, сондай-ақ борыштар мен міндеттерді неғұрлым жоғары және неғұрлым төмен жағдайларға қатысты бірқалыпты бөлмейді. Таптық жүйенің қасталықтан айырмашылығы - ол әлеуметтік саты бойынша жоғары және төмен қозғалыстарды құндылық деп қарастырады.

У.Л. Уорнер өзінің әлеуметтік стратификация теориясының жалпы тұжырымдамасын басшылыққа ала отырып, адамдардың қандай да бір таптық тектерін олардың мәртебелеріне қоғамның басқа мүшелері беретін бағаларын, яғни олардың беделін басшылыққа ала отырып анықтаған.

Американдық социолог У. Уорнер осы елде 7 таптық жүйе бар екендігін айтады. Бірақ та білгілі бір тапқа жату адамның статусына байланысты деп тәсіндіреді. Әрине әрбір таптың өзіндік кіріс-табысы, мамандығы, білімі, мәдениеті, т. б. белгілері бар. Осы көрсетілген таптарға кімдер, қандай мамандық топтары кіреді? Осы сұрақтарға У. Уорнер жауап береді. Бірінші тап – ол ең жоғарғы тап. Олар, мысалы, ірі корпорациялардың иелері, ірі байлар, ірі мемлекет қызметкерлері, жоғары әскери шені бар адамдар, архиепископ, ірі ғалымдар, т. б. Екінші тап – жоғарғы тап. Оған жататындар: орта деңгейдегі фирма иелері, газет шығарушылар, мемлекет қызметкерлері, жеке практикасы бар дәрігерлер, заңгерлер, колледждің оқытушылары, т. б. үшінші тап - жоғарғы орта тап. Мысалы, банк қызметкерлері /қатардағы/, колледждің оқытушысы, орта

буын дәрежедегі менеджерлер, орта мектептің оқытушысы. Төртінші тап – орта таптың орта буыны. Олар: қатардағы банк қызметкері, тіс ауруының дәрігері, бастауыш мектептің оқытушысы, өндірістегі цехтың бастығы. Компанияның қатардағы қызметкері, т. б. Бесінші тап – орта таптың төменгі буыны. Олар: автомеханик, парикмахер, бармен, мамандығы бар жұмысшы, полиция қызметкері /қатардағы/, ірі жөк тасушы машинаның жөргізушісі, сауда қызметкері, т. б. Алтыншы тап – төменгі таптың жоғарғысы. Бұларға жататындар көбінесе орта мамандығы бар жұмысшылар, машина жөргізушілер, официант, швейцар, т. б. қызмет атқаратын адамдар. Жетінші тап – төменгі таптың төмені. Бұған кірітіндер жұмысы бар, бірақта жалақылары, американдық өлшеммен алғанда, төмен адамдар. Олар, мысалы, ыдыс-аяқ жуушылар, өй қызметіндегі жалшылар, көше сыпыратындар, қоқыс жинайтындар, т. б. осындай қара жұмыс істейтін адамдар. У. Уорнер бұл жерде Американың әлеуметтік құрылымын толық беріп отырған жоқ. Бірақ та, осы елде осындай таптар бар екендігі, олардың шамамен алғанда осы айтылған топтардан, мамандықтардан тұратындығының дәлелі бар сияқты. Кейбір социологтер осы Америкада 5 таптық жөйе бар деп көрсетеді. Осы көзқарастың авторы А. Россидес. Ал Д. Ротмэн өзінің «Неравенства и стратификация в Соединенных Штатах» деген еңбегінде бұл елде 8 таптың бар екендігін көрсетеді.

Т. Парсонстың стратификация теориясы

Т. Парсонс, американдық социолог, П. Сорокиннің шәкірті. Ол “Әлеуметтік стратификация теориясына талдамалы көзқарас” атты еңбегінде қоғам туралы функционалдық ұғымды теориялық тұрғыдан негіздей бастайды. Қоғамның стратификациялық жүйесі, бір жағынан, еңбек бөлінісіне және әр түрлі топтардың әлеуметтік жіктелуіне негізделген болса, екінші жағынан, ол қандай да бір қызметтің мәнін анықтайтын және марапаттар мен ынталандыруларды бірдей бөлмеуден пайда болатын қалыптасқан әлеуметтік теңсіздіктерді заңдастыратын қоғамдағы басым құндылықтар мен мәдени стандарттар жүйесінің іс-әрекетінің нәтижесі. Т.Парсонс өзінің әлеуметтік әрекет теориясында әлеуметтік стратификацияның әмбебап белгілерін ұсынған:

- “Сапа”, яғни жеке адамға белгілі бір сипаттаманы, позицияны таңу;
- “Атқару”, яғни жеке адамның қызметін басқа адамдардың қызметімен салыстыра отырып бағалау;
- Материалдық құндылықтарға, талантқа, шеберлікке, мәдени ресурстарға және т.б. “ие болу”. Бұл ретте Т.Парсонс осы үш әмбебап объектілерді бағалаудың қоғамдағы үстемдік етуші құндылықтар үлгісіне сәйкес жүзеге асырылатындығын атап көрсеткен.

Т. Парсонстың теориясы бойынша адам тарихында үш типтік қоғамдар болған екен. Бірінші қоғамды ол қарапайым /императивтік/, екінші қоғамды өтпелі /аралық/, үшінші, қоғамды қазіргі қоғам деп атаған. Алғашқы қарапайым қоғамда әлеуметтік топтарға бөліну, дифференциялық процесс өте бәсең, жоққа жақын. Сондықтан да бұл

қоғамда әлеуметтік стратификация төменгі дәрежеде өтеді. Ал аралық деп аталатын қоғамда әлеуметтік стратификация көлемді орын алады. Қазіргі қоғам - өте терең стратификацияланған қоғам. Бұл нарықтық қоғам, бұл қоғамда көптеген страталар бар, оның арасындағы экономикалық, саяси, кәсіби стратификациялар маңызды рөл атқарады. Адамдарды страталарға, топтарға бөлетін белгілерді Т. Парсонс үшке бөледі. Бірінші топқа жататын белгілер: адамның өзіне байланысты емес белгілер, адам осы белгілермен дүниеге келеді, олар табиғи белгілер. Мысалы, адамдардың жасы, жынысы, ұлты, туыстық т.б. жақтары. Екінші топқа жататын белгілер адамның өзіне байланысты. Ол адамдардың кәсібі, мамандығы бойынша бөлінеді. Мысалы, инженер, дәрігер, оқытушы, артист, бизнесмен, т.б. мамандықтар бойынша адамдар топтарға бөлінеді. Осындай бөлінуді П. Сорокин және оның шәкірті Т. Парсонс кәсіби стратификация деп аталған. Страталарға бөлудің белгілерінің, көрсеткіштерінің үшінші тобы меншік, материалдық және рухани құндылықтар, әлеуметтік тәртіп, ерекше құқық, т. б. Бұл жерде Т. Парсонс критерилердің арасын аса көп нақтылай қарамайды. Т. Парсонстың бұл мәселелер туралы көзқарастары оның «Система современных обществ» деген кітабында /орыс тілінде Мәскеуде 1998 шыққын/ кеңінен қарастырылған.

Бернард Барбердің стратификация теориясы

Бернард Барбер мәселені ежелгі дүниеден біздің заманымызға дейінгі тарихи тұрғыдан қарай отырып, батыс қоғамы әлеуметтік стратификациясының әр түрлі алты өлшемін бөліп қараған:

1. Кәсіп рөлі. Отағасы - барлық қоғамда да өзінің азды-көпті толық жұмыс уақытын арнайтын “өндіруші” рөлде қоғамға қосатын функционалдық үлесі тұрғысынан жіктеліп бағаланып келген. Осы сияқты рөлдер әрқашан олардың функционалдық үлесінің шамасы бойынша әр түрлі болады және тиісінше сараланып бағаланады, яғни әр түрлі беделге ие болады.

2. Билік пен күш-қуат деңгейі бойынша дәрежелену. Билікті әлеуметтік жүйелерде мақсатқа жетудің заңды қабілеті деп, ал күш-қуатты оның заңсыз ұқсастығы деп анықтауға болады. Кез келген қоғамда кейбір рөлдер басқа рөлдерге қарағанда үлкен билік пен күш-қуатты қамтиды, нәтижесінде олардың құрылымдары осы өлшем бойынша стратификацияланады.

3. Кіріс немесе байлық. Қоғамдағы әр түрлі кәсіптік рөлдердің пайда табу мен байлық жинауға қабілеттері әр түрлі болады, отбасылық байланыстарға орай мұраға ие болу жолымен байлыққа ие болу мүмкіншіліктері де дәл осындай әр түрлі. Бұрын да, қазір де ақша бірқатар икемділік процестерінде үлкен орын алады. Бұл ретте М.Вебердің ізін ала Б.Барбер беделдің, биліктің және табыстың арасында сәйкессіздік болуы мүмкін екендігін айтады. Кейбір рөлдер (мысалы, Рим Папасы) жоғары бедел мен билікке ие, ал табысы - төмен, немесе, керісінше, әлеуметтік беделі онша жоғары емес. Бұл орайда табыс әрқашан да одан әрі дамудың және ақшамен жоғары бағаланатын

рөлдерге қол жеткізу (мысалы, білімді, атақты сатып алу, неғұрлым жоғары саналатын әлеуметтік топтың өкіліне үйлену және т.б.) құралы болған.

4. Білім беру немесе білім алу. Адамдардың қоғамда оқу-білімге және білім алуға әрқашан қолдары бірдей жете бермейді, мұның олардың өздеріне туғаннан берілген әр түрлі рөлдерін атқаруы үшін ғана емес, бір рөлден екінші рөлге өту мүмкіншілігі үшін де маңызы зор.

5. Діни немесе салттық тазалық. Қандай да бір қоғамдағы үстемдік ететін функционалдық маңызды діни идеялар санатына адамдар азды-көпті дәрежеде жоғары бағаланатын діни немесе салттық тазалыққа ие болуы мүмкін.

6. Туыстық және этникалық топтар бойынша дәрежелену. Туыстық және этникалық топтар барлық қоғам үшін және өздері өмір сүретін жергілікті қауымдастықтардағы өздерінің функцияларын қалай орындайтындықтары тұрғысында әр түрлі, атап айтқанда олардың кәсіптік беделінен, билік пен күш-қуаты дәрежесінен, табысы мен байлығы деңгейінен бөлек туыстық және этникалық топтар ретінде бағаланады.

Б.Барбер икемділікке қатысты қоғамда үстемдік ететін институцияланған нормалар жоғарыда тізбеленген алты мағынада стратификациялық құрылымның өздігінен тәуелсіз өлшемі бола алмайтындықтан, осы қоғамда жасалып жатқан икемділіктің көлемі мен дәрежесіне маңызды тәуелсіз ықпал ете алмады деп есептейді.

Б.Барбер теориясы әлеуметтік стратификацияны геометриялық фигуралар терминімен сипаттайды, бұл әлеуметтік икемділіктің өтіп жатқан процестерін көзге елестетуге және әлеуметтік стратификацияның қазіргі заманғы батыстық жүйесін түсінікті баяндауға мүмкіндік береді.

Иерархия факторын қарастырғанда стратификациялық дәрежелерді бөлген кезде пайда болатын негізгі екі фигура, Б.Барбердің ойынша, пирамида мен ромб болып табылады. Бұл екі фигура әрқашан төбесіне жақын дәрежелерді иеленетін азшылықтың - “элита” немесе “элиталар жиынтығы” болатынын көрсетеді, бұл төбені Б.Барбер осылай атайды. Пирамидалық фигурада, бұдан басқа, салыстырмалы түрде аздаған адамдар орта дәрежені иеленеді, ал бұқара халық төменгі дәрежеде болады. Мұның керісінше ромб тәріздес фигура адамдардың төменгі дәрежеге қарағанда орта дәрежеде бірдей мөлшерде көп шоғырлануымен сипатталады, әйтсе де фигураның төменгі бөлігін өткірлей түсу үшін едәуір адамдар қалып қояды.

Э. Гидденстің стратификация теориясы

Ағылшын социологы Э. Гидденс өзінің еңбектерінде стратификациялаудың төрт негізгі жүйесі бар екендігін көрсетеді. Олар - сословиелік, таптық жүйелер. Стратификация дегеніміз - Э. Гидденстің түсіндіруінде құрылымы бар теңсіздік. Ондай теңсіздік әр-түрлі топтардың арасында орын алады. Қоғам дегеніміз, осы социологтың айтуы бойынша, иерархиялық формада құрылған страталардың жиынтығы. Осы иерархиялық құрылымның басында дәрежесі жоғары страталар тұрады. Сонымен Э. Гидденс страта деген ұғымды кең мағынада пайдаланып, оған тапты, сословианы т.б. әлеуметтік топтарды

кіргізе береді. Э. Гидденс тап деген категорияға анықтама береді және оның түсінігі бойынша, белгілі бір тапқа кіру ол адамның өзінің ісіне, жігеріне т. б. субъективтік қасиеттеріне байланысты екендігін айтады. Ал кастаға, сословиеге жату ол адамға байланысты болмаған, адам сол кастада не сол сословиеле туғандықтан сол топқа жатады. Оның басқада зерттеулері аз емес. Мысалы, әлеуметтік мобильділік мәселесі жөнінде. Әлеуметтік мобильділік жоғары қарай және төмен қарай өтіп отырады. Тік сызық бойынша төменнен жоғары қарай көтерілу барда және жоғарыдан төмен қарай құлау бар. Осы формалардың ішінде әсіресе жоғарыдан төмен қарай жылжуды Э. Гидденс терең зерттеген болатын. Қандай себептерге байланысты, адамдар, топтар жоғарыдан төмен қарай құлайды, құлдырайды. Британия қоғамындағы осы кезеңдерде өтіп жатқан процестер Э. Гидденстің зерттеулерінде социология ғылымына ірі үлестер, жаңалықтар енгізді. Э. Гидденс бұл мәселелер бойынша көзқарастарымен оның «Социология» деген оқулығы арқылы танысуға болады.

К. Дэвис және У. Мурдың стратификация туралы көзқарастары

Американдық социологтар К. Дэвис және У. Мур өздерінің «Некоторые принципы социальной стратификации» деген кітабында әлеуметтік стратификация теориясының негізгі мазмұнын жариялайды. Функционалдық көзқарастың негізгі тезисі - “стратификацияның кез келген қоғамдағы функциясы (ал стратификация кез келген қоғамда болады) қоғамдағы қоғам үшін неғұрлым өмірлік маңызы бар жағдайды неғұрлым қабілетті және білікті адамдармен қамтамасыз ету болып табылады”.

Стратификациялық процесс олардың тәсілінде іріктеу процесі арқылы қоғамдағы талантты, іскер, алғыр адамдар тобының басқаруына мүмкіндік тудыру. К. Дэвис және У. Мурдың түсіндіруінде стратификация дегеніміз материалдық байлықты, билікті, әлеуметтік позицияны тең төрде пайдалануға мүмкіндіктің жоқ екендігі. Осы құндылықтырады пайдалану адамның, не болмаса топтардың әлеуметтік бағытына, ісіне байланысты. Әлеуметтік бағыт өзіндік қасиетіне және қоғамның мазмұнына байланысты. Бірақта, адамдардың, топтардың әлеуметтік бағытының қоғам өшін қаншама тиімді, тиімсіз екендігін айыру өте қиын іс болып табылады. Әр қоғам белгілі әлеуметтік істі не құнды, не құнды емес деп табады. Ол қоғамның өзіне байланысты. Бірақ та, істері, қызметі, функциясы қоғамның типіне аса байланысты емес кәсіби топтар қай қоғамда да орын алған. Ондай топтар қазіргі елдердің бәрінде тиісті өзінің орынын алады. Мысалы, қазіргі менеджерлер тобын алсақ, олардың орны, беделі жөк таситын, қара жұмыс істейтін адамдар тобынан әлдеқайда жоғары екендігін байқаймыз. К. Дэвис және У. Мур стратификациялаудың функционалдық теория деген бағытының негізін салушылар болып саналады. Бұл теорияның негізгі принциптері: 1) адамдарға бірдей мүмкіндік беру принципі; 2) қоғамдағы көресте осы мүмкіндіктерді пайдалануда адамдардың ең мықтылары, жігері, не басқа позитивтік қасиеттері жоғарылары жеңіп шығады; 3)

психологиялық детерминизм деп аталатын принцип жеке адамдардың психологиялық ерекшеліктеріне байланысты; 4) бұл принципті олар еңбек этикасына байланысты деп санаған. Жалпы бұл социологтардың теориясы теңсіздіктен туатын позитивтік және негативтік салдарларды тәсілдіруге бағытталған.

Сөйтіп, У.Уорнердің эмпирикалық тәжірибелерінен, ал теорияда - Т. Парсонстың, Д. Мурдың және К.Дэвистің алғашқы мақалаларынан бастап “әлеуметтік рөлді” әлеуметтанушылар жеке адамның немесе топтың экономикалық жағдайының туындысы ретінде емес, дербес өмір сүретін өзгермелі сипаттама ретінде қарастырады.

Қақтығыстар теориясын жақтаушылар теңсіздікті қоғамның өзін-өзі сақтауын қамтамасыз етудің бірден-бір тәсілі деген ұғыммен келіспейді. Олар функционалистік көзқарастардың кемшіліктерін көрсетіп қана қоймай, функционализм статус-квоны ақтауға тырысудан басқа ештеңе де емес деп сендіреді. Олардың пікірінше, “теңсіздіктің мәні осында жатыр: ол қоғамдық құндылықтарды (бастылары байлық пен билік) бақылайтын адамдардың пайда көруіне мүмкіндік беретін осындай жағдайдың нәтижесі болып табылады”.

Р. Парк пен Э.Берджестің әлеуметтік арақашықтық тұжырымдамасы – жоғарыда сипатталған теориялардың бәрінен мүлде өзгеше теория. Олардың түсініктері әлеуметтанудан гөрі психологияға жақын: бір-бірін жақсы көретін адамдар - әлеуметтік жағынан жақын адамдар; бір-бірін жек көретін адамдар - әлеуметтік жағынан алшақтаған адамдар. Бұл ғалымдардың теориясы әлеуметтанудан алшақ болғаны үшін сынға әділетті түрде ұшыраған - сынаушылар оны өте-мөте психологиялық және субъективті деп есептейді, өйткені авторлар әлеуметтік арақашықтықты “жақсы көру” мен “жек көру” сияқты субъективті сезімдер арқылы өлшейді.

Батыс елдерінің социологтарының көпшілігі кәсіби стратификацияға көңілді көбірек бөледі. Осы мәселе бойынша, мысалы, Дональд Дж. Трейман 85 елде ғылыми жұмыс жүргізіп мамандық мәселесінің қоғамда өте өлкен орын алатынын, қандай мамандықтар құнды, бағалы, ал қайсыларының беделінің төмендегенін көрсеткен. Көпшілік социологтардың айтуына қарағанда адамдардың, топтардың стратификациялық қатарда орналасуы олардың әлеуметтік бағытына байланысты. Осы позицияларды анықтау ретінде әртүрлі критерилер пайдаланылады. Социологияда осы таптардың позициялары үш өлшем арқылы анықталады. Олар: мамандықтың құндылығы, табыстың деңгейі және білім деңгейі. Осы айтылған өлшемдерді социологияда әлеуметтік позицияның әлеуметтік-экономикалық индексі деп атайды. Жоғарыда айтылғандай, топ деген төсінік көбінесе жинақтау ролін атқарады, бірақ та Батыс социологиясында жиі қолданылатын категория.

Әлеуметтік топтарды жіктеудің негізгі критерийлері

Қорытындылай айтқанда стратификация мәселесі бойынша Батыс социологиясында өте көлемді, терең мағыналы, ғылыми жағынан құнды зерттеулер аз емес. Бұл зерттеулердің көпшілігі топты айыру мәселесіне көп

көңіл көңіл бөледі. Белгі, критерий деген түсініктер зор маңызды категориялар. Жинақтай келгенде, тағы да қайталай айтқанда, осы белгілер, критерийлер мынадай көрініс береді:

1. Кіріс, табыс, шығыс. Осы белгі бойынша топтардың материалдық жағдайын ажыратуға мүмкіндік туады.

2. Меншік. Әрине, адамдардың көпшілігінің меншігі болады. Меншіктің түрлері де аз емес. Мысалы, жеке меншік, мемлекеттік меншік, ұжымдық меншік, корпорациялық, акционерлік меншік, т. б. Бірақ та, ресми түрде айтқанда меншіктің екі ғана типі болады. Біріншісі, мемлекеттік меншік, екіншісі, жеке меншік, яғни мемлекеттік емес меншік. Осы жеке меншіктің формалары әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, жеке адамның, тұлғаның меншігі, бірнеше адамның, яғни топтың меншігі, өлкен топтардың, яғни таптың меншігі, өлкен топтардың, акционерлік меншігі т. б. Меншік мәселесі өте көрделі мәселе. Бірақ та, Батыс социологиясында топтың экономикалық статусын белгілейтін құбылыс меншік емес, кіріс, табыс, шығыс.

3. Билік. Батыс социологиясында бұл категория топтың белгісі ретінде өте маңызды рөл атқарады. Мысалы, Р. Дарендорфтың концепцияларында бедел, билік қазіргі қоғамда жеке адамның, топтық қоғамдағы орнын, статусын белгілейтін ең басты көрсеткіш. Егерде біз әкімшілік, мемлекеттік билікті алатын болсақ, оның иелері чиновниктердің статусының көпшілік елдерде, әсіресе Шығыс елдерінде, өте жоғары екенін байқаймыз.

4. Мамандық. Осы кезеңдегі статистикаға сүйенсек дамыған елдерде төрт мыңнан астам мамандық бар екен. Ал осы мамандықтар топтарға бөлуде өте маңызды роль атқарады. Кейбір кәсіби мамандықтар болашағы бар, құнды, ал кейбіреулерінің беделі төмендеуде. Бұл мәселе әрине қоғамның әлеуметтік, экономикалық, рухани дамуына байланысты. Қалай болғанда да, адамдардың көпшілігі өзінің кәсіби мамандығына байланысты топтасады.

5. Білім. Жеке адамдардың, топтардың статусын, орнын, атқаратын функциясын өзгертуге білім аса маңызды роль атқаруда. Жоғарғы білімі, не арнайы білімі бар адамдардың ой еңбегі саласында орын алатын кәсіби мамандықтары бар. Ал арнайы білімі жоқ адамдар тобының статусы төмен, олардың көпшілігі төменгі тапқа, яғни кедей тапқа жататынын бекерге шығаруға болмайды. Жеке адамның, жеке әлеуметтік топтың мәдениеті қоғамда тиісті орын алуы керек. Өркениетті елдерде мәдениет жоғары бағаланады. Бұл мағынада, қазіргі елдерде, мәдениет дегеніміз адамдардың, топтардың, страталардың белгілі бір стандарттағы әлеуметтік тәртібі, нормасы, жеріс-тұрысы, өмір-салты, өмір стилі, технологиясы, ғылымды меңгеруі, еңбек мәдениеті, әлеуметтік қатынастар, адамдардың байланысының, қатынастарының мәдениеті. Бұл жерде ұлттық, не болмаса жалпы халықтық мәдениет туралы сөз болып отырған жоқ.

б. Саяси, әлеуметтік, діни, т. б. көзқарастар. Әрине, бұл құбылыстардың жеке адамдарды, топтарды ажыратуда маңызы бар екендігі сөзсіз. Мысалы, саяси бағыт, саяси партияларға кіру не кірмеу, белгілі бір идеологияны жақтау, не оған қарсы шығу, саяси оппозицияда болу, не оған қарсы шығу, не болмаса осының бәріне бейтарап қарау – осының бәрі жеке адамның, не топтың статусын, таптық орнын белгілеуге әсер етеді. Сол сияқты топтардың дінге қатынасы. Бұл қатынас әлеуметтік жіктеуге тікелей әсерін тигізбейді, бірақта кейбір діндердің ішінде иерархиялық топтарға бөлінуіне жол береді.

Осы критерилер қоғамды тапқа не страталарға бөлу үшін пайдаланылады. Көпшілік социологтар қазіргі заманның қоғамы өш тапқа бөлінеді деген түйінге келіп отыр. Олар: бай, орта, кедей деген таптар. Әрине бұл бөлін ғана ашылған жаналық емес. Бұл таптар көптеген страталардан, яғни топтардан тұрады, оларды бір бірінен ажырату жоғарыда айтылған белгілер арқылы жөріп отыруы керек. Бірақ та осы өлкен топтардың, яғни таптардың өзіндік мәселелері де аз емес. Мысалы, осы таптардың арасындағы қатынастар, ара қатынастар. Марксистік концепция бойынша таптар болған жерде тап көресі де бар, таптар бірімен бірі ымырашылдыққа келе алмайды. Сондықтан да, таптық қоғамда тап күресі заңды процесс деп қаралады. Ал қазіргі кезеңдегі Батыс социологтары тап көресі заңды құбылыс емес деп қарайды. Нарықтық қоғамда, жеке меншіктің, оның ішінде корпоративтік меншіктің орын алған кезеңінде таптардың арасында бірлестік күшейе түседі, таптар өзара келісімге келіп қоғамның дамуына кедергі жасамайды. Бірақ та бұл жағдай таптар арасындағы барлық келіспеушілікті жояды деген сөз емес. Американдық социолог Р. Парк әлеуметтік дистанция деген концепцияны бір кезде ұсынған екен. Бұл концепция бойынша адамдар бір бірімен жақсы қатынаста болғандықтан бірігеді, бір страта, не бір тап құрады. Ал бірін-бірі жақтырмайтын топтар белгілі бір дистанция ұстайды, қашықтықта тұрады. Бұл концепция негізінде психологиялық белгілер жатыр, мысалы, бір біріне жақсы қарау, не болмаса жақтырмау. Тапқа, страталарға бөлуде осындай белгілердің, құбылыстардың орын алуын жоққа шығарға болмайды. Бағынышты адам өзінің бастығын жек көруі мүмкін, кедей адам бай адамды жақтырмайды, т. б. осындай психологиялық, әлеуметтік факторлар топқа бөлуде белгілі бір рөл атқарады. Бірақ та, бұл факторларды топқа, страталарға бөлудің негізі деп айту онша дұрыс емес.

2.9. Ресей және Қазақстандық социологтар әлеуметтік құрылым туралы

Қазіргі әлеуметтік құрылым социологиясы туралы сөзімізді әрі қарай жалғастырсақ осы көнгі Ресей социологиясын айтпай кетуге болмайды. Соңғы он жылдың ішінде Ресейде бұл мәселе бойынша көптеген зерттеулер жүргізілді және жүргізілуде. Бұл мәселе бойынша О Шкаратан мен А. Радаевтың «Теория социальной стратификации» (М,1996)

деген кітабы өлкен маңызды ғылыми еңбек. Жақын арада (2000ж) Мәскеуде үш томдық «Социология» деген еңбек басылды. Оның екінші томы «Социальная структура и стратификация» деп аталады. Бұл еңбектің авторлары В. И.Добренков, А. И. Кравченко. Әлеуметтік құрылымды зерттеу мақсатында, әлеуметтік стратификация теориясының методологиясы мен методикасын қолдана отырып Ресей социологтары көптеген өзекті, әлеуметтік мәселелерді зерттеуде. Қазіргі кезеңде Ресейде әлеуметтік құрылым мәселесі және әлеуметтік стратификациялау жөнінде басылымдар, зерттеулер баршылық.

Қазіргі Қазақстан Республикасында әлеуметтік стратификациясымен біраз зерттеушілер айналысады. Олардың ішінде М. Әженов пен Д. Бейсенбаевтың «Социальная стратификация в Республике Казахстан» (Алматы, 1997), М. Садырованың «Социально-профессиональная мобильность интеллигенции» (Алматы, 1999), С. Золотухинның «Проблемы социальной мобильности переходного периода» (Алматы, 2000), К. Сагадиев пен Б. Бектурганованың «Средний класс – тест на современность» (Алматы, 1998) деген кітаптары. Мысалы, М.С.Әженов пен Д.Э.Бейсенбаевтың “Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік стратификация” атты кітабында әлеуметтік стратификацияның әр түрлі теориялары қамтылады, кеңестік дәуірден кейінгі Қазақстандағы жіктелу мәселелері қарастырылады, республикада соңғы жылдарда жүріп жатқан стратификациялық процестер талданады. “Қазіргі Қазақстандағы жүріп жатқан стратификациялық процесте қандай да бір этносқа жату ешқандай рөл атқармайды. Қазақстан қоғамында тереңдеп жатқан жіктелудің басты белгілері - бұл табыс пен билік. Білім беру, мәдениет, кәсіптерге келер болсақ, олар әзірше бұл стратификациялық процесте ерекше рөл атқармайды”.

Әлеуметтік стратификация процесі, әсіресе қазіргі біздің қоғамымыз бастан кешіріп отырған күрделі өзгерістер кезеңінде айрықша күрделі және сан қырлы; әлеуметтік құрылымның даму қарқыны кей кездері оны зерттеу қарқынынан озық келеді. Егер де біздің қоғамымыздың қазіргі жай-күйін және оның әлеуметтік стратификациясы жүйесі дамуының негізгі үрдістерін жалпы сипаттауға тырысар болсақ, онда оны былай көрсетуге болады: халықтың қарқынды жіктелуі мен реттелуі, жаппай төмендеп бара жатқан икемділік.

Тоталитарлық дәуірден кейінгі қоғамның әлеуметтік құрылымы әр түрлі әлеуметтік факторлардың ықпалымен қалыптасады: барлық әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени, білім беру институттарының қоғамдық нысаны және де бірінші кезекте меншік пен билік институттары өзгереді.

Терең қоғамдық төңкеріс және әлеуметтік құрылымды жасақтайтын әлеуметтік негіздер мен реттеуіштердің түрлену процесі жүреді. Әлеуметтік құрылымның негізгі құрамдас бөліктері - топтар мен қауымдастықтардың табиғаты өзгереді, олар меншік пен билік субъектілері ретінде қайта қалпына келтіріледі.

Әлеуметтік страталарды толтыру механизмдерінің өзі өзгереді, ұрпақтар сабақтастығы немесе отбасылық-демографиялық факторлар негізінде

қолданыста болатын бұрынғы әлеуметтік ұдайы өндіру механизмдерінің орнына ұлттық және оңтайлы экономикалардың өзгеру процестеріне “енгізілген”, атап айтқанда, кәсіпкерлік пен жалдау шарттарының өзгеруі механизмдері келеді.

Әлем қауымдастығы әлеуметтік құрылымның үш түрін біледі:

1. Орта таптың күшті топтары ұстап тұрған демократиялық нарықтық қоғам. Онда әлеуметтік топтардың бөлінісі орталық бөлігі дамыған (орта топтар), жоғары тап (бай элита) пен кедейлер тобы полюстері онша үлкен емес ромбты елестетеді.

2. Нашар дамыған, бірақ нарықтық экономикаға аяқ тіреген әлеуметтік құрылым үлгісі. Эйфель мұнарасын еске түсіретін пирамида түрінде (кедей топтар орналасқан кең ауқымды үлкен табан).

3. Бұрынғы социалистік елдердің жіктелу моделі табаны аса үлкен үшбұрышты еске түсіреді, оның көп ауданын “еңбекшілер” қабаты, ал төбесін - “билік адамдары” алып жатыр. Орта тап іс жүзінде жоқ.

Біздің бүгінгі қазақстандық қоғамымызға келер болсақ, оның стратификациялық жүйесі, көптеген ғалымдардың пікірі бойынша, екінші үлгі нысанына ие - бүйір жақтары ойыңқы пирамида. Бұл пирамиданың төбесінде негізінен ірі бизнесмендерден, сондай-ақ көрнекті саяси және мемлекет қайраткерлерінен тұратын жоғары тап орналасқан.

Кәсіпкерлік болса, қызметтің бір түрі ретінде - тек заңды ғана емес, аса жауапты шаруа ретінде өзін ақтап отыр. Бизнесмендер өз кәсіптерінің рейтингтері бойынша спортшылар мен эстрада артистерін едәуір артқа тастап, неғұрлым құрметті және танымал адамдарға айналуға. Бизнесінің банктер, қаржы компаниялары, жарнама агенттіктері және т.б. сияқты түрлері көркейіп келеді.

Соңғы жылдары елімізде, әр түрлі сарапшылардың пікірі бойынша, жалпы халықтың 3%-дан 10%-ға дейін құрайтын меншік иелерінің жоғарғы тобы (әлеуметтік пирамиданың ұшы) қалыптасты. Қоғамда әлеуметтік түп те (пирамиданың табаны) пайда болды, олардың тіршілік деңгейі кедейліктен де төмен. Енді ғана орнап келе жатқан нарықтық экономика үшін қалыпты жағдай болатын мүліктік теңсіздіктердің тереңдеуі, бағалардың босатылуы қоғамның едәуір бөлігінің кедейленуіне әкелді, экономистердің есептеулері бойынша халықтың 70%-дан 85%-ға дейінгі бөлігін кедейлік деңгейіне немесе ол деңгейден төмен қоюға болады.

Біздің ойымызша, ғылыми және техникалық интеллигенция өкілдерінің әрқайсысы, сондай-ақ өнеркәсіптің құлдырауы мен ауыл шаруашылығының күйзелуіне байланысты жұмысшылар мен ауылшаруашылық жұмыскерлері кедейлік жағдайды бастан кешуде.

Қазіргі Қазақстан қоғамының әлеуметтік пирамидасының орта тұсы әлі мардымсыз. Осы орынды иеленуі тиіс орта тапты жасақтау енді ғана басталып келеді.

Қазақстандық орта тап негізінен жеке адамдық жолмен емес, топтық тік икемділік жолымен жасақталатын болады және әлеуметтік пирамиданың

орта бөлігі қоғамның бизнеске, кәсіптік еңбекке және мансапқа бет бұрған әлеуметтік топ өкілдерімен біртіндеп толығады.

Бұл ретте орта тапты жасақтау бүгінгі қоғамның мынадай топтарының: кәсіпкерлердің, менеджерлердің, жоғары білікті жұмысшылардың, өндірістік шаруалардың, фермерлердің есебінен жүретін болады.

Егер де даму процесі батыстық қоғамдар сияқты, әрине, өз ерекшеліктерімен жүретін болса, онда экономикалық құрылымдағы өзгерістердің салдарынан орта тап ескі әлеуметтік топтар мен таптарды жұта бастайды да, шешуші қоғамдық күшке, азаматтық қоғам дамуының өзіндік кепіліне айналады

2.10. Социологиядағы орта тап теориялары

Вебердің екі әлеуметтік полюстері арасында ұсақ меншік иелерінен тұратын, яғни нарықта өз жаңалықтары мен білетіндерін жайып салатын адамдарды «орта тап» деп атаған. Вебер «тәуелсіз шаруалар мен кәсіпкерлерді» орта тапқа жатқызды. Бұл санат сонымен бірге қоғамдық және жеке секторда орын алатын шенеуніктерді, бос маман иелерін, сонымен бірге монополюді ұстанымға ие тұлғаларды қосып алады.

Вебер еш жерде орта таптың ішкі құрылымын ашпайды, мысалы екі немесе үш сатыдан тұратынын айтпайды. Алайда, осындай қабаттар әрекет ететінін көрсетеді. Сонымен, Вебер «Kleinburgertum» терминін қолданады.

Орта тап түсінігін стратификациялық үлгіге ендіру оны көп салалы етті. XIX-XX ғасырларда шетелде Э.Бериштейн жаңа орта тапты қызмет етушілер деп айтады. XX ғасырдың екінші жартысында орта таптың концепциясы индустриалды қоғам теориясының органикалық белгі (Р.Арон), қоғамның жаңа индустриясы (Дж. Гэлбрейт), постиндустриалдық қоғам (З.Бжезинский, Д.Белл) негізінде дамыды.

Орта тапты зерттеу жұмыстары бойынша екі санатқа жатқызуға болады. Орта тап жоқ деп кейбіреулері айтады. Екіншілері оның әрекет ететін мойындайды, бірақ оның қалыптасуының әлі бітпегенін ескереді. Осыған байланысты олар көбінесе «орта тап» түсінігін қолданады. Шетелдік әдебиеттерде «орта тап» - терминін жекеше немесе көпше түрде қолдану туралы бірінғай көзқарас жоқ. Көпше жақты жақтаушылар «орта таптар» деп дұрыс айтылуын көрсетеді, яғни Англияда П.Саундерс, Ресейде Л.Беляев, оның құрамының бірінғай еместігін көрсетеді, ал жекеше жақты жақтаушылар – орта таптың әлеуметтік және экономикалық рөлі қоғамның тұрақтандырушы ретінде көрініс табады. Екі жақты жақтаушыларда дұрыс, контекске байланысты екі мәнді де қолдануға болады: орта тап және орта таптар (орташа қабат, топтар).

АҚШ-тың бірінші таптық типологиясын XX ғасырдың 40 жылдары американдық әлеуметтанушы Ллойд Уорнер ұсынды. Біз орта таптың тек типологиясын ғана білеміз:

Жоғарғы орта тап мамандар мен меншік иесінен тұрады, олар жоғары таптан шыққандармен салыстырғанда аз материалдық жетістікке ие, бірақ олар қаланың қоғамдық өмірінде белсенді түрде қатысады және жақсы қолайлы аудандарда тұрады.

Төменгі орта тап білікті жұмысшылар мен төмен қызмет атқарушылар құрайды.

Л.Уорнер өзінің таптар туралы пікір қалыптастырғанда, жарты ғасырдай уақыт өтті. Ол бүгінгі таңда бір топпен толықтырылды.

Орташа орта тап дамыған индустриалдық қоғам жақсы төленетін қызметкерлерді, орташа төленетін мамандарды, бір сөзбен айтқанда интеллигент адамдарды айтады, олар оқытушылар, мұғалімдер орта таптың менеджерлері.

Фин әлеуметтанушысы М.Кивинена қазіргі батыстық қоғамның орта тап құрылымын былайша көрсетеді: ядро және маргиналды топ – периферия деп. Орта таптың ядросы өзіне мәдениет, ғылым, идеология саласында сарапшы – кеңесшілерді қосып алады, олар басқару қызметтерін орындамайды. Орта таптың маргиналдық тобына денсаулық сақтау, білім және әлеуметтік қамтамасыз ету, ірі мекемелердің әкімшілік тұлалары, конторда жұмыс істейтіндер, орта кәсіпорынның иелері кіреді.

Кеңес одағындағы орта тап туралы бірінші ойлар қайта құру уақытына жатады, саяси құрылыстың демократиясы және демократиялық қайта құрудың қорғанысы ретінде көрініс табады. А.Кустыревтің пікірінше, орта тап – кеңестік қоғамның тіршілігі. Орта тап туралы көрсеткіштер, құрамы, мөлшері туралы сұрақта отандық мамандардың бірінғай көзқарасы болмаған. Әртүрлі көзқарастар айтылды. Сонымен, Е.Стариков индикатор ретінде түсім деңгейін, тұрғын үйді, жеңіл автокөлікті және үй тұрмыстық техниканың толық жинағын қолданды. 1989 жылы КСРО-да мұндай адамдар барлық халықтың 13,2% есептелген. А.Зайчеиконың пікірінше қамтамасыз етілген адамдар тобына кімде жеке автокөлігі бар, солардың бәрін жатқызған, яғни отбасының 11,2%. Н.Наумовтың бағалауы бойынша орта тап халықтың 20-30% құрады. Сонымен бірге басқа да көзқарастар жүзеге асты.

Қазіргі таңда әлеуметтануға әдістемелік қадамдар орта тапты зерттеуде екі топқа бөліп қарастыруға болады: нормативтік және релятивистік қадам. Екі қадам туралы, олардың рөлін, құрамын, ерекшеліктерін түсіндіруде Ресейде көбінесе Н.Е.Тихонова көрсеткен: «толығымен осы мәселеге екі қадам әрекет еткен». Біреуі батыстық әдет-ғұрыпқа сәйкес, орта тапты белгілі бір мүліктік стандарттық жүйелер арқылы қарастырған және оның бағасы шамамен барлық халықтың 15% бұл барлық адамдар сияқты өмір сүру. Сонда оның саны шамамен 60% құрады.

Нормативтік қадамның мәні барлық қоғам үшін әмбебап, идеалды үлгісін құрады, дамыған батыстық қоғамның үлгісі бойынша қалыптасқан орта таптың үлгісі, ғалымдар оны кез-келген басқа қоғамға жабыстырады және оның параметрлерін бағалайды.

Нормативтік қадамды жақтаушылар этолон ретінде немесе нормативтік үлгі ретінде, орта тапты анықтау үшін батыстық қоғамды алды. Кәсіби қабатты жариялап, нарықтық қоғамда орта таптық құраушылар дамыған капиталистың жүйе түріне жақызуға болмайтындығын түсіндірді, және өзінің сипаттамалары бойынша батыстық елдің орта табына жақын.

Егер де нормативтік қадам бойынша жүрсек, ол 2 млн. жылдай уақыт бойы ешқандай да орта тап болмаған, ол тек XX ғасырда пайда болған, яғни батыстық елдердің индустриалды қоғамда өтуі. Осы көз қарастар мықты теориялық негіздерге ие. Орта тапты әлеуметтік құбылыс ретінде сәкесінше келеді. Алайда орта таптың ролі туралы, өздерінің стратификация теориясын Платон мен Аристотель құрды. Антикалық кезеңде орта тап болған ба, болмаған ба?

Релятивизмдік қадамның мәні әрбір қоғам түрлері үшін, сонымен бірге әрбір тарихи кезеңдер үшін орта таптың өзіндік үлгісі құрылады. Осы бекіту үшін капиталистік қоғамдағы орта таптың кәсіби сипаттамасы, осы таптың кез-келген қоғамдағы ролінен шығады. Сол себептен де негіз ретінде саны жағынан емес, сапасы жағынан сипаттамаға иелер алынады, ең алдымен сипаты және еңбектің мазмұны, өмір салауаты, кез-келген қоғамдағы орта таптың басты ролі. Орта таптың нарықтық типі – бұл жинақталған үлгісі: Батыс елдері барлық уақытта нарықтық қоғам болған, осы жерде ондаған миллион фермерлер, инженерлер, менеджерлер болған, олар орта тапқа жатты. Ресейде ешқашан да дамыған нарықтық шаруашылық болмаған. Нарықтық орта тап Л.А.Беляеваның пікірінше жақсы қалыптасады, экономика жоғары технологиялық өндірістің сүйемелімен дамиды. Соңғы ауысуымен үшінші әлемнің ел санатына өтуі әлеуметтік мәртебені көтеру үмітімен және орта таптық әлеуметтік күшін көбейту қолға алынды.

Нормативтік және релятивистік қадамдарды біріктіру орта тап динамикасын түсіндіруге көмектеседі.

Социологиядағы кедейлік мәселесі

Кедейлікті түсінуге байланысты үш түрлі көзқарасты бөліп көрсетуге болады.

1. Кедейлікті табыс негізінде түсіну – кедейлік мәселесін тар ауқымда түсіну. Адамның табысы анықталған деңгейден төмен болса оны кедейлер қатарына жатқызады.

2. Кедейлікті негізгі сұраныстар деңгейінен түсіну – кедейлік мәселесін кең мағынада түсіну. Бұл жерде кедейлік адамның сұраныстарын, тамаққа деген сұранысын қосқанда, ең төмен деңгейде қанағаттандыруға қажетті материалдық алғышарттардан тыс қалуы ретінде қабылданады.

3. Кедейлікті адамдық потенциалдардың даму мүмкіндіктері тұрғысында түсіну – адамның негізгі мүмкіндіктері мен таңдауының жоқтығын көрсетеді. Адам тамаққа, киімге, баспанаға, білімге, денсаулықты сақтауға деген негізгі сұраныстарын қанағаттандыру мүмкіндігінен шектеулі емес, сонымен қатар адам өзінің одан да кең қажеттіліктерін, салауатты және ұзақ өмір сүруге, қажетті білімге, қоғамдық өмірге араласуға, басқа да әлеуметтік-мәдени сұраныстарын қанағаттандыруға деген қажеттіліктерін, қатағаттандыруда да шектеулі.

Өмір сүру деңгейі теориясы кедейлікті жеке жағдайдың қыры ретінде анықтайды. Демек, кедейлік адамның нені иеленуіне байланысты. Кедейлік

шегі бұл концепцияда индивидтің және отбасының физикалық қабілетін сақтауға қажетті өмір сүрі деңгейімен анықталады. Өмір сүру адамның маңызды қажеттіліктерін төмен деңгейде қанағаттандыруға мүмкіндік беретін табыс деңгейімен өлшенеді.

Салыстырмалы кедейлік концепциясына сәйкес кедейлік индивид пен отбасының тек қана экономикалық мүмкіндіктерін бейнелеп қана қоймайды, сонымен қатар оның өмір салты мен өмір сүру деңгейін, өмір сапасын көрсетеді.

Батыстық ғалымдар кедейлік туралы

Кедейлікті зерттеудің 200 жылдан астам тарихы бар. АҚШ пен Батыс Еуропада бұл мәселе еретден қарасырылып келеді.

Кедейлікті ХУІІІ ғ. А. Смит., Т. Мальтус, Д. Рикардо сияты ұлы ойшылдар өндірістік дамудың нәтижесінде міндетті түрде туындайтын құбылыс ретінде сипаттаған. Т. Мальтустың айтуы бойынша, кедейлік халықтың шектен тыс өсуі мен азық-түліктің жетіспеуі болғанда орын алады. Яғни, кедейлік адамзаттың тым көбеюіне байланысты және оның туындауына кедейлердің өздері кінәлі деген ой айтады. Т. Мальтустың көзқарасы бойынша мемлекеттік көмек жүйесі осындай адамдардың санын тек қана арттырады, бұл процесс аштық, әртүрлі ауырулар, соғыс сияқты тиімді “көмекшілер” арқылы реттеліп отырады.

XIX ғ. Ортасында Г. Спенсер кедейлікке қоғамдағы заңдылықтардың бірі ретінде баға береді. “Әлеуметтік статика” деген еңбегінде ол кедейлік пен теңсіздік қоғамдық өндірістің өсуіне орай туындап, өсіп отырады дейді. Яғни, өндірісті тоқату мүмкін болмағандықтан бұл мәселені толық шешу мүмкін емес. Г. Спенсер кедейлікке қоғамдық құбылыс емес, ол әр адамның жеке проблемасы деген пікір айтады. Бір адамдар қыйыншылыққа мойымай, проблемаларын шешіп жатса, екіншілері кедейліктің болуына өздері жол береді. Ол сонымен қатар кедейліктің нақты критерийлерін анықтау мүмкін еместігін өзінің методологиялық тұжырымдарында көрсетеді. Кедейліктің ең ауыр түрі – қайыршылық. Г. Спенсер кедейлікті тұлға дамуының қозғаушы күші ретінде де бағалайды. Ф. Гиддинс кедейлікті екі түрлі бағалайды: бір жағынан ол жоюға болмайтын зұлымдық, екінші жағынан әлеуметтік прогресс серігі.

Ж. Прудон кедейлік - әлеуметтік игілік, оны жою жолдары еңбек өнімділігінің өсуімен қатар ашылады деген көзқарас айтады. Ол абсолюттік және салыстырмалы кедейлік түрлерін бөліп сипаттайды. Салыстырмалы кедейлік адамзатқа тән белгі. Өндіріс өскен сайын адамдардың да қажеттіліктері өседі де, адамдардың жағдайы қоғам талаптарына сәйкес келмей қалады.

Э. Реклю “Байлық пен кедейлік” атты еңбегінде кедейліктің ең ауыр түрі – қайыршылықты бөліп көрсетеді. Ол адамға өмір сүруге қажетті минимум керекті заттарды есептеп көрсете отырып, негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайтын адамдарды ғана кедейлер қатарына жатқызған. Оның тұжырымдауы бойынша, кедейлікті жеңудің шарты – ауыл

шаруашылығы мен өндіріс өнімдерін қоғамның барлық қабаттарына бірдей бөлу.

Ағылшын ғалымдары Ч. Бут пен С. Раунтри ХІХ ғ. аяғында зерттеу жүргізіп, кедейлікті анықтаудың негізі ретінде индивидтің өзінің тамақ ішу, киім кию, баспанамен қамтамасыз етілу қажеттіліктерін өтей алу мүмкіндіктерін алған. Ч. Бут адамның табыс деңгейін, негізгі қажеттіліктерін өтеу деңгейін, денсаулығы мен жұмысқа деген қабілетін сақтап отыруға керекті нормалар мен стандарттарды анықтауға тырысқан. Ч. Бут пен С. Раунтри бірінші болып кедейлік шегін анықтаған ғалымдар. Олар Лондон мен Нью-Йоркте жүргізген социологиялық зерттеулерінің нәтижесінде халықтың 30 пайызы өмір бойы кедей күйінде болып отыратынын дәлелдеген. С. Раунтри зерттей келе, кедейліктің алғашқы және екінші кезектегі түрлерін бөліп көрсеткен. Алғашқы кезектегі кедейлік түсінігі адамдар қаражаттарын дұрыс пайдаланғанның өзінде негізгі қажеттіліктерді өтеуге шамасы келмеген жағдайда, ал екінші кезектегі кедейлік түсінігі адамдардың ақшаны дұрыс қолданбауына байланысты төмен материалдық жағдайға ұшырағанда қолданылады. С. Раунтри алғаш болып кедейлер мен жай ғана қаражаттарын дұрыс қолданбайтын адамдардың арасындағы айырмашылықты көрсеткен. Ол тек қана негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыруға керекті отбасының деңгейін есептей отырып, кедейліктің шегін анықтаған. С. Раунтри абсолюттік кедейлік түсінігі қаражатты дұрыс қолданудың өзінде отбасының негізгі қажеттіліктерін өтеуге жағдайы келмегенде қолданылса, салыстырмалы кедейлік түсінігі адамның не отбасының ақшаны дұрыс қолданбауының нәтижесінде кедейлікті бейнелейді.

XX ғасырдың 60-ыншы жылдары кедейлікке жаңа көзқарас қалыптаса бастады. М. Оршанский бюджетті сұраудың мәліметтер бойынша тұрмыстың, киіну және т. б. ең керекті қажеттіліктердің сандық параметрлерін қалыптастырған. Ол Энгель коэффициентін қолдана отырып, АҚШ-та 80-інші жылдарға дейін қолданылып келген кедейліктің салыстырмалы шегін анықтаған. Энгель коэффициенті бойынша табыс мөлшері төмен болған сайын тамаққа белгіленген шығын көлемі ұлғая түседі.

XX ғасырдың 70-інші жылдары жоқшылық концепциясы қалыптасты. Оның негізін салушылар Маршалл мен П. Таунсенд. Олардың көзқарасына сәйкес, қоғамда ел қатарлы өмір сүруге мүмкіндіктері жоқ адам немесе отбасы кедей деп есептелген. П. Таунсенд “Ұлы Британиядағы кедейлік” атты еңбегінде салыстырмалы кедейлікке мынадай анықтама береді: “Өздері өмір сүретін қоғамның өміріне араласа алмайтындар, қоғамда қалыптасқан өмір сүру деңгейі мен керекті диетасын ұстауға мүмкіндіктері жоқ адамдар кедей болып есептеледі”. Оның айтуынша ағылшындардың 25 пайызы үнемі кедейлікте өмір сүрсе, 50 пайызы кедейліктен қорқып өмір сүреді.

А. Маккоулидің айтуынша, адамдардың жағдайы өмір сүріп жатқан қоғамның өмір деңгейіне сәйкес келмесе, кедей болып саналады.

Отандық ғалымдар кедейлік турады

Кедейлік мәселесі ТМД елдерінде соңғы 10-15 жыл көлемінде кеңінен зерттеліп келеді. Бұл мәселе Кеңес өкіметі құлағаннан кейін өзекті зерттеу объектісіне айналды. Кеңес өкіметі кезінде С. Г. Струмилиннің бастауымен 1918 жылы Петроградта жұмысшылардың бюджеті мен тұрмысы алғаш рет зерттелді. С. Г. Струмилин жұмыс бюджеті мен тұтынуды талдаудың негізінде алынған ақпараттар бойынша өмір құны индексін жасап шығарған. Кейін осы зерттеуді А. М. Строрани одан әрі жалғастырып, Кеңес Одағының 40-тан астам қаласында жүргізген. Бұл зерттеулердің нәтижесі жұмысшы табының материалдық жағдайы, тамақтануы туралы біраз ақпарат алуға мүмкіндік берді және 1920 жылы Харьков, Донбасс, Петроград, ал 1921 жылы Ташкент, 1922 жылы Орал, т. б. аймақтарда бюджетке байланысты жаңа зерттеулер жүргізуге жол ашты.

Г. С. Полляк жұмысшы табының өмір сүру деңгейін өлшеудің әдістеріне байланысты мәселеге жаңаша қарауға тырысқан. Ол жеке жалақымен қатар жұмысшылардың бюджетінде мемлекет тарапынан берілетін ақшалай және заттай әлеуметтік жәрдемдердің барлығын ескерген.

1918 жылы міндетті минималды жалақы енгізу үшін өмір сүру минимумын есептеуге алғаш рет талпыныстар жасалған. Өмір сүру минимумын есептеу методологиясы болмағандықтан, оның негізі ретінде азық-түлікке кететін шығын алынып отырған. Ол нақты тұтынуға байланысты жүргізілген бюджеттік зерттеулердің не физиологиялық нормалардың негізінде есептелген. Ал бұл көрсеткіш физиолог-ғалымдардың есептеген физиологиялық нормаларынан әлдеқайда төмен болған. Азық-түлікке кететін шығындардың үлесі өмір сүру минимумының жалпы көлемінің 26-72 пайыз аралығын құраған. Өмір сүру минимумы әртүрлі болуы минималды жалақы орнатуға мүмкіндік бермеген. Соған байланысты Кеңес Одағында 30-шы жылдардан бастап өмір сүру минимумын есептеу толығымен тоқтатылған.

Отандық ғалымдар кедейліктің тұрақты және жылжымалы түрлерін ажыратады. Біріншісі кедейлік кедейлікті тудырады деген көзқарасқа сәйкес келеді. Әлеуметтік жағдайдың төмендігі денсаулықтың нашарлауына, біліктіліктің төмендеуіне алып келеді. Соның нәтижесінде тұлға өзін төмен бағалап, құнын жоя бастайды. Кедей обасыларынан шыққан балалар келешекте кедейлер санын толықтыруы әбден ықтимал. Бұл райда ұрпақтан ұрпаққа берілетін кедейлік туралы айтылады. Жылжымалы кедейлік кедей адамның жоғары сатусқа өтуін не бай, орта тапқа жататын адамның статусының төменге қарай жылжуын бейнелейді. Л. А. Гордон кедейліктің әлеуметтік және экономикалық түрін бөліп көрсетеді. Әлеуметтік кедейлік әлсіз кедейлерге, экономикалық кедейлік күшті кедейлерге қатысты. Әлсіздердің кедейлігі түсінігі еңбек етуге жарамсыз, аз еңбек ететін адамдарға, көп балалы отбасыларына, асыраушысы жоқ отбасыларына, мүгедектерге, ауыру, психологиялық тұрақсыз адамдарға қатысты қолданылады. Күштілердің кедейлігі түсінігі жұмысқа қабілетті, қалыпты өмір стандарты бойынша өмір сүруге жағдайы келетіндердің қиын жағдайға түсуін бейнелейді. Кедейлік көп мағаналы, қарама-қайшы түсінік. Кедейлікті

тамақ, баспана сияқты материалдық ресурстар тұрғысынан ғана түсінуге болады. Сонымен қатар өмір сапасын да ескеру керек. Оған тұрғындардың денсаулық жағдайы, таза сумен, су құбырымен, канализациямен, жылу беру жүйесімен қамтамасыз етілу не қолы жетпеуі кіреді. Кедейліктің таралуы және көлемі туралы ақпаратты балалар өлімі, сауаттылық пайызы, мектептік біліммен балалардың қамтылуы сияқты көрсеткіштер де береді. Кедейлікті сипаттайтын көрсеткіші адамның қоғамның өміріне белсенді қатысуға қол жеткізілуі.

Ғылымда кедейліктің деңгейін анықтауға көмектесетін әртүрлі категориялар мен түсініктер бар. Ең көп қолданылатын категориялардың бірі өмір сүру деңгейі категориясы. Өмір сүру деңгейі жалпы индикатор ретінде көрінеді. Өмір сүру деңгейі дегеніміз тұрғындардың қажетті материалдық қажеттіліктер мен қызметтермен қамтамасыз етілуі, олардың қол жеткен тұтыну деңгейі және тиімді қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейі.

Өмір сүру деңгейін зерттеуге мемлекеттің тұрғындары не жекелеген әлеуметтік топтар, табысы әртүрлі деңгейдегі отбасылары қатыстырылады.

Социологтар тұрғындардың өмір сүру деңгейінің төрт деңгейін көрсетеді:

1. Жеткіліктілік.
2. Қалыпты деңгей (адамның физикалық және интеллектуалдық күшін қалыпқа келтіруді қамтамасыз етуші ғылыми негізделген нормаларға сәйкес тұтыну).
3. Кедейлік (Адамның жұмысқа қабілеттілігін сақтау мақсатындағы тұтыну).
4. Қайыршылық (биологиялық критерийлердің минималдық деңгейіне сәйкес адамның тек қана өмір сүруін ғана қамтамасыз ететін жағдайлар мен қызметтерді тұтыну).

Халықаралық деңгейде өмір сүру деңгейінің көрсеткіштер жүйесін құруға алғашқы талпыныстарды 1960 жылы БҰҰ-ның жұмыс тобы жасаған. Қазіргі кезге дейін бұл көрсеткіш нақты жалақы индексімен анықталып отырған. Өмір сүру деңгейінің соңғы нұсқаларының бірін БҰҰ-ы 1978 жылы жасады. Оған көрсеткіштердің 12 негізгі топтары кіреді.

1. туу, өлім және т. б. демографиялық сипаттамалар;
2. өмір сүрудің санитарлық-гигиеналық жағдайлары;
3. азық-түлік тауарларын тұтыну;
4. тұрмыс жағдайы;
5. білім және мәдениет;
6. еңбек жағдайлары мен еңбекпен қамту мәселелері;
7. халықтың табысы мен шығыны;
8. өмір құны мен тұтыну бағалары;
9. көлік мәселесі;
10. демалысты ұйымдастыру;
11. әлеуметтік қамсыздандыру;
12. тұлға бостандығы.

Кедейлер көріп отырғандай материалдық және басқа әлеуметтік байлықтарды өмір сүру деңгейінен төмен деңгейде тұтынады. Кедей болу

дегеніміз адамның тамақты тек физикалық өмір сүруді қамтамасыз ететіндей деңгейінде тұтынуы, биологиялық қажеттіліктерін толық қанағаттандыра алмауы. Яғни, адам организм қанша қаласа сонша тамақ іше алмайды. Кедей болу деген – дұрыс, жарасымды киіне алмау. Кедей болу деген – адам дұрыс баспанада тұра алмайды. Кедей адам керекті білім мен мамандықты ала алмайды, белгілі бір ш Ең төмен тұтыну себеті тауарлар мен көрсетілген қызметтердің заттай және күн түріндегі ең төмен жиынтығы болып табылады. Ол азық-түлік себетінен, азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын шығындардан тұрады. Ең төмен күнкөріс деңгейі жыл сайын тұрмыс деңгейін бағалау мен кедейлік шегін, әлеуметтік саясаттың бағыттарын анықтауға, халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыруға, жалақының, зейнетақының, жәрдемақының және өзге де төлемдердің белгіленетін ең төмен мөлшерін негіздеуге арналған.

Ең төмен күнкөріс деңгейімен қатар, кедейлік шегі бар. Кедейлік шегі – қоғамдағы экономикалық мүмкіндіктерге қарай белгіленетін, адамның ең төмен қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті кіріс шегі. ығынды қажет ететіндіктен балаларына да қажетті білімді бере алмайды. Кедей адамның мақсаты - өзіне, отбасына қажетті тамақ табу, оларды қалай киіндіру, баспана тауып беру. Кедей адамның жеке меншігі де аз мөлшерде. Меншігінің аздығы сонша, ол адамның күнделікті қажеттіліктерін өтеуге де жетпейді. Ресей социологтары мен экономистері нарықты қатынастар жағдайындағы тұрғындардың өмір сүру деңгейінің негізгі көрсеткіштерін жасады.

Кедейлікті анықтауда тікелей көрсеткіштер - ең төмен күнкөріс деңгейі мен кедейлік шегі. Бұлар кедейліктің деңгейін анықтаудағы заңдастырылған ресми көрсеткіштер.

Кедейлікті жалпы сипаттаушы көрсеткіштеріне өмір сүру деңгейінің критерийлері, өмір сүру құнының индексі, жан басына шаққандағы ұлттық табыс кіреді.

1. Тұрғындардың табысы.
2. Тұрғындардың тұтынуы мен шығындары.
3. Тұрғындардың ақшалай жинақтары.
4. Мүлік пен тұрғын үй жинағы.
5. Тұрғындардың әлеуметтік жіктелуі.
6. Тұрғындардың аз қамтамасыз етілген топтары.

Тұрғындардың жағдайын өлшеу үшін әтүрлі түсініктер мен категориялар қолданылады. Олардың кейбіреуін атап көрсетуге болады.

- Өмір сүру минимумы (кедейлік табалдырығы).
- Минималдық тұтыну бюджеті.
- Зейнетақының минималдық мөлшері.
- Минималдық жалақы мен зейнетақының сатып алу қабілеті.
- Кедейліктің коэффициенті (деңгейі)
- Табыстың жетіспеуі
- Кедейлік зонасы.

- Кедейліктің әлеуметтік портреті.

Абсолюттік кедейлік деңгейі негізгі товарлар мен қызметтердің корзинасының құнын (бағасын) және отбасының табысын салыстыру арқылы есептеледі. Салыстырмалы кедейлік тұрғындардың кедей бөлігі мен ауқатты бөлігінің табыс деңгейлерін салыстыру арқылы анықталады. Бірақ та, кедейлік деңгейін бағалаудың ешуақытта толық объективті бола алмайтынын ескеру керек. Сондақтан да кедейлік шегін аз ғана көтеру не азайту тұрғындардың едәуір бөлігінің кедейлер қатарына қосылуына, ал кедейлердің одан әрі қайыршылануына алып келеді.

Абсолюттік кедейлік деңгейі негізгі товарлар мен қызметтердің корзинасының құнын (бағасын) және отбасының табысын салыстыру арқылы есептеледі. Салыстырмалы кедейлік тұрғындардың кедей бөлігі мен ауқатты бөлігінің табыс деңгейлерін салыстыру арқылы анықталады. Бірақ та, кедейлік деңгейін бағалаудың ешуақытта толық объективті бола алмайтынын ескеру керек. Сондақтан да кедейлік шегін аз ғана көтеру не азайту тұрғындардың едәуір бөлігінің кедейлер қатарына қосылуына, ал кедейлердің одан әрі қайыршылануына алып келеді.

Кедейліктік түрлері.

Ғылыми әдебиетте кедейліктің келесі түрлері бөлініп көрсетіледі: абсолюттік, салыстырмалы, қайыршылық, депривация, қуып жетуші кедейлік.

Абсолюттік кедейлік индивидтің өзінің табысымен тамаққа, баспанаға, киімге, жылуға деген негізгі сұраныстарын қанағаттандыруға қабілетсіздігін, болмаса тек қана биологиялық өмір сүруін қамтамасыз ететін минималдық сұраныстарын ғана қанағаттандыруға мүмкіндігі бар екенін сипаттайды. Абсолюттік кедейліктің сандық көрсеткіші кедейлік табалдырығы болып есептеледі. Абсолюттік кедейлік бірінші кезектегі кедейлікке жатады. Ұлыбританиядағы кедейлікті алғашқы зерттеушілері Бут пен Раунтри кедейліктің осы түрінің көп кездесетінін атап көрсеткен.

Салыстырмалы кедейлік адамның басқа адамдармен салыстырғандағы қаншалықты кедей екенін зерттейді. Бұл жерде салыстырмалы кедейлік индивидтің қоғамдағы кедей табына жатпайтын басқа топтар мен топтар иеленіп отырған байлық пен молшылыққа қарағандағы кедейлік деңгейін көрсетеді. Бұл сипаттаманың негізі бір әлеуметтік стратаны екінші әлеуметтік стратамен салыстыру. Сонымен қатар кедейліктің бұл түрі адамның нақты бір өмір сүру стандартына қарағандағы кедейлік деңгейін де көрсетеді. Салыстырмалы кедейлік бұл адамның өзінің материалдық және әлеуметтік жағдайын және мүмкіндіктерін субъективтік бағалауы, көруі. Яғни, салыстырмалы кедейлік қоғамдағы барлық топтардың өмір сүру деңгейі көтерілген жағдайда да сақталып қалады. Кедейліктің бұл түрі адамның табиғи сұраныстарымен ғана емес, сонымен қатар қоғамның болашақта күтетін нормаларымен және күтулерімен байланыстырады.

Дүние жүзінің әртүрлі елдеріндегі кедейліктің сипаттамасы әртүрлі. Дамыған елдердегі кедейлер – осы елдердегі нормаларға, стандарттарға және өмір сүру жағдайларына қатысты кедейлер. Кедейліктің бұл елдердегі

деңгейі осы елдердің өмір сүру жағдайларына қатысты өлшенеді. Бұл кедейліктің салыстырмалы түрі.

Салыстырмалы кедейлік – нақты қоғамдағы не елдегі қабылданған өмір сүру стандартын не қалыпты өмір сүру деңгейін сақтап тұрудың мүмкін болмауы. Американдық кедейлер солардың өмір сүру нормаларына қатысты алғанда шынымен де кедей тапқа жатады. Ал, дамушы не дамуы төмен елдерде американдық қоғамның кедейлер деп аталатын бұл топтары кедей болмай шығады. Бірақ, американдық болсын, африкандық болсын әрқайсысы өзінше кедей. Қай елде де тұрғындардың көпшіліші қолдайтын кедейлік туралы құндылықтардың, көзқарастардың, баға берулердің жиынтығы бар. Мысалы, кедейліктің табылдырығы АҚШ-та жылына 100000 долларды құраса, Бангладеште жылдық орташа табыс 120 доллардан, Бутанда 100 доллардан, Гаитиде 330 доллардан, Малиде 130 доллардан аспайды. Қырғызстандағы, Тәжікстандағы, Өзбекстандағы жылдық орташа табыс деңгейі осы көрсеткіштерге жақын.

Қамтамасыз етілмеу ретінде элементарлық физиологиялық және әлеуметтік қажеттердің қанағаттандырылуы, бірақ, жоғары деңгейдегі қажеттіліктердің орындалмауы жағдайындағы өмір сүру деңгейін есептейді. Адамдар тамаққа деген қажеттіліктерін салыстырмалы түрде толық қанағаттандырады. Дегенмен, олардың тамақ рационын толық дәрігерлік нормаларға сай келеді деп айта алмаймыз. Олар өз деңгейінде болмаса да, демалуға да, киінуге де, емделуге де көңіл бөле алады. Бірақ, бұл қажеттіліктің бәрі өте төмен деңгейде өтеледі.

Кедейліктің төменгі түрі **қайыршылық** деген терминмен сипатталады. Біреулердің бергендері не қайыр сұрау арқылы өмір сүруші адам қайыршы деп есептеледі. Қайыршылықты кейде терең кедейлік деп те атайды. Қайыршылықты абсолюттік кедейліктен ажырата білу керек. Кедейлер жалақыға, зейнетақыға, қосымша төлемдерге өмір сүрсе, қайыршылар қатарына тұрақты қайыр сұрау арқылы өмір сүретін адамдарды жатқызамыз. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда қайыршылар қатарына өздерінің тек физикалық қажеттіліктерін, биологиялық тіршілік етуін қанағаттандыруға ғана шамасы келетін адамдарды айтамыз.

Шетқалушылық кедейліктің бір түрі ретінде қарастырылады. Кедейліктің бұл түрі адамның денсаулығына, көпбалалығына, маскүнемдігіне және т.б. себептеріне байланысты материалдық және мәдени байлықтарға қолы жетпеуден пайда болады. Әлеуметтік шетқалушылық түсінігі қарапайым адам құқықтарына байланысты шектеулерге тап болып отырған және толық өмір салтын жүргізе алмайтын тұрғындардың тобына қолданылады. Мысалы, балалар, зейнеткерлер, мүгедектер және т. б.

Қуып жетуші кедейлік – бұл құбылыстың негізі материалдық және басқа да құндылықтарды мәртебелі тұтытуда.

Шетелдік ғалымдар сонымен қатар алғашқы және екінші кезектегі кедейлікті те бөліп көрсетеді. Алғашқы кезектегі кедейлік өздерінде бар қор мен күшті максималды керегіне қарай үнемдеп пайдаланғанның және тиімді өмір

салтын ұйымдастырғанның өзінде кедейліктің шегінде қалып отырған отбасыларында орын алады. Екінші кезектегі кедейлік қорларын тиімсіз пайдалануына байланысты негізгі өмірлік қажеттерін өтей алмайтын отбасыларын сипаттайды. Россия ғалымдары кедейліктің екі түрін ұсынады “тұрақты” және “жүзудегі”. Е. Бреев пен Н. Римащевскаяның айтуынша кедейліктің тұрақты түрі кедейлікті қайта жаңғыртады. Адамның материалдық қамтамасыз етілу деңгейінің төмендігі денсаулықтың төмендеуіне, мамандану деңгейінің біртіндеп төмендеуіне, мамандандық деңгейінің жетіспеуіне, ең соңында адамдық қалыптан аырылуыны алып келеді. Кедей ата-ананың балалары да потенциалды кедейлер, яғни болашақта кедейлер табын толықтырады. Кедейлердің аз бөлігі ғана өзінің ортасын тастап, жаңа жағдайға бейімделіге күш-жігерін жұмсайды, жаңа бұрынғыға қарағанда сапалы өмір салтына ие болады. Л. А. Гордон әлеуметтік және экономкалық кедейлікті бөліп көрсетеді. Біріншісі әлсіз, екіншісі күшті жұмыскерлерге қатысты қолданылады. Әлсіздердің кедейлігі бұл жұмыс істеуге қабілетсіз және жұмыс істеу қабілеті төмен, ауыру, физикалық және психологиялық тұрақсыз адамдардың, сонымен қатар шамадан тыс салмақты көтеруге мәжбүр жұмыскерлердің кедейлігі. Күштілердің кедейлігі төтенше жағдайларда, яғни жұмыс істеуге қабілетті, қалыпты өмір сүру стандартына сәйкес өмір сүруге қажетті табыс табуға қабілетті адамдардың өзінің еңбегімен қазаігі өмірге сәкес өмір сүруге жеткілікті табыс таба алмайындай болуының нәтижесінде қалыптасатын кедейлік. Күштілердің кедейлігін экономкалық кедейлік ретінде көрсетуге болады.

Кедейшіліктің түрлерін төмендегідей бөлуге болады:

- жеке әлеуметтік-экономкалық топтар немесе аймақтармен байланысты кедейшілік;
- жеке сәтсіздік жағдайлардан туындаған, жұмыссыздық, ауру түріндегі дербес кедейшілік.

Өндірістік қатынас жағынан біршама дамыған мемлекеттерде арнайы әлеуметтік-экономкалық топтарды қауымдастыратын тұрғын халықтың кедей топтары өмір сүреді, олардың кедейшілік деңгейі ең төменгі күнкөріс шамасымен анықталады. Кейбір дербес адамдар жекебасты жағдайларының нәтежиесінде (мүгедектік, ауру себептері, ішімдік салдарынан) кедей болуы мүмкін.

2.13. Социологиядағы кәрілікті зерттеу мәселесі

Адамның қартаюы – адамзатты ежелден мазалап келе жатқан жұмбақ. Философтар ғасырлар бойы қартаюдың себептерін талқыласа, көптеген діндер кәрілікке киелі маңыз берген. Алайда қартаю үрдісінің биологиясы әлі күнге дейін толық зерттелген жоқ, тіпті адамның қартаю шапшандығын тежеудің әдістері де табылмай келеді. Ғалымдардың толассыз зерттеулеріне қарамастан, адамзат кәрілікті жеңудің ауылынан әлі тым алыста.

Қартаю – басқа да тірі ағзалардың табиғи қартаюы сияқты

биологиялық үрдіс. Сол үрдістің салдарынан адам денесіндегі барлық органдар мен жүйелер жұмысы біртіндеп әлсірейді. Жасы келген адамның денесіндегі физиологиялық өзгерістер ең алдымен биологиялық қызметтердің бәсеңдеуіне әкеп соғып, метаболикалық стресстерге қарсы тұру қабілеті төмендейді. Мұндай келеңсіз өзгерістер әдетте адамның психологиялық және мінез-құлық пен жүріс-тұрыс ырғағының құбылуына себеп болады. Қартаюдың биологиялық аспектілеріне кәріліктен туындайтын өзгерістер ғана емес, жалпы денсаулықтың нашарлауы да жатады.

Қазіргі кезде геронтогенездің бөлінуі қартаю мен кәрілік кезеңі, бүтін комплекстік әлеуметтік–экономикалық, биологиялық және психологиялық себептермен байланысты, сондықтан жоғарғы онтогенез кезеңдерін түрлі ғылым салалары қарастырады. Мәселен, биологиялық, нейрофизиологиялық, демографиялық, психологиялық және т.б.

Қартаю – бұл организмде жас өзгерістерінен заңды түрде туындайтын физиологиялық процесс деп қарастырады медицина ғылымында. Қартаю процестеріне әртүрлі жүйелерде әртүрлі жылдамдықта байқалатын жас шамалық өзгерістердің дамуы тән. Адамның жас шамасы календарлық және биологиялық болып бөлінеді. Адамның биологиялық жасы оның зат алмасу, құрылымдық, қызметтік, реттеушілік ерекшеліктері мен бейімделу мүмкіншіліктерінің жиынтығымен анықталатын жағдайы болып табылады. Кәсіби зияндылықтар, ауыр физикалық еңбек, ауыр күйзелістер, кофе, күрең шәйді қолдану, ішімдік ішу, темекі шегу сияқты факторлер қартаю процесін жеделдете түседі. Жастың қартаюына байланысты адамның салмағы да өзгереді. 35-60 жас аралығындағы ерлерде салмақ жыл сайын 0,2-0,8 кг-ға өседі. 60 жастан кейін май қатпарының өсуіне қарамастан дененің жалпы салмағы азаяды. Осы сияқты өзгерістер әйелдерде де байқалады. Жас келген сайын көлденең-жолақ бұлшық еттердің, бауырдың, лимфа жүйелерінің атрофиясы (сему) байқалады. Адам салмағының төмендеуіне сүйек жүйесінде байқалатын өзгерістердің біраз әсері бар.

Қартайғанда ДНК-нің байланысу қарқыны төмендейді, қайта түзелетін РНК мөлшері азаяды, осыған байланысты түзілетін белоктардың құрылымында өзгерістер байқалады. Қартайған организмде иммунитеттің жасушалық және гуморальдық факторлері белсенділігінің төмендеуі орын алады.

Қартайған сайын жүректің жиырылу саны төмендейді, осыған байланысты минуттық көлемі және жүрек индексі азаяды. Қан тамырларында атеросклерозды процестер қалыптасады, ол қан айналымының төмендеуіне әкеледі, мүшелердің қанмен қамтамасыз етілуі төмендейді. Артериялық қан тамырларының тарылуына байланысты қарттарда қан қысымының көтерілуі (140/90 мм. сын.бағ.) байқалады. Вена тамырларында склерозды процестер жүреді, вена қан тамырларының созылғыштық қасиеті төмендейді, венадағы қысым төмендейді, қанның іркілуі байқалады, ол тромбоз ауруларының пайда болуына әкеліп соқтырады. Май зат алмасуы бұзылады, қан құрамында майдың, холестериннің көбеюі байқалады, ол жүректің ишемиялық ауруларының

дамуына әкеліп соқтырады. Тыныс алу мүшелері жағынан өкпенің тіршілік ету көлемі төмендейді, тыныс алу жиілігі өседі, өкпенің созылғыштық, бронхының өткізгіштік қасиеттері төмендейді, қанайналым бұзылады, өкпеде іркілу процестері байқалады. Осыған байланысты қарт адамдарда өкпенің аурулары (іркілу пневмониясы) жиі кездеседі. Қартайған кезде эритроциттің саны кемиді, гемоглобин мөлшері (120 г/л) азаяды, яғни қаназдық ауруы дамиды, витаминдер мен минеральды заттар мөлшері азаяды. Қанның ұю жылдамдығы жоғарылайды, тамыр ішінде тромбының пайда болуы жеделдейді.

Қартайған сайын ес-сана қызметі де төмендейді, есте сақтауы төмендейді, ұмытшақтық пайда болады. Ұйқы уақыты азаяды, күндіз қалғып кететін сәттер байқалады. Қартайған кезде ерікті қимыл-әрекеттерді реттеу механизмдері бұзылады, кеністіктегі дене қалпын бақылауы қиындай түседі. Бұлшық еттердің салбырап, оның ширығу қасиетінің төмендеуіне байланысты кейбір мүшелердің қызметі (үлкен, кіші дәретте ұстай алмау сияқты) бұзылады.

Қарт адамның тағы бір ұрымтал тұсы – иммун жүйесінің әлсіреуінен келетін аурулар. Тіпті қазіргі медицинада қауқары кеткен кәрі ағзаның күші келмейтін кейбір ауруларға қатысты «кәрі адамдарға тән ауру» деген түсінік те бар. Мысалы, жас адам өкпенің қабынуынан тез-ақ айығып кетсе, мұндай кеселдің кәрі адамның түбіне жетуі де соншалықты оп-оңай. Жүрек, бүйрек, ми және өкпе сияқты органдардың жұмысы нашарлайды. Бұған белгілі бір мөлшерде осы органдар жасушаларының жоғалуы мен олардың қайтып орнына келу мүмкіндігінің төмендеуі себеп. Қарт адамның жасушалары жас кезіндегі мүмкіндіктерін біртіндеп жоғалтады. Жасушадағы кейбір ферменттердің де жұмысы баяулайды. Бір сөзбен айтсақ, адам ағзасындағы қартаю үрдісі барлық деңгейде жүретін көрінеді. Қартаю кезіндегі ми жұмысындағы елеулі өзгерістер – лезде есте сақтау қабілеті мен дереу ойлау қабілетінің баяулауы. Осы екі фактор қарттардың қоғам ырғағымен өмір сүру мүмкіндігін шектеп, көптеген зерттеулердің басты нысанына айналып отыр. Сөйте тұра, егер қарт адамның заманауи білімді көп талап етпейтін белгілі бір тапсырманы шешуіне жеткілікті уақыт берілсе, қарттар жастарға көп есе жібере қоймайды. Әсіресе сөздік қоры, жалпы білім жағынан немесе адамның өзі үйренген саласына қатысты ойлау қабілетіне келгенде кәрілікке байланысты «өнімділіктің» төмендеуі, тіпті де байқалмауы мүмкін.

Кәрілікке байланысты адам ағзасында байқалатын физиологиялық процестер көп ғалымдардың пікірлері бойынша біріншілік ауру болып есептелінбейді, бірақ организмнің қызмет ету мүмкіншілігінің шектелуіне әкеліп соқтырады, оның әртүрлі залалды әдеттерге төзімділігін төмендетеді. Кәрілік – адамның тарихи–эволюциялық дамуының әртүрлі сатыларында және әртүрлі экологиялық–популяциялық және әлеуметтік топтар ішінде шартты және шекаралық түрде ауысып тұратын биопсихологиялық және әлеуметтік тарихи түсінік.

Адамның дүниеге келген уақытынан бастап өмір сүру кезеңі 3–тен 24–ке жетуі мүмкін. Оның ішінде ең қарапайым және қолайлы топтастыру бойынша адамның өмір сүру кезеңдері 3 кезеңнен тұрады:

- Балалық шақ кезеңі;
- Жетілу кезеңі;
- Кәрілік кезеңі.

Ежелгі грек философы және математик Пифагор (б.э.д. ІҮғ.) адам өмірінің кезеңдерін жылдың 4 мерзіміне сәйкес келетіндей 4 кезеңге бөледі:

- Қалыптасу кезеңі – «көктем» (0-20 жас);
- Жастық кезең – «жаз» (20-40 жас);
- Күш қайраттың тасу кезеңі – «күз» (40-60 жас);
- Солу–кәрілік кезеңі – «қыс» (60-80 жас);

Тарихи дамудың әртүрлі кезеңдерінде және әртүрлі елдер шекарасында кәріліктің басталу кезеңі әртүрлі болады. Оны төмендегі берілген кестеден байқауға болады[3;35-36].

Кесте 1

Негізгі деректер	Кезеңі	Кәріліктің басталу уақыты, жасы
Пифагор	Ерте тарихи кезең	60
Гиппократ	Ерте тарихи кезең	56-63
Қытай ғалымдары	Ерте тарихи кезең	70
Орта ғасыр ғалымдары	Ерте тарихи кезең	Ерлерде 50 әйелдерде 30
Орыс демографы: А.П.Рославский Петровский	19-ғасырдың – жартысы	1-ші 61
Француз физиологтары	19-ғасыр	55-60, 70
Неміс физиологы М.Рубнер	1854-1932 жж..	50 жас-кәрілік; 70 жас-аса кәрілік
Америка Құрама Штатының денсаулық сақтау ассоциациясы	1939 ж.	65 жас ерте кәрілік; 75 жас кәрілік
Ағылшын физиологы	20-ғасыр	50-60 жастан астам

Жалпы қартаюу кезеңі жаңа демографиялық кезең болып табылады. Көптеген елдерде 60-65 жастан асқан адамдар тобы 20%-дан жоғары екендігі дәлелденді. Қазіргі кезде адамдардың орта кезеңдегі өмір сүруі олардың ата-аналарына қарағанда әлдеқайда жоғары, сонымен бірге, бұл ересек және қартаюу жастыны әлеуметтік психологиялық ерекшеліктерін жалғастыру кезеңі екенін білдіреді. Саяси әлеуметтік экономика қоғамның мәдени өмірін және адам дамуындағы мінез-құлықтарының нығаюын талап ететін кезең болып табылады.

Қазір медицина саласындағы бәзбір жетістіктер мен өмір сүру деңгейінің көтерілуі адамзаттың орташа өмір сүру ұзақтығын айтарлықтай өсірді. Бірақ әлемнің көптеген елдерінде бұл үрдіс енді халықтың қартаюуына әкеп соғуда. Әсіресе Батыс Еуропа елдерінде халықтың қалған бөлігімен

салыстырғанда, мұқтаждықтары өзгеше келетін егде адамдар үлесінің артуымен бірге соңғы жылдары кәрілікке байланысты әлеуметтік және экономикалық мәселелер туындап отыр.

Қартаю проблемалары жөніндегі ең бірінші халықаралық құжатқа қартаю проблемалары жөніндегі іс-әрекеттердің Халықаралық жоспары жатады, осы құжатты 1982 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы мақұлдады және ол халықтың қартаю проблемаларын тиімді шешу саласы мен егде жастағы адамдардың даму саласындағы мүмкіндіктерін қарауға қатысты үкіметтер мен азаматтық қоғамның әлеуетін күшейтуге нысаналанған. Халықтың қартаюы жөніндегі 2002 жылғы сәуірдегі екінші Дүниежүзілік Ассамблеяда БҰҰ мүше елдері Саяси Декларация мен қартаю проблемалары жөніндегі Іс-әрекеттердің Мадридтік Халықаралық Жоспарын қабылдады, Жоспарда қартаю проблемалары жөніндегі стратегия мәселелері әлеуметтік қамсыздандырудың тар ауқымдарымен салыстырғанда анағұрлым кең мағынада қаралды және құжатта даму саласындағы саясат мәселелерін талқылау қажеттілігіне баса назар аударылады[1;9].

Жыл сайын жер бетінде қартайған адамдардың саны 2,4 пайызға өседі екен. Кейбір болжаулар бойынша 2020 жылы кәрі және қартайған адамдардың саны 1 млрд-қа жетеді. 20 ғасырдағы адам жетілуінің жылдам дамуын (акцелерация), қартаю процесінің кешеуілдеуін, тіршілік ету ұзақтығының ұзаруын адамның тарихи-эволюциялық дамуындағы жаңа құбылыс деп қарастыруымыз керек.

Адам дамуының базалық көрсеткіштері Адам дамуының негізгі үш компонентіне – ұзақ жасауға, білімділік пен тұрмыс деңгейіне сәйкес келеді. Осы компоненттердің әрқайсысы адамның маңызды мүмкіндіктерін жалпы қамтиды: ұзақ жасау – ұзақ және салауатты өмір сүру мүмкіндігін; білімділік – білім алуды, қарым-қатынас жасауды, тұрмыс деңгейі лайықты өмір сүру үшін қажет ресурстарға қол жеткізуді, әлеуметтік жинақылық пен қоғам өміріне қатысу үшін жағдайлардың болуын білдіреді. Қартаю демографиялық көрсеткіштердің ұзаққа созылатын өзгерістерінің, халықтың өсіп-өну сипатындағы ілгерілеулерінің, сондай-ақ көші-қонының нәтижесі болып табылады.

Халықтың қартаю үдерісі – қазіргі кезде көптеген елдерде байқалып отырған құбылыс. Мамандардың болжамы бойынша, 2050 жылға қарай егде жастағы адамдардың саны жастардың жалпы санынан асып кетеді, бірқатар дамыған және дамушы елдерде бұл үдеріс 1998 жылда-ақ болды. Егде жастағы адамдар үлесінің көбеюімен көрсетілетін халықтың қартаю үдерісі туудың жиынтық коэффициентінің төмендеуінен және өмір сүру ұзақтығының өсуінен туындайды: ол қазір іс жүзінде жаппай дерлік байқалып отыр. Халықтың қартаюы Францияда XVIII ғасырдың соңында басталды да, содан кейін бірте-бірте барлық дамыған елдерге тарады. Бірақ, егде жастағы адамдар үлесінің ұлғаюы қазіргі кездегідей бұрын ешқашан соншалықты жылдам және ауқымды болған емес. Халықтың қартаюы мен аралас мәселелерді зерттеп-зерделеуші сарапшылар жас дәрежесіне қатысты әрқелкі тәсілдерді ұстанады. Н.Н. Сачук ДДҰ Еуропалық

аймақтық бюросының деректерін (1963) келтіреді, ол бойынша 60-тан 74 жасқа дейінгі адамдар – егде жастағы адамдардың, 75 жә не одан жоғары жастағылар – қарт адамдардың, 90 жә не одан жоғары жастағылар ұзақ жасаушы адамдардың қатарына жатқызылады. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымы 1982 жылы 65 жасты егде жастың көрсеткіші ретінде таңдады, ол қазіргі кезде көпшілік елдерде жаппай танылған көрсеткіш болып табылады.

Қай қоғамда болмасын, ең басты құндылық - адам мен оның өмірі. Еңбек белсенділігі жоғары, дені сау ұлты бар мемлекеттің болашағы да зор саналады. Сондықтан да бүгінгі таңда адам ағзасының қартаю үрдісін зерттейтін геронтология ғылымы ең қызықты ғылымдардың біріне айналған.

Қартаю жөніндегі ғылым – геронтология (грек сөзі gerontos-кәрі, қартайған адам) адам қартаюының қалыпты процесін, кәрілік өзгерістердің даму қарқыны мен сипатына әсер ететін оның негізгі белгілері мен факторлерін, адам организмінің қартаю заңдылықтарын зерттейтін ғылым.

Геронтология ілімі ХХ ғасырдың басында өз алдына ғылыми ілім ретінде қалыптасқан тіршілік ету ұзақтығын, яғни организм өмірінің ұзақтығын анықтау механизмі жөніндегі биология ғылымымен тығыз байланысты. Осы істе американдық ғалым Р.Пирл, сонымен қатар белгілі геронтологтар А.Комфорт және Б.Стрелердің алатын орны ерекше. Ресейде бұл ілімнің алғашқы қалыптасуы Пирлдің оқушысы, профессор В.В.Алпатов жұмыстарымен тығыз байланысты. Кейбір геронтологтар тіршілік ету ұзақтығының биологиясын геронтология ілімінің бір тарауы деп есептейді.

ХХ ғасырдың 30–40 жылдары Қазақстанда қариялар мен мүгедектер үйі, геронтология және гериатрия кабинеттері (Алматы, Қарағанды т.б.) ауруханаларда гериатриялық бөлімдер ашылды, жүйелі зерттеулер жүргізіле бастады. Бұл зерттеулердің нәтижесінде қартаюдың әлеуметтік – гигиеналық себептері мен клиникалық белгілері анықталды; адам жасының ұлғаюына байланысты жүрек пен қан тамырларында пайда болатын өзгерістер зерттелді. Егде тартқан және қартайған адамдардың әдетте байқалмайтын жүрек ақауларына сипаттама берілді. Физиологиялық және биохимиялық көрсеткіштердің қалыпты деңгейі анықталып, егде тартқан және қартайған адамдардың денсаулығын тексеру әдістемесі ұсынылды.

Геронтологиямен гериатрия ілімі тығыз байланысты, ол кәрі және қарттық жастағы адамдардың ауруларын зерттейді. Геронтологияның негізін қартаю процесінің биологиясы құрайды, дегенмен қартаю мәселесі кешенді процесс: биомедициналық, психологиялық, антропологиялық, әлеуметтік, экономикалық негізді құрайды. Кәріліктің алғашқы анықтамасы және оның себептері ескі діурге жатады. Ұлы дәрігер Гиппократ (б.д.д. ІҮ–Үғ.) кәрілік деген ұғымды табиғи жылулықтың кетуі және организмнің кеуіп қалуының нәтижесі деп түсінді. Философ Платон кәрілікке орта жастағы адамның өмір сүру салты әсер етеді деп көрсетті. Кәрілікті баяулату рецептілері ежелгі Қытай және ежелгі Индия медициналарында келтірілген.

Адам денсаулығы және оның өмір жасының ұзақтығы организмнің қартаю сипатымен тығыз байланысты. Егде тартқан және қартайған

адамдардың ауруларын клиникалық медицинаның гериатрия (грек.geron және iatreia – емдеу) деп аталатын бөлімі зерттейді.

Геронтология кезеңін дәстүр бойынша 3–ке бөлеміз.

1. Мосқалдық кезең (еркектер үшін 60-74 жас, әйелдер үшін 55-74 жас);

2. Қарттық кезең (70-90 жас);

3. Ұзақ жасайтындар (90 жастан жоғары).

Ресейде және бүкіл дүние жүзінде геронтологияның негізін салушы әйгілі орыс ғалымы И.И.Мечников. Геронтология ілімі жаңа заманғы түсінікте ХХ ғасырдың ортасында қалыптасты. 1958 жылы медицина ғылымының академиясында Ресейде бас ғылыми–зерттеу геронтология институты ұйымдастырылды. Қазіргі кезде Ресейде геронтология ғылыми–зерттеу институты, региональды орталықтар, Мәскеуде Ұлттық геронтология орталығы жұмыс істейді.

Қазіргі заманғы геронтологияның негізгі міндеті: мезгілінен бұрын қартаюдың алдын алу, денсаулықты және белсенді ұзақ өмір сүруді сақтау, қартаю ерекшеліктерін, қартаю процесіне қоршаған ортаның, оның ішінде антропогенді (өмір сүру салты, еңбек, әлеуметтік жағдай) факторлердің әсерін зерттеу болып табылады.

Геронтология ғылымындағы ең басты бағыттардың бірі – адам өмірін ұзарту. Дәрігерлік көмек пен өмір сүру деңгейінің жақсаруы арқасында қазір жаһан бойынша адамдардың өмірі біршама ұзарды. Ғалымдардың пікірінше, индивидум деңгейінде дұрыс диета сақтау, физикалық жаттығулар жасау және темекі, арақ-шарап сияқты қауіпті улы факторлардан аулақ болудың арқасында да өмірді аздап ұзартуға болады. Әйтсе де бұл факторлар көбінесе кәрілікті жеңуге емес, «кездейсоқ» ажалды жеңуге ғана бағытталған. Әлемде адамның қартаю жылдамдығын баяулатудың бірнеше «жеміс беруі мүмкін» стратегиясы ғана бар. Зерттеушілер солардың арқасында қартаю жылдамдығын төмендетіп, өмірді ұзартпақ. Мысалы, адам органдарын қондау арқылы қолдан өсірілген органдармен алмастыру немесе антиоксиданттар, гармон деңгейіндегі терапия арқылы ағза жасушаларын молекулярлық «жөндеуден» өткізу сияқты тұжырымдар пайда болды. Алайда бұл бағыттарда да әзірге ауыз толтырып айтарлықтай нәтижелер жоқ.

Қартаюдың табиғатын анықтаумен геронтология ғылымы айналысады. Бұл ғылым физиологиялық өзгерістермен қатар, қарт адамдардың қоғамдағы әлеуметтік ролін де терең зерттейді. Геронтологияның мақсаты – кәрілікке байланысты туындайтын кейбір кемшіліктерді жеңу. Өйткені әрбір жас тобының әлеуметтік мәртебесі мен қоғамдағы орны сол топтың экономикалық «жетістіктерімен» тығыз байланысты. Мысалы, ауылшаруашылығы саласында қарт адамдардың мәртебесі жоғары. Олардың өмірлік тәжірибесі жоғары бағаланып, олардың біліміне деген сұраныстың арқасында қарт адамдардың қоғамның белсенді мүшесі болып қала береді. Бірақ соңғы ғасырлардағы индустриализация мен урбанизация деңгейінің күрт өсуінен қарт адамдардың қоғамдағы ролі төмендеп келеді. Соңғы зерттеулерге қарағанда, қарттардың өз маңыздылығын жоғалтуына олардың еңбекке деген қабі-

летсіздігі емес, үздіксіз білім алу мен жаттығуларды талап ететін жаңа технологиялардың енгізілуі себеп болып отырған көрінеді. Әйтсе де, кейбір салаларда қарт адамдар әлі де жоғары белсенділігін сақтап келеді. Мәселен, саясатта.

Қарттар мен егде жастағы адамдардың психикасы мен мінез-құлық ерекшеліктерін, жас психологиясының бір саласы геронтологиялық психологиясы зерттейді. Ол қартаюдың белгілерін, яғни адам организмінің функционалдық мүмкіндіктерін (қимыл белсенділігінің баяулауы, күш қуаты азайып, денсаулығының нашарлауы) біртіндеп төмендеуін қарастырады. Психика функцияларының (зерде, ес, зейін және т.б.) өзгерістер бір жақты ғана байқалады. Қарт адамдардың психикасына интеллектуалдық және эмоциялдық ішкі әлемге кету, өткізген өмірін бағалау мен ұғынуға байланысты қайғыру, өміріндегі басты мақсаттары орындалмаса, өкіну, түңілу сияқты қасиеттер тән болады. Алайда қартаюды тек регрессивті құбылыс деп қарамау керек, қартаю дамудың бір кезеңі. Бұл кезеңде адамның рухани жетілу деңгейі төмен болады. Мысалы, қанағаттану, парызын өтеген жағдайда өмірге ризашылық, мейірімділік т.с.с. қасиеттермен қатар кемелденген адамдардың даналыққа жетуі. Қарт адамның шығармашылық белсенділігі жоғары болатындығы жиі байқалады. Қартаюдың психологиялық ерекшеліктері мен өзгерістеріне ерте кезден назар аударса, геронтология ғылымы пән ретінде егде жастағы адамның көбеюі; олардың жұмысқа қабілеттілігі мен тұрмыс жағдайының сондай-ақ іс-әрекетінің сипаты мен құндылықты бағдарларының өзгерулеріне, яғни жеке адамның даму мәселелеріне, т.б. байланыстар пайда болады.

Қарттық кезең (психологияда) – адам өмірінің соңғы даму кезеңі. Қарттық жас - адам өміріндегі заңды этап. Бұл кезеңдегілердің ерекшеліктері, адамның циклдік өмір жүйесіндегі спецификалық ролі, қарттық кезең өзіндік дамудың жалпы перспективасын белгілеп көрсетеді.

Қарттық кезеңнің алдында, егер осы жастағылардың мінез-құлық позициясы жеткіліксіз болса, онда олар өз бетінше шешім қабылдай алмайды. Осыған байланысты Л.С. Выготский қарттық кезеңде метаморфоз заңының болуы керек екенін көрсетті, кейін қарттық кезеңде олардың тек қана жойылған қабілетін сипаттау ғана емес, ең алдымен сапасы тамаша психикасын сипаттау керек, егер де оның дамуында сапасы шынжыр болса ғана деп көрсетті.

Д.И. Фельдштейн былай деп көрсеткен, дәл қазір қарттық кезеңде бұрынғылары шығып, аяқтары қақсайды. Мүмкіншілік болса, адам өмірі ұзарады, соның ішінде индивидтің ішкі өзіндік дамуында санақ болуы керек. Мұнан да астамы, жасы тоқтаған адамда тек қана тәжірибелік алып беру ғана емес, сонымен қоса болашаққа деген жарыстар болады. Қарттар өз өмірінің қарттық кезінде күтім болса, өзіндік ойынан аулақ болса (тастап кетсе), істері аяқсыз қалса (бітірусіз) онда олардың даму қоры шектелген. Бұл қор, адам дамуының бүкіл өмірлік дистанциясы созылғанда қалыптасады. Даму кезеңі, бұл кәрілікпен байланысқан және болашақты білдіреді, яғни

кәріліктен белсенді түрде адамгершілік қарым–қатынас тенденциясы арқылы шығарады, ол құрмет пен таңдануға байланысты.

Бұл кезеңнің қызықтысы, кәрілік кезеңде оларда толық әрі біткен мінез–құлық позициясы жоқ. Геронтолог ғалымдар кәрілік - бұл біріншіден, биологиялық феномен, яғни бұл психологиялық өзгеріспен бірге жүреді деп санайды. Көптеген зерттеушілер оның барлық жоғалу жиынтығы – экономикалық-әлеуметтік, индивидуалдық болады, яғни бұл даму кезеңіндегі автономия болуы мүмкін.

Кәрілік жастағы өзгеріс – биологиялық процесс болады, ол тікелей жас мөлшерімен байланысты болып келеді, ал егер әлеуметтік кезең болатын болса – адам пенсияға шығады, оның әлеуметтік статусы өзгереді, жүріс – тұрысы өзгереді, соңында психологиялық кезеңінде өзгеріске душар болады. Бұл кәріліктің механикалық өзіндік регуляциясын анықтауға негіз болады. Сондай-ақ кәрілердің проблемасы – биологиялық системаның функционалдық сәйкестігі, яғни өзіне лайықты психологиялық және өзін қоршаған әлеуметтік кеңістігіне бейімделуінсіз бұл орындалмайды. Қартаю – бұл жаңа әлеуметтік рөлге көшу, яғни жаңа системалық группамен және өзіндік қарым–қатынас орнайды. Дәл қазіргі уақытта кәрілік кезеңіне ғылыми қызығушылық тууда, бұл кезең жайлы білім өмірде ешқандай күмән туғызбайды, бірғана геронтопсихология. Геронтопсихология – бұл қазіргі даму психологиясының ең жас бөлімі болып табылады. Қарттық кезеңнің проблемасына деген психологиядағы қызығушылықтың басты екі себебі бар. Біріншіден, қарттық кезең тотальдық өшу процесі болмайды, соны көп ғылымдар зерттеді. Б.Г. Ананьев былай дейді: геронтологтар мынадай қорытындыға келді, қарттық кезеңде адам мүгедектік процесіне жақын болады, сонымен қоса өзгеде процесстер жүзеге асады және мүгедектік күшке қарсы факторлар.

Геронтология ғылымы тотальдік және бір мезгілдегі қарттықтың бұрынғы келбетін құртты, ұзақ өмір сүру проблемасына өте үлкен назар аударды. Қазіргі күнде геронтологтар қарттық жастағы организмнің өзіндік бейнесін қайта құруын тексеруде, ерекше қабілет функцияларының жалпы орынға өтуін сақтайды. Витаукт (vita – өмір, аусfem - ұлғайту) организмнің өмірге деген қайраткерлігін тұрақтандырады, көптеген өзгерістерді қалпына келтіріп және олардың орнын толтырады, жаңа қабілет механизмдерін құрады. Оның екі себебі бар: біріншісі, даму психологиясының қарттық кезеңіне деген қызығушылық; екіншісі, қызығушылық пен геронтологиядағы қарттық кезеңді зерттеу мен интенсивті дамумен байланысты, әлеуметтік–экономикалық факторлар себепшісі болады.

Даму психологиясының 90% балалар психологиясын зерттеумен шұғылданады. Қарттық кезең бұл өте қиын проблемалардың түрі. Геронтологияның атақты ғалымдарының бірі И.В.Давыдов оның категорияларын көрсетті, қарттық кезеңіне жету бұл ешқандай календарда көрсетілмеген деді. Сонымен қатар, Еуропада бюро аймағында БДСО (бүкіләлемдік денсаулық сақтау организациясы) ер кісілердің 61 мен 74 жас, ал әйелдердің 55 – 74 жас аралығы қарттық кезеңнің басталуы деді.

Қартаюдың психоанаметикалық сипаты

Карл Юнг «Адамның өмірінің екінші кезеңі» деп атаған ілімінде келесі проблемаларды көрсетті. Ол үшін өмірдің екінші кезеңі критикалық айналым сәті, яғни индивидтің өзіндік дамуында жаңа мүмкіндіктер ашылады. Қарт кісілерге «әлеуметтік протезде» әлеуметтік көмек жүйесін ұсыну қажет. Бұл жұмыс бойынша Адлердің проблемалық шешімі, идеялары көрсетілген. Даму психологиясының геронтопсихологиясына көп үлес қосқан ғалымдардың бірі Э.Эриксон. Өзіндік дамудың сегіз стадиясын көрсеткен. Өмір циклінің әрбір кезеңінде спецификалық тапсырмалар байланысқан, жалпыға ортақ болады. Әрбір кезеңі әлеуметтік–бағалы мақсатын анықтайды. Өмір жасындағы сегізінші кезең – қарттық, мінез – құлықтың өзгеруімен сәйкес өзгереді. Өзімшілдік пайда болады. Э.Эриксонның теориясы өзгеде ғалымдардың қызығушылығын тудырды. Р.Пэкон мен Р.Пэк «сәтті қарттық» деп көрсетті, яғни адам өзіндік дамуында негізгі үш тапсырманы орындау керектігін көрсетті

(«Эго» дифференциясына қарсы роль). Адамдар өздерін тек қана өзінің жұмысына және отбасына арнайды, бұл пенсияға шығар жол, жұмыс ауысымы немесе балалардың үйден кетуі оларда жағымсыз эмоция тудырады. Екіншіден, бұл трансценденция жан дүниесіне қарсы. Соңғы трансценденция «Эго»-«Эго» өзгерісіне қарсы, негізгісін меңгеруші, маңызды белгілер көрсетіледі.

Қартаю мәселесі нақты моральдық деңгейде айқындалады. Адамзаттың дәстүрлі бағалылықтарының барлығы – нәтижесінде қартаюмен тікелей байланысты болып келеді. Бұл жерде ерекше атап айтатын дүние – бұл қартаюдың әлеуметтік аспектісі. Бұл әлеуметтік аспект өз артынан нақты моральдық мәселелерді алып келеді. Қартаю – ол әлеуметтік рөлдердің жаңа жүйеге көшуі деп түсіндіріледі. Яғни, топтық және тұлғааралық қарым–қатынастардың жаңа жүйеге өтуі.

Қартаюдың түрлері өте көп, оның айқындалу төңірегі де өте кең. Ф.Гизенің типологиясында қарттар мен қартаюдың үш типі көрсетілген:

– келеңсіз қарт адам – өзінің бойындағы қартаю белгілерін мойындамайды;

– экстраверт қарт адам – яғни, қартаю кезеңін сыртқы әсер арқылы немесе қоршаған ортадағы өзгерістер арқылы мойындайды (мысалы, өсіп кеткен жастар, жастар мен қарттардың көзқарастарының бөлек болуы, жақын адамдарының қайтыс болуы, отбасындағы орнының өзгеруі, техника төңірегіндегі өзгерістер, әлеуметтік өмірінің өзгеруі және т.б.).

– интроверт қарт адам – яғни, қартаю кезеңін бастан қиын кешіру. Адам қоршаған ортадағы жаңалықтарға қызығушылық білдірмейді, өткен өмірі туралы көп ойланады, аз қимылдайды, тыныштыққа ұмтылады және т.б..

И.С.Кон қартаюдың келесі әлеуметтік–психологиялық типтерін анықтап көрсетеді.

Бірінші тип – белсенді, шығармашылық түрде қартаю. Бұл типке жататын қарттар, заңды демалысқа шықса да қоғамдық өмірге, жастар

тәрбиесінде және т.б. белсенді атсалысып, толыққанды, белсенді өмір сүріп, өздерін еш кемсітпейді.

Қартаюдың екінші типіне жататын қарттар – бұрын сонды уақыттары жетпеген шаруалармен айналысатындар: яғни, білім деңгейлерін көтеру, демалу, көңіл көтеру және т.с.с.. Бұл типтегі қарттарға әлеуметтік және психологиялық тұрғыда жақсы бейімделу, көнбіс болу, барлық энергияны тек өздеріне ғана жұмсау тән.

Үшінші тип (көбінесе әйел адамдар) барлық күш–қуатын тек отбасына ғана жұмсайды. Үй шаруасы ешуақытта таусылмайтын болғандықтан, әйелдердің ауруға, зерігуге уақыттары да болмайды. Бірақ, өмірге деген қанағаттану бұл топтағы қарттарға (жоғары екеуіне қарағанда) төмен.

Төртінші типтегі қарттар – бұл типке жататын қарттардың ерекшелігі – денсаулықтың өмірінің мәніне айналуы болып табылады. Түрлі белсенділік формалары, моральдық қанағаттану да осымен тікелей байланысты. Сонымен қатар (көбінесе ер адамдарда) нақты ауруларын шынайылықтан артық көру, қатты қобалжуға жол беру жиі кездеседі.

И.С.Кон жоғарыда көрсеткен қарттардың жағымды типтерімен қоса, олардың жағымсыз типтеріне де назар аударады:

- агрессивті, кәрі ұрысқақтар – қоршаған ортаға көңілі толмай, өзінен басқаның бәрін сынға салып, төңірегіндегі адамдардың барлығын үйретіп, әрдайым дау–дамай шығаратындар;

- өзінің өміріне және өзіне көңілі толмайтындар, жалғыз қалған және көңілсіз жүретін қарттар. Өткен өмірлерінен жәберіп алған мүмкіндіктерін айтып, өздерін аса бақытсыз қылатындар.

Қарттарға қатысты зерттеу жүргізгендердің бірі А.Качкин. Ол қарттарды өмірлеріндегі қызығушылықтарына сай, төмендегі типтерге бөліп қарастырған:

- Отбасылық тип – тек отбасының бақытына назар аударатындар.

- Жалғыздық типі – тек өзімен–өзі ғана ой бөліскенді қалайды, содан ляззат алып, өз естеліктерімен ғана өмір сүреді.

- Шығармашылық тип – бұл типтегі қарттардың сурет салумен, музыкамен және т.б. айналысуы міндетті емес. Олар өз шығармашылықтарын бақшада гүл өсірумен де көрсете алады.

- Әлеуметтік тип – зейнеткер–қоғам адамы, қоғамға пайдалы істермен және іс–шаралармен айналысушы.

- Саяси тип – өз өмірін саяси өмірге араласумен (белсенді де, белсенді емес те) толтырады.

- Діни тип.

- Сөніп бара жатқан тип – өз күшін жұмсай алмай, өзіне жаңа іс таба алмай, өмірін қызығушылықпен толтыра алмаған қарттар жатады.

- Ауру тип – бұл типтегі қарттар өз ауруларына емес, көбінесе сол ауруларының өту кезеңдерін бақылаумен айналысатындар.

Көптеген қарттар девианттарға айналады, яғни мінез–кұлқында ауытқушылықтар пайда болады (қаңғырып кету, өзін–өзі өлтіру).

Психиатр М.Мак–Каллох жануарлардың адам психикасына әсерін бірінші болып зерттеген болатын. Сауалнама жүргізу арқылы ол келесі тұжырымға келді: үй жануарлары адамды байсалды, сабырлы, жайбарақат қылады. Ал кейбір жан күйзелісін бастан кешірген адамдарға, бұндай «төрт аяқты достарды» бағу аса қажет болып табылады.

Жалғыздық сезімі адамның жан дүниесін күйзелтеді. Қоршаған ортамен қарым–қатынасын әлсіретіп, тұлғаны, оның әлеуметтік құрылымын бұзады. Адамдармен толыққанды қарым–қатынаста болу, соны сақтап қалу, жалғыздық сезіміне мойынсынбау – қартаюды дұрыс қабылдау дегенді білдіреді.

Қартаю – жеке адамның дамуының маңызды және ұзаққа созылатын этапы болып келеді. Өйткені, бүкіл әлемде адам өмірінің ұзақтығы өсіп келеді. Қарт адамдарға мемлекет, қоғамдық және басқа да ұйымдар мен мекемелер, жалпы қоғам тарапынан жасалған дұрыс қарым–қатынас – олардың өмірлерінің жақсы өтуіне бірден–бір себеп болады.

Кәрілік жасы - адамның орта жастан кейін келетін қоғамдық еңбектен босап, еңбегінің зейнетін көретін материалдық қамтамасыз етілетін құрметті демалысқа шығатын жасы. Шартты түрде кәрілік адамның зейнетке шығуы жасына жетуінен басталады деп есептеледі. Кәрілік жаста кәрілік кемалдылық деген ұғым жиі кездеседі. Ол дегеніміз қартайған адамның ақыл–ойының сарқылуының сандары болып табылады. Кәрілік кемалдылық кейде тектен асып, ақылдан ажырап қалу деңгейіне дейін қалдырап қалуы мүмкін. Қазақта мұны алжу дейді.

Қартаюдың ең ақырғы сатысы – кәрілік сатысы, ол адамның бүкіл тіршілік ету өмірінде ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен дамитын адам ағзасының қызметтік жетіспеушілігінің ұлғаю нәтижесі болып табылады. Қартаюдың психикалық ерекшеліктері мен өзгерістеріне ерте кезден назар аударылса да, геронтология ғылымы пән ретінде егде жастағы адамдардың көбеюі, олардың жұмысқа қабілеттілігі мен тұрмыс жағдайының, сондай–ақ іс–әрекетінің сипаты құндылықты бағдарларының өзгеруіне, яғни жеке адамның даму мәселелеріне, т.б. пайда болды.

Ғалымдардың соңғы онжылдық зерттеулері бойынша 90-95 жасқа дейінгі жастың ұлғаюы мүлдем азайып барады. 55-60 жастағы адамдар өздерін қарттар санатына қоспайды, әлеуметтік қоғамда жасы толған адамдар қатарына жатқызады. Иә, қарттықтың өз ішіндегі фазаларында, мысалы, біреулер 50 жасынан-ақ шаршап өмірден түңіле бастаса, ал біреулері 70 жасында өмірге деген күші мол, әлі көптеген жоспарларды жүзеге асырғысы келеді. 60 жас шамасына таяған адамдардың көбісі өмірінің тура жолын өздігінше талдап, сонымен бірге болашаққа деген көріністерін бағалап іске асыруға тырысатын болады. Бұл кезеңнің әдеттегі толғанысы болып мыналар саналады: «Уақыттың жетпеуі», «Өмірдің тез өтуі», «Осы уақыттың барлығы қайда кетіп жатқаны түсініксіз», «Егер алда ұзақ уақыт болғанда, онда мен..., өттең» және т.б.. Осы қарттық кезеңді зерттеуші ғалымдар әсіресе 56 жас шамасындағы тұлғалардың қарттық кезеңге аяқ басып келе жатқанын атап көрсетеді. Олардың сезімдерінің ұйымшылдығын,

қиын кезеңдерді қайта жеңіп алу үшін не қажет, не керек, өз өміріне жаңа жаңалықтар енгізгісі келсе соған бар күшін салып талпынатынын айтып кеткен. Қарт адамдарға бұл дағдарыс көбінде қатты уайымшылдыққа әкеліп соғады.

Қарттық шақтың 55-60 жас аралығын мосқал кезең деп атауға болады немесе бұл кезеңді «Әлеуметтік орта» десек те артықтық етпейді. Қандай да әлеуметтік өзгерістер осы кезеңнің жеке өмірінде орын табады. Көптеген адамдар үшін бұл кез зейнетке шыққан кезде басталады, яғни осы кезде белгілі бір әлеуметтік ортаға деген белсенділігі төмендей түседі. Әсіресе өзінің тұрақты жұмысынан басқа ештеңемен айналыспаған, ешқандай оқуға, басқа мамандық алуға, қандай да бір қосымша ұйымдарда болуға қызығушылығы соқпаған зейнеткерлер үшін бұл өте ауыр жағдай. Бірақ қаншалықты зейнетке шыққанымен кәрі адамдар өз әдеттерін тастамайды. Өзінің жанұясына не болмаса тағы басқа жұмыстарға қызығып күнін өткізеді. Мосқал адамдар бәрібір әрі қарай өз ұрапағына көмектесулері міндет деп сезінеді. Олар үшін бұл кезеңде ең басты бақыт немерелері. Ал осы кәрілік кезеңде өз қосағынан айырылу ең қиын кезеңге ұзақ бейімделуге әкеп соғады. Өмірлік жарынан айрылып, жалғыз қалуы адамды үлкен бір өзгеріске алып келеді, яғни адам өзін жесірлік қатарына қосып, алдағы уақытта өзінің де аз өмірін қалғанын сезіп, бұрынғы кездегідей қатты дауыс шығарып сөйлеуге әлі келмей мінезінде меланхоликтік тип басымырақ болады. Қоршаған ортасынан, айналасынан алшақтайды. Жесір қалушылық еркектерге қарағанда әйелдерге үш есе соққы болып тиеді. Сондықтан ер адамдар алғашқы жарынан кейін тез үйленіп алса, әйелдердің біразы өмірінің соңына дейін жалғыз өтеді. Мысалы, 85 жасқа дейінгі 5 әйелдің 4-і жалғыз болып өтеді деп айта аламыз. Жалғыз басты қарттар практикалық не биологиялық қиындықтарға жиі кездеседі. Осы қиындықтардан өз күшімен шығуға тырысады, мысалы, түрлі тұрмыстық мәселелер немесе қаржы мәселесін шешу.

Халықтың қартаюуы алуан түрлі салалар – экономикалық өсуге, қор жә не ақша жинау үдерісіне, салық салуды тұтыну мен ұрпақтар арасындағы трансферттерге әсерін тигізеді. Әлеуметтік салада бұл адамдардың денсаулық жағдайына, отбасы құрамына, өмір салтына, тұрғын үй жағдайлары мен халықтың көші-қонына ықпал жасайды. Халықтың қартаюуы – демографиялық феномен ғана емес, ол саяси саладағы үдерістердің детерминантасы да болуы мүмкін жә не бұл ең алдымен электораттың қартаюуы мен саяси өмірде түрлі жас топтарының мүдделерді көрсету мәселесі. Халықтың қартаюуы - егде жастағы адамдардың экономикалық жә не әлеуметтік белсенді халыққа тәуелділігінің өсуімен сүйемелденеді.

1) Батыс ғалымдары әлеуметтік мобильділік туралы

Кез-келген әлеуметтік процесті зерттеуде түсініктерді анықтау және оны қолданудың маңызы зор. Әлеуметтік мобильділік түсінігін зерттеуде қолданылатын түсініктер әлі де болса жүйелеуді, олардың мазмұнын

тексеруді қажет етеді. «Мобильділік» түсінігінің этимологиясы келесі түсініктерде бейнеленген: «қозғалыс», «алға жылжу», «орын ауыстыру».

Әлеуметтік мобильділік социологиялық категория ретінде индивидтің әлеуметтік құрылымдағы өзгерісін бейнелейді. «Әлеуметтік мобильділік» түсінігінде стратификациялық құрылым туралы сөз болады, ал әлеуметтік мобильділік ретінде адамның, әлеуметтік топтың бір қабаттан екінші қабатқа орын ауыстыруы, әлеуметтік баспалдақ бойынша жоғары не төмен жылжуы есептеледі. Әлеуметтік мобильділік социологияда функционалдық тұрғыдан қарастырылады. Бұл тұрғыдан алғанда әлеуметтік мобильділік бір функционалдық топтан екінші функционалдық топқа өтуді білдіреді. Яғни, әлеуметтік мобильділік дегеніміз адамның не әлеуметтік топтың қоғамның әлеуметтік құрылымындағы әлеуметтік жағдайының өзгеруіне байланысты жөзеге асатын көрделі әлеуметтік процесс. Бұл категорияның мазмұнына орын ауыстырулардың жеделдігі, көлемі, бағыттары, тәсілдері, тенденциялары, әлеуметтік құрылымның қоғамның экономикалық, саяси, әлеуметтік-мәдени және т. б. өзгерістермен байланыстылығы мәселелері кіреді.

Әлеуметтік мобильділік түсінігін талдаудың методологиялық негізі П. Сорокиннің әлеуметтік мобильділік теориясы және социологиядағы әлеуметтік-құрылымдық бағыт болып есептеледі.

П. Сорокин социологияда алғаш рет әлеуметтік мобильділік түсінігінің анықтамасын және оны зерттеу принциптерін негіздеді. Қоғамның әлеуметтік ішкі құрылымын зерттеу ісінде ол әлеуметтік мобильділіктің өте маңызды екендігін айтады. Бұл проблемаға байланысты П. Сорокиннің «Әлеуметтік мобильділік» деген еңбек жазған. Ол әлеуметтік мобильділікті әлеуметтік объектінің бір тұғырдан екінші тұғырға өтуі, орын ауыстыруы тұрғысынан зерттейді. Әлеуметтік объект ретінде индивид, топ, яғни, адам қызметінің барлық өнімдері көрінеді. Бұндай түсінік индивидтердің орын ауыстыруын кең көлемде тәсінілетін мобильділіктің жеке оқиғасы ретінде есептеуге себеп болады. Дегенмен П. Сорокинге сүйенсек, әртүрлі әлеуметтік объектілердің мобильділігін иерархияландыруға, оларды шкалада маңыздылық деңгейіне қарай орналастыруға мүмкіндік беретін белгілер жоқ.

«Социология жүйесі» атты еңбегінде ол орын ауыстыру процесін әлеуметтік қайта топтастыру деп атайды. Әлеуметтік қайта топтастыру дегенде күрделі әлеуметтік агрегаттардың құрылымының өзгеруін ескереміз. Ол мына процестерден көрінеді:

1. Элементарлық және кумулятивтік топтардың біреуінен екіншісіне осы топтардың көлемінің өзгеруімен бірге жүретін орын ауыстыруы;
2. Бір әлеуметтік агрегаттағы элементарлық не кумулятивтік топтардың біреуінің жойылуы не пайда болуы;
3. Элементарлық не кумулятивтік сипаттағы топтардың толық жойылуы және оның жаңа гетерогендік топпен ауыстырылуы.

П. Сорокин «мобильділік» түсінігінің көмегімен қоғамның әлеуметтік құрылымының өзгеру процесін толық қамтуға тырысады. Әлеуметтік

мобильділіктің жалпы принциптерін табу үшін ол әртүрлі қоғамдардағы және бір қоғамның әртүрлі тарихи кезеңіндегі әлеуметтік мобильділігіне салыстырмалы талдау жөргізеді. Өзінің тұжырымдарын дәлелдеу үшін ол жан-жақты статистикалық материалды, тарихи мысалдарды келтіреді. П. Сорокин қоғамда әлеуметтік мобильділіктің екі түрі бар екендігін айтады. Бірі - тік мобильділік, екіншісі – көлденең мобильділік. Бірі төменнен жоғары қарай жылжу, екіншісі жоғарыдан төмен қарай түсу, кейде құлдырау. Мобильділіктің екінші түрін П. Сорокин жазықтықта жүзеге асатын мобильділік дейді. Орын ауыстырудың түрлеріне қарай ол әлеуметтік мобильділікті өрлеу не құлдырау бағытындағы әлеуметтік мобильділік деп те бөледі.

Әлеуметтік мобильділік түсінігін теориялық талдаудың Батыс социологиясында бірнеше бағыттарын бөліп көрсетуге болады:

1. Әлеуметтік мобильділікті құрылымдық-функционалдық талдау. П. Сорокиннің, Т. Парсонстың, И. Хербердің, Б. Барбердің, М. Болтъенің және т. б. социологтардың еңбектерінде орын алған. Бұл бағыттың өкілдерінде әлеуметтік мобильділікті талдауда стратификациялық әдісті пайдалану көп орын алады. Алға жылжуды әлеуметтік мобильділіктің бір түрі ретінде көрсететін теориялық функционалдық талдау Ф. Фюрстенбергтің, Х. Босетскийдің, Г. Циммерманның, Э. Грохлының еңбектерінде жалғасын тапқан.

2. Әлеуметтік мобильділіктің эгалитардық теориялары С. Липсеттің, Р. Бендикстің және т. б. ғалымдардың еңбектерінде сипатталған. Олар қоғамның индустриалдық дамуының әлеуметтік мобильділік процесіне әсерін көрсетеді. Әлеуметтік мобильділіктің әлеуметтік-эволюциялық теориялары Р. Хаузердің, Ж. Голдторптың еңбектерінде орын алған. Батыс социологтары әлеуметтік мобильділікті тар мағанада- индивидтердің бір әлеуметтік қабаттан екінші әлеуметтік қабатқа өтуі бағытында қарастырады.

Б. Барбер «Мобильділік дегеніміз жоғары және төмен топтардың жоғары, не төмен орын ауыстырулары, не салыстырмалы түрде анықталған әлеуметтік рөлдерден басқа рөлдерге қарай жылжу», - деп есептейді.

К.Больте де мобильділікке осы бағыттағы анықтама берді: «Мобильділік - бір топтан екінші топқа, не бір топтың ішіндегі жылжу». Американдық социологияда әлеуметтік мобильділік қоғамның әлеуметтік құрылымын зерттеумен тығыз байланыста қарастырылады. Еңбектегі технологиялық қайта құрулардың барысына қарай сақталып отыратын не өзгертін әлеуметтік құрылымның элементтеріне қарай индивидтердің орын ауыстыру процесі қоғамдағы әлеуметтік қабаттардың дамуының бірден-бір тәсілі ретінде қарастырылады.

Т. Парсонс әлеуметтік мобильділікті бір функционалдық топтан екінші функционалдық топқа өту ретінде қарастыра отырып, құрылымдық ұйымның 4 деңгейін бөліп көрсетеді: алғашқы; менеджериялық; институционалдық; социеталдық. Әр деңгейдің шешуші ерекше белгісі – оның әлеуметтік ролі. Әлеуметтік мобильділік тек жаңа деңгейге өтуге байланысты емес, сонымен

бірге әлеуметтік ролдің өзгеруіне алып келеді. “Стратификациялық жүйе» өзінің тепе-теңдігін және тұрақтылығын сақтауы арқылы жүйе ішіндегі әлеуметтік мобильділіктің қажетті алғы шарты болып табылады. Т. Парсонс бұл жерде сонымен қатар жалпы құрылымдық принцип әрекет етеді, яғни әр жастық топ екіге бөлінеді, олардың бір бөлігі жоғары деңгейге ұмтылады, ал екіншісі бар деңгейіне қанағаттанатынын атап көрсетеді.

М. Вебер әлеуметтік мобильділіктің жеделдігі таптар арасындағы шекараны орнатудың негізі болып есептеледі. Оның айтуынша таптар осындай қауымдастықтар арасында әлеуметтік мобильділік төмен болған жағдайда ғана қалыптасады.

С. Липсет пен Г. Зерттерберг әлеуметтік мобильділікті дене еңбегімен айналысатын топтан ой еңбегімен айналысатын топқа қарай орын ауыстыру ретінде сипаттайды. Олардың ойынша кең көлемді әлеуметтік мобильділік қоғамның негізгі сипаттамасын көрсетеді. Индустриалдық қоғамның жаңа сапалары әлеуметтік мобильділіктің деңгейін көтереді. С. Липсет әлеуметтік мобильділікті адамның бойындағы өзгерістермен байланысты зерттейді. Ол әлеуметтік иерархияның басқа деңгейіне көтерілген адам өзінің достарын өзгертеді, жаңа ұйымдарға қосылады, тұрған жерін, саяси көзқарасын өзгертеді. С.Липсет пен Г.Зерттербергтің әлеуметтік мобильділік туралы концепциясының негізінде қоғамды интегралдық жөйе ретінде тәсілетін функционалдық парадигма жатыр. Кез келген қоғам өзінің өмір сөруін сақтап қалуға ұмтылған жерде теңсіздік пайда болады, әртөрлі статустық позициялар қалыптасады. С. Липсет пен Г. Зерттербергтің айтуларына, экономикалық өсуге, өзгерістерге ұмтылған қоғамды жабық қоғам ретінде қарастыруға болмайды. Олар индустриалдық қоғамдағы әлеуметтік құрылымның және әлеуметтік мобильділікке әсер ететін бірнеше факторларды топтастырып көрсетеді:

1. Жұмыс орындарының санының өзгеруі. Бұл-экономиканың динамикалық дамуының салдары. Кәсіпорындар саны өскен сайын қызмет көрсету саласы да жетіле төседі, бұл жаңа мамандықтардың, жұмыс орындарының пайда болуына алып келеді.
2. Туу деңгейінің өзгеруі. Индустриалдық қоғамға нуклеарлық отбасына жылжу және бала санының азаюы тән.
3. Әртөрлі әлеуметтік топтардың әлеуметтік статустарының өзгеруі. Индустриалдық қоғамда көрделі маманданған, экономикалық жағынан одан әрі өсуді қамтамасыз ететін еңбектің төрінің беделі жоғары.
4. Атадан-балаға мұра болып қалатын статустық позициялардың санының өзгеруі. Қазіргі индустриалдық қоғамның көбінде адамның әлеуметтік құрылымның әртүрлі өлшемдеріндегі әлеуметтік позицияларының жиынтығы ретінде көрінетін әлеуметтік статусы мұраға қалмайды, оған бәсеке жағдайында қол жетеді.
5. Өмірлік мүмкіндіктердің теңдігін айқындайтын құқықтық және заңдық негіздің өзгеруі. Қазіргі индустриалдық мемлекет халықтың көпшілігінің бақылауындағы құқықтық мемлекетке сөйенеді.

Индустриалдық қоғамның жаңа сапасы әлеуметтік мобильділіктің деңгейін едәуір көтереді. С. Липсет пен Г. Зеттербергтің айтуынша көлемді мобильділік индустриализация процесін сипаттайды және қазіргі индустриалдық қоғамның негізін бейнелейді. Қазіргі кезде бұл ғалымдардың теориялары едәуір сынға ұшырады.

Әлеуметтік мобильділіктің жалпы және ерекше бағыттарын Д. Миллер зерттеген. Ол әлеуметтік мобильділіктің төрлерін мобильділіктің көлеміне және жұмыстың төрлеріне қарай бөледі және Батыс Европада мобильділіктің дамуының кезеңдерін ұсынады.

Д. Миллер көптеген елдердегі әлеуметтік мобильділіктің дамуына салыстырмалы талдау жасай отырып мобильділікті әлеуметтік жөйенің өзгеруі ретінде қарастырудан бас тартады. Біріншіден, әлеуметтік жөйенің динамикасы мобильділікпен ғана шектелмейді, екіншіден, мобильділікті зерттеу міндетті төрде өзгерістердің динамикасы арқылы ғана көрсетілмеуі керек. Д. Миллер мынадай қорытынды жасайды: «Мобильділікті зерттеген ғалымдардың бәрі әлеуметтік мобильділік ретінде қоғамның жалпы өзгергіштігін емес, индивидтердің бір әлеуметтік топтан екіншісіне орын ауыстыруы ретінде төсінген».

Батыс социологтарында орын ауыстыру процесі қоғамның экономикалық, саяси және әлеуметтік құрылымдарындағы өзгерістеріне өте сезімтал деген пікір қалыптасқан. Қоғамдағы кез келген өзгеріс әлеуметтік мобильділіктің жеделдігіне, көлеміне, бағытына әсер етеді. Батыс социологтары мобильділіктің саяси мінезбен, кәсіби ролдерді орындаумен, діншілдікпен, демографиялық мінезбен байланысты зерттеуге көп көңіл бөледі.

Әлеуметтік мобильділіктің түрлеріне сипаттама

Тік мобильділік. Тік мобильділікке индивидтің бір қабаттан басқа қабатқа өту кезінде пайда болатын қатынастар жатады. Социологиялық энциклопедиялық сөздікте көрсетілгендей «тік мобильділік индивидтің әлеуметтік иерархия жөйесінде оның әлеуметтік статусының өзгеруін қоса қамтитын орын ауыстыруына байланысты мобильділіктің төрі.»

П. Сорокин тік мобильділіктің мынадай жалпы белгілерін жасақтаған:

1. Әлеуметтік топтар абсолютті жабық, не оларда экономикалық, саяси және кәсіби бағыттағы тік мобильділік болмаған қоғамды көре алмаймыз;
2. Тік әлеуметтік мобильділік абсолютті еркін және бір әлеуметтік топтан екіншісіне өту ешқандай қарсылықсыз жөзеге асқан қоғам болған емес;
3. Тік мобильділіктің жеделдігі мен жалпылығы қоғамнан қоғамға, яғни кеңістікте өзгереді;
4. Тік мобильділіктің жеделдігі мен жалпылығы бір қоғамның шеңберінде әртөрлі тарихи кезеңде өзгеріп отырады;
5. Тік мобильділіктің көрінуінің өш төрінде де не өдеу не төмендеу бағытындағы тұрақты өзгерістер жоқ.

Тік мобильділіктің каналдарын «тік циркуляция каналдары» ретінде толық суреттеген де П. Сорокин болды. Оның айтуынша тік мобильділік барлық қоғамға, тіпті алғашқа қауымдық құрылысқа да тән болғандықтан

страталар арасында өте алмайтындай шекаралар жоқ. Олардың арасында индивидтер жоғары және төмен орын ауыстыра алатындай әртөрлі «қуыстар», «люфтер», «мембраналар» болады. Солардың ішінде П. Сорокин әлеуметтік циркуляция каналдары ретінде пайдаланылатын әлеуметтік институттарға – армияға, шіркеуге, отбасына, меншікке ерекше көңіл бөлді.

Армия әлеуметтік мобильділіктің каналы ретінде бейбіт жағдайда емес, көбіне соғыс жағдайында көрінеді. Ол кезде атағын көтерген адамдар бейбіт кезде де жеткен деңгейін одан әрі билікке, байлыққа жету үшін пайдаланады.

Шіркеу әлеуметтік мобильділік каналы ретінде адамдардың биікке көтерілуіне де, сондай ақ төмен жылжуына да бірдей деңгейде әсер етеді. Шіркеу арқылы билікке жеткен адамдардың ішінде орта таптың да, кедей таптың да өкілдері, тіпті құлдар қатарынан көтерілгендер де болғанын П. Сорокин өз зерттеуінде көрсетеді.

Тәрбие және білім беру институттары қандай нақты төрге ие болса да барлық ғасырда да әлеуметтік мобильділіктің қуатты каналы болып есептелді. АҚШ-та, ТМД елдерінде мектеп қоғамның барлық мөшелеріне қолы жете алатындай жағдайда. Бұндай қоғамдарда «әлеуметтік лифт» ең төменнен жылжиды, барлық қабаттардан өтеді және ең шыңына дейін жетеді.

Көптеген елдерде орта және жоғары оқу орындарына төсуге конкурстың көп болуы білімнің тік әлеуметтік мобильділіктің тез және қол жеткізе алатын каналы екенін көрсетеді.

Меншік жинаған байлық пен ақша төрінде айқын көрінеді. Тек солар ғана әлеуметтік жылжудың ең қарапайым және тиімді жолдарының бірі болып табылады. Европалық қоғамда ХУ-ХУІІІ ғасырларда ақша билік ете бастады. Жоғарғы жағдайға жету әлеуметтік шыққан тегіне емес, ақшаның барлығына, көлеміне байланысты болды. П. Сорокин кейбір мамандықтардың ғана байлық жинауға септік болатынын атап көрсетеді.

Егер әртөрлі әлеуметтік топтың өкілдері бірлесіп отбасылық одақ құрса, отбасы мен неке тік әлеуметтік циркуляцияның каналына айналады. Европалық қоғамда кедей, бірақ атағы бар адамның бай адаммен некесі өте жиі кездеседі. Нәтижесінде екеуі де өздеріне жетпей тұрған жағдайларына ие болып, әлеуметтік баспалдақ бойынша өрлеу бағытындағы тік мобильділікті жөзеге асырады. Кейде адамның шыққан әлеуметтік тегі атадан балаға мұра болып қалады деген көзқарас адамдардың әлеуметтік статусын өзгертуге кедергі болады. Өмірде көбінесе ата-ананың төмен статусы адамның сол деңгейде қалуына алып келеді. Отбасы әлеуметтік іріктеудің, әлеуметтік статусы және мұралықты анықтаудың негізгі механизміне айналды. Бай отбасыларының балаларына беретін мүмкіндіктері, әлеуметтік кепілдемелері өте көп. Қазіргі кезде отбасы қоғамның мөшелерін страталарға бөлудің институттарының біріне айналды.

Көлденең мобильділік. Егер жеке тұлға не адамдардың тобы қоғамда өзінің жағдайын, өзінің статусына әсер етпейтіндей өзгертсе, бұл жерде көлденең мобильділік туралы айта аламыз. Көлденең мобильділік индивидтің не

топтың әлеуметтік құрылымда әлеуметтік статусын өзгертпей орын ауыстыруына байланысты мобильділіктің төрі. Социологтар көлденең мобильділікке географиялық кеңістіктегі процестерді және бір топтан екінші топқа әлеуметтік жағдайын өзгертпей өту процестерін жатқызады. Сонымен әлеуметтік мобильділіктің бұл төрінде әлеуметтік топтар мен страталар өздерінің статусын төпкілікті өзгерте алмайды. Бірақ та жылжу барысында адам өзінің материалдық, әлеуметтік жағдайын өзгертуі мүмкін. Жағдайының жақсаруына байланысты оның әлеуметтік орны да өзгереді. Дегенмен ол сол өзінің тобында қала береді. Көлденең мобильділікте басқа да әлеуметтік процестер жөріп жатады. Мысалы, миграциялық процестің төрі ретінде ауыл мен қала тұрғындарының бір-біріне өтуі де көлденең мобильділікке жатады.

Н. Смелзер көлденең мобильділікті индивидтің статусының не өсуіне, не төмендеуіне алып келмейтін әлеуметтік жағдайының өзгерісі ретінде анықтайды, яғни көлденең мобильділікте адамның статусы сол қалыпында қалады. Тік мобильділікке қарағанда көлденең мобильділіктің көлемі кең. Егер әлеуметтік мобильділіктің деңгейі 70-80 пайыз болса, оның 70 пайызы көлденең мобильділік. Бұл жағдайдың себебі нақты тік не көлденең мобильділікке жатпайтын айқын емес сипаттағы орын ауыстырулардың болуы:

1. Қызмет, жалақы, еңбек жағдайы сияқты еңбек және экономикалық саладағы көрсеткіштерді әлеуметтік мобильділікті анықтауда қолдану қиын.
2. Көп жағдайда объективтік факторлардың, яғни адамның және оны қоршаған топтардың жұмыстағы және әлеуметтік-экономикалық жағдайды қабылдауының, оны әлеуметтік статусының өсуі не төмендеуі ретінде бағалауының өлкен маңызы бар.
3. Ішкі және сыртқы орын ауыстырулардың байланыстылығы және олардың әлеуметтік-психологиялық сипаты.
4. Жеке және топтық орын ауыстырулар. Топтық орын ауыстырулар әлеуметтік-экономикалық не әлеуметтік-психологиялық болады (топтық мінез-құлық, мода, келісім, еліктеу, қорқу.).
5. Бір кезектегі не өздіксіз қатынастар. Өрлеу және құлдырау мобильділігі. Өрлеу – адамның кәсіби және басқа да әлеуметтік жағдайына қарай өрлеуі, басқару баспалдағы бойынша әлеуметтік баспалдақтың жоғары шыңына жылжуы.

Құлдырау – адамның әлеуметтік иерархияның төбіне төсуі, яғни адамның әлеуметтік статусының төмендеуі.

Өрлеу мен құлдырау тік әлеуметтік мобильділіктің бағытын сипаттайды. Бұл жерде әлеуметтік мобильділіктің арақатынасы орын ауыстыру қадамы арқылы өлшенеді. Орын ауыстыру бір-екі қадам жоғары, төмен не тік және көлденең бағытта жөзеге асуы мүмкін. Өрлеу мен құлдыраудың арасында белгілі ассимметрия бар:

1. адамдардың бәрі әлеуметтік баспалдақ бойынша көтерілуге ұмтылады, баспалдақтың төбіне төскісі келмейді;

2. өрлеу адамның өзінің қалауымен, құлдырау адамды мәжбүр ету сипатында жөзеге асады;

Өрлеу тік мобильділіктің бағыты ретінде әлеуметтік құрылымдағы төбірлі өзгерістерге байланысты. Ол өзгерістер тұлғаның өзгеруіне де алып келеді. Өрлеудің мақсаты – басқа адамдарға не әлеуметтік топқа әсер етудің өлкен мөмкіндіктерін жасақтау, еркіндіктің, биліктің өлкен ауқымына жету, өзінің әлеуметтік жағдайын жақсарту. Адамның әлеуметтік баспалдақ бойынша өрлеуі екі бағытта өтеді:

- индивидтің төменгі қабаттан оған қарағанда жоғары қабатқа енуі;
- жоғары қабатқа орын ауыстырған индивидтердің жаңа топты қалыптастыруы және әлеуметтік топтың тұтасымен жоғары қабатқа өтуі.

Құлдырау екі төрлі бағытта жөзеге асырылады:

- индивидтің өзінің төпкілікті шыққан тобын бұзбастан жоғары әлеуметтік тұғырдан төменгі тұғырға құлдырауы;
- әлеуметтік топтың тұтас деградациясы, басқа әлеуметтік топтармен салыстырғанда сол топтың әлеуметтік бірлігінің бұзылуы.

Құлдырау мобильділігінің себептері: мансаптық өсудегі шектердің, кедергілердің болуы; бәсеке дарындылардың өсуіне алып келеді, бұл жұмыс орнын толықтыру мәселесін жеңілдетеді; жұмыс орнына деген бәсеке жалақының өсуіне алып келмейді; алға жылжу болашағының мөмкіндігінің төмендігі жұмыскердің қосымша жұмыс іздеуіне алып келеді.

Жеке және топтық мобильділік. Топтық мобильділік дегеніміз нақты әлеуметтік топтың жағдайының өзгеруі (жалақы, бедел, білім). «Топтық мобильділік» деген төсінік тұтас таптың не сословиенің, стратаның маңыздылығы не өсетін, не төмендейтін қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерді сипаттайды. Сондықтан да, топтық мобильділік топтың көтерілуіне (төмендеуіне), циркуляциясына(жаңаруына) алып келетін терең әлеуметтік өзгерістерге байланысты бола отырып көрделі стратификациялық өзгерістерге алып келеді. Әлеуметтік орын ауыстырулар көрделі бейімделу процесімен, топтың әлеуметтік иерархиядағы жаңа әлеуметтік статусқа көтерілуімен қатар жөреді. Топтық мобильділік белгілі топтың, таптың, кастаның, стратаның қоғамдық маңыздылығы өскен не төмендеген жағдайда жөзеге асады.

II. Сорокин ауқымды тарихи деректер негізінде көрсеткендей топтық мобильділіктің себептері мыналар:

- әлеуметтік революциялар;
- шетелдік интервенция;
- мемлекет аралық соғыстар;
- азамат соғыстары;
- әскери төңкерістер;
- саяси режимдердің ауысуы;
- ескі конституцияны жаңа конституциямен айырбастау.
- шаруалар көтерілістері.

- аристократиялық тайпалар арасындағы өзара қақтығыс;
- империя құру.

Сонымен қатар бұл процеске стратификациялық жөйенің өзіндегі өзгерістер де тікелей әсер етеді. Тік топтық орын ауыстырулар экономиканы құрылымдық қайта құру кезінде жедел жөзеге асырылады. Жаңа беделді, жоғары ақы төленетін әлеуметтік топтардың пайда болуы әлеуметтік иерархиялық баспалдақпен бұқаралық жылжумен сәйкес келеді. Мамандықтың статусының төмендеуі, кейбір мамандықтардың жойылып кетуі төменге қарай құлдырауға ғана емес, маргиналдық топтардың пайда болуына алып келеді. Экономикалық қайта құру, дағдарыстар кезінде тек жеке тұлғалардың ғана емес топтың құлдырау барысындағы орын ауыстыруына себеп болады. Оған әсер ететін халықтың материалдық жағдайының төмендеуі, жұмыссыздықтың өсуі, әртөрлі кәсіби топтардың табыс деңгейіндегі алшақтық, кәсіпорындардың тиімсіз жұмыс атқаруы.

Тік бағыттағы топтық орын ауыстырулар қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымындағы терең, көрделі өзгерістерге, қоғамдағы идеологиялық бағдардың, құндылықтар мен нормалардың өзгеруіне байланысты.

Индивидтің стратификациялық жүйедегі жағдайының өзгеруі әлеуметтік мобильділіктің жеке түріне жатады. Н. Смелзердің айтуынша бұндай өзгерістер үш түрлі факторға байланысты:

1. тік және көлденең мобильділікке;
2. әлеуметтік құрылымның қайта ұйымдастырылуына;
3. жаңа стратификациялық жөйені енгізуге;

Жеке мобильділік индивидтің сол уақыттағы өзі мәше әлеуметтік топтың жылжуына тәуелсіз әлеуметтік баспалдақ бойынша жоғары не төмен орын ауыстыруын сипаттайды. Жеке мобильділікке әке-шешесінің мамандығы мен қызметі емес, баланың оқудағы жеке жетістіктері көп әсер етеді. Индивидтің білімі жоғары болған сайын, оның әлеуметтік баспалдақ бойынша жоғары көтерілуіне мөмкіндігі мол. П. Сорокиннің мынадай тұжырымының маңызы әлі де сақталуда: «Көп жағдайда адамдар өзінің еңбек карьерасын әке-шешесінің жеткен әлеуметтік деңгейінде бастайды және олардың шағын бөлігі ғана мәнді төрде алға жылжу мөмкіндігіне ие болады». Яғни, адамдардың көбі өмір бойына әлеуметтік баспалдақ бойынша бір баспалдақ жоғары не бір баспалдақ төмен жылжиды. Адамдардың шағын тобының ғана бірнеше баспадан секіруге мөмкіндігі болады. Мысалы, жұмысшы табынан орта тапқа американдықтардың 10 пайызы, жапондықтар мен голландықтардың 7 пайызы, ағылшындардың 9 пайызы, француздардың, немістердің, дачандардың 1 пайызы ғана ауыса алды.

Жеке әлеуметтік мобильділіктің себептеріне мына факторларды жатқызамыз:

- отбасының әлеуметтік статусы;
- білім деңгейі;
- ұлты;

- физикалық және ой қабілеті, сыртқы сипаты;
- тәрбие;
- елді мекен;
- тиімді неке.

Мобильді индивидтер мамандануды бір топта бастап екінші топта аяқтайды. Адамның жеке мобильдігінің екі түрі бар:

1. Еркін орын ауыстыру ретіндегі мобильділік, болмаса индивидтердің әлеуметтік иерархия шеңберінде циркуляциясы;
2. Құрылымдық өзгерістер әсер ететін мобильділік. (индустриалдандыру және демографиялық факторлар.)

Әлеуметтік мобильділіктің бірі – мамандықты ауыстыруға байланысты жөзеге асатын кәсіби мобильділік. Кәсіби мобильділік деп адамның әлеуметтік статусының өзгеруіне не сақталуына алып келетін мамандықты өзгертуді не ауыстыруды айтамыз. Мобильділіктің бұл түрі кәсіби топтағы сандық және сапалық өзгерістерге, кәсіби жүйенің қайта жанаруына алып келеді.

Батыс социологтары кәсіби мобильділікті индивидтердің тұрақты функционалдық орындарға орналасуындағы өзгерістер ретінде, ал кейбір ғалымдар функционалдық орынның да, индивидтердің орналасуының да өзгеруі ретінде түсінеді.

Кәсіби мобильділіктің индикаторы ретінде жұмыстың төрлері және мамандық алынады. Сонымен қатар табыс, бедел, мамандану, т. б. белгілерді де кең қолдануға болады. Неміс социологтары Ф. Фюрстенберг, К. Болтье, Х. Босетский, т. б. кәсіби әлеуметтік құрылымның өзгеруіне алып келеді. Кәсіби мобильділіктің нәтижесінде қоғамның кәсіби, аймақтық құрылымы өзгереді.

Кәсіби мобильділік кәсіби құрылым мен экономикалық құрылымның элементтері арасындағы сәйкестікті орнату құралы ретін де қарастырылады. Жұмысшылардың қозғалысы белгілі бір жұмыс көшіне деген сұранысты және мамандануды анықтауды, жұмысшылардың жеке сұраныстарын қамтамасыз етуді жөзеге асырады. Кәсіби мобильділік еңбек мамұнының функционалдық, сапалық өзгерістеріне, жұмыс көшінің сандық және сапалық сипаттамасына, мамандықтардың жойылуы мен пайда болуына негізделеді. Сондықтан мобильділіктің бұл түрі мамандықты, жұмысты және жұмысшылардың функцияларын өзгертуді қажет етеді.

Кәсіби мобильділіктің сапалық сипаттамасы орын ауыстыру тәсілін, мобильділікке әртүрлі әлеуметтік институттардың, құндылықтардың, қоғамдық сана-сезімнің қалыптарының және уақыт шектерінің әсерін қамтиды. Кәсіби орын ауыстырулардың маңызды белгілері:

- кәсіби орын ауыстырулардың объективтік бағыттарының динамикасы, өзгергіштігі;
- кәсіби орын ауыстырушылардың негізгі құрамының тұрақсыздығы, икемділігі;

- адамдардың өмірлік жоспарларынан көрінетін кәсіби бағдарларының жылжымалылығы;
- кәсіби орын ауыстыруларды басқару құралдарын таңдаудың өртүрлілігі және тиімділігі.

Кәсіби мобильділік және оның қарқыны, бағыты адамның мамандыққа деген қатынасына, мамандықтың беделінің өзгеруіне, жеке тұлғалық мотивациялық факторларға тығыз байланысты. Бұл тұрғыда мобильділіктің бұл түрі әлеуметтік мобильділіктің басқа түрлерімен өзара байланыста көрінеді. Бір кәсіби саладан екінші кәсіби салаға орын ауыстыру әлеуметтік-экономикалық факторлардың нәтижесінде адамның өзінің қалауы бойынша не адамның қалауынан тыс, яғни мәжбүр ету жағдайында жүзеге асады:

- А) өртүрлі мамандықтар бойынша мамандарға деген сұраныстың құрылымының өзгеруі.
- Ә) экономиканың салаларын қайта құру.
- Б) еңбек мазмұнының өзгеруі.
- В) бюджеттік саладағы қаржыландырудың қысқаруы, ұйым жұмысшыларының өмір сөру деңгейінің көрт төмендеуі.

Кәсіби мобильділікке қатысушы адамдар ішінде екі топты бөліп көрсетуге болады:

Бірінші топқа өз еріктерімен жұмыстан кетіп, өзінің бұрынғы мамандығын өзгерту туралы шешім қабылдағандар жатады.

Екінші топқа өз қызмет саласында едәуір жетістікке жеткен мамандар кіреді. Олар өз мамандығынан басқа мамандыққа ауысуды жоспарламайды, бірақ екінші мамандық бойынша білім алушылар және мамандықтың екі түрі бойынша да қызмет атқарушылар.

Әлеуметтік құрылымның даму болашағы

Қоғамның әлеуметтік құрылымын зерттеуде қазіргі кезде К. Маркс негіздеген және Совет Одағы шеңберінде орнаған таптық теорияның орнына әлеуметтік стратификация теориясы, яғни адамдарды шыққан тегі, білімі, мамандығы, билікке араласуы, материалдық жағдайы, т. б. белгілеріне қарай жіктеу, теориясы кеңінен қолданылады. Дегенмен, бұл белгілердің маңызы, ерекшеліктері дамыған елдер мен дамушы елдерде өр деңгейде қолданылады. Мысалы, американдық қоғамда орта тапқа жататын адамды Қазақстанда ең бай таптың өкілі ретінде санауға, керісінше, біздің қоғамдағы орта таптың өкілі шетелдік өлшем бойынша кедей тапқа жатқызылады.

Стартификациялық жүйедегі индивидтің жағдайының өзгеруі үш фактордың әсері негізінде жөзеге асады:

1. Тік мобильділік индивидтің әлеуметтік статусының өзгеруіне алып келеді, адамның өмірлік орын ауыстыруларының динамикасын көрсетеді. Қазақстандық қоғамда тік мобильділіктің қадамдары қысқарып, көптеген кедергілер алынып тасталғаны өрлеу және құлдырау бағытындағы орын ауыстырулардың қарқынына, жеделдігіне әсер етуде. Бір жағынан әлеуметтік топ салыстырмалы төрде жабық, өзінің ауқымы болғанымен, екінші жағынан, жеке меншіктің әрекет етуі, қоғамда нарықтық қатынастарға деген бағыттылық әлеуметтік мобильділіктің жаңа бағыттарының пайда болуына

әсер етті. Оларға жұмыспен қамту орталықтарын, еңбек биржаларын, адамның өзін-өзі жұмыспен қамтуын, екінші кезектегі, яғни қосымша жұмыспен қамтылуы, екі жұмысты бірдей алып жөрүін, т. б. айтамыз.

2. Әлеуметтік жүйенің қайта құрылуы. Қоғамның дамуының бір кезеңіндегі ғылыми-техникалық прогрестің дамуының нәтижесінде алдыңғы қатарлы өзгерістерді жөзеге асыру жаңа мамандықтардың пайда болуына, мамандықтардың беделінің өзгеруіне алып келеді. Әлеуметтік жүйедегі өзгеріс тұрғындардың бір бөлігінің әлеуметтік мобильділікке деген қызығушылықтарын туғызады. Әсіресе еңбек етуге қабілетті адамдардан қоғамдағы өзгерістер тез бейімделуді, икемділікті, жоғары белсенділікті қажет етеді. Осы кезде адамдардың бір бөлігі жасына, керекті, беделді мамандықты игеруіне, қабілетіне қарай әлеуметтік мобильділіктің басына қарай тоқырау кезеңіне қарағанда жедел шықса, адамдардың бір бөлігі әлеуметтік құрылымдағы өзінің статусынан айырылмауға, қалай да өзінің әлеуметтік топқа мүшелігін сақтап қалуға ұмтылады. Бұл топ қоғамдағы ескі әлеуметтік құрылымның негізін әлі де болса сақтауға, жаңа әлеуметтік құрылымның осы негізде біртіндеп қалыптасуына алып келді. Адамдардың үшінші тобы, жаңа демократия жағдайындағы еркіндікті қалай пайдалануға бейімделе алмағандықтан, нарықтық қатынастың талаптарына ілесе алмағандықтан және жұмыс орындарының қысқаруы, жеке меншікке ауысуынан әлеуметтік баспалдақтың түбіне қарай күлдырауда.

3. Стартификацияның жаңа түрін енгізу әлеуметтік құрылымдағы ауқымды өзгерістердің әсерінен қалыптасады. Қазақстан қоғамындағы ауқымды өзгерістер 1990-шы жылдардағы тәуелсіздік пен дербес ұлттық мемлекеттің пайда болуына байланысты. Демократиялық бағыттағы азаматтық қоғамды орнату қоғамның барлық салаларындағы түбірлі реформалар негізінде жөзеге асырылуда. Осы өзгерістердің нәтижесінде он жыл ішінде нарықтық қатынастарға негізделген экономиканың мемлекеттік секторымен қатар жеке меншікке негізделген шаруашылық құрылымдар қалыптасты. Осы негізде бизнес-элита, бай, орта, кедей топтар пайда болып, адамдар арасындағы әлеуметтік жіктің өсе түсуіне алып келді. Саяси құрылымда жаңа саяси институттар және саяси топтар мен старталар қалыптасты. Білім жүйесіндегі өзгерістер де адамдардың әлеуметтік топқа мүше болуына, өзінің статусын сақтауға, алға жылжуға мүмкіндіктерді өсіре түсумен қатар, жоғары білім алу, маманға қойылатын талап өсе түсуде.

4. Аталған өзгерістердің бәрі табысқа, жалақы мөлшеріне, мөлік, жеке кәсіпорын, автокөлік, акция, т. б. негізделуде. Стратификациялық белгілердің ішінде табыс деңгейі қазіргі кезде адамның тік өрлеу мобильдігінің бірден-бір параметрі болуда. Тіпті, орта тапқа ерудің өзі кәсіпкерлікпен айналысуға мүмкіндік беретін алғашқы капиталдың болуына негізделеді. Болашақ әлеуметтік құрылымдағы басым топ осы орта тап болуы керек. Қазіргі кезеңдегі шағын және орта бизнестің дамуына, кедейліктің деңгейін төмендетуге бағытталған өкіметтің саясатының да мақсаты осы орта топтың қалыптасуына жағдай жасауға бағытталған. Әлеуметтік өзгерістер сонымен қатар Қазақстанда проблемалық топтардың қалыптасуына, көптеген

адамдардың әлеуметтік жағдайының төмендеуіне алып келді. Жұмыссыздар, жас балалы жалғыз басты аналар, мүгедектер, зейнеткерлер, қоғамдық өмірге енді араласып жатқан жастар қазіргі кезде өкімет, бизнес саласындағы адамдардан әлеуметтік қамқорлықты, әлеуметтік қорғауды қажет етеді. Бұл құбылыс әлеуметтік құрылымда жаңа топ ретінде әлеуметтік қызметкерлер тобының қалыптасын қажет етеді. Қазіргі кезде біздің қоғамда осы бағытта жұмыстар жасалуда.

III Социологиядағы теңдік және теңсіздік мәселелері

Әлеуметтік айырмашылық және әлеуметтік теңсіздік мәселелері социологияның дамуының барлық кезеңінде негізгі мәселе ретінде қарастырылды. Стратификация адамдар арасындағы нақты әлеуметтік айырмашылықтар иерархиялық рангілеу сипатына ие болады. Әлеуметтік стратификация адамдар топтарын иерархия бойынша бөлетін жүйе.

Стратификациялық жүйелердің типтері және теңсіздік

Жүйелердің типтері	Жіктеу негіздері	Айырмашылықтарды айыру тәсілдері
1. физикалық-генетикалық.	Жыныс, жаст, физикалық мағлұматтар	Физикалық мәжбүрлеу, дәстүрлер
2. құлдық	Азаматтық пен меншік құқығы	Әскери мәжбүрлеу, құлдық құқық
3. касталық.	Діни және этникалық еңбек бөлінісі	Діни ритуал, этникалық томаға тұйықтық
4. сословиелік	Мемлекет алдындағы борыштар	Құқықтық безендіру
5. этакратиялық.	Биліктік иерархиядағы рангалар	Әскери-саяси үстемдік
6. әлеуметтік-кәсіби	Еңбек түрі мен мамандану	Білімдік сертификаттар
7. таптық.	Табыс және меншік көлемі	Нарықтық айырбас
8. мәдени-рәміздік.	Сакральдық білім	Діни, ғылыми, идеологиялық пайдалану
9. мәдени-нормативтік.	Мінез-құлық нормалары, өмір сүру стилі	Моралдық реттеу, еліктеу
10.		

Әлеуметтік теңдіктің келесі түрлерін көрсетуге болады:

1. жеке теңдік.
2. алға қойған мақсатқа жету мүмкіндіктерінің теңдігі.
3. өмір сүру жағдайларының теңдігі.
4. нәтижелер теңдігі.

Теңсіздіктің құрылымын билік, менешік, мәртебе құрайды. Теңсіздік ретінде әлеуметтік топтардың экономикалық ресурстарға, әлеуметтік байлыққа, саяси билікке бірдей қол жеткізіле алмауын айтады. Теңсіздік барлық қоғамға тән құбылыс. Теңсіздікті өлшеу үшін екі өлшем қолданылады. Олар байлық пен табыс. Социологтар тұрғындардың әртүрлі топтарының өмірлік қадамдары мен мүмкіндіктерінің бірдей емес екенін дәлелдеді. Олар азық-түлікті, киімді, тұрғын үйді және т.б. әртүрлі мөлшерде және сапада сатып алады. Ақшасы көп адамдар жайлы үйде тұрады, қымбат көлік сатып алады, өздеріне қымбат демалыс ұйымдастыра алады. Сонымен қатар бұл топтың көзге көрінбейтін де артықшылықтары бар. Кедейлердің өмірі қысқа, балаларының білім деңгейі төмен. Әлеуметтік теңсіздік гендерлік және нәсілдік стратификациядан да айқын көрінеді. Табыс мөлшері тең болғанның өзінде қара және қоңыр нәсіл өкілдерінің балаларының өмірлік мүмкіндіктері ақ нәсіл өкілдерінің балаларына қарағанда төмен болады.

Теңдіктің үш мағынасы бар. 1) заң алдындағы теңдік, Жария (ресми) теңдік – азаматтардың заң алдындағы теңдігімен көрінеді; 2) мүмкіндіктер теңдігі – әрбір адам өзінің орны мен қабілеттеріне қарай өмірде барлығына бірдей қол жеткізуге мүмкіндігі бар. Бұл жерде адамдардың әртүрлі нәтижеге ие болатын себебі олардың әлеуметтік мобильділігіндегі қиындықтарға, жағдайдың қолайлы болмауына, еңбегін өз дәрежесінде мойындамауын, өмірлік бастаманың теңсіздігіне байланысты. 3) нәтижелер теңдігі – Дарындылығына, жігеріне, қабілеттеріне қарамастан әрбір адам бірдей старттық мүмкіндіктерге ие болуы керек. Ф. Хайектің айтуынша, мүмкіндіктер теңдігі мен нәтижелер теңдігінің бірігуі заң алдындағы теңдікті жояды. Себебі, нәтижелер теңдігіне жету үшін адамдардың заң алдындағы теңдігін бұзуға, меншігі барлар мен меншігі жоқтарға әртүрлі ережелер қабылдауға тура келеді. Ф. Хайектің пайымдауынша, заң алдындағы теңдіктің бұзылуы әдейі болмауы да мүмкін. Мысалы, зейнеткерлер, мүгедектер мен әйелдер еңбекке қатысты тең емес мүмкіндіктер мен қабілеттерге ие. Сондықтан оларға артықшылықтар мен жеңілдіктер берілмесе олардың өмір сүру мүмкіндіктері күрт төмендейді. М. Вебердің пікірінше алғашқы қауымдық құрылыстан басқа қоғамдардың бәрі теңсіздіктің үш типімен сипатталады. Олар марапаттау теңсіздігі, статустар теңсіздігі, саяси билікке қол жеткізу теңсіздігі.

1. Теңсіздікті өлшеу мәселесі

Теңсіздік теориялары ерте грек философтарынан бастап К. Маркстің, Г. Спенсердің, М. Вебердің таптар теориясынан бастау алады. К. Маркс теңсіздіктің негізі тап күресінде, жеке меншік негізінде антогонистік

таптардың билікке, байлыққа байланысты иерархиясында деп түсіндіреді. Г. Спенсер ішкі жіктелудің өсуі идеясын ұсынады. Адамзат мәңгілік үстемдік ету мен бағыну қатынастары жағдайында болады. Австралия социологы Л. Гумпович әлеуметтік теңсіздік теориясының өалыптасуына едәуір үлес қосты. Оның пайымдауынша өзара әрекет процесінде күшті элемент өзінен әлсіз элементті өзіне жұмыс ету және сұраныстарын қамтамасыз ету мақсатында өзіне бағындыруға тырысады. Сондықтан да Л. Гумпович тап дегеніміз күшті, дарынды нәсілдің әлсіз нәсілге үстемдігінің табиғи пайда болуы ретінде пайымдайды. Неміс ғалымы Г. Шмоллер таптар арасындағы айырманың көп өлшемдігі теориясын ұсынады. Ондай өлшемдерге мамандық, еңбек қызметі, иеліктер, білім, саяси құқықтар, психология, нәсіл жатады. Г. Шмоллер үшін меншік пен табыстардың тең бөлінбеуі еңбек бөлінісі мен мамандықтардың пайда болуының нәтижесі. Жалдамалы жұмысшылар мен кәсіпкерлер арасындағы негізгі қарама қайшылық меншік пен табыстың көлемінде емес, еңбек бөлінісінде,- деп санады ғалым. Таптық иерархия қоғамдық прогрестің стимулы, бұл әр таптың жоғары баспалдаққа көтерілуге деген талпынысына қозғау салады. Г. Шмоллер күштілердің, өмір сүруге икемділердің және белсенділердің үстемдігін жақтады. М. Вебер меншікті, билікті, мәртебені кез келген қоғамның иерархиясының негізіне жататын үш жеке өзара әрекет етуші фактор ретінде қарастырды. Ол үшін меншікке деген қатынас адамның өмірлік мүмкіндіктерін жіктеуші негізгі фактор болып табылады. Нарықта адамдар өртүрлі орынға, өртүрлі таптық жағдайға ие болады. Бұнда бөрі сатады және сатып алады. Біреулер товарлар, қызмет көрсету түрлерін, екіншілері өзінің жұмыс күшін сатады. Айырмашылық біреулер меншікке иелік етсе, екіншілеріде меншік жоқ. М. Вебер бойынша меншік иелері «оң артықшылықтары бар тап», меншігі, мамандығы жоқ тап «кері артықшылықтары бар тап» деп бөлінеді. Ол таптар арасындағы ресурстарды бөлуге байланысты қақтығыстар кез келген қоғамның табиғи сипаты болып табылады. Үстемдік ету заңы объективтік технологиялық заң болып табылады.

Теңсіздік қоғамдағы ақшаның, биліктің, білімнің және мәртебенің тұрғындардың топтары мен страталары арасында тең бөлінбеуінен және қол жеткізе алмауынан көрінеді. Егер байлық жоғары таптың белгісі болса, табыс қоғамның барлық қабаттарын сипаттайды. Жалақыны қоғамдық өндірісте жұмыс атқаратын жалдамалы қызметкерлер жатады. Байлар, барлық меншік иелері сияқты жалдамалы қызметкерлерге жатпайды. Шағын меншік иелері өзін өзі жұмыспен қамтамасыз етушілерге жатады. Жалдамалы жұмысшыларға қайыршылар да жатпайды. Әлеуметтік теңсіздіктің мәні тұрғындардың өртүрлі топтарының әлеуметтік маңызды құндылықтарға қол жеткізудің бірдей еместігінде. Экономикалық теңсіздіктің мәні қоғамның аз бөлігінің ұлттық байлықтың үлкен бөлігін иемденуінде. Табыстардың, оларды әлеуметтік топтар арасында бөлу приамидасына сәйкес теңсіздікті ромб не конус түрінде бейнелеуге болады. Нәтижесінде стратификацияның, яғни теңсіздіктің профилін көреміз.

Теңсіздікті өлшеудің кең тарған және жеңіл түрі - қоғамдағы ең төмен және ең жоғары табыс деңгеймен салыстыру. П. Сорокин осы тәсіл арқылы әр түрлі елдердегі және әртүрлі тарихи дәуірлерді салыстырды. Кросс тарихи және кросс мәдени талдау макро социологияда кең қолданылады.

Г. Ленский теориясы бойынша теңсіздік алғашқы қауымдық құрылыста аз деңгейде, аграрлық қоғамдарда жоғары деңгейде орын алса, өндірістік қоғамдарда қайтадан қысқарады. Бұл процесті ғалым өндірістік қоғамдардағы басқарушыларда биліктің аз шоғырлануымен, демократиялық үкіметтің болуымен, әлеуметтік мобильділіктің жоғары деңгейімен және дамыған әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесінің қызмет етуімен түсіндіреді.

К. Маркстің теңсіздікке көзқарасы Г. Ленскийдің пікіріне қарағанда басқаша. Оның пікірінше теңсіздік алғашқы қауымдық қоғам кезіндегі минимальдық деңгейден қоғам дамыған сайын максимальдық деңгейге жетеді. К. Маркс теориясын теңсіздіктің эскалациясы деуге болады. Оның пролетариаттың абсолюттік және салыстырмалы қайыршылануы теориясы бойынша байлар баии түседі, кедейлер кедейлене түседі.

П. Сорокин стратификацияның экономикалық, кәсіби, саяси түрлерін бөліп сипаттайды. Оның айтуынша стратификация теңсіздікке, яғни құқықтар мен артықшылықтардың, жауапкершіліктер мен міндеттердің, билік пен ықпал етудің тең бөлінбеуіне негізделеді. Кедейлер мен байлар өздерінің табысы, мәртебесі, қызмет түрі, саяси салмағы тұрғысынан тең емес. Басқа сөзбен айтқанда, қоғамдық иерархиясы тұрғысынан алғанда олар әр деңгейде. Оның айтуынша қоғамның баю кезеңдері кедейлену кезеңдерімен ауысып отырады. Маркске қарама қарсы П. Сорокин адамзат тарихында теңсіздіктің үнемі өсуі не төмендеуі жоқ деп пайымдайды.

Теңсіздікті өлшеудің тағы бір әдісі азық-түлікке жұмсалатын отбасылық табыс мөлшерінің үлес салмағын талдау болып табылады. Байлар азық түлікке табысының тек 5-7 % жұмсайды екен. . Энгель заңы бойынша индивид кедей болған сайын оның табысының басым бөлігі азық түлікке жұмсалады. Бұл заң бойынша отбасының табысы артқан сайын азық түлікке деген шығын артады, бірақ отбасының басқа шығындарына қарағанда олар азаяды, мәдени қажеттіліктерді өтеуге деген шығындар күрт өседі. ХХ ғасырдың 60-70 жылдарында қалыптасқан Швабе заңы бойынша отбасы кедей болған сайын оның тұрғын үйге арналған шығындары жоғары болады. Ал Райт заңы бойынша табыс жоғары болған сайын қор жинау деңгейі жоғары.

К. Дэвис және У. Мур әлеуметтік теңсіздікті әлеуметтік стратификацияның оң функция атқаратын қажетті бөлігі ретінде жақтады. Олардың пайымдауынша стратификация дегеніміз материалдық құндылықтардың, билік функцияларының тұғырдың функционалдық маңыздылығына қарай тең бөлінбеуі. Тұғырдың маңыздылығы оны тұлғаның әлеуметтік әрекет субъектісі ретінде бағалауымен және қоғамның өзінің бағалауымен анықталады. К. Дэвис және У. Мурдың ойынша әрбір қоғам, қарапайымдылығына не күрделілігіне қарамастан адамдарды мәртебесіне және құрметтелуіне қарай жіктеуі керек. Қоғамда теңсіздіктің

институционалданған анықтаған деңгейінің болуы қалыпты жағдай. Олардың пайымдауынша әлеуметтік теңсіздік табиғи эволюцияланған механизм болып есептеледі және сол арқылы қоғамның мамандығы жоғары кадрлардың маңызды тұғырларға жылжуы жүзеге асырылады. Дегенмен, қоғам үшін тұғырлардың қайсысының маңызды екенін анақтау оңай емес. Сондықтан да, К. Дэвис және У. Мур қоғам күзіретінде біріншіден, нақты пайдалар болуы керек, екіншіден, пайдаларды адамдардың алатын әлеуметтік орындарына қарай тең бөлмеудің нақты тәсілдері болуы керек екенін ұсынады. Функционалдық тұрғыдан маңызды орындар өзіне сәйкес марапатқа ие болуы принципі аталған теорияның сипатты белгісі. Теңсіздіктің функционалдық теориясының негізінде К. Дэвис және У. Мур әлеуметтік стратификацияның мынадай принциптерін ұсынады:

- 1) тең мүмкіндіктер принципі;
- 2) ең қабілеттілердің қалуы принципі;
- 3) психологиялық детерминизм, яғни еңбектегі жетістік мотивация, табысқа жетуге деген сұраныс, интеллект және т.б.. арқылы анықталады.
- 4) еңбек этикасы принципі. Жоғары басқарушылық орныдарды ең қабілетті, жоғары маманданған адамдар ғана ие болуы керек. Иерархиядағы орын жоғары болған сайын оны иемденетін адамның біліктілігі де, шешім қабылдаудағы жауапкершілігі де жоғары болуы керек. К. Дэвис және У. Мурдың теориясы әлеуметтік теңсіздіктің оң және теріс салдарларын түсіндіруге бағытталған.

IV Қазіргі кездегі миграция мәселелері

Қазіргі қоғамдағы көші-қон үрдістерінің артуы

Көші-қон мағынасы дүниежүзінде болып жатқан әлеуметтік өзгерістердің нәтижесі ретінде дүниежүзінің белгіленген елдері мен аймақтарына халықаралық мигранттардың шоғырлану деректері баяндалады. БҰҰ осы категорияның адамдарының 90% әртүрлі 55 елде мекендейтіндігін көрсетеді. Көші-қон ағымының векторы нашар дамыған елдерден едәуір дамыған елдерге қарай бағытталған. Нәтижесінде көші-қон факторы тұрғылықты халықтың санының 4,6% келімсектер құрайтын елдерге қатты әсер етеді, сондай-ақ дамыған елдерде – 1,6% аспайды. Келімсектердің ең жоғары үлесі Мұхиттарда (17,8%), Солтүстік Америкада (8,6%) және Батыс Европада (6,1%) шоғырланған. Келімсек халықтың үлесінің жоғары дәрежеде шоғырлануы елдегі әлеуметтік қатынастарға, мәдениетке, ұлттық сәйкестікке және саясатқа кері әсерін тигізеді. XXғ. екінші жартысында олардың көші-қонды жете бағаламаушылығы «иммиграциялық экспансияның» кеңеюі мәдени және этникалық әртүрлі қоғамды құрумен аяқтауына әкеліп соқтырады.

Сонымен қатар көші-қон үрдістері әлеуметтік өзгерістердің факторы секілді өзінің халқының бөлігін жоғалтқан елдерге септігін тигізеді. Бұл жерде еңбек ресурстарының жетіспеушілігі едәуір елеулі болады, құрамынан едәуір дені сау, жас мамандандырылған дайындалған азаматтарды алып

тастау арқылы халықтың жыныстық жас құрылымы өзгереді. Әрине, бұл үрдістер еңбек ресурстарының жетіспеушілігін туғызып қана қоймай, сондай-ақ өмірге және эмигранттар отбасының күнделікті өміріне және олардың әлеуметтік қоршаған ортаға қолайсыз өзгеріс енгізеді.

Халықтың көпшілігін уақытша, циклдік және қайталама орын алмастыруын туғызатын көші-қон үрдістерінің қарқындылығының артуы; жаңа ақпараттық технологиялар арқылы тұрақты байланыс планетаның әртүрлі аймақтарында «ұлтаралық қауымның» пайда болуына және өрістеуіне әкеліп соқтырған. Бұл қарқындылығы қандай-да бір нақты территориялық қалыптасумен анықталмайтын ерекше әлеуметтік топтарды құрады. Бұл жағдай – белгілі бір мемлекеттің құрамына қандай-да бір мигранттың жататындығы туралы дәстүрлі пікірлердің қуатты туындауы болып табылады; ол көбінесе дүниежүзіндегі ғаламдық үрдістердің негізі ретінде қарастырылады. Халықтың құбылмалылығы өзіндік әлеуметтік және мәдени сипатта едәуір әр қилы бола отырып, көлеммен арта беретіндігі туралы айтуға барлық негіз. Еш күмәнсіз ғаламдық дүниежүзінде көші-қон басталатын ғасырдағы әлеуметтік ландшафты қалыптастыратын едәуір әрекетті қозғалатын күштің бірі болады. Бір жағынан, көші-қон үрдістері бүгінгі таңда ғаламдық байланысқа ұлттық экономика және жеке бірлестіктердің ену нәтижесі болып табылады, екінші жағынан – олар келімсектерді қабылдау және шығару елдері секілді әлеуметтік қалыптасуға түрті болушы ретінде қарастырылуы мүмкін. Олардың әсер етуімен, Энтони Гидденстің бекітуі бойынша кеңістік әлеуметтік қарым-қатынастар өзгере бастады.

Сәйкесінше көші-қон механизмдері мен беталыстарын жан-жақты танудың қажеттігі қазіргі таңда әдеттен тыс артқан және көптеген ғылыми ілім салатарының өкілдерінің қадалған назарын ескертеді. Оны дефографтар, әлеуметтік антропологтар, тарихшылар, саясатшылар, құқықтанушылар, әлеуметтік психологтар зерттейді. Социологтарға келетін болсақ, онда олар ешқашан көші-қон ілімін зерттеуде шетте қалмаған. Бұл проблемалы-тақырыптық бағытта перспективті зерттеулер жүргізілуде, шетелде және Қазақстанда бірнеше қызықты ғылыми жұмыстар жариялануда.

Көші-қонның экономикалық және заңды зерттеулерінде әдетте күрделі құбылыстың субъективті жақтары зерттелмейді (мысалы, көші-қон субъектілерінің топтық ынтымақтастығының дамуы, мінез-құлық мотивациясы және т.б.). Әлеуметтік топтар мен көші-қон отбасыларының стратегиялары мен қажеттіліктеріне негізделген ұжымдық әрекет ретінде көші-қонның мәні көлеңкеде қалып кетеді. Тек экономикалық теориялардың постулаттарына ғана сүйенетін және адамдардың топтық және жаппай мінез-құлық психологиясын ескермейтін, төтенше жағдайда орын алатын «тіршілік ету стратегиясының» рационализмі зерттеушінің ой-өрісіне теріс әсер етеді. Сондай-ақ қазіргі қоғамның әлеуметтік динамикасының, экономикалық, саяси, әлеуметтік-мәдени үрдістердің дамуының күшті факторы ретінде көші-қонның әсері жеткіліксіз ескеріледі.

Айтылғандарға байланысты, біздің ойымызша, мигранттардың экономикалық және демографиялық сипаттамаларын түсіндіруден көші-қон ағымының құрамын, масштабын, бағытын едәуір терең түсіндіруге зерттеу барысында өзгерісті қатаң түрде талап етуі жетілген. Келімсектер кіретін елдерде мигранттардың экономикалық адаптациясын қарапайым түсіндіруден, жергілікті халықпен әлеуметтік шоғырлану жолдарын және түрлерін, әсіресе оның құрылымдарын және әлеуметтік қарым-қатынас динамикасы өзгерістері үшін жан-жақты зерттеулер жүргізуге көшу қажет. Басқаша айтқанда, көші-қон үрдісін қарапайым түсіндіруден олардың мағынасын терең және жан-жақты таныстыруға, олардың қалыптасу заңдылықтары мен механизмдері көрсетуге, осы базада талдауға және көші-қон саясатының пара-пар қабылдануына ауысу қажет.

Қазіргі таңда неоклассикалық макро және микродеңгейлі теориялар, «жаңа экономикалық көші-қон» және «екі еңбек нарығы» теориясы, «дүниежүзілік жүйе» теориясы, желілік теориясы, «бірлескен себептер түсініктеме» теориясы секілді бірнеше көші-қон теориялары мен ғылыми бағыттар бар. Әлеуметтік экономикада көші-қонның феноменін түсіндіру үшін қосымша теориялардың ешқандай қажеттілігі жоқ деген пікір қалыптасқан. Дегенмен, қазіргі қоғамдағы көші-қон үрдістерінің масштабы мен олардың елдің және халықтың экономикалық, саяси, әлеуметтік-мәдени өмірлеріне әкеліп соқтыратын әлеуметтік өзгерістердің мағынасы оларды жан-жақты зерттеуге көңіл арттыруды талап етеді, сонымен қатар интегративтік ғылым ретінде социология өкілдері тарапынан қазіргі қоғамдық өмірдің күрделі құбылысы секілді көші-қонға кешенді талдауды жүзеге асыруға қабілетті болуды талап етеді. Көші-қон үрдістерін зерттеумен жүйелі түрде социологтар шұғылдануы қажет деген пікірдің маңызды дәлелі олар қазіргі таңда қоғамдық тіршілік әрекетінің қазіргі динамикасын сипаттайтын демографиялық, әлеуметтік-экономикалық, саяси, әлеуметтік-мәдени үрдістердің ғаламдық дамуы мен ірі көлемді модернизациясының жиынтық салдары ретінде барынша нақты көрсететін жағдай болып табылады. Көріп отырғанымыздай, көші-қон үрдістерінің пәнаралық ғылыми зерттеулерінің интеграторы ролі жиналған зерттеу тәжірибесі және әдістемелік арсенал, пәндік өріс ерекшеліктері, көп аспектілі мазмұны мен қызметтеріне байланысты аналитикалық әдістер мен технологиялардың жеткілікті арсеналдарына ие тек социологияға ғана жүзеге асыра алады.

Әрине, көші-қон үрдісінің социологиялық теориясын дамытудың алғашқы кезеңінде оның пәндік мағынасын және мәселе өрісін құруға деген негізгі әдістемелік бағыттардың толыққанды біртұтастығына сенім арту қиындау болады. Осы үрдістердің зерттеуде мамандандырылған социологтарды не біріктіреді? Ең алдымен, біздің ғылымымыздың пәнін түсіну ұсынылады. Жалпыға мәлім, бұл мәселе туралы біздің социологиялық бірлестікте пікірталас ұзаққа созылмаған. Социология пәні ретінде «әртүрлі әлеуметтік-демографиялық, ұлттық, әлеуметтік-мамандандырылған құрылымдардың пайда болуымен түсіндірілетін нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайда адамның санасы мен мінез-құлқын» анықтаған

Ж.Т.Тощенконың жеткілікті сенімді енгізген кейбір қорытындылармен келісуге болмайды. Тек социология пәнінің осындай ұғым позициясымен көші-қон үрдісінің механизмдерін және интегративтік социологиялық мағынасын ұғыну мүмкін (әрине, әлеуметтік ғылымның барлық кешеніне тұрақты сүйену кезінде). Бұл ұғым көші-қон мәселесін теориялық-әдістемелік және қолданбалы зерттеудің біртұтастығын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Социологиялық ғылымның салалық бағыттарында зерттеудің арнайы пәнін жалпы социология пәнінің шеңберінен шықпайтын етіп дәлелдеу маңызды. Бұл жағдайда бұл түбегейлі талап органикалық байланысты субъектілерімен бірге көші-қон үрдістерінің сипаттамасының мәнін бейнелейтін және оларға институциональды, жағдай сипатында, объективті және субъективті аспектілермен социологиялық талдаудың ерекше қырларын іздестіруді жүзеге асыру қажет. Қоғамның барлық саласында әлеуметтік жағдайға тек көші-қон үрдісі әсер етпейтіндіктен – оны қабылдайтын, шығаратын халық (бұны «көші-қон үрдісі - фактор» деп айтамыз), бірақ оған жағдайда әсер ететін болса, онда бұл үрдісті талдау кезінде біз оның субъективтілік өрісінен бастауымыз қажет. Айта кету қажет, бұл үрдіс социологиялық талдау объектісі ретінде бір жағынан, адамдардың әлеуметтік өзара әрекеттестігінің өнімі, екінші жағынан – адамдардың арасындағы өзара байланыс пен қарым-қатынастың болуы, олардың өзара бағыты, органикалық өріс жиынтығында құрылған оқиғаларын реті секілді қарастырылады.

Көші-қонды зерттеудің социологиялық бағыты

Жоғарыда айтылған мәселелерге байланысты, біз көші-қонды «ерекше» әлеуметтік үрдіс ретінде қарастыруды ұсынамыз. Айта кететін жайт, әлеуметтік үрдіс қоғамдық жағдайдың немесе адамдардың үлкен әлеуметтік топтарының тұрмыс қалыптарының, ұдайы өндіріс шарттары мен әрбір адамның жеке тұлға ретінде дамуының белгіленген өзгеріс беталыстарын білдіретін адамдардың өзара әрекеттестігінің статистикалық тұрақты актілерінің жиынтығы болып табылады. Сонымен қатар, біріншіден, кез келген әлеуметтік үрдіс сипатталатын: уақыт ұзындығы, даму кезеңдерінің ұзақтығы, үздіксіздік және сәйкестік жағдайларды есепке алу қажет. Екіншіден, әлеуметтік үрдісті осылай сипаттайтын ерекше және өзгеше жағдай. Олардың құрамына зерттеушілер жаппай сипатты (бұл жағдайда адамдардың жеке әрекеттері тұратын орнын ауыстыру арқылы көші-қон үрдісі деп аталмайтындығын білдіреді); тұрақтылықты (көші-қон үрдістерінің себепті-тергеулік өзара тәуелділігі); көші-қон үрдістерінің нәтижелері мен негіздерінің әлеуметтік мазмұнын (олар, ең алдымен, қоғамның әлеуметтік мәселелерімен туады және оларды алып тастауға бағытталады); көші-қон үрдістеріне қатысушылардың жеке әрекетін (көші-қон әртүрлі факторлардың әсерімен пайда болған және қоғамдық ынта ретінде жүзеге асырылатын спонтандық әлеуметтік үрдістер класына жатады) жатқызады. Көші-қон үрдісінің ерекшелігі құрамына үш фазаны қосатындығында болып табылады: ұтқырлық факторларын қалыптастыру;

келімсектердің орын алмастыру үрдісі; олардың жаңа тұратын мекендеріне бейімделуі.

Көші-қонды социологиялық зерттеу оның пайда болуы көздері туралы ақпаратты жинастыруды қосатын социологиялық құралдардың алғашқы жағдайын бекітуді; үрдістің бұрын алынған ақпараттық қор үлгісін құруды; оның жеке құрамдарын зерттеуді; әлеуметтік үрдістің байланыстыратын «остерін» ерекшеленуді және оның маңызды сипаттамаларын зерттеуді; үрдіс құрайтын құбылыстардың иерархиясын талдау базасын, олардың «рейтингін» анықтау; зерттелетін феноменді дамыту барысында алынған ақпарат базасын, оның бағытын және тұрақтылығын талдауды ұсынады.

Сонымен, көші-қон социологиясы әлеуметтік-географиялық орын алмастыруға қосылған халықтың әлеуметтік өзара әрекеттестігі ретінде көші-қон үрдіс объект болып табылатын қатысты жеке социологиялық білімнің саласы ретінде қарастырылады, ал пәні ретінде – бұрынғы және жаңа социум шеңберіне көшірілген адамдардың әлеуметтік қатынастарының субъективті және объективті аспектілерінің өзгеру динамикасы болып табылады. Социологиялық ұғымда келімсектер – бұл жаңа тұратын мекендерінде мүшелері өздерін мінез-құлықтың біртұтас субъектісі ретінде санайтын және топтық ынтымақтастық сезіміне ие болатын әлеуметтік топтар. Сондай-ақ, айта кету қажет, көші-қон социологиясының пәндік өрісі тұратын мекенін ауыстыру нәтижесіндегі олардың жүзеге асырған әлеуметтік қызығушылықтарын ұдайы өндіріс бойынша қоғамның әлеуметтік қызметтерімен үздіксіз байланысты. Социологиялық білімнің басқа салалары секілді көші-қон социологиясы белгіленген қызметтерді жүзеге асырады, олардың қатары мыналар жатады: гносологиялық, баяндау-диагностикалық, болжамдық, аспаптық, психолого-социоинженерлік, идеологиялық.

Кез келген жеке социологиялық теория секілді, көші-қон социологиясы нақты көші-қон үрдістерінің көзқарастары үшін сипатталатын теорияның өзінің ішінде пайда болатын ерекше категориялы аппаратқа ие. Көші-қон социологиясының категориялы аппараты – бұл жалпы социология, көші-қонды зерттеумен айналысатын аралас ғылымдардың ұғымдары мен ерекше категорияларын қамтитын жалпы ғылыми ұғым жүйесі. Әңгіме «үрдіс», «қызмет», «даму», «құбылыс», «құрылым» және т.б. секілді жалпы ғылыми ұғымдар туралы болады. Біреулері көші-қон үрдісін, оның фазаларын, дамыту мен қалыптастырудың әлеуметтік механизмдерін түсіндіру үшін қажет. Жалпы социологиядан мына категориялар қолданылуы мүмкін: «әлеуметтік үрдіс», «әлеуметтік мобильдік», «әлеуметтік қарым-қатынас», «әлеуметтік статус», «әлеуметтік бедел», «әлеуметтік қызығушылық», «әлеуметтік ереже» және т.б. Әрине, бұл категориялар көші-қон үрдістерінің әлеуметтік өмір субъектілерінің ұдайы өндірісті талдауға көші-қон социология бағыттары үшін тән қолданылады. Әлеуметтік статистика және демография категорияларынан мыналар қолданылады: «көші-қон қозғалысы», «көші-қон құбылмалығы», «көші-қон когорта», «көші-қон айналымы», «көші-қон ағымы», «көші-қон сальдосы», «халықтың

табиғи және механикалық өсуі»; әлеуметтік психологиядан – «әлеуметтік мінез-құлық», «әлеуметтік көңіл күй», «әлеуметтік толеранттық», «әлеуметтік шек қою» және т.б. Бірге қамтылған ұғымдар тек жалпы ұғымды ғана көрсетіп қана қоймай, сондай-ақ ерекше пәндік мазмұнды және көші-қон социологиясы үшін тән қоғамдың тіршілік әрекетін талдау бағыттарын бейнелейді.

Көші-қон социологиясының ерекше категориялары зерттеу объектісінің социологияның пәндік мәнін ғылым ретінде байланыстырады. Бұл категорияның мысал ретінде жеке тұлғалардың орын алмасуы және тұратын мекенін ауыстыру нәтижесінде бір әлеуметтік қабаттан екіншісіне әлеуметтік топтардың ауысуын сипаттау кезінде қолданылатын «көші-қон мобильділігі» қызмет атқарады. «Шарасыз көші-қон», «еңбектік көші-қон», «қашқындар», «шарасыз көшу» секілді ұғымдар кеңінен қолданылады.

Көші-қонды социологиялық зерттеу саласы кең. Ол келесі бағыттармен сипатталады: әртүрлі әлеуметтік топтардағы халықтың көші-қон мобильдігі; жеке тұлғалардың орын алмасуы және тұратын мекенін ауыстыру нәтижесінде бір әлеуметтік қабаттан екіншісіне әлеуметтік топтардың ауысуының әсері (әлеуметтік орын, еңбек түрін ауыстыру); көші-қон мобильдігінің әлеуметтік тектілікпен, біліммен, әлеуметтік статуспен, ұлтшылдықпен берілу шарасы; жеке тұлға орнатуларының, потенциалдық келімсектердің мінез-құлықтары мен саналарын қабылдау динамикасы; ескі және жаңа әлеуметтік ортаның және референттік топтардың жеке тұлғалар мен әлеуметтік топтардың көші-қон әрекеттеріне әсері; тұратын жерлерін ауыстыруға байланысты жеке тұлғалар мен әлеуметтік топтардың тосулары; көші-қон әрекеттері, оларды реттеудің әлеуметтік механизмдерін жалпы және жеке сипаттау; келімсектер үшін жаңа социумда әлеуметтік және этноәлеуметтік шоғырлануы мен адаптациясы (байырғы жергілікті тұрғындардың тілін қолдану және меңгеру беталысы, келімсектер ортасындағы некелер, әртүрлі әлеуметтік-этникалық топтарда диаспоралардың қалыптасуы, келімсектердің өзін-өзі сәйкестендіруі, келімсектердің мәдени және этномәдени даму бағыттары); келімсектердің саяси жағдайлары; ұлтшылдық мәселелері, әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық жанжал негіздері. Көші-қон социологиясы мәселесіне сондай-ақ орналастыру көші-қон топтарының бірлестігі өзгерістерін талдау жатады. Негізінен, көші-қон социологиясы ғылыми пән ретінде қоғам өмірінің барлық әлеуметтік облыстарының ерекшелігін социологиялық сынау көзқарасынан көші-қон үрдістерін қарастыра отырып және социологиялық зерттеудің жалпы және арнайы әдістемелерін қолдану арқылы зерттеу қажет.

Көші-қонның социологиялық термині объектінің субъектілігі арқылы кешенді, компаративті зерттеуді қамтамасыз ете отырып, күрделі ішкі құрылымды білімді, әртүрлі деңгейдің, бағыттар мен беталыстардың барын білдіреді. Бұл білім жүйесінде оны ұйымдастырудың үш деңгейін ерекшелейді: теориялық, нақты-әлеуметтік және социоинженерлік.

Көші-қон үрдістерінің әрбір нақты зерттеулері эмпирикалық ақпараттарды талдау және барында жинау әдістеріне қажетті пара-пар мақсаттар жүйесін білдіретін өзіндік жеке әдістемелік стратегиясына сүйенежі. Қазіргі таңда үрдіс жағдайы туралы базалық мәліметтер алу сұрақ-жауап әдісімен жүзеге асырылады. Көші-қон үрдісінің стартттық жағдайы туралы мәлімет тәжірибешілер мен көрермендердің сұрақ-жауаптарымен бірге үйлесіндегі құжаттардан алуға болады. Көші-қон үрдісінің өзгеруіә сұрақ-жауап әдістерімен, сондай-ақ социологиялық бақылау көмегімен бекітіледі. Бұл зерттеу кезеңінде едәуір тиімдісі – көші-қон үрдістерінің, олардың әлеуметтік құрылымға және зерттелетін аймақтың әлеуметтік стратификациясы динамикасын талдауды, көші-қон саясатының жобала мен программаларын құрауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін мониторингтік бақылау. Көші-қон үрдісінің үшінші фазасын зерттеу – жаңа социумдағы келімсектердің шоғырлануы – «байыпты әдістер» жүргізу тиімді, нақты: өмір бағыттарын биографиялық, этнографиялық, әртүрлі әлеуметтік келімсектер тобының тіршілік әрекетін, әлеуметтік тәжірибе мен оның мағыналы құрылымдары, субмәдени үлгілі түрлерін түсіндіру. Зерттелетін көші-қон үрдісіне оны қалыптастыру немесе өзгертуді оңтайландыру мақсатында басқаруда әсер етуді ұйымдастыру қажет болғанда социологиялық тәжірибе әдісін қолдануға болады. Зерттеліп отырған үрдістің салдары мен барысын талдау барлық алынған ақпараттар базасында жүзеге асырылады.

Жоғарыда айтылғандар қазіргі таңда көші-қон социологиясына арнайы социологиялық теория статусын иемдену үшін негіз бар деп айта аламыз, себебі бұл ғылыми бағыт, біріншіден, көші-қонды халықтың әлеуметтік өзара әрекеттестігінің әлеуметтік үрдісі ретінде әлеуметтік-географиялық орын алмастыруға қатысты өзіндік зерттеу объектісіне ие; екіншіден, ескі және жаңа социум шеңберінде орын алмастырған адамдардың әлеуметтік қатынас аспектілерінің объективтік және субъективтік өзгеріс динамикасын зерттеу пәні; үшіншіден, жеке категориялар мен ұғымдар; төртіншіден, эмпирикалық ақпараттарды талдау және жинаудың жалпы және арнайы бағыттарына қолданылған зерттеу технологиясы мен әдістерінің жүйесі.

Миграциялық процестер әртүрлі теориялық концепциялар шеңберінде зерттелуде. Миграциялық процестерді зерттеудің негізін ағылшын ғалымы Э. Равенстайн салды. Ол Ұлы Британия мен Солтүстік Америкадағы миграцияны зерттеу нәтижесінде он бір миграциялық заңды қалыптастырды:

- көбіне миграция қысқа арақашықтықта жүзеге асырылады;
- миграция біртіндеп, қадамнан қадамға жүзеге асырылады;
- Алыс арақашықтықта жүзеге асырылатын миграция негізінен ірі сауда және өндірістік орталықтарға бағытталған;
- әрбір миграциялық ағымның өзіне сәйкес қарсы ағымы болады;
- ауыл тұрғындары қалалықтарға қарағанда миграциялық тұрғыдан алғанда белсендірек;

- ішкі миграцияда әйелдер белсенді болса, халықаралық миграцияда ерлер белсенді;
- мигранттардың басым көпшілігі ересек тұрғындар, отбасылар өз елінің шеңберінен сирек шығады;
- ірі қалалардың өсуі халықтың табиғи өсуіне қарағанда миграция арқылы негізделген;
- миграцияның көлемі өндірістің, сауданың, транспорттың дамуына қарай өседі;
- ауылдық жерден шыққан мигранттардың көпшілігі ірі өндірістік және сауда орталықтарына бағытталған;
- миграцияның экономикалық себептері анықтаушы болып табылады. Э. Равенстайн теориясының негізінде миграцияның көптеген теориялары қалыптасты.

Меркантилизм тұрғындардың халықаралық миграциясын зерттейтін батыстық ғылыми бағыттардың бірі. Бұл теорияның басты сипаты халықтың санының өсуі мемлекеттің гүлденуінің және қуатының негізі деп саналғандықтан, шетелдік жұмыс күшін пайдалану, өз азаматтарының эмиграциясына шек қою болып табылады. Неоклассикалық экономикалық макродеңгейдегі теорияларға сәйкес миграция жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсыныстың географиялық ерекшеліктерінен туындайды. Жұмыс күшіне деген сұранысы үлкен аймақтар төмен жалақыға ие болса, жұмыс күшіне деген сұранысы шектеулі аймақтар жалақының жоғары мөлшерімен сипатталады. Халықаралық миграцияның көлемі мигранттың шығу мекеніндегі жалақысы мен кіру мекеніндегі күтілетін жалақының көлемінің алшақтық деңгейіне байланыты болады. жалақыдағы алшақтық жұмысшыларды жалақы төмен төленетін аймақтардан жалақы жоғары төленетін аймақтарға қоныс аударуына мәжбүр етеді. Неоклассикалық экономикалық микродеңгейдегі теориялар бойынша жұмыскердің өзінің жұмысбастылығынан максималды табыс табуға ұмтылады. Бірақ ол үшін адам көшіп қонуға, жұмыс табуға, жаңа тілді меңгеруге, т.б. шығындар шығаруы керек. Жеке таңдаудың макроэкономикалық теорияларына сәйкес, индивидтер көшіп қонудағы мүмкін болатын шығындар мен пайдаларды салыстыра отырып рационалдық талдау жасайды. Олар миграциядан таза пайда көп жаққа жылжиды, яғни жақсы елді іздейді. Миграция бұл тұрғыда мигранттың адамдық капиталына инвестиция ретінде сипатталады. Егер мигранттың адамдық капиталы жоғары болса, оған жұмыс табу және жақсы орналасу мүмкіндігі жоғары. Серпін және тарту теориясы бойынша миграцияның себептері серпін мен тартудың жиынтық факторларына байланысты. Серпін (итеріп тастау) себептері ретінде бағаның төмендігі, өмір сүру деңгейінің төмендігі, төмен экономикалық мүмкіндіктер, саяси қуғын сүргін, құрылымдық жұмыссыздық көрстіледі. Тарту факторларына жұмыс күшіне деген сұраныс, жұмысбастылық, кең экономикалық мүмкіндіктер, жердің құнарлылығы, жоғары жалақы, саяси бостандық жатады. Бұл теориялар миграциялық процестердің нақты себептерін түсіндіруге қабілетсіз теориялар ретінде сынға алынды. Шынымен де

миграцияны индивидуалдық факторлармен шешумен түсіндіреді, мигранттардың жиынтық факторларының барлық жиынтығын қамтымайды.

XX ғасырдың 60-жылдары тарихи құрылымдау теориясы қалыптасты. С. Кастелес еуропалық миграцияны талдауға арналған еңбектерінде мигранттардың қозғалысының айрықша траекториялары жаһанданғу және ұлттық экономикалық жүйелер шектерінде орналасты. Ол бұл траекторияларды дамушы және индустриалдық елдердің жіктелген экономикалық дамуы тұрғысынан қарастырды. Миграция жеке оқиға емес, көлемі мен бағыты мемлекеттік реттеу және жеке елдердің индустриалдық даму деңгейі арқылы анықталатын динамикалық процесс ретінде қарастырыла бастады. Миграцияны елдің оны реттеудегі стратегиясы өзгерсе, қысқартуға болады. Миграция ең алдымен арзан жұмыс күшін жұмылдыру жолы ретінде қарастырды. Бұл теорияда миграциялық ағымдардың қалыптасуындағы ірі көлемді ұйымдарға мән беріледі. XX ғасырдың 80-ші жылдары О Старк және басқа ғалымдар ұсынған жаңа миграция теорияларына өту жүзеге асты. Бұл теориялық бағытта миграция туралы шешімді оқшауланған индивидтер емес, өзара байланысты адамдар тобы қабылдайды. Адамдар бірлескен әрекетке тек миграциядан түсетін максималды табыс үшін ғана емес, кедергілер болған жағдайда шығынды минималдандыру үшін де бірігеді. О Старк адамда өз өкілдерін басқа елдерге материалдық жағдайды жақсарту үшін ғана емес, әлеуметтік статусы жоғарылату үшін де жібереді.

Миграцияны зерттеудің жаңа теорияларының негізгі пайымдамалары:

- Миграциялық процестерді зерттеудің бірлігі ретінде автономды индивидтер емес, отбасы, үй шаруашылықтары саналады.
- Жалақыдағы айырмашылық миграция үшін қажетті шарты болып табылмайды.
- Миграция үшін жұмысбастылық маңызды болып табылады, бірақ миграцияның одан да басқа күшті стимулдары болуы мүмкін.
- Администрациялық шекаралардың екі жағында да жалақы теңестірілген кезде миграциялық қозғалыстар міндетті түрде тоқтап қалмайды.
- Табыстың күтілетін бірдей өсуі миграцияның басталуына бірдей әсер етпейді.
- Үкімет миграция деңгейіне тек еңбек нарығын реттеу жолымен ғана емес, капитал және сақтандыру нарығын реттеу арқылы да әсер ете алады.
- Үкімет бағдарламалары мен экономикалық даму, олардың табысқа әсеріне тәуелсіз, миграцияға әсер етуі мүмкін.

Екі қабатты еңбек нарығы теориясы бойынша миграция индустриалдық қоғамда экономикалық құрылымның ажырамас бөлігі болып табылатын жұмыс күшіне деген сұраныспен анықталады. Миграция донор елдеріндегі кетуге мәжбүр ететін факторлармен емес, керісінше қабылдаушы елдердегі қызықтыртын факторлармен сипатталды. Екі қабатты еңбек нарығы теориясы өкілдерінің

пайымдауы бойынша дамыған индустриалдық елдердің еңбек нарығына жұмыс күші мен капитал арасында еңбек нарығының сигменттік құрылымына байланысты екі жақтылық сипат бар. Еңбек жағдайының жиі өзгеруі жағдайындағы төмен жалақы, қызмет көрсету саласындағы болашақ алға жылжудың мүмкіндігінің аздығы еңбек нарығына материалдық өндіріс саласында жұмыс істейтін жергілікті жұмысшыларды тартуға мүмкіндік бермейді. Қызмет көрсету саласындағы жұмыс күшінің жетіспейтінін толтыру үшін кәсіпкерлер иммигранттарды жалдайды. Екі қабатты еңбек нарығы теориясының негізгі тұжырымдары:

- Еңбек миграциясы едәуір деңгейде жұмыс күшіне деген сұранысқа негізделген және дамыған қоғамдардағы кәсіпкерлердің мигранттарды өз еліне тартуымен көрініс табады.
- Жұмысшы иммигранттарға деген сұраныстың себебі экономиканың құрылымдық сұраныстарында болып табылады.
- Қабылдаушы елдердегі төмен жалақы деңгейі жұмысшы иммигранттар ағымының азаюына жауап ретінде көтерілмейді. Жалақы нақты мөлшерде тұрады және жұмыс күшіне деген ұсыныс пен сұраныс өзгерістер оған әсер етпейді.
- Үкімет өзінің шаралары арқылы миграцияға елеулі әсер ете алмайды.
- Иммигранттар жұмыс күшіне деген сұранысты қанағаттандырады.

Әлемдік жүйелер теориясы халықаралық миграцияны жаһандық нарықтың құрамдас бөлігі ретінде дәлелдейді. Бұл теорияға сәйкес халықаралық миграция кеңі түсуші жаһандық нарықтың саяси және экономикалық интеграциясының жалғасы.

XX ғасырдың 60-шы жылдары М. Бойд этнологиядағы, миграциялық процестердің құрамы мен дамуындағы және мигранттардың қоныстануындағы, қабылдаушы елдерге олардың бейімделуіндегі әлеуметтік торлардың рөлін зерттейтін зерттеулердің саны артып отырғанын атап көрсетеді. **Әлеуметтік торлар теориясы** торларды мигранттарды, жаңа және орныққан мигранттарды туысқандық, достық қатынастар арқылы біріктіретін байланыстар топтамасы ретінде пайымдайды. Торлар адамдардың көшіп қону кезіндегі шығындары мен тәуекелдерін азайтуға көмектесетін, көшіп қонудан түсетін пайданы ұлғайтатын айрықша әлеуметтік капиталды құрайды. Торлар мигранттар үшін маңызды ресурс болып табылады. Мигранттар оның көмегімен жаңа жерде жұмыс, тұрғын үй табады. Мигранттар саны шектен асқан кезде торлардың кеңеюі миграциялық процестің шығындары мен тәуекелдерін азайтады, миграцияның ұлғаю мүмкіндігі артады, қосымша қозғалыстар басталады. Ал бұл өз кезегінде жаңа торлардың қалыптасуына, әлеуметтік торлардың миграцияның бір себебіне айналуына алып келеді.

Инновация социологиясы социологияның жаңа бағыты

Инновация теориясы қалыптасқан теориялардың бірі. Қазіргі кезде инновация теорияларының мынадай бағыттары бар:

- жаңалық енгізулердің циклдығы және инновациялық дамудың тең еместігі және инновациялардың классификациясы ;
- экономикалық өсу мен ҒТП-тің өзараәрекеті;
- ҒТП тиімділігі;
- жаңалық енгізулердің, иновациялық мультипликатордың диффузиясы;
- технологиялық жүйелер мен технологиялық укладтар;
- технологиялық жобалау;
- технология мен нарықтың, технологиялар нарығының, технологиялар маркетингінің өзараәрекеті;
- Инновациялық кәсіпкерлік белсенділік, адамдық капиталды басқару;
- мемлекеттік инновациялық саясат, инновацияларды басқарудың ұйымдық-экономикалық механизмі;

Инновация феноменін зерттеу ХХ ғ. Басында басталды. Алғашқы инновация мәселесін зерттегендер Г. Тард, Н.Д. Кондратьев; Й Шумпетер.

Француз ғалымы Г. Тард білімнің жаңа саласы ретінде инноватиканың концептуальдық негізін қалады. Ол «Әлеуметтік логика», «Әлеуметтік заңдар. «Личное творчество среди законов природы и общества» атты еңбектерінде қоғам эволюциясының логикасын зерттейді. Ол қоғамдағы жаңалық ашуға және енгізуге қатынасты әлеуметтік прогресс индикаторы ретінде санайды. Оның айтуынша бір жаңалықтың ішінде екінші жаңалық болатынын көрсетті. Тард жаңалықтарды жаңа (жетілдірілген) және мүлдем жаңа деп бөлді. Ол алғаш рет жаңалықтардың кезеңдерін сипаттады:

1. Жаңа идеялардың келуі
2. Жаңа идеяның тиімділігі айқындала түседі.
3. Жаңа идеяны қоғамның қабылдау деңгейі өсе түседі.

Тардтың айтуынша жаңалықтар индивид пен қоғамның қажеттіліктеріне жауап ретінде пайда болады. Жаңалықтар қоғамның мәдени қажеттіліктеріне сай болғанда ғана енгізіле бастайды. Инновацияны зерттеуде шығармашылық субъектісі ретінде адам мәселесі айрықша зерттелді. Тардтың айтуынша әлеуметтенудің мазмұны әлеуметтік құндылықтар мен нормаларды меңгеруінде емес, сонымен қатар жаңалықтарды меңгеруінде. Жаңалықтарды меңгеру Тардтың айтуынша, тек бейімделу мен еліктеу арқылы ғана емес, қақтығыстар арқылы да меңгеріледі. Сонымен қатар жаңалықтар жаңа қажеттіліктерді тудырады. Г. Тардтың инновацияны зерттеудегі негізгі идеялары:

1. Әлеуметтік прогрестің қозғаушы күші тепе-теңдікке, үйлесімділікке ұмтылу. Жаңалық ашу қоғамдық қарама-қайшылықтарды шешу және тепе-теңдікті қалыпқа келтіруге тырысу болып табылады;
2. Жаңалық ашу жаңа сұраныстарды тудырады;
3. Жаңалықты әлеуметтік норма, құндылық ретінде меігергенде ғана ол жағалыққа айналады;

4. Әлеуметтену процесінің мазмұны болып индивидтің дәстүрлі құндылықтар мен нормалармен қатар жаңалықтарды меңгеру болып табылады;

5. Индивидтің жаңалықты меңгеруі қақтығыстар, икемдену, еліктеу арқылы қалыптасады.

Н.Д.Кондратьевтің инновация теориясына қосқан үлесі төмендегі пайымдауларынан көрінеді. Оның айтуынша, ғылым мен техникадағы өзгерістер қоғам динамикасына күшті әсер ету үшін сәйкес өнертапқыштық пен жағалықтар пайда болуы, осы жағалықтарды өолдануға өажетті шаруашылықтық мүмкіндіктері болуы керек. Н.Д.Кондратьев шаңалықтар кластерінің пайда боуы мен үлкен циклдың фазалары арасындағы тікелей тәуелділікті ашты. Экономикалық циклдар ілімін әлеуметтік және саяси салаларға таратты.

Й.Шумпетер инновация түсінігін жете зерттеген ғалымдардың бірі. Ол Даму дегеніміз жаңа комбинацияларды жүзеге асыру деп біледі. Инновациялық даму түсінігі экономикалық процестердегі өзгерістерді түсінуге көмектеседі. Й.Шумпетер инновацияны жүйелік талдауды алғаш рет енгізген ғалым. Ол экономиканың циклдық дамуын зерттей отырып, дағдарыстар экономиканың дағдылы дамуын үзе отырып, кәсіпкерлерге өндірісті түбірлі өзгертуді, ескі технологияларды жаңамен ауыстыруды, жаңа өнімдерді шығаруға бет бұруды мәжбүрлейтінін анықтады. Оның теориясындағы маңызды мәселе инновациялық процестердің инновациясындағы кәсіпкерлердің рөлін жасақтауы. Өндірістің негізін жаңартуға бағытталған инновациялар басшылардың көбіне тиімсіз болып табылады. Жаңалық алдымен арнайы кәсіпорында пайда болады. Инновацияны тарату жағдайы ол нақты және қалыпты құбылысқа айналғанға дейін сақталады. Й.Шумпетер жаңаны өндіру ерекше адамдардың қолынан келетінін айта келе, қазіргі басшыларға тән қасиеттерді ұсынады:

- тәуекелге бара білу;
- жаңалық өндіруге қарсы топтың қарсылығын жеңе отырып, жалғыз жұмыс жасай білу;
- өндірістік және экономикалық мәселелерді шешудің ғылыми әдістерін білу;
- басқаларды сендіре білу;
- кең көре білу қабілеті,
- рационалдық пен иррационалдықты үйлестіре білу.

Ол инновацияның табиғатын зерттей отырып инновацияның бес түрін бөліп көрсетеді:

- 1) тұтыну саласын белгісіз, жаңа;
- 2) тұтынушыға таныс өнімді жаңа, тиімді өндіру әдісі;
- 3) белгілі өнімді өткізудің жаңа тәсілдері;
- 4) шикізаттың не жартылай дайын өнімдер өндірудің жаңа көздерін ашу;
- 5) қалыптасқан монополияны бұзуға алып келетін өндірісті қайта құру.

Й.Шумпетердің зерттеулерін қарастыра отырып, оның пайымдауларының негізгілері ретінде мына ойларын ұсынамыз:

- 1) Белгісіздік жағдайында тәуекелге бара білуге қабілетті кәсіпкерлердің жаңа типі бөліп көрсетілді;
- 2) Инновацияны тарату механизмдері ашылды. Ол кәсіпкерлердің ойланған шешім қабылдау арқылы;
- 3) Инновацияның дамуындағы финанстық инфрақұрылымның маңызды рөлі көрсетілді;
- 4) Инновацияның түрлері бөліп көрсетіген және сипатталған.

П.Штомпка инновациялық тұлғаға жан-жақты түсінік береді. Инновациялық тұлғаның әлемге деген қатынасы ең алдымен оған деген қызығушылықтан және оны басқаруға деген ұмтылыстан келіп шығады. Инновациялық тұлғаның мұндай қырынан көрінуі, ең алдымен түрлі құбылыстарға әсер етіп, оны бақылауға алуға деген ұмтылыстан туындайды. Тұлғаның инновациялық мінез-құлықтағы тағы бір қыры бұл - өмірдің жаман жақтарына деген жауапкершілікті өз мойнына алып, жаңаша, дұрыс өзгерістер ендіруде болып табылады. Осыған қоса, инновациялық тұлға инновацияларға терең ұмтылыста, жаңалыққа жаны құмарлық және әрбір нәрсеге қызығушылық таныта біледі. Инновациялық мінез-құлықты жұмысшының құндылығы өте жоғары, ал әлеуеті тілмен жеткізіп болмайды.

Г.Менша Й. Шумпетер теориясын дамытушы болды. Ол жаңалықтарды базистік және жақсартушы деп екіге бөлді. Инновациялық процестердің әркелкілігін ол экономикалық процестердің дамуының циклдығымен түсіндірді. Инновациялар 1) ұйымдық-бағытты, 2) индивидуалды бағытты болады.

Ол бұл түсінікті басқаруды нақтылыу формасы құрылымына қосалы. Сонымен қатар «**Инновация**» және «**новация**» термині философия, әлеуметтану, мәдениеттану және т.б. әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда әлі де болса нақты өз анықтамасын таппай отыр. «Инновация» сөзі латын тілінен шыққан. Қазақша мағынасы-жаңару, өзгеру, қандайда бір жаңалық енгізу дегенді білдіреді.

«Новатор» және «инноватор» қиюласуы үйлесімді дамыған тұлғаның элементі ретінде көрінеді.

Бүгінгі қоғам дамуы адамдардан инновациялық мінез-құлықты, яғни кез-келген қызмет түрінде белсенді жүйелік қатынастарды талап етеді.

Инновация теориясы өз дамуын инновациялық менеджментте, басқару социологиясында, сонымен қатар ХХ-ғасырдың соңында пайда болған инноватика ғылымынан алады.

Венгер социологы Б.Санто инновациялық жылдамдықтың стратегиялық та, ғаламдық та қатынаста сыни маңызға ие болғандығын атап көрсетеді. Оның ойынша кез-келген инновация бұл заттарды басқаша қараумен, мәселені табу мен оны шешу міндеттерін қою, сонымен қатар сол міндеттерді шешу. Адам мен оның қоғамының өзін-өзі дамытудың мәні осы мүмкіндіктерді инновация арқылы жүзеге асыруда жатыр. Инновация екінші мыңжылдықтың соңында «өзін-өзі дамыту стратегиясы» мағынасына ие болып, мемлекеттердің және мекемелердің инновациялық саясаты биігіне жетті. Ғаламданудың бұл жердегі көрініс беруі, инновация императивін

жоққа шығармайды. Себебі бұл дамыған елдердің үлесінен емесі, қайта керісінше, дамушы елдерде инновацияға деген қатынастың екі есе жоғары болуында. Олай дейтініміз: ұлттық бәсекеге қабілетті технологиялық артықшылықтарды құру және сақтап қалу, ғаламдық нарық экономикасына шығару кез-келген ел үкіметінің және мекеме басшыларының басты назардағы міндеттері.

Мәскеудегі ЮНЕСКО-ның өкілі В.Рейтердің ойынша, инновация қоғамның бастапқы әлеуеті болып табылады. Оның көмегі арқылы экономикалық, әлеуметтік және т.б. мәселелерді шешуге болады және де қазіргі де, болашақтағы да ұрпақтарымыздың материалдық және рухани әл-ауқатын қамтамасыз ете аламыз. Бүгінде қалыптасқан жайт айқын көрініс беріп отырғандай, дәстүрлі жанасулар, әдістер, технологиялар, басқару мәселелерін қоса алғанда прогресті көптеген жылдарға тоқтатып қою, тоқтатпаған жағдайда адамзат тұрмысының негіздерін тоқтатып қою қауіпі бар. Бұл жердегі басты мәселе адам, қоршаған ортаны, тұтастай әлемді сақтап қалу. Бірақ сонымен қатар мына жағдайды да ойлану қажет. Инновация бұл қоғам дамуының бастапқы әлеуеті ғана емес, ол тұлғаның өзін-өзі тиімді танытуына да тікелей байланысты.

Инновацияға күн өткен сайын, қандайда бір қоғамның мәдени процесінің индикаторы деген статусы беріліп отыр. Инновациялық әлеуеттің өлшемі қоғамның өмір сүру мүмкіндіктері мен оны қамтамасыз ету.

Мұндай жағдайда инновациялық ақиқат пен әлеуметтік жағдайлар, механизмдерді басқаруды, қоғамның инновациялық дамуы мен адамды қалыптастыруды реттеуді социологиялық зерттеу ерекше маңыздылыққа ие болуда. Әлеуметтік прогресті талдаудың жалпы құрамдас бөліктеріне инновациялық жүйелер, инновациялық процестер, инновациялық қатынастар, сонымен қатар қоғамдық, топтық және жеке инновациялық сана мен қызметтер жатады.

Инновациялар ғылыммен, конструкторлық-технологиялық базалармен, нақты сектордағы мекемелермен және т.б. институттар мемлекеттік индустриалды-инновациялық саясатпен өзара қарым-қатынаста технологиялық өрлеудің негізіне айналады. Бұл ғылыми орталықтардың венчурлық фирмалардың, өндірістердің әлеуетінде сонымен бірге Қазақстанның инновациялық жүйесі саясатын құруды жүзеге асыру механизміне де байланысты.

Әлеуметтік инновациялар: ерекшеліктері, құрылымы, типтері

«Әлеуметтік иновация» түсінігін әлеуметтік салаға саналы ұйымдастырылған жаңалық енгізі ретінде сипаттауға болады. Әлеуметтік инновациялардың материалдық-техникалық саладағы инновациялардан ерекшеліктері бар. 1. Әлеуметтік инновация шығармашылықтың нәтижесі болса, техникалық инновацияда авторлық индивидуалдық басым. 2.

Әлеуметтік инновациялар уақыттық ерекшеліктер арқылы сипатталады. Олар бірден көрінбейді және нақты сипатта емес, сыртқы ортаның жағдайымен ерекшеленеді, қолданылуы адамдардың топтық және

жеке қасиеттеріне байланысты. Әлеуметтік инновациялар алуан түрлі және олар әлеуметтік өмір құбылыстарының көптүрлілігімен негізделген.

Инновациялардың деңгейіне және көлеміне байланысты жаһандық, аймақтық және жеке инновациялар болып бөлінеді.

Қоғамдық өмірдің салаларына байланысты инновациялар әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени, әлеуметтік құрылым мен институттардағы инновациялар деп бөлінеді.

Ауқымына қарай жеке объектіде жүзеге асырылатын жеке инновациялар және көптеген объектіде жүзеге асырылатын диффуздық инновациялар деп бөлінеді. Әлеуметтік сала құрылымына байланысты білім, жұмыспен қамту, басқару, зейнетақы, мәдениет, спорт, адамдардың денсаулығы бағытындағы инновациялар болып бөлінеді. Инновацияның көздері сыртқы ортаның өзгеруі, дәстүрлі әдістермен өзгертуге болмайтын әлеуметтік мәселелердің туындауы, адамдардың, қоғамның қажеттерінің өзгеруі.

Инновациялық процесс іс-әрекет ретінде инновациялық қызметті өзіне қосады. Инновациялық қызмет жаңа не жетілдірілген өнім алу мақсатында ғылыми білімдерді жіне практикалық тәжірибені қолдану бағытындағы іс-әрекет. Оның құрылымы: жаңа идеяны іздеу және жасау процесі; Оны эксперименталдық апробациядан өткізі; жаңалықты тарату және қолдану.

Инновациялық мінез-құлық экономикалық социологияның категориясы ретінде

Бүгінгі қоғам дамуы адамдардан инновациялық мінез-құлықты, яғни кез-келген қызмет түрінде белсенді жүйелік қатынастарды талап етеді. Инновация қоғамның бастапқы әлеуеті болып табылады. Оның көмегі арқылы экономикалық, әлеуметтік және т.б. мәселелерді шешуге болады және де қазіргі де, болашақтағы да ұрпақтарымыздың материалдық және рухани әл-ауқатын қамтамасыз ете аламыз. Бүгінде қалыптасқан жайт айқын көрініс беріп отырғандай, дәстүрлі жанасулар, әдістер, технологиялар, басқару мәселелерін қоса алғанда прогресті көптеген жылдарға тоқтатып қою, тоқтатпаған жағдайда адамзат тұрмысының негіздерін тоқтатып қою қауіпі бар. Бұл жердегі басты мәселе адам, қоршаған ортаны, тұтастай әлемді сақтап қалу. Бірақ сонымен қатар мына жағдайды да ойлану қажет. Инновация бұл қоғам дамуының бастапқы әлеуеті ғана емес, ол тұлғаның өзін-өзі тиімді танытуына да тікелей байланысты.

Инновацияға күн өткен сайын, қандайда бір қоғамның мәдени процесінің индикаторы деген статусы беріліп отыр. Инновациялық әлеуеттің өлшемі қоғамның өмір сүру мүмкіндіктері мен оны қамтамасыз ету.

Мұндай жағдайда инновациялық ақиқат пен әлеуметтік жағдайлар, механизмдерді басқаруды, қоғамның инновациялық дамуы мен адамды қалыптастыруды реттеуді социологиялық зерттеу ерекше маңыздылыққа ие болуда. Әлеуметтік прогресті талдаудың жалпы құрамдас бөліктеріне инновациялық жүйелер, инновациялық процестер, инновациялық қатынастар, сонымен қатар қоғамдық, топтық және жеке инновациялық сана мен қызметтер жатады.

Инновациялар ғылыммен, конструкторлық-технологиялық базалармен, нақты сектордағы мекемелермен және т.б. институттар мемлекеттік индустриалды-инновациялық саясатпен өзара қарым-қатынаста технологиялық өрлеудің негізіне айналады. Бұл ғылыми орталықтардың венчурлық фирмалардың, өндірістердің әлеуетіне де сонымен бірге Қазақстанның инновациялық жүйесі саясатын құруды жүзеге асыру механизміне де байланысты.

А.В.Дорин инновациялық процестердегі жұмыскерлердің рөлін келесідей бөліп көрсетеді:

- лауазымы бойынша инноваторлар, міндетті және өз еркі бойынша инноваторлар;
- кәсіпқойлар және кәсіпқойлық шеберлігі төмендер;
- идеялардың авторлары, оны жасаушылар, іс-жүзіне орындаушылар;
- белсенді және белсенді емес қатынасушылар;
- реалистер және идеалистер;
- индивидуалистер және коллективистер;
- рационализаторлар мен стратегтер,
- өзімшіл еместер мен өзімшілдер.

Инновациялық тұлға ақиқатқа қатынасымен индивидтің әлемдегі рөлі түсініледі, көшбасшылық дағдысымен, жаңалықтарды енгізуге деген қабілеттілігінің жоғары болуымен анықталады.

А.И.Пригожин инноваторларды жіктеуде келесідей қырларын бөледі:

- инновациялық қызмет типі;
- негізгі мамандығына қатынасы;
- инновациялық қызмет түрі.

Қазіргі уақыттағы менеджерлердің инновациялық мінез-құлық үлгілерінің келесідей түрлері бар:

Инвестициялық модель – бұл өз қорқынышы мен тәуекеліне венчурлық инвестициялық жобаларды енгізуді әзірлеу.

Инвенторлық модель – бұл «ноу-хау» сату немесе оны жылжыту.

Ұйымдық модель – бұл қандайда бір идеяларды ойлап табу және іс-жүзіне асыру, төтенше шешімдерді қабылдау, жобаларды қажетті ресурстармен қамтамасыз ету, байланыстар орнату және т.б.

Делдалдық модель – бұл төрешінің, делдалдың рөлінде болу және соның нәтижесінде пайда табу.

Аквизициялық модель – бұл қолайлы деген уақытта қандайда бір ресурстарды айналымға шығаруға бағыттылық.

Коммерциялық модель – бұл тауар, қызмет және ақпарат алмасуда жаңа арналарды құрушы.

Консалтингті модель – бұл мәселелердің ауқымды шеңберіндегілерге кәсіби көмек көрсетуді қамтамасыз етуші.

Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа интеграциялануда тұлға мен социумның инновациялық даму мәселесін өзекті мәселе етуде. Қоғамдық өмірдің барлық салаларында (әлеуметтік, экономикалық, саяси, ғылыми және техника-технологиялық) жеке және қоғамдық сананың өзгерістерге

дайындығы, оған қатысу жаңа құндылықтарды қабылдау прогрестің талабы болып саналады.

XX-ғасырдың 70-ші жылдары Гарвард жобасының аясында дамудың әлеуметтік және мәдени дамушы елдердегі жүргізілген салыстырмалы зерттеу (Аргентина, Чили, Индия, Израиль, Нигерия және Пакистан) инновациялық тұлға моделін құрастыруға мүмкіндік берді. Соған байланысты оған келесідей сипаттар тән:

1.Тәжірбиелерге, инновациялар мен өзгерістерге ашықтық. Бұл жаңа дәрі-дәрмектерді немесе емделудің жаңа әдістерін қабылдауға дайын болу, қозғалыс көлігінің немесе ақпарат құралдарының жаңа түрін пайдалану, некенің жаңа үлгісін немесе жастардың жаңаша оқу түрін қабылдау.

2.Пікірлердің плюрализміне дайын болу, керек болса плюрализмді мақұлдау.

3.Уақытты үнемдеу, бүгін мен болашаққа бағыттылық.

4.Өмірлік қиындықтарға төтеп беру мүмкіндігі мен сенімділігінің болуы.

5.Болашақта алдына қойылған мақсаттарға жету үшін жоспарлау.

6.Әрекеттерін есептеу үшін әлеуметтік өмірінің реттелетіндігіне сенім (экономикалық заңдар, сауда ережелері, үкімет саясаты).

7.Әділетті үлестірушілікке деген сезімінің болуы яғни, сый-сияпаттар кездейсоқтықтан емес ал істеген ісінің шеберлігі мен қосқан үлесіне байланысты болу керек.

Қазіргі Қазақстан қоғамының даму кезеңінде, инновациялық процестерді экономикалық және әлеуметтік жүйелердің, әлеуметтік модернизациялау тұрғысында методологиялық зерттеу өзекті болып отыр. Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық саясатын жүзеге асырудағы қажетті шарт, бұл- инновациялық бағытталған, яғни әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Инновациялық мінез-құлықты қалыптастыру дегенімізде, жаңа қоғамдық құрылыстың мамандарын даярлау, яғни ғылым мен инновациялық өндіріс менеджерлері, кәсібі бойынша мамандарды, патенттанушыларды түсінеміз. Мұндағы негізгі талап мамандардың сәйкестігі, әлемдік ғылым дамуының тенденциясы, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық басымдылықтары мен ғылыми-технологиялық дамуына қызмет жасау. Инновациялық мінез-құлықтың құқықтық негізі бар. Қазақстан Республикасының инновациялық саясатқа байланысты құқықтық актілерін шындай түсу әлеуметтік топтардың инновациялық белсенділіктерін артыруға себепші бола алады. Инновациялық мінез-құлық индустриалды-инновациялық қызмет процесі барысында тұлғаның, әлеуметтік топтардың менталитеттері трансформациясының көрінісі болып табылады. Инновациялық тұлға бойынан көпшілік мойындаған халықаралық талаптар мен нарықтық экономика қажеттіліктеріне сай келетін жоғары дәрежедегі кәсіби шеберлік, соңғы өндіріс технологияларын меңгеру сияқты тұлғалық қырлары тән. Яғни, инновациялық мінез-құлықты жұмысшының құндылығы өте жоғары, ал әлеуеті тілмен жеткізіп болмайды.

Тиісінше, инноваторлар құрылымын рационализаторлар мен даналар; кәсіпқой мамандар мен өздігінше жұмыс жасаушылар; материалдық құралдар, әлеуметтік құрылым мен әлеуметтік қатынастар, әлеуметтік нормалар саласындағы инноваторлар құрайды.

Аталған инновациялық мінез-құлықты тұлғалар сөзсіз қоғамның прогрессивті дамуына үлестерін қосады. Себебі, бүгінгі еліміздің елу дамыған мемлекеттердің қатарына қосылу межесі тұрғанда мұндай инновациялық тұлғалар әбден керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Филиппов А.Ф. Теоретическая социология. В кн.: Теория общества / Под ред. А.Ф. Филиппова, – М., 1999.
2. Громов И., Мацкевич А., Семенов В. Западная теоретическая социология. – Санкт-Петербург, 1996.
1. Штомпка П. Социология социальных изменений. – М.: Аспект Пресс, 1996
2. Монсон Пер. Современная западная социология. – Санкт-Петербург, 1992.
3. Социология на пороге XXI века. – М., 1999.
4. Валлерстайн. Россия и капиталистическая мизэкономика // Свободная мысль. 1996, № 5
5. Девятко И.Ф., Э. Уоллерстайн о возникновении глобальной социальной системы: дифференциация. Интеграция и эволюция // История теоретической социологии. Том 4. - М., 1999.
6. Хантингстон. Столкновение цивилизаций и преобразование мирового порядка. Новая постиндустриальная волна на Западе. Антология / Под ред. В.Л. Иноземцева. – М.: Academia, 1999.
7. Кастельс. Информационная эпоха: экономика, общество и культура. Перевод с англ. Под научной ред. О.И. Шкаратана. –М., 2000.
8. Кастельс М. Становление общества сетевых структур // Новая постиндустриальная волна на Западе. Антология / Под ред. В.Л. Иноземцева. – М.: 1999.
9. Арчер М. Реализм и морфогенез В кн.: Теория общества / Под ред. А.Ф. Филиппова. М., 1999.
10. Забирова А.Т. Новейшие теории и концепции социологической науки. – Астана, 2001.
11. С.С.Фролов, Социология. М., 1994
12. В.И.Добренков, А.И.Кравченко. Социология. Т.3. М., 2000
13. История социологии в Западной Европе и США. М., 1999
14. П.Сорокин. Человек, цивилизация, общество. М., 1992
15. Сарсембаева Р.Б. Гендерные аспекты системных социально-экономических реформ в Казахстане: социологический анализ: Автореф. дис. д-ра социол. наук: 22.00.04. – Алматы, 2005. – 50с.

16. Стратегия гендерного равенства Республики Казахстан на 2006-2016 годы. Указ Президента РК от 29 ноября 2005г., №1677 // Казахстанская правда. - 2005. -3 декабря.
17. Нельсон Т. Психология предубеждений: секреты шаблонов мышления, восприятия и поведения. - СПб.: Прайм - Еврознак, М.: Олма – Пресс, 2003. - 384 с.
18. Гидденс Э. Социология. Учебник 90-годов. –Челябинск, 1991. -277с.
19. Дорин А. В. Экономическая социология. М., 1997. С. 164
20. Права женщин Казахстана на экономическую свободу. Алматы, 2001 Алматы, 1997
23. Спивак В. А. Организационное поведение и управление персоналом. – СПб, 2000
24. О.М.Дудина, М.А.Ратникова.Профессиональная мобильность: кто и как принимает решение сменить профессию.// Социс., 1997, 11.С.48
25. Мельдаханова М. К. Занятость населения и экономический рост: методология, стратегия и механизм регулирования. – Алматы, 1999. С. 53
26. Әбдірайымова Г.С. Жастар социологиясы. Алматы, 2008.
27. Юдина Т.Н. Социология миграции. М. 2006.
28. Ю.А.Карпова Введение в социологию инноватики
- 29.Масионис Дж. Социология. - 9-е издание. СПб.: 2004.
- 30.Аитов Н.А. Социология образования. Алматы, 1997.
- 31.Аженов М.С., Садырова М.С. Социология образования. Алматы, 2006.
32. Григорьев С.И., Растов Ю.Е. Основы современной социологии. М., 2002
33. Әлеуметтану. 1-2 Кітап. Алматы, 2005.
- 34.Әлемдік әлеуметтану антологиясы. 10 том, Алматы, 2005-2008
35. Абсаттаров Р.Б., Дакенов М. Әлеуметтану. Алматы, 2000
- 36.Биекенов К.У., Садырова М.С., Нагайбаева З.А. Институционализация казахстанской социологии. Алматы, 2006
37. Эриксон Э. Идентичность: юность и кризис. - М.: Изд.группа Прогресс, 1996 С.308-333
38. Гидденс Э. Трансформация интимности: сексуальность, любовь и эротизм в современных обществах. - СПб, 2004.